Септік категориясының күрделілігін танытатын – оның мағыналық жағы. Яғни қазақ тіліндегі 7 септіктің (атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес) әрқайсысының өзіне тән мағыналары бар, сол себепті де лингвистикада олардың ортақ категориялық мағынасынан гөрі, қызметтік жағына байланысты категорияның парадигмалық түрін құрап отырғандығы анықталған. Бұл жөнінде ғалым С. Исаев мынандай пікір білдірген: «Септік жалғау түрлерінің басын біріктіріп, зат есімнің түрлену парадигмасының бір категориялық түрі етіп отырған – септік жалғауларының мағыналық қызметтік тек зат есім сөздерге жалғануы немесе басқа сөз табына жалғанса оның заттандырып тұру қасиеті» [3, 75 бб.] екендігін анықтап дәлелдеп берген болатын.

Жоғарыда айтып кеткендей, ол қазақ тілінің септік категориясының күрделілігі болса, ағылшын тілінің септік категориясы күрделі емес. Себебі ол аналитикалық тілдер қатарына жатқызылғандықтан, септік категория жағынан өте аз болып келеді.



Қазақ сөйлемінде сөздер атау септігінен басқа септіктердің бірінде тұрып қолданылады. Ендеше, ағылшын тілінде септіктердің категориясы жоқ болғандықтан бұл грамматикалық байланысты «Preposition» деген сөз табы білдіреді. Бұл топқа кіретін сөздер сөйлемнен тыс тұрса ешқандай мағына бермейді, сондықтан оларды сөйлемде тұрған орнына қарай, басқа сөздерге байланысына қарай қазақ тіліндегі септеулік категориясы бойынша аударамыз [4, 14 б.]. Бұл ағылшын тілінің септік категориясының күрделілігі болып жазылады.

Қазақ тілі мен ағылшын тілінің септік категориясының мағыңыздылығы, айырмашылығы, ерекшелігі.

Септік жалғау категориясы бір заттың екінші затқа, құбылысқа қатысын білдіреді. Бұл категория септік жалғаулары арқылы жасалады, яғни түбірге сөзге белгілі бір септік жалғауының жалғануы арқылы жасалады, яғни сөздер септік жалғауына септеледі. Септік жалғауының саны да екі түрлі тілде екі түрлі болады. Бұл құбылысқа екі тілдің морфологиялық жүйесіндегі айырмашылықтармен түсіндіруге болады. Өйткені септік жалғауының болу, болмауы да екі тілде шылау категориясының екі түрлі дамуына, жұмсальмыан байланысты деуге болады. Ағылшын тілінде септік жалғауы шектеулі де, ал оның қызметін шылаулар атқарады, яғни олардың морфологиялық формалары жоқ. Ал қазақ тілінде септік категориясының жаңа айтып кеткендей жеті түрі белгілі. Қазақ тіліндегі зат есімнің септік категориясы қазақ тілін үйренушілер үшін біраз қиындықтар туғызады. Өйткені әр септіктің түрі негізгі мағынаны және жанама мағынаны береді. Осындай жанама мағыналарының бірі затқа қатыстылықты білдіруі болып табылады. Қазіргі ағылшын тілінде зат есімге қатысты септік жалғаулықтары жоқ. Зат есімге қатысты жаңа грамматикалық категория, яғни «s» формасы арқылы жасалатын меншік категориясы бар. Ал жіктеу есімдігіне қатысты екі септік бар: атау және табыс септігі [5, 51 б.].

Жалпы аналитикалық септіктің көмекші есіммен және септеулік шылаулар арқылы жасалатын түрлерін жеке – жеке көрсеткен. Көмекші есімдердің септелетін зат есімге тіркесіп, зат есімге жалғанатын септік жалғауын қабылдап, сөйлемдегі зат есім сөздің құрамына кіріп сөйлемдегі зат есім сөзбен біртұтас грамматикалық сөзтұлға жасайтындығын нақты мысалдар арқылы дәлелдеген. Сонымен қатар, көмекші есімдер зат есімге тіркескенде көлемдік, мезгілдік қарым – қатынасқа қатысты мағыналарды нақтылайтындығын айтқан. Олай болса, көмекші есім мен септік жалғау зат есімге грамматикалық мағына қосатын тілдік бірлік қызметін атқарады [6, 11 б.]. Сонымен қатар, көмекші есімдерді зерттеген ғалымдардың ой – пікірлері де әртүрлі, мән-мағынасы да әрқилы.

И. И. Мещанинов септік мәселелерін қарастырып, көмекші есімдерді де, септеуліктерді де септік жүйесіне жатқызады. Өзбек тілінің ғалымы Х. Т. Ахтанова өз зерттеуінде аналитикалық септік жасаушы бірлік ретінде септеуліктерді таниды және аналитикалық тұлға жасаушы 25 септеулік шылаудың әрқайсысының мағынасын жеке-жеке көрсеткен. Қазақ тіл ғылымында да септіктерге көмекші есімдердің қатысы бар екендігі ғалымдар еңбектерінде көрсетіліп жүр. Мысалы, көмекші есімдер жайында А. Ысқақов олардың күрделі етістіктердің құрамындағы көмекші етістіктер қандай қызмет атқарса, көмекші есімдер де дәл сондай қызмет атқаратындығын айта келіп, көмекші есімнің зат есімге тіркесуі дәл аналитикалық тұлғалы етістіктің қызметімен сай келетіндігін, сондықтан бұлар да есімнің аналитикалық тұлғасы екендігін көрсеткен [7, 38 б.].

Профессор Н. Оралбай көмекші есімдердің септік категориясымен байлаулы екендігін, ол септіксіз ешқашан қолданылмайтындығын айтқан, оны өз сөзімен берейік: «Септік категориясы мағына жағынан байланысына қоса, оның септік категориясының тілде қолданылмауы көмекші есімдердің септік категориясымен тығыз байланысына дәлел» [7, 164 б.]. Яғни, қазақ тіліндегі септік категориясының көмекші есімдер туралы қазақ ғалымдарының жасаған әрбір ой пікірін саралай келе, көмекші есімдердің септік категорияда маңыздылығы жоғары дәрежеде болатындығы түсінікті.

Септіктердің қолданысындағы ерекшелік.

Септіктердің қолданысындағы басты бір ерекшелік – олардың кейбіреулеріне көмекші есімдердің, септеулік шылаулардың тіркесіп келіп, олардың мағыналарын нақтылауы. Бұл мәселе бойынша ғылымда жан-жақты қарастырыла бастаған. Мәселен, қазақ тілдеріндегі аналитикалық септік мәселесін зерттеген (септеуліктердің тіркесін аналитикалық септік деп танып, татар тіліндегі сегіз аналитикалық септікті көрсеткен) [8, 82–84 б.].

Септіктердің тағы да басты ерекшелігі ол көмекші сөздер болуында. Қазақ тіл ғылымында да септіктерге көмекші есімдердің қатысы бар екендігін қазіргі таңда ғалымдар өз еңбектерінде көрсетіп жүр десе де болады. Мәселен, А. Ысқақов көмекші есімдердің күрделі етістіктердің құрамындағы көмекші етістіктер қандай қызмет атқарса, көмекші есімдерде сондай қызмет атқаратындығын айта келіп, көмекші есімнің зат есімге тіркесуі дәл аналитикалық тұлғада, демек ағылшын тілінің де көмекші есімдері солай болады дегенге саяды.

Профессор Н. Оралбайдың оқулығында сөздің септік категориясының жалғаулары арқылы түрленуін септіктің синтетикалық парадигмасы деген болса, ал септік категориясы мағынасының көмекші сөздердің қатысуы арқылы ерекшеленетінін, күрделенетінін аналитикалық септік деп атаған болатын.

Н. Оралбайдың еңбегінен тағы бір көңіл аударарлық жағдай – септеулік шылаумен қолданылған сөз, яғни септіктің аналитикалық тұлғасындағы сөз бен септіктің синтетикалық тұлғасындағы сөздердің бір-бірімен мағыналас екендігін дәлелдеуі. Мысалы, оқуға келдім – оқу үшін келдім, жылда келеді – жыл сайын келеді, жолда әңгімелесті – жол бойы әңгімелесті сияқты қолданыстардың мағыналары бір-бірімен байланысты, өйткені олар бір категорияның көрсеткіштерімен қолданылған. Сондықтан синтетикалық, аналитикалық тұлғадағы сөздердің грамматикалық мағынасында үлкен айырма жоқ, тек аналитикалық тұлғалы сөздің септік мағынасы аздап күрделенген, бірақ олар мағыналас» – деп көрсеткен. Көмекші есім мен септеулік шылаулар септіктің аналитикалық түрін жасайтындығын айта келіп, ғалым көмекші есім мен шылаулар тіркескен сөздерді аналитикалық септік бойынша түрленген сөздер деп атап, ал септеулік шылаумен, көмекші есіммен қолданылған сөздер септіктің аналитикалық тұлғасындағы сөздер деп есептеген. Бұл айтылғандардан септік категориясына қатысты жаңа пікірлердің де басталғандығы байқалады [8, 38 б.].

Жалпы біз бұл тақырып аясында септік категорияға ғана тоқталып қана қоймай жан – жақты деректер алдық. Демек, қазіргі мезетте септік категория зерттелу үстінде.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Септік категориясының зерттелуі. – 203 б.
- 2 Септік категориясының зерттелуі. – 344 б.
- 3 А. Байтұрсынов Тіл тағылымы – Алматы : Ана тілі, 1992. – 75 б.
- 4 Қ. Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1996. – 360 б.
- 5 <https://books.google.kzhttps://books.google.kz/books?id=2i08DwAAQBAJ&pg=PP1&lpq=PP1&dq=english+for+the+first+year+students+of+mechanics+mathematics+faculty&source=bl&ots=RnDn8eckYU&sig=ACfU3U2MHhShN40WNpUzlVjhWz5SPloIXQ&hl=ru&sa=X&ved=2ahUKEwjCk9uKo5PgAhUKCCwKHfNoD20Q6AEwAAnoEAcQAQ#v=onepage&q=english%20for%20the%20first%20year%20students%20of%20mechanics%20-%20mathematics%20faculty&f=false> – 51 б.
- 6 «Филология, лингводидактика және аударматану : өзекті мәселелері мен даму бағыттары» атты I Халықаралық ғылыми және оқу-әдістемелік конференциясының материалдар жинағы 04 ақпан 2016ж. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – 16 б.
- 7 Оралбай, Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – 390 б. – Б. 164.

8 Септік категориясының зерттелуі. – 82–84 б.

9 Оралбай, Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – 390 б. – Б. 38.

Материал 31.10.19 баспаға түсті.

С. К. Ажигенова<sup>1</sup>, А. С. Жантүганова<sup>2</sup>, М. Н. Ергалиева<sup>3</sup>,  
М. А. Маясарова<sup>4</sup>, З. Е. Томпиева<sup>5</sup>

### Отдельная категория казахского и английского языков

<sup>1,2,3,4,5</sup>Карагандинский государственный университет

имени Е. М. Букетова,

г. Караганда, 100028, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 31.10.19.

S. K. Azhigenova<sup>1</sup>, A. S. Zhantuganova<sup>2</sup>, M. N. Ergalieva<sup>3</sup>, M. A. Mayasarova<sup>4</sup>,  
Z. E. Tompieva<sup>5</sup>

### Separate category of the Kazakh and English languages

<sup>1,2,3,4,5</sup>Academician E. A. Buketov Karaganda State University,

Karaganda, 100028, Republic of Kazakhstan.

Material received on 31.10.19.

*В статье об идее вспомогательных имен в казахском языке, о каждой идее, высказанной казахскими учеными, говорится о том, что вспомогательные имена имеют большое значение в дедуктивной категории.*

*The article is about the idea of auxiliary names in the Kazakh language, about each idea expressed by Kazakh scientists, says that auxiliary names are of great importance in the deductive category.*

**Ж. Ә. Аймұхамбетов<sup>1</sup>, Ж. Кокбас<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.д., профессор, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>докторант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МИФТІК  
«ҚАБАТ» ЖӘНЕ МИФОПОЭТИКАЛЫҚ БЕЙНЕ**

*Мақалада мифтік танымның қазіргі поэзияда көркемдік тәсіл ретінде қолданылуы сөз болады. М. Мақатаев, С. Ақсұңқарұлы, Т. Әбдікәкімов, Ұ. Есдәулетов өлеңдеріндегі мифопоэтикалық танымға негізделген сюжеттеріне салыстырмалы түрде талдау жасалды. Поэзиядағы бейнелеу тәсілдерінің қыр-сыры зерделенді. Көркемдік кеңістіктегі табиғат пен адам болмысының байланысы, ақындардың оны суреттеудегі идеялық шеберлігі танытылды. Мифтік танымның қазіргі поэзиядағы көркемдік қызметі талқыланып, Сол негізде тұжырымдар жасалды.*

*Кілтті сөздер: мифтік таным, көркемдік ойлау, мифопоэтикалық бейне, мифтік құбылушылық, Кокбәрі, Көк Тәңірі.*

**КІРІСПЕ**

Поэзия дегеніміз – ұлы әлем, тылсым күш. Қазақ поэзиясының бастау бұлағы, қайнар көзі Абай, Ыбырайлардан бастау алады. Басталған бұлақты жалғап ағатын келесі толқыны Мағжан, Сәкен, Жүсіпбек, Ілияс, Сұлтанмахмұт, Міржақып т.б. ақындарымыз жыр бұлақтың ағыны күшті сағасы еді. Тоқтаусыз аққан ағынды су аққан сайын таси түсті. Келесі кезекте асау толқынға келіп М. Мақатаев, Ж. Нәжімеденов, Қ. Мырзалиев, Ф. Оңғарсынова, Т. Айбергенов т.б. ақындар легі қосылды. Сөйтіп, қазақтың дәстүрлі поэзиясы әдебиет айдынында қалықтай түсті. XIX ғасырда басталған жыр бұлағы бүгінде түбі көрінбейтін тілегей теңізге айналды.

Қазіргі әдеби даму үрдісінде әдебиеттану ғылымының алдында күрделі міндеттер бар. Сол міндеттердің бірі әдебиеттегі мифологизм мәселесі, мифопоэтикалық құрылым, оның көркемдік-идеялық қызметі.

Миф (*грек. Mythos – баян, аңыз, мысал*) – табиғаттан тыс жай және «таңғажайып» құбылыстар мен оқиғалар туралы аңыз-әңгімелер. Миф алғашқы қауымдық қоғам адамдарына тән дүние туралы қиял-ғажайып ұғым. Халық ауыз әдебиетінің бір түрі болып есептелетін бұл аңыз-әңгімелерде

адамдардың өз айналасындағы дүние туралы тұрпайы түсінігі көрсетіледі. Миф – халық шығармашылығының ең көне жанры. Оны мифтік уақыт пен мифтік сана, мифтік ұғым мен мифологиялық ой-өріс, т.б. белгілеріне қарап, ажыратуға болады. Мифте аспан мен жер – бір, адам мен табиғат – бір деп түсіндіріледі. Көне мифтің мазмұны – әлемнің жаратылуы, тұңғыш адамның дүниеге келуі мен оның жасампаздық іс-әрекеті болып келеді. Алғашқы қауымда туып қалыптасқан түрі архаикалық миф деп аталады. Алғашқы қауым адамы өзін табиғаттан тыс бөліп алып, оған қарсы қойған. Адамзат қоғамы мен санасының ілгерілеп, патриархалдық-рулық қауым тұсындағы мифтің мазмұнында адам өзін қоршаған дүниенің пайда болу себебін түсіндіруге талпыныс жасайды. Бұл мифтік сананың біршама дамыған кезеңі [1, 116 б.].

Мифтің поэтикадағы қызметін қазіргі поэзиямыздың арқауында қарастырған зерттеуші-ғалым Ж. Ә. Аймұхамбет. Ұлттық поэзиямыздағы мифопоэтика, оның өзіндік қырлары поэзияның көркемдік деңгейін саралау бүгінгі күн талабы. Белгілі ғалым Ж. Ә. Аймұхамбет өзінің «Миф. Мифология. Мифопоэтика» деген еңбегінде: «Ұлттық әдебиеттануымыз көп уақыттар бойы мифошығармашылық, мифологизм, мифопоэтика сияқты түсініктерге бойлап ене алмады», деген тұжырым айтады [2, 189 б.].

Қазіргі поэзиядағы мифопоэтикаға қатысты ойды ғалым А. Потенба «Сөз бен миф» деген еңбегінде: «Барлық поэтикалық туындылардағы сияқты ол: а) белгілі бір анықталған ойға қатысты сауалдың нақты жауабы; ә) бейне мен мағынадан тұрады, олардың арасындағы байланыс дәлелденбейді, сенім ретінде қабылданады; б) таным актісінің жемісі, қорытындысы, миф ең әуелі ауызша сөз туындысы болып табылады, уақыт өткен сайын мифтік бейненің кескіндемелік немесе пластикалық бейнеленуі алға шығады» [3, 259 б.], – деп жазады. Ғылымның пайымдауында мифопоэтика адамзаттың дүниені танып білуі мен рухани дүниетанымы. Рухани құндылық болып саналатын қазақ поэзиясындағы мифопоэтикалық мәтіндерді зерделеп, оның сан қырлы қабаттарына ғылыми талдау жасау мақаланың алдағы мақсаттарының бірі болып табылады.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Мифтік таным негізінде туындаған оқиғалар мен сол негіздегі бейнелер адамзаттың эстетикалық мұраттарына қызмет етіп келе жатқанына ерте кезеңдегі фольклорлық мұралар, ауыз әдебиетінің үлгілері, қазіргі көркем әдебиет туындылары мысал бола алады. Әлем әдебиетіндегі классикалық дәуірден басталып, бүгінгі постмодернистік әдебиетке дейін жалғасқан, жаңашыл әдебиетке жаңаша жаңғырған мифтік дүниетаным сан алуан бейнелілікті, көркемдік қалыптарды түзіп, өзінің мүмкіндігін танытуда. Ұлттық әдебиетіміздегі жаңа сипатты поэзиялық туындылардың дерлігі

осы мифопоэтикалық пішіндермен түрленуде. Ал, бүгінгі поэзиядағы адам-табиғат-қоғам мәселесін бейнелеудің түрлі тәсілдерімен, әртүрлі көркемдік құралдармен бейнеленіп жырлануда болса, сол тәсілдердің бірегейі мифопоэтика болып табылады.

Белгілі ақын Серік Ақсұңқарұлының «Көк бөрінің күйі – «көк түрік» деген өлеңі ерте замандағы «Көк бөрі» туралы аңыздар, көркем шығармаларда бейнеленген тотемдік ұғым арқылы жырланады. Мысалы,

Немене жыбырлап тұр тамағымда,  
Қорқыттың қобызының шанағында?  
Болғанмен басым – мұнда,  
Көңілім анау  
Көк Тәңірі,  
Көк Түркінің заманында, [4, 85 б.]

– деген жолдардағы «Мәңгілік өмір» идеясы қазақ мифтерінде Қорқыттың көрден қашу оқиғасы арқылы көрінсе, ақын қобыздың шанағы арқылы жасампаздықты бейнелейді. Лирикалық кейіпкер көкsegен тыныштық, тәуелсіздікке деген іңкәрлік «Көк Тәңірі», «Көк Түркінің заманы» арқылы көрінеді.

Жаһанды жанарыммен жасқап өстім,  
Жайлауды тастап, неге тасқа көштім?  
Дүниеде жоқ-ты бізден басқа ешкім,  
Біздерден бекзат, текті, асқақ ешкім! [4, 85 б.]

– бұл жолдарда әлемдік әдебиеттанудағы мифтік түсінік, дүниені тану арқылы рухани мәдениеттің жоғарлығын байқатады. «Жайлауды тастап тасқа көштім?» дегеннен аңғарғанымыз қашанда халқымыз тәуелсіздікті аңсаған, сол қоғамның солақай саясаты қоныс болмайтын, адам тұрмайтын жерге көшіреді. Қайсарлықты ту еткен текті халық қиындықтан жол табады дегенді меңзейді.

Түркіге түбі тексіз жүйе қасты,  
Бетіме қай сұм келіп күйе басты?!  
Қалайша Көк Тәңірі Көк Түркіден  
Көз жазып, Көк Бөріден кие қашты?! [4, 7 б.]

– деген жолдардан адамзаттың наным-сенімі арқылы Тәңіріден жақсылық күткен лирикалық кейіпкер «Көк Бөріден» кие қашты деп налиды. Өлеңге арқау болған «Көк Тәңірі», «Көк Түркі», «Көк Бөрі» мифологиялық ұғым. Тотемдік сипаты бар миф десек артық айтпаймыз. Өлең соңында лирикалық кейіпкер мифопоэтикалық ұғыммен көзжасын қияда төгіліп, қапияда Оғыздың қабіріне құладым дейді. Соңында қобыздың шанағына кіріп кеттім» деген жол арқылы мәңгілік дүниемен осылай қоштасады. Қорқыт іздеген «мәңгілік бейнеленің» болмайтынын тағы да дәлелдей түседі.

Ақын Серік Ақсұңқарұлының өлеңдеріндегі символдық белгілер «Көк Тәңірі», Көк бөрі», «Жын», «Пері» сияқты ежелгі мифологиялық ойлау жүйесінде қалған сарын. Ақынның «Көк Тәңірі» өлеңінде:

Көк Тәңірі!  
Қай қиянға қашты үміт?  
Асау жанды бір өзіңе тапсырып,  
Тыным табам...  
Жоқ...  
Қайтадан мына елге  
Жібер Мені Бақсы ғып!  
Екі жақта лапылдаған екі от тұр,  
Екі от емес  
Тамұқтағы екі  
өрт бұл!  
Екеуінің ортасында Алаш қап,  
Оған енді Өзәзіл кеп бал ашпақ;  
Қойлыбайдай Бақсы керек бұл елге  
Жын-періні қуатұғын аластап!  
От  
Су  
Жер  
Жел  
Жұлдыз– міне,  
Бес Ене.  
Бес Енеміз,  
Маңдайдағы Пешене!, [4, 226 б.]

– деген өлең жолдарында қоғамда болып жатқан әртүрлі келеңсіздік, халық басындағы мұң-мұқтажды көрген лирикалық қаһарман өзінің бақсы болуын өтінеді. «Қойлыбайдай бақсы керек бұл елге» деуінің өзі бақсылықтың бастауы Қойлыбайдан басталып тұрғанын айтады. Ел басындағы қияметті қайтару үшін ежелгі наным бойынша аластау керек деген тұжырым жасайды. Ш. Уәлиханов Қойлыбайды «бақсылардың бақсысы әрі пірі» десе, Ө. Марғұлан «Қорқыттың қобызын, оның сарынын ең алғаш рет мирас еткен кісі – Қойлыбай бақсы. Ол Қорқыттың шәкірті болып саналады» деген пікір айтады [5, 216–220]. Өлеңдегі «От», «Су», «Жел», «Жер», «Жұлдыз» сияқты табиғаттың жаратылысына табыну, содан жәрдем сұрау көне мифологиялық наным-сенім. Олардың әрқайсысының өзіндік иесі, рухы бар деп санаған. Сол рух арқылы аластап жамандықты қашырып, жақсылыққа бет бұрады. Соңында күрсініп Күн, алабұртып Ай қалады. Бұдан шығаратын қорытынды, мифтік санаға рух пен табиғаттың бірлігі деген тұжырым жасауға болады.

Белгілі ғалым Сейіт Қасқабасов «Жаназық» деген еңбегінде: «Өзінің даму жолында мифтік сана екі түрлі сатыдан өтеді дегуге болады. Бірінші кезеңде рух пен табиғат толық тең, яғни бір болып көрінеді. Екінші кезеңде адамның табиғат қойнауынан алыстауына байланысты жаңағы айтқан теңдік бұзыла бастайды», – дейді.

XX ғасырдағы қазақ поэзиясында өзгеше құбылыс болған М. Мақатаев поэзиясының орны ерекше. Мұқағали әлемі – сан қырлы. Сол әдемі, мұнды, сазды, сағынышты, терең ойлы жырлар қай кезде де оқырманын ойландырмай қоймады. Мұқағали поэзиясында кездесетін мифтік құбылушылық мифологиялық символ болып табылып, поэтикалық бейнеге айналғанын байқаймыз. Ақынның «Ұйықтасам түсіме ылғи тау кіреді» өлеңінде:

Ұйықтасам түсіме ылғи тау кіреді,  
Тау жайлап, тау қыстаған шал кіреді.  
Басында ақ қалпағы, жүннен шекпен,  
Астында балпаң басқан Сал-күреңі, –

деген жолдардағы тау символдық бейне. «Тау жайлап, тау қыстаған шал» этно-архаикалық персонаж. Жаны жайсаң, көңілі тоқ қарапайым халықтың ұлттық болмысын көрсетіп отыр. Тау-тасты жайлау арқылы биіктік, асқақтық, қарапайымдылық, сал-серілік көрініс тапқан.

«Табиғаттағы әрбір зат ой-санаға ие, олар тірі рух деп қабылданып жатса, керісінше тірі рухтың тауға, тасқа оп-оңай айналып кететіні туралы баяндайтын мифтер бар», дейді академик С. Қасқабасов [6, 291]. Осындай мифологиялық сарында жазылған поэзия көшпелі қазақы өмірдің қайнаған ортасынан шыққан ақын Ж. Бөдешұлынан табылары қақ.

Аңызға ақын көңілім қанбай қалып,  
Таң қалдым, күдіретіне таңдай қағып.  
Жер үшін құрбан болған Бұланай ер,  
Кетіпті мынау алып тауға айналып.  
Айқасып Бұланай батыр алып күшпен,  
Дұшпанын талай мәрте шалыпты іштен.  
Найзаның ұшы тиіп капелімде,  
Оң көзі етегіне ағып түскен.  
Анау көл, бұл таудағы көл деймісің,  
Оны айтсам, жаным жанып, шөлдейді ішім.  
Көл емес, ол – батырдың сыңар көзі,  
Жас тұр ғой жанарында көрмеймісің?!,

– деген жолдардан алып батырдың денесі тау-тасқа құбылу, көзден немесе көз жасынан су пайда болу сарыны түрік-моңғол фольклорында жиі кездесетін, жалпы, адам баласының ең ежелгі санасынан хабар беретін мифопоэтикалық құбылыс.

Ж. Бөдешұлының фольклорлық сарында жазылған өлеңі. Ал, келесі бір өлеңде «тау-тасқа құбылу» сарынын саналы түрде көркемдік құрал ретінде пайдаланып, өлеңге поэтикалық өң береді.

Жанымды жаралады жастай жалған,  
Сүңгідей кірпігіме тас байланған.  
Алатау ақылы асқан адам екен,  
Тағдырдың талқысымен тасқа айналған.

Рас, ақын айтып отырғандай, Алатаудың бұрын адам болғандығы туралы топонимикалық аңыз ел аузында айтылмайды. Бірақ ақын ежелгі қалыпты үлгіні қиялмен көмкеріп пайдалану арқылы Алатаудың көрнекі бейнесін жасайды. Ақынның поэтикалық түсіндіруі бойынша Алатау бұрын адам болған, бірақ ол аңыздағыдай алып батыр емес, кәдімгі «ақылы асқан адам». Яғни, ақын Алатау арқылы ақылды қарияның символдық бейнесін жасайды.

Мұқағалидің мына өлең жолына үңілейік:  
Аспан да абыр-сабыр шамын жағып,  
Құс жолы да төселді сағымданып.  
Бар дүние тұрғандай дамыл бағып,  
Тауым қалғып, ойымда бағым қалғып.  
Түн мені күйзелтеді жынды қылып,  
Бақты басып жатқандай, гүлді жұлып.  
Күміс қанат бір құсқа мініп алып,  
Кетсем бе екен артынан күнді қуып.  
Неге мен үрейленем түнге қарай,  
Маған солай, білмеймін, кімге қалай.  
Күнде – өмір, түнде – дамыл, түсінбеймін,  
Мойнымды бұрсам екен кімге қарай?!

Күнге құштар ақын көңілі түнді қабыл алмайтын секілді. Нұрлы сәулеге ғашық лирикалық кейіпкер сол нұрлы дүниенің соңынан «күміс қанат құсқа мініп, қуғысы да» келеді. Күн – өмірді қуған сол ғашық жүрек іздегенін тапты ма, таппады ма біз білмейміз. Бірақ жол айрықша лирикалық кейіпкер екі ұдай таңдауға кезігеді. Күн – өмірді қанша жақсы көргенмен, аласұрған өмірден шаршап жалыққан кейіпкер бір тыным, тыныштықты да іздегендей. Ол тыным – түн-дамыл. Міне, ақын жанын екі ұдай сезімге салған өмір шындығы дегеніміз осы.

Поэзиядағы мифопоэтикалық ойлау жүйесінің белгілері мифологиялық санаға, мифологиялық символикаға ұштасып жатады. «Кез келген талантты ақын әлемнің өзіне көрінген бөлшегін тұтас әлемге айналдыруға және сол әлемнің материалынан тек өзінің мифологиясын жасауға мүдделі», – дейді Шеллинг. Мифологиялық символиканы поэзиядағы өзекті көркемдік тәсіл деп білуіміз керек. Ал, символикалық ойлаудың негізгі құрылым-



нысандарына, тіректеріне архетиптер жатады. Көркем шығармадағы, поэзиядағы архетиптер образдық мағына-мәннің ядролары, негізгі тудырушысы, алғашқы болмысы болып табылады.

Әр халықтың салт-сана, әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілігі, наным-сенімі, діни түсінігіне байланысты архетиптер әр қилы мағыналық болмыс пен мәнді иеленеді. «Мифтік архетиптер ешқашан жоғалмайды, тек өзгерістерге ұшырап отырады. Әдеби талдаудың бір міндеті – оларды таба білу», – деп жазады У. Б. Фрай.

Тыныштықбек Әбдікәкімов поэзиясындағы мифопоэтикалық ой өлшемдерінде де терең сырлар, мифологиялық символика мен мистикалық элементтер жеткілікті. Ақын жырларында түнгі кезең ерекше бір құпиясы мол тажал болып суреттеледі.

Мына түн қандай суық қорқынышты,  
Жүзінде жатқандайсың зор қылыштың...  
Миымды бүре-бүре бұлты ажалдың,  
Жұртқа еріп,  
Мың ластандым,мың тазардым.  
Міне, енді...  
Қала қара, ай сап-сары,  
Сарғайып жалғыз тісі тұр тажалдың,

– деген өлең жолдарындағы тажалдың сарғайып тұрған жалғыз тісі – ай, ал тажал – түн. Жалпы Тыныштықбек Әбдікәкімов поэзиясындағы архетиптердің көпшілігі шаманды ұғымға қатысты жын, албасты, пері, дию, тажал, әзірейіл, әзәзіл, ібіліс болып келеді. Ақынның «Түнгі күзет» деген өлеңінде:

Не деп саған жазайын... қой қоздаған,  
Тау мөңіреп, аспанда Ай боздаған.  
Жұлдыздар да түрткілеп түйсігімді,  
Түсініксіз діріл бар бойда аздаған.

Ақын поэзиясындағы «Жел-уақыт», «Қаңбақ күндер» келмекке домалаған деп, уақыттың жылдам зымырап өтіп жатқаны сонша, қалай өтіп кеткенінде білмей қалатынын айтып отыр. Мифтік ойлаудың түп бастауларын терең пайымдаған ақын ондағы әртүрлі танымдық желілерді көркемдік-эстетикалық тұрғыдан кеңейте жырлайды. «Ауыл кеші» деген өлеңдегі «Аспан боталап», «Тау тамсанды», «Уыз тұман» сияқты автометофралар арқылы ауылдың сән-салтанатын көрсетіп отыр. «Боран алдында» өлеңінде де «Қой-ашқарақ, төл-тоңғақ, жусан-өлі, тал-жалаңаш, бұлт-үркек, жел солақай» деген авторлық метафора арқылы қыстың сұрқайы келлістіріп беріп тұр. Табиғатты тірі рух ретінде бейнелеп, мифопоэтикалық бейне жасап отыр. Негізінен ақынның өлең жазудағы стилінің өзі басқа ақындарға ұқсамайды.

Өлеңдеріндегі философиялық ой поэзияның поэтикалық деңгейін арттырып отыр. «Боранды түнде» деген өлеңдегі «Қап-қараңғы», «күрең боран», «жын жылайды» тіркестері арқылы өлеңнің поэтикалық деңгейін көтеріп отыр.

Қап-қараңғы. Үрейдің  
Арқасындай  
Мына Түннен азырақ қорқасың да.  
Сыртта боран булығып,..  
Жын күледі  
Моп-момақан пешінің қалқасында [36].

Өлеңдегі «қап-қараңғы» деген тіркес символдық бейне. Қорқыныш, үрей, жамандықтың бейнесі. Ал, «күрең боран», «боран булығып» деген теңеулерден табиғаттың тосын мінезін көреміз. «Жын жылайды», «жын күледі» деген мифопоэтикалық бейне арқылы лирикалық кейіпкердің мінезі ашылып тұр.

Ал, ақын Ұлықбек Есдәулетов те өз поэзиясында табиғат нысандарын ұлттық нақышпен өрнектеуден қағыс қалмаған.

Аспанның қиғаш қасындай,  
Дидарын бұлтқа жасырды Ай.  
Шашырап жатыр жұлдыздар,  
Терілмей қалған шашудай...  
Жұлдыздар күміс бауырсақтай,  
Теректер соны терсем деп,  
Созылып тұрған саусақтай.

Аспанның қиғаш қасындай дидарын бұлтқа жасырған Ай жаңа түскен келіндей сызылады. Терілмей қалған шашу, күміс бауырсақтай жұлдыздар, оны терсем деп ұмтылған теректер қол созған саусақты елестетеді. Осының барлығы жиылып келіп, ұлттық салт-дәстүріміздің этно-архаикалық бейнесі.

Қазақ поэзиясындағы мифтің мән-мағынасын ашу арқылы ата-бабаларымыздың рухани мәдениетінің алғашқы сатысы, әдет-ғұрпындағы, мәдениетіндегі толып жатқан құндылықтарын танып-білуімізге үлкен жол ашылары қақ. Поэзиясындағы табиғат суреттері мен жаратылыс көріністерін кез келген ақынның өлеңдерінен кездестіруге болады.

Ұлықбек Есдәулетов поэзиясындағы «Біз – түркілерміз» өлеңінде:  
Біз – түркілерміз...  
Біз – түркілерміз!  
Көк аспандай жарқырап, күркірерміз,  
Көк аспанның бұлттындай сілкінерміз,  
Көкбөріден туғанамыз рас болса,  
Көк Тәңіріден қуат ап, бір түлерміз.



Поэзияда «Көк аспан», «Көкбөрі», «Көк Тәңірі» деген тіркестер символикалық бейне. Көне түркілер үшін күллі жаратылыстың иесі – Тәңірі. Ол «Көк», «аспан» ұғымдарымен үндеседі. «Аспан – шамандықтың ең күдіретті жаратушысы. Көк Тәңірі – көк аспан деп аталады. Қазақы ұғымда «көк» сөзі көріністі бейнелеп, заттық түсінікті білдіреді. Ал, «Көкбөрі» сөзі – түркі тайпаларының басты тотемі. Ең көне таным болып саналады. Яғни, адам мен жануарды қандас бауыр деп түсіндіреді. Лирикалық кейіпкердің сезімі мен көңіл-күйі ары қарай асқақтай түседі. «Айға қарап ұлыған көк бөрімін», деп өзін Көкбөріге теңейді. Көкбөрідегі қаһармандық пен асқақтықты лирикалық кейіпкер өз бойынан іздейді.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, қазіргі поэзияда қалам тербеп жүрген біраз ақындардың өлең өлкесіне мифологиялық және мифопоэтикалық тұрғыдан талдау жасалды. Қай ақынды алып қарасақта өлеңдерінен Қорқыттың қобызының үні, Асанқайғының жұмақ мекен іздеудегі арман-тілегі, Көк Тәңіріден медет сұрап, Көкбөрі болып жұлқынуын көреміз. Талдауға өзек болған ақындардың өлеңдерінде мифопоэтикалық таным мен лирикалық кейіпкердің психологиялық бейнесі анық. Алайда бір мақаланың көлемі қазақ поэзиясын талдауға, мифопоэтикалық тұрғыдан баға беруге жетпейді. Алдағы уақытта да ғылыми зерттеу жалғасын табары қақ.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы : Аруна, 2005. – 576 б.
- 2 **Аймұхамбет, Ж. Ә.** Миф. Мифология. Мифопоэтика. – Алматы, 2017. – 512 б.
- 3 **Потебня, А. А.** Слово и миф. – М., 1989. – 480 с.
- 4 **Серік Ақсұңқарұлы.** Қыпшақ хиссасы. Өлеңдер жинағы. – Алматы : «Ел шежіре», 2012. – 384 б.
- 5 **Марғұлан, Ә.** Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы, 1985. – 205 б.
- 6 **Қасбабасов, С.** Жаназық (әр жылғы зерттеулер). Астана, 2002. – 584 б.
- 7 **Мақатаев, М.** «Жырлайды жүрек». – Алматы : «Жазушы», 1989 ж.
- 8 **Есдәулетов, Ұ.** Шығармалар жинағы. II том. – Алматы, 2014. – 483 б.

Материал 31.10.19 баспаға түсті.

*Ж. Аймұхамбетов<sup>1</sup>, Ж. Кокбас<sup>2</sup>*

**Мифический «слой» и мифопоэтический образ современной казахской поэзии**

<sup>1,2</sup>Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан. Материал поступил в редакцию 31.10.19.

*Zh. Aimukhambetov<sup>1</sup>, Zh. Kokbas<sup>2</sup>*

**Mythical «layer» and the mythopoetic image in the contemporary Kazakh poetry**

<sup>1,2</sup>L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan. Material received on 31.10.19.

*В статье рассматривается применение мифического познания как художественного подхода в современной поэзии. Был проведен сравнительный анализ сюжетов, основанных на мифопоэтическом познании в стихах М. Мақатаева, С. Ақсұңқарұлы, Т. Абдікакімова, Ұ. Есдәулетова. Были изучены аспекты изобразительных приемов в поэзии. Были продемонстрированы связь природы и человеческого бытия в художественном пространстве, идейное мастерство поэтов в его описании. Были обсуждены художественные функции мифического познания в современной поэзии, на основе которых были сделаны выводы.*

*The article discusses the use of mythical knowledge as an artistic approach in modern poetry. A comparative analysis of the plots based on the mythopoetic knowledge of the poems by M. Makatayev, S. Aksunkaruly, T. Abdikakimov, U. Esdauletov was conducted. Aspects of pictorial techniques in poetry were studied. The connection of nature and human existence in the artistic space, the ideological mastery of poets in its description were demonstrated. The artistic functions of mythical knowledge in modern poetry were discussed, on the basis of which conclusions were drawn.*

**Г. Арынтаева<sup>1</sup>, М. Т. Кожаканова<sup>2</sup>, А. Е. Ниязова<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>4-ші курс, студент, Филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>доцент, «Шетел тілдерінің теориясы мен тәжірибесі» кафедрасы, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы;

<sup>3</sup>доцент, «Шетел тілдерінің теориясы мен тәжірибесі» кафедрасы, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы

email: <sup>1</sup>aryntayeva\_114@mail.ru; <sup>2</sup>modi\_85@mail.ru

**БАЛАБАҚШАДА ТІЛДІК ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

*Берілген мақалада балабақшада ағылшын тілін оқытудың маңыздылығы, балалардың жас ерекшелігіне қарай ағылшын тілінде ойын, жаттығуларды жүргізудің түрлері, балаларға ағылшын тілін үйретудегі қиындықтарды жеңе білудің жолдары қарастырылған. Ерте жасан шет тілін меңгерудің тиімділіктері ғалымдардың пікірлерімен салыстырылып, дәлелденді.*

*Кілтті сөздер: психология, педагогика, ипровизация, методика.*

**КІРІСПЕ**

Балабақшадағы оқыту мектеп типіндегі оқытудан әр күн сайын барлық жұмыс қайтадан басталатындығымен ерекшеленеді: балалардың психикасының ерекшеліктері үнемі қайталанбас қайталауды талап етеді, көптеген балалар сабақ өткізіп тұрады, топ құрамы өзгереді, тәрбиешілердің ауысым бойынша жұмысы немесе олардың ауруы сабақ өткізуге әрдайым мүмкіндік бермейді, сондықтан соңғы 5–6 жылда ағылшын тілін оқытын адамдардың саны күрт өсті. Балалардың жасы да өзгерді. Егер осы уақытқа дейін әдістеме ең алдымен оқушыларға бағытталса, енді ата-аналар балаларды шет тіліне оқытуды ерте бастауға ұмтылады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі жас психолог ретінде осы қызмет түрі үшін ең қолайлы кезең деп танылды. Өзгерген жағдай қоғамның білікті оқытушыларға деген қажеттілігінің өсуіне алып келеді. Олардың болмауы төте қайғылы салдарларға әкеледі. Тіл негіздерін меңгерген адамдар өздерін мектепке дейінгі балаларды үйретуге қабілетті деп санайды, өйткені кішкентай балаларға бұл білім жеткілікті. Нәтижесінде уақыт шығынсыз ғана емес, сонымен қатар осы салада балалардың одан әрі жылжуына да зиян келтіреді:

қайта оқыту әрдайым оқытудан гөрі қиын және қате айтылуын түзету «нөлден» дыбыстарды орнатудан гөрі қиын. Бірақ балаларға тілді жақсы білетін адамдар келген кезде де, оларға әрқашан қажетті нәтижеге қолжеткізе алмайды: балаларды оқыту–бұл оқушылар мен ересектерді оқытудан мүлдем өзге тәсілді талап ететін өте қиын мәселе. Әдістемелік қажетсіз сабақтармен кездескеннен кейін, балалар көпке дейін шет тілн оқуда құлшыныстарын жоғалтады, өз мүмкіндіктеріне сенбейді.

Егер ойындар калейдоскопы болмаса, балабақшадағы ағылшын тілінен сабақ қалай болуы мүмкін? Ойын ойнап, өз жетістіктерін байқай отырып, бала жаңа шыңдарға ұмтылады. Біз оқытудың икемді әдістеріне жүгінеміз. Тілді балаға оқыту қарым-қатынас ретінде меңгерілуі керек, яғни жекелеген сөздер мен сөйлеу үлгілерін ғана меңгеріп қоймай, сонымен қатар өзінің коммуникативтік қажеттіліктеріне сәйкес өзіне белгілі модельдер бойынша пікірлерді құрастыруды үйрену, балаларды шет тілін оқыту коммуникативтік сипатта болуы тиіс. Шет тіліндегі қарым-қатынас дәлелді және мақсатты болуға тиіс. Балада шет тілді сөйлеуге оң психологиялық қондырғы жасау қажет. Мұндай оң мотивацияны құру тәсілі-ойын. Ойын қызметі мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу қызметін дамыту құралы ретінде балаға тиісті жағдайларда шет тілін табысты меңгеруге мүмкіндік береді. Ойын әдістемесінің негізінде елестететін жағдайды құру, сондай-ақ баланың немесе оқытушының қандай да бір рөлді қабылдауы жатыр. Мұндай тәсіл әр түрлі қызмет салаларында когнитивтік, эмоционалдық және коммуникативтік белсенділік есебінен мектепке дейінгі баланың жеке тұлғасының өз бетімен ілгерілеуін ынталандыруға әкеледі және болашақта қазіргі заманғы мектепке дейінгі білім берудің негізгі идеясының іске асырылуы еске ала отырып, оның жан-жақты дамуына ықпал етеді. Сабақтың жетістігі ересектер мен балалардың белсенді өзара қарым-қатынасына байланысты және баламен мейірімді қарым-қатынас орнатуы.

Сонымен қатар, шет тілінде сөйлеу мен түсіну дағдыларын дамыту алдымен ана тіліндегі тиісті дағдыларға қарамастан қалыптаса алады және кейіннен ана тілінің дамуына оң ықпал ете алады. Осылайша, сабақ нәтижесінде балаларда тілдердің әрқайсысында дыбыстардың айтылуы едәуір жақсарады. Үйреншікті стереотиптер сынады, айқын, қоршаған жаңа мағынаға ие болады, бұл кейбір кешендерден құтылуға мүмкіндік береді. Мұнда екі тіл – тірі, жұмыс, мазмұнды, олар әртүрлі жағдайларда табиғи түрде меңгеріледі.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Тіл үйренудің маңызы баланың жеке басының жалпы дамуына әсер ету негіздерін меңгеруден тұрады (ол неғұрлым сауатты өсуі, басқа тілдерде

сөйлейтін адамдармен қарым-қатынасқа түсуден қорықпауы, мәдениетінен өзге адамдармен, шыдамды, тілді пайдалануға дайын және т.б.). Сонымен қатар, ол жалпы тіл мен тіл құбылыстарын жақсы түсінеді, ең алдымен ана тілі мен ана мәдениетіне мұқият қарайды, «өз» сөзін «басқамен» салыстырады, коммуникативтік-білімді болады. Сабақтың ықпалымен танымдық және сөйлеу қабілеті жетілдіріледі, ой-өрісі кеңейеді, тіл арқылы бала елдің тарихы мен географиясын таниды. Мұндай жұмыс баланың мектепте басқа тілдерді үйренуге дайындалуына да ықпал етеді. Соңғы жылдары балаларды шет тілін оқытуды бастаудың жас шегі бұрынғыдан да төмендеуде. Әдетте, төрт жастағы бала сабаққа дайын болып саналады, кейбір ата-аналар үш жастағы балаларды ағылшын тілі топтарына беруге тырысады. Бұған қалай қарауға болады, және оқуды бастау үшін қандай жас лайықты деп санауға болады? Ерте жастағы шетел тілін меңгерудегі мүмкіндіктер шын мәнінде бірегей екені белгілі. К. Д. Ушинский былай деп жазды: «Бала бірнеше ай бойы шет тілінде сөйлейді, бірнеше жыл бойы үйрене алмайды».

Көптеген ата-аналар баланың туған тілін нашар меңгергенінен немесе тілді шатастыра бастағанынан қорқып, баланы басқа тілмен таныстырғысы келмейді, бұл баланың тұрақты емес және қалыптаспаған жүйке жүйесіне қосымша жүктеме береді, үзіліске және жағымсыз салдарға әкеп соғады деп ойлайды. Бірақ соңғы екі он жыл ішінде жүргізілген ғалымдардың эксперименталды зерттеулерінің нәтижелері бойынша, бір тіл толық көлемде игерілген (негізгі тіл), ал екіншісін меңгеру дәрежесі әртүрлі болуы мүмкін: бірнеше сөз айта білу, дүкенде түсіндіруден жетік білуге дейін. Ерте жастағы тілдерді үйренуге кіріскен балалар өз құрдастарынан артта қалып қана қоймай, көбінесе жүйке-психикалық дамудың көптеген көрсеткіштері бойынша оларды басып озады. Олардың жадысы жақсы дамығандығы дәлелденді. Мұндай бала, әдетте, оның құрдастарына қарағанда қисынды ойлайды және түсінеді, лингвистикалық құбылыстарға әрдайым назар аударады, оған математика және гуманитарлық ғылымдар оңай беріледі. Ал жақында ағылшын ғалымдарының балалық шағынан екі және одан да көп тілді меңгерген адамдар қартайғанда неғұрлым теңдестірілген сипатпен және айқын ақылмен ерекшеленетіні туралы сенсациялық хабарламасы пайда болды.

Тілдік ойындар коммуникативтік сипатымен ерекшеленеді және мектеп жасына дейінгі ерекшелікті көрсетеді. Зерттеулерде дамыта оқытудың нәтижелері көбінесе оқытушының педагогикалық танылуына, оның кәсіби ұстанымына, ой-өрісі, ерік, қарым-қатынасты ұйымдастыра білуіне, балалардың оқылатын пәнге қызығушылығын, эмоционалды, құзыреттілігі сияқты жеке қасиеттеріне байланысты екендігі көрсетілген. Дамытушылық оқытудың мақсаты оқушылардың әр түрлі қабілеттерін, соның ішінде абстрактілі және нақты мәндерді тануға, әлемді, ұжымның

және өзін, логикалық ойлау мен нақты қызметті бастан өткеруге байланысты қалыптастыру мен жетілдіруді көздейді.

Л. С. Выготский және Д. Б. Эльконин ойынды мектепке дейінгі баланың қызметінің жетекші түрі деп атайды, бірақ ғалымдар оның іс-тәжірибесінде барлық басқа қызмет түрлері арасында басым емес, дәл осы кезеңде мектеп жасына дейінгі баланың дамуына алып келеді [1, 156].

Балалар ойыны туралы көп жазылған, оның теориясының мәселелер әлі күнге дейін ойындардың бірыңғай жіктелімі жоқ. И. Л. Шолпо мектепке дейінгі балалармен шет тілі сабақтарында қолдануға болатын оқыту ойындарын жіктеудің өз нұсқасын ұсынады. Автор оқыту ойындарын жағдайлық, жарыстық, ритмомузыкалды және көркемдік деп бөледі. Жағдаяттарға қандай да бір себептермен қарым-қатынас жағдайын моделдейтін рөлдік ойындар жатады. Олар, өз кезегінде, балалар түрлі модельдерді қолдану мен түр-түрін өзгертуді талап ететін қандай да бір жағдайға және импровизациялық ойындарды қолдана отырып, типтік, стандартты диалогты ойнайтын репродуктивті сипаттағы ойындарға бөлінеді. Әрине, репродуктивті ойынға импровизация элементі енгізілген аралық сәт болуы мүмкін. Жарыс түрлеріне лексика мен грамматиканы меңгеруге ықпал ететін көптеген ойындар жатады. Оларда тілдік материалды жақсы меңгерген адам жеңеді. Бұл әртүрлі кроссвордтар, «аукциондар», лингвистикалық тапсырмалар мен үстел үсті баспа ойындары, командаларды орындау және т.б. [2, 104].

Ритмо музыкалды ойындар-бұл қарым-қатынас дағдыларын меңгеруге ғана емес, фонетикалық және ырғақтық сөйлеу жақтарын жетілдіруге және тіл рухына батыруға мүмкіндік беретін серіктестерді таңдаумен хоровод, әндер мен би түріндегі дәстүрлі ойындар, мысалы: «All around the Butter-Cup». Көркем немесе шығармашылық ойындар. Бұл ойын және көркем шығармашылық шекарасында тұрған іс-әрекет түрі, балаға жол тек ойын арқылы жатады. Оларды, өз кезегінде, драматургияға бөлуге болады (кішкентай қойылымдарды ағылшын тілінде қою); графикалық диктант, аппликация және т.б. сияқты бейнелеу ойындары; және сөздік-шығармашылық (рифма таңдау, комикске қойылған қолдың ұжымдық шығармасы, кішкентай ертегілердің ұжымдық шығармасы). Ахуалды импровизациялық ойындар мен шығармашылық драматизациялар шекарасында белгілі ертегінің тақырыбы бойынша импровизация сияқты қызмет түрі бар. Мысалы, «Рибка» немесе «Теремок» ойынында ойнайтындардың санына және жаңа лексиканы меңгеруге байланысты жаңа кейіпкерлер мен репликтер қосуға болады. Сабаққа қосу үшін ойынды таңдап немесе ойлап табу арқылы Е. И. Негневицкая мен А. М. Шахнаровичтің «Тіл және балалар» еңбегіндегі мына пікірі орынды жазылған: 1. Ойынға кіріспес бұрын келесі сұрақтарға

жауап беріңіз ойын мақсаты қандай? Ол қандай сөйлеу әрекетін орындауы тиіс: сөзбен іс-әрекеттердің бірі немесе пікірді жасау-онда қандай және қандай модель бойынша? Бала мұндай пікір жасай ала ма, онда қосымша қиындықтар, «су асты тастары» жоқ па? Осы сұрақтарға жауап бере отырып, өзіңізді балаға айналдырып, осындай үлгіде қандай қызықты жағдай туындауы мүмкін екенін ойлаңыз. Бұл жағдайды балаға қалай қабылдайтынын бірден ойлап көріңіз. Баламен өзіңіз қуана ойнаңыз. Бұл үзіндіде оқыту ойынының басты қасиеттері ескерілген, олар оның атауында белгіленген: ол пайдалы болуы тиіс және ол ойын болуы тиіс. Кеңес энциклопедиялық сөздігі ойынды нәтижеде емес, үдерістің өзінде мотив болып табылатын өнімсіз қызметтің түрі ретінде анықтайды. Бұл өте маңызды белгі. Сондықтан, сабаққа ойын енгізе отырып, оның дидактикалық нәтижесі мұғалім үшін маңызды, бірақ балалардың іс-әрекетіне түрткі бола алмайды. Ойын балалар мен ересек оқытушы арасындағы өзара қарым-қатынас стилін өзгертуі тиіс, бірақ баланы осыған итермелеудің қажеті жоқ: бала оны қалаған кезде және ол қызықты болған кезде және оның ықыласын тудыратын адамдармен ойнай алады. Мұғалім тек ойын ұйымдастырушысы бола алмайды, ол баламен бірге ойнауы тиіс, себебі балалар үлкен қызығушылықпен ересектермен ойнайды, өйткені ойын атмосферасы бөгде бақылаушының көзқарасымен бұзылады [3, 46].

Осылайша, оқыту ойыны – бұл ең жақын даму аймағына бағытталған ойын, педагогикалық мақсатты бала үшін тартымды іс-әрекетпен ұштастырады. Жас психологиясына тағы бір рет жүгінсек. «Балалар ойынының мәні қандай да бір рөлді орындау және қандай да бір жаңа жағдайды жасау болып табылады», – деп жазды Дж. Селли. Б. Эльконин ойын және ойынмен байланысты әрекеттерді оны орталық сәті деп санады. Мектеп жасына дейінгі балалардың рөлдік ойынының дамуын бақылай отырып, ғалым ең алдымен сыртқы белгіге (костюм, құралдар) жақындай алатындықтан рөл туралы түсінік пайда болатынын байқады, содан кейін рөл белгілі бір іс-қимылдарды талап ете бастайды, ақырында, бейнеленген жағдайға осы жағдайға сәйкес мінез-құлық ережелерін сақтауды талап ететін басқа балалар тартылады. Осылайша, кез келген ойынның негізі – рөлдік деп айтуға болады. Бала рөлдік ойында өзі, ағылшын баласы немесе ересек, ертегі кейіпкері немесе жануар т.б. рөлінде ойнай алады. Оның әріптесі басқа бала, мұғалім, қуыршақ, елестететін кейіпкер, көмекші актер немесе сол рөлді әрдайым ойнайтын екінші оқытушы бола алады.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл жұмыстың мақсаты мектеп жасына дейінгі шет тілі ретінде ағылшын тілін оқытуды ұйымдастырудың кейбір бағыттарын ашу болып

табылады. Мақсатқа жету үшін осы мәселе бойынша отандық және шетелдік авторлардың еңбектері зерттелді. Біз бала кезінде шет тілін үйрету баланың жалпы дамуы үшін пайдалы деген қорытындыға келдік, өйткені сөйлеу және тілдік ойын жаттығулары мен ойлау мен сөйлеуді, есте сақтауды, қиялды, логиканы дамытуға ықпал етеді, оны эмоционалдық байытады. Сабақ беру әдістемесі балалардың сөйлеу іс-әрекетінің жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып құрылуы тиіс.

Психологтар мен психолінгвистердің пікірінше, тілді ерте жастан бастау жақсы. Бала сөйлеуге тырысып, содан кейін сөздерді айқын айтып, тіл оған көзге көрінбейтін күш арқылы кіреді. Олардың пікірінше, балалар жасындағы ерекшеліктері өздігінен меңгеру қабілеттілігімен байланысты.

Сабақ өткізу әдістемесі балалардың лингвистикалық қабілеттері мен жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып құрылуы және олардың дамуына бағытталуы тиіс. Шетел тілі оқытушысы баланың жеке басының жалпы дамуының бір бөлігі ретінде қатысуы, оның сенсорлық, физикалық, зияткерлік тәрбиесімен байланысты болуы тиіс. Мектепке дейінгі жастағы балаларды шет тіліне оқыту коммуникативтік сипатта болуы тиіс, егер бала қарым-қатынас құралы ретінде тілді меңгерсе, яғни жекелеген сөздер мен сөйлеу үлгілерін ғана меңгере қоймай, бірақ өзіне белгілі модельдер бойынша өздерінде туындаған коммуникативтік қажеттіліктерге сәйкес пікірлерді құрастыруды үйренеді. Шет тіліндегі қарым-қатынас дәлелді және мақсатты болуға тиіс. Балада шет тілді сөйлеуге оң психологиялық қондырғы жасау қажет. Мұндай оң мотивацияны құру тәсілі-ойын. Сабақтардағы ойындар эпизодтық және оқшауланған болмауы тиіс. Тілді оқыту процесінде қызметтің басқа түрлерін біріктіретін және біріктіретін ойын әдістемесі қажет. Ойын әдістемесінің негізінде елестететін жағдайды жасау және баланың немесе оқытушының қандай да бір рөлді қабылдауы жатыр.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Выготский, Л. С.** Умственное развитие детей в процессе обучения. Государственное учебно-педагогическое издательство, Москва. – 1935. – 214 с.
- 2 **Абалкина, П. И.** Воспитание игрой: Учебник – М. : Просвещение, 2008. – 237 с.
- 3 **Ливингстоун, К.** Ролевые игры в обучении иностранным языкам – М. : Высшая школа, 1988. – 328 с.

Г. Арынтаева<sup>1</sup>, М. Т. Кожаканова<sup>2</sup>, А. Е. Ниязова<sup>3</sup>

**Организация языкового обучения в детском саду**

<sup>1,2,3</sup>Филологический факультет,  
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,  
г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан.  
Материал поступил в редакцию 31.10.19.

G. Aryntayeva<sup>1</sup>, M. T. Kozhakanova<sup>2</sup>, A. E. Niyazova<sup>3</sup>

**Organizing languages teaching in kindergarten**

<sup>1,2,3</sup>Philology Faculty,  
L. N. Gumilyov Eurasian National University,  
Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan.  
Material received on 31.10.19.

*В статье обсуждается важность преподавания английского языка в детском саду, научиться справляться с трудностями в обучении детей английскому языку, типами упражнений и организации разных игр для детей дошкольного возраста. Сравнили мнения ученых об эффективности изучения иностранного языка.*

*The article discusses the importance of teaching English in kindergarten, learning to cope with difficulties in teaching English to children, types of exercises and organization of different games for preschool children. Compared the opinions of scientists about the effectiveness of learning foreign language from an early age.*

**Г. К. Әбішева<sup>1</sup>, А. Қ. Тұрышев<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>1 курс, докторант, 6D020500-Филология (қазақша) мамандығы, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы; <sup>2</sup>ф.ғ.д., профессор, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы  
e-mail: 'gulnara\_abisheva1982@mail.ru

**КӨРКЕМ МӘТІН ОНОМАСТИКАСЫ МӘСЕЛЕСІ**

*Мақалада көркем туындылардағы жалқы есімдердің мәтін қызметіндегі атқаратын ролі қарастырылған. Соңғы онжылдықта қарқынды дамып келе жатқан поэтикалық ономастика саласы туралы және оның өзге салалардан ерекше өзіндік күрделі сипаты зерттеледі. Осы тұрғыда теориялық еңбекерге сараптама жасалады және ғалымдардың теориялық тұжырымдары беріледі. Сонымен қатар көркем шығармалардағы жалқы есімдерді жүйелі түрде зерттеу автордың ойы мен шығарма жанрының ерекшелігін танып, сипатын ашуға мүмкіндік беретіні, әдеби онимдерді талдау жұмысы әдебиет пен тіл ғылымының табиғатын тереңдей тану мақсатында ғана емес, тарихи, мәдени, этнографиялық мазмұндағы мәліметтердің толығымен де ұштасатыны сөзсіз.*

*Кілтті сөздер: ономастика, әдеби ономастика, жалқы есім, поэтоним, антропоним, көркем мәтін, көркем шығарма.*

**КІРІСПЕ**

Жалқы есімдер лексикалық құрамның маңызды бөлігі болып табылады және апеллятивтік есімдерге қарағанда олардың ерекшеліктері де бар. Бізді қоршаған әрбір зат атауға ие болуы мүмкін деген ақиқатты назарға алатын болсақ, онда жалқы есімдердің мөлшері нақты және нақты емес объектілердің атаулары сияқты кең ауқымға ие болуы мүмкін. Сондықтан да жалқы есімдер тілдік айналымда әлдеқайда көп кездеседі.

Тілдің тарихи дамуы – жеке атаулардың әртүрлі өзгерістерге ұшырайтынын, кейбіреулері жоғалатынын, басқалары керісінше басқаша сипатта пайда болып, не қайта жаңғыруы мүмкін екендігін анықтап береді.

Есімдердің жоғалуы, пайда болуы және қайта жаңғыртылуы қоғамның дамуымен және оның өзгерістерімен тығыз байланысты. Тіпті, автордың сол



қоғамда өмір сүруінің өзі де мәтіндегі жалқы есімдердің қолданылуына әсер етуі мүмкін. Қоғамның осындай даму құбылыстары көркем кейіпкерлердің аттары бойынша шығармашылық процестерде ерекше байқалады.

Әдеби ономастика немесе поэтикалық ономастика бөлімі көркем әдебиеттегі жалқы есімдердің теориялық және практикалық маңыздылығын анықтаумен айналысады. Көркем ономастиканың маңызды міндеті көркем және поэтикалық мәтіндердегі онимдердің ерекшелігін зерделеу болып табылады.

Әдеби ономастика бөлімдерін тарқататын болсақ, әдеби антропоним – әдеби тіл нормаларына сәйкес келетін антропоним формасы, мысалы, Бақтияр, Сәкен, Лэйлэ т.б.; поэтикалық антропоним – атау қызметінен басқа стилистикалық қызметін атқаратын көркем шығармадағы антропоним, әлеуметтік және идеологиялық бағыты болуы мүмкін, негізінен шығарма кейіпкерінің мінезін, бейнесін көрсету қызметін атқарады, мысалы, Тоғжан, Ұлпан, Ботағөз, Қарабай, Мәжнүн, Бекежан т.б.

Поэтикалық антропоним ойдан шығарылған атаулар категориясына жатуы мүмкін, бірақ жазушылар өмірде болған тұлғалардың есімдерін немесе ойдан шығарылған, бірге өмірде болған тұлға есімдерін біріктіріп қолдануы мүмкін; поэтикалық антропоним терминінің орнына көбінесе «көркем шығарма антропонимі», «белгілі бір шығармадағы жалқы есімдер» сияқты анықтаушы сөз тіркестері, «әдеби антропоним» термині қолданылады [1, 12 б.]

Айта кету керек, поэтикалық ономастиканы зерттеуге арналған ғылыми зерттеулер көп емес. Жекелеген шығармалардағы персонаж аттардың сөз төркінін ашуға көңіл бөлген ғалымдар Р. Әміров, Е. Жұбанов, Х. Нұрмұханов, Ф. Мұсабаева, А. Мұқатаева, Г. Қортабаева, Қ. Жаппарова т.б. Сондай-ақ профессор М. Балақаевтың газет-журнал беттеріне сатира мен юмор жанрында қолданылатын кейіпкер аттары туралы жарияланған мақалалары бар.

Поэтонимдерді зерттеуге деген қызығушылықтың артуы поэтика саласының көп қырлы болуымен, стилистика, көркем әдебиет тілі, көркем әдебиетке қатыстылығымен байланысты.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі уақытта поэтикалық ономастика филологияда біртіндеп берік ұстанымға ие болып келеді. Көркем шығармадағы жалқы есімдер – *поэтонимдер* – зерттеушілер үшін ерекше маңызды және олардың қызығушылығын тудырады. Ресей ономастикасында поэтонимдерді терең, жүйелі түрде зерттеген ғалымдар Ю. А. Карпенко, Э. Б. Магазаник, В. А. Никонов, В. Н. Михайлов, В. А. Кухаренко, М. В. Карпенко,

Г. А. Силаева, О. Г. Ревзина, О. И. Фоякова, В. П. Григорьев және т.б. Қазақ ономастикасында поэтонимдер бойынша жеке мәселелерді қарастырған Ә. Қайдар, І. Кеңесбаев, Т. Жанұзақов, Е. Жұбанов, К. Жаппар, С. Еспаева.

Поэтикалық ономастика ұзақ уақыт бойы зерттеушілерді көркем мәтіндерге атау немесе түсініктеме беру кезінде, көркем шығармалардағы жалқы есімдер сөздігін құрастыру кезінде талап етілетін құрамдас ғылым ретінде қызықтырды [2, 83–89 б.].

Уақыт өте келе көркем әдебиеттегі жалқы есімдерді зерттеу мәселелері өзекті, яғни қолданбалы міндеттер кезінде күрделі және күрделі зерттеу саласы болды. Академик В. В. Виноградов көркем ономастиканы көркем әдебиет стилистикасымен байланыстырады, өйткені есімдер, лақап аттар, тектер көркем бейненің негізгі құралдарының бірі болып табылады. Осыған байланысты ол: «Көркем әдебиеттегі атауларды, тектерді, лақап аттарды іріктеу, олардың әр түрлі жанрлар мен стильдердегі құрылымдық ерекшеліктері, олардың үлгілері, сипаттамалық функциялары туралы мәселе аз-маз мысалмен дәйектелуі мүмкін емес. Бұл көркем әдебиет стилистикасының өте үлкен және күрделі мәселесі» [3], – деген болатын.

Поэтикалық ономастика ғылыми салаға лексикология, семиотика, стилистика, поэтика сияқты басқа ғылыми пәндермен өзара байланысты жеке сала ретінде кірді.

Поэтикалық ономастика жеке ғылым саласы ретінде көркем мәтіндегі жалқы есімдердің өзіндік ерекшеліктерінің қажетті жүйесін қамтиды. Көркем әдебиетте жалқы есімдерді талдау кезеңінде «жалқы есім» және «ат» (кісінің аты) терминдері қолданылды. Көркем мәтінге сәйкес терминдер: басты кейіпкерлердің аттары, неғұрлым пассив жалқы есімдер және топонимикалық объектілердің аттары деп нақтыланды.

В. А. Никоновтың кейіпкер есімі туралы анықтамасы осы терминнің маңыздылығын тағы да атап көрсетеді: «Кейіпкердің есімі – көркемдік бейнені жасайтын құралдардың бірі, ол кейіпкердің әлеуметтік тиесілігін сипаттай алады, ұлттық және жергілікті бояуларды бере алады, ал егер іс-әрекет өткенде болса, тарихи шындықты қалпына келтіре алады (немесе егер аты шындыққа қарамастан таңдалса, оны бұзады)» [4, 234 б.]. Бұл анықтаманы талдау кезінде көркем ескерткіштердегі жалқы есімдер қоғам мен қоғамдық жағдайлармен тығыз байланысты болатындығы назар аудартады, яғни осы жағдайлардың негізінде көркем шығарманың ерекшелігі анықталады.

Поэтикалық ономастиканың мақсаты көркем мәтінде поэтонимдердің, әдеби жалқы есімдердің қолданыс ерекшелігі мен заңдылықтарын, оларды жасау және шығарма жанрына қарай таңдау принциптерін, мәтінді лингвистикалық интерпретация жасауда поэтонимдердің мүмкіндіктерін,



поэтонимдердің қызметін (мәтін жасаушы, ерекшелігін көрсетуші, стилистикалық, идеологиялық, экспрессивтік т.б.) анықтау [5, 4 б.].

Біршама уақыт көркем мәтіндегі жалқы есімдерді анықтау үшін үстем термин ретінде әдеби антропоним термині қолданылды. Ономатолог ғалым М. В. Карпенко М. В. бұл термин тек автор ойлап тапқан (ойдан шығарылған) аттар екенін атап көрсетті. «Әдеби емес антропонимияда тек қана тарихи және шынайы кейіпкерлер аттары болады», – деді [6, 24 б.].

Демек, әдеби антропонимияға көркем бейнелер ретінде пайдаланылған барлық жалқы есімдер жатады.

Көркем ономастиканың тағы бір бөлімі – топонимиканы қарау барысында топонимикалық объектілердің атауын теңестіретін атау термині қолданылды. Көркем топонимиканың бөлімдеріне қойылатын лингвистикалық талаптарға сәйкес тағы да басқа: көркем ойконимия, гидронимия, орронимия, космонимия, зоонимия, этнонимия және т.б. терминдер бөлініп шығады.

Көркем шығармадағы жалқы есімдердің барлық түрлерін қарастыру барысында «поэтоним» деген әмбебап терминді анықтау қажеттілігі туындайды.

А. В. Суперанская өзінің ғылыми зерттеулерінде мифтік немесе экзотикалық аттардың ерекше мағыналық сипаттарын алатын жалқы есімдерді поэтонимдер деп атап көрсетеді [7, 30 б.].

Терминнің кең тұрғыдағы мазмұны «Орыс ономастикалық терминология сөздігінде» берілген: «Поэтическое имя (поэтоним) – имя в художественной литературе, имеющее в языке произведения, кроме номинативной, характеризующую, стилистическую и идеологическую функции. Это правило, относится к категории вымышленных имён, но часто писателем используются реально существующие имена или комбинация тех и других» [8, 108 б.].

Көркем мәнмәтінде жалқы есімдердің нақты түрлерін анықтау үшін поэтикалық антропоним, поэтикалық топоним, поэтикалық гидроним және т.б. сияқты бірқатар терминдер бар.

Жалқы есімдерінің мағыналық мазмұнының жоқтығы көптеген ғылыми жұмыстарда, оның ішінде А. В. Суперанскаяның «Общая теория имени собственного» монографиясында атап көрсетілген [9].

А. В. Суперанскаяның пікірінше, поэтонимдер жалқы есімдердің бір түрі болып табылады және жалқы есімдер ретінде олар төмендегідей ерекшеліктерге ие болады:

1) жалқы есімдердің лексикалық мағынасы болмайды, олар тек денотат болып саналады;

2) жалқы есімдердің мағынасы тек сөйлеу барысында білінеді, онда да тілдік деңгейде олар семантикалық тұрғыдан бос белгілер болып саналады;

3) егер жалқы есімдер мағына беретін болса, ол онда жалпы есімдердің мағынасынан ерекше болады [9].

Көркем шығармалардағы поэтонимдер де барлық жалқы есімдерге қатысты қабылданған қасиеттерге ие. Бірақ осы ұқсастықпен қатар, поэтонимдер көркем мәтінде авторлардың көркемдік ой– пікірлерімен үндесіп, идеологиялық міндеттерді жүзеге асыру сияқты ерекше мақсаттарды орындайды. Көп жағдайда көркем мәтінде поэтонимдер өзінің сипаттары бойынша жалпы есімдермен жақындастырылады, сондықтан поэтонимдердің мазмұнды жағы лингвистикалық сипаттамалардың күрделі кешенін білдіреді.

Поэтонимдердің мазмұндық жағын қабылдау поэтикалық мәнмәтіндегі көркемдік бейненің көмегімен жүзеге асырылуы тиіс. Көркем мәтіндегі жалқы есімдерді пайдаланған кезде денотаттарға қарағанда, жалқы есімдер, соның ішінде поэтонимдер туралы жалпы мәліметтерге назар аудару қажет. Тиісті деректерді, атап айтқанда атау себептерін, атының тарихын және оның шығу тегінің негіздерін қарастыру қажет.

Поэтонимдердің стилистикалық функцияларын ескере отырып, сөйлеу деңгейінде оларды жалқы есімдерге өте жақын деп айтуға болады. Олардың көмегімен сөйлеу деңгейінде жалқы есімдер денотатының мәліметтері туралы әртүрлі ақпарат алуға болады. Сөйлеу ақпараты өз кезегінде есімнің оның тасымалдаушысымен байланысын күшейтуге мүмкіндік береді, яғни осыған байланысты денотат пен есім иесі қарым-қатынастардың толық көрінісі ашылады. Поэтонимдер денотаты ретінде автор ойдан шығарған, қиялымен ойластырылған бейнелер алынады, оларды қолдану барысында қаламгер өзіндік жеке жалқы есімдерді ойлап шығарады. Бұл атаулар тобының мәні көркем ескерткішті нақты зерттеу кезінде ғана түсінікті болады. Осыған орай, ойдан шығарылған есімдер авторлық ой мен оны оқырманның қабылдауы кезінде жасанды білім болып саналады.

Көркем әдебиеттегі жалқы есімдердің ерекшелігі әртүрлі лингвист-ғалымдар тұрғысынан түрліше қаралды. Жалқы есімдердің ерекшелігін қарастыра отырып, Ю. А. Карпенко әдеби ономастика бірнеше белгілерін ажыратты [10, 34–40 б.].

Әдеби ономастика – екіншілік шығарылым. Ол жалпы халықтық ономастика аясында пайда болады және соған ғана негізделеді. Нақты жалқы есімді таңдау – автордың ісі. Және де, әрине, субъективті фактор да өте ауқымды. Әдебиеттің алтын қорына енген классикалық шығармаларда барлық есімдер оңтайлы деп қабылданады.

Әдеби ономастика – бұл сөйлеу фактісі. Әдеби жалқы есім тәуелсіз пайдалануға ие болғанда және символға айналған жағдайда ғана тілге ауысады.

Демек, тіпті көркем бейнелерді жасау барысында автордың шығармашылық әлеуеті күшті фактор болып жатса да, поэтиномия

ақиқаттағы және тарихи ономастикадан ажыратылып шыға алмайды. Әдеби ономастика әрқашанда ортақ ономастикалық нормаларға сүйенеді.

Қаламгер шығармашылық табиғатына байланысты ономастикалық ресурстарды өзінше түсіндіруі мүмкін, бірақ мұның бәрі ономастикалық норманың аясында ғана жүргізіледі.

Туындылар ғасырлар жауһары болған жағдайларда, оларда пайдаланылған есімдер де есімдердің алтын қорына кіреді, яғни бұлар танымал онималар болып кетеді, оларды атаған кезде бүкіл шығарманың көркем бейнесі көз алдыға келіп тұра қалады. Осыған байланысты «сөйлейтін есімдер» термині қалыптасқан. Әдеби ономастика анықтап берген «сөйлейтін есімдер» сипаттамасы кейіпкердің тарихи, әлеуметтік-мәдени өмірінің жинақталған рөлін көрсетеді. Көркем мәтінде тарихи қайраткерлердің аттары, нақты топонимдер әдеби ономастика компоненттеріне айналады және «сөйлей» алады.

Сондай – ақ, көркем шығармаларда аттардың ерекше түрі байқалады, олар жеке объектілер деп аталады және оларды хремотонимдер тобына (материалдық мәдениеттің жекелеген заттарының атаулары) сәйкестендіруге болады – бұл ерекшелік ономастиканың ерекше қасиеттерінің бірі болып табылады.

Әр түрлі гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы поэтикалық ономастиканың даму үрдісі лингвистикалық, әдебиеттану, әлеуметтік, тарихи, психолінгвистикалық және басқа да көптеген пәндерге қатысты әртүрлі әдістерді қолдану кезінде қалыптасты. Пәндер тоғысындағы ономастикалық кеңістік аясында қалыптасқан байланыстар поэтикалық ономастиканың өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Ономастикалық бірліктердің кешенді сипаттамасы олардың жүйелі қалыптасуына әсер ететін түрлі факторларды зерттеуге негізделеді.

Көптеген зерттеушілер өздерінің ғылыми жұмыстарын поэтонимдерді сипаттауға арнады, кейбіреулері тіпті оларды поэтикалық ономастика теориясына сілтеме жасай отырып жіктеді. Поэтонимдерді жіктеу кезінде бастапқыда «поэтикалық антропонимдердің семантикалық тобы» назарға алынады.

Сондай-ақ ғалымдар поэтонимдердің жалпы және бірден-бір қағидасы ретінде – поэтонимдердің сипаттамасы және сюжеттік қызмет етуі қағидасын қарастырады. Осы ерекшеліктерге сәйкес поэтонимдер көркем мәтіндегі тікелей іске қосылған онимдерге бөлінеді, олар көркем шығарманың мазмұнын одан әрі ашу үшін қызмет етеді (көркемдік бейнелер мен объектілер атауларының тікелей және жанама аттары) және көркем шығарманың мазмұнын жанама түрде ашатын (тарихи атаулар салыстыру кезінде, өзіндік мәдени фонды жасайтын аттары).

Поэтонимдерді жіктеудің екінші принципі бейнелі сипаттаманы ескере отырып, онимдерді бөлу болып табылады. М. В. Карпенконың пікіріне сәйкес, бұл онимдер тобы: а) тікелей сипаттайтын; ә) жанама сипаттайтын сияқты екі топқа бөлінуі мүмкін.

Лингвист ғалымдар тікелей сипаттайтын топқа келесі атауларды жатқызды: семантикалық сипаттамасына ие есімдер; әдебиетте экспрессивті рөлге ие есімдер; көркем шығарманың авторы ойдан шығармайтын нақты тарихи атаулар.

Л. М. Щетининнің поэтонимикалық кеңістігінің талдауына сәйкес, поэтонимдерді одан әрі жіктеу көркемдік шығармадағы стилистикалық рөлді есепке ала отырып жүзеге асырылады. Осы ономастикалық бірліктерге олардың жүйелі қалыптасуына әсер ететін түрлі факторларды зерттеу көзделеді. Поэтонимдердің бұл тобына төмендегілер жатады:

- а) кейіпкердің мінез-құлқын көрсетпейтін бейтарап атаулар;
- ә) ат иегерлерінің тікелей және жанама сипаттамасын беретін сипаттамалық атаулар;
- б) эмоциялық және экспрессивті бояуы бар пародиялық атаулар (әдетте теріс сипаттағы);
- в) оқырманда түрлі ассоциациялар тудыратын ассоциативті атаулар [11, 32 с.].

Айта кету керек, Л. М. Щетининнің жіктеуінде автордың поэтонимдерді құрудағы рөлі қарастырылмайды, бұл біздің ойымызша, көркем мәтінді құруда мүмкін емес, өйткені поэтонимдерді жіктеу негізіне «нақты ономастика – автор – поэтикалық ономастика» үдерісінің бірлігі алынады.

Автордың поэтонимдерді құрудағы басым рөлін ескере отырып, оларды жіктеу кезінде тарихи және ұлттық ономастиканың автордың ой-пікірімен және көркем бейненің рөлін анықтауы арасындағы байланысқа назар аудару қажет.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, поэтикалық ономастика саласында поэтонимдердің мынадай кіші топтарға бөлуге болады:

- тарихи тұлғалар мен географиялық объектілерді анықтап көрсету үшін автор жасаған тарихи жалқы есімдер;
- автор ойдан шығарған көркем бейнелерді анықтау үшін тарихи жалқы есімдер мен ұлттық ономастика атаулары;
- автор ойдан шығарған көркем бейнелер үшін ұлттық ономастиканың жалпы қолданылатын аттары мен атаулары;
- ұлттық есімдер негізінде құрылған ойдан шығарылған аттар;
- авторлық экспрессияны көрсететін авторлық поэтонимдер;
- ақиқатты емес көркем бейнелерді бейнелеу үшін ойдан шығарылған поэтонимдер;
- басқа көркем шығармалардан алынған поэтонимдер.

Көркем ономастиканың осы санаттарын неғұрлым толық қарау үшін әр топ поэтонимдерін нақты тұжырымдау керек. Адамдар мен географиялық объектілердің тарихи жалқы есімдері ұлттық ономастикада оним тобын пайдалану кезінде көрсетілген онимдердің тән белгілерін байытады.

Көркем ескерткіштерде тарихи поэтонимдердің қосымша сипаттамасын алу құрылған материалдың әсерін күшейтеді. Бұл бөлімді қолданғанда автордың өзі жасаған материалда келтірілген шындыққа қатынасы бейнеленеді, ал нақты тұлғалар мен оқиғалар басқа мағыналық реңктерді алады. Тарихи поэтонимдер ескерткіштің көркемдік құндылығына тарихи нақтылық ретінде ықпал етеді.

Көркем бейнелердің тарихи есімдері автордың есімдерді ойдан шығару үшін бай қоры болып табылады. Поэтонимді таңдау, әрине, автордың шығармашылық әлеуетіне және оның шеберлігіне сәйкес болады. Бұл жағдайда автордан шығармашылық талап етіледі, себебі атты сәтті таңдаған кезде туындының әсер ету дәрежесі неғұрлым маңызды болады.

Автор ойдан шығарған көркем бейнелерге арналған жалпы қолданыстағы есімдер мен ұлттық ономастикадағы атаулар поэтикалық афономастикада біршама көп. Осы санаттағы поэтонимдердің көмегімен көркем шығарманың әлеуметтік-тарихи болмысының бейнесі айқындалады.

Ұлттық есімдер негізінде жасалған ойдан шығарылған поэтонимдер поэтонимдердің тағы бір қабаты болып саналады, олар өз қатарына ұлттық ономастиканың негізіндегі ойдан шығарылған аттарды қосады және әр ұлттың этномәдени кеңістігін анықтайды. Десек те, кейде автор толықтай ойдан шығарған аттар да кездеседі.

Авторлық поэтонимдер автордың өзіндік экспрессиясын көрсете отырып, көркем шығармаларда қолданыс табады және автордың сатиралық және әзіл-сықақтық қатынасын байқатады. «Сөйлейтін есімдер» термині мазмұны жағынан лақап аттарға жақын поэтонимдер қатарына жатады.

Бейақиқат көркем бейнелерді көрсетуге арналған ойдан шығарылған поэтонимдер өз мәнісі жағынан нақты ұлттық ономастикаға жатқызылмайды, әдетте олар фантастикалық шығармаларда немесе романтикалық жанрларда кездеседі.

Басқа да көркем шығармалардан алынған поэтонимдер көркем әдебиетте шамалы байқалады, өйткені оларды пайдалануда автордың көркем шығарманы жасаудағы бірегейлігі жоғалады. Бірақ бұл поэтонимдер әдеби шығармаларда кездеседі және оларды «кыдырма» поэтонимдер деп те атайды.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Байқағанымыздай, көркем ономастика мәтін бірлігі ретінде шығарма мазмұнының тереңіне бойлауға ықпал етеді және түрлі ақпараттық, стилистикалық, көркемдік қызметтерді атқарады.

Көркем ономастикаға қатысты ғылыми әдебиеттерді талдау барысында біз поэтикалық әдебиеттерде түрлі типтегі онимдер үшін поэтоним термині қолданылатынына көз жеткіздік.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ономастикалық хабаршы № 1 (33) 2017.
- 2 **Зинин, С. И.** Изучение поэтической ономастики в Вузах (опыт программы специального курса) / С. И. Зинин // Труды Самаркандского ун-та. – Самарканд, 1974. – С. 72–76.
- 3 **Виноградов, В. В.** Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. – М., 1963. – 315 с.
- 4 **Никонов, В. А.** Имя и общество / В. А. Никонов. – М., 1974. – с. 278.
- 5 **Мәдиева, Г. Б., Иманбердиева, С. Қ.** Ономастиканың теориясы мен практикасы. – 2015. 270 б. ISBN 9965-640-03-3.
- 6 **Карпенко, Ю. А.** Имя собственное в художественной литературе / Ю. А. Карпенко // Филологические науки. –1986. – № 4. – С. 34–40.
- 7 **Суперанская, А. В.** Языковые и внеязыковые ассоциации имён собственных / А. В. Суперанская // Антропонимика. – М., 1970. – с. 7–17.
- 8 **Подольская, Н. В.** Словарь русской ономастической терминологии / Н. В. Подольская. – М. : Наука, 1978 – 198 с.
- 9 **Суперанская, А. В.** Общая теория имени собственного. – Москва : Наука, 1973. – 218 с.
- 10 **Карпенко, Ю. А.** Специфика имени собственного в литературе / Ю. А. Карпенко // Onomastica, 1986, t.XXXI. – С. 6–22.
- 11 **Щетинин, Л. М.** Переход собственных имён в нарицательные как способ расширения словарного состава языка (на материале английских фамильных имён): Автореф. дис... канд. филол.наук / Л. М. Щетинин. – М., 1962.

Г. К. Әбішева<sup>1</sup>, А. Қ. Тұрышев<sup>2</sup>

### Проблемы ономастики художественного текста

<sup>1,2</sup>Гуманитарно-педагогический факультет,

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,

г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 31.10.19.

G. Abisheva<sup>1</sup>, A. Turyshev<sup>2</sup>

### Problems of onomastics of literary text

<sup>1,2</sup>Faculty of Humanities and Education,

S. Torayghyrov Pavlodar State University,

Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.

Material received on 31.10.19.

*В статье рассмотрена роль в текстовой деятельности собственных имен в художественных произведениях. В последнее десятилетие исследуется наиболее сложный характер поэтической ономастики, динамично развивающейся за последние десятилетия, и ее характер особенно сложный из других сфер. В этом контексте проводится анализ теоретических трудов и дается теоретическая формулировка ученых. Кроме того, систематическое исследование собственных имен в художественных произведениях позволяет раскрыть особенности и характер мысли и жанра произведения автора, анализ литературного онима не только с целью углубления познания природы литературы и языковой науки, но и с наполнением сведений исторического, культурного, этнографического содержания.*

*The article considers the role of proper names in literary works in textual activity. In the last decade the most complex character of poetic onomastics, dynamically developing over the last decades, and its character especially difficult from other spheres is investigated. In this context, the analysis of theoretical works is carried out and the theoretical formulation of scientists is given. In addition, the systematic study of their own names in the works of art allows us to reveal the features and nature of the thought and genre of the author's works, the analysis of the literary onym not only to deepen knowledge of the nature of literature and language science, but also with the historical, cultural, ethnographic content.*

### Б. Әбдуәлиұлы

ф.ғ.д., профессор, Филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 080000, Қазақстан Республикасы

e-mail: bekzhan\_a7@mail.ru

### КӨНЕ ТҰЛҒАЛЫ КІСІ ЕСІМДЕРІНІҢ ТАРИХИ-ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ШЫҒУ УӘЖДЕРІ

*Мақалада көне түркі жазба ескерткіштерінің тілінде сақталған кісі есімдерінің этимологиялық табиғатына талдаулар жүргізілді. Жалқы есімдер, соның ішінде кісі есімдері лексикалық қордағы жалпы есімдерден жасалады да, қызметі жағынан тілдік қолданыстың келесі сатысына көтеріледі, яғни жеке адамдарды атау мүмкіндігіне ие болады. Осыған байланысты антропонимдер мен жалпы есімдердің шығу тегін анықтауда да өзіндік ерекшеліктер тұындайды. Екіншілік атауға өту белгілі бір уәждер арқылы жүзеге асады. Талдаулар барысында сол ерекшеліктерге орай өзіндік тәсіл қолданылады, яғни дыбыстық сәйкестіктер мен морфологиялық құрылымдардың өзгерістері ғана емес, есімдерінің шығу уәждері де назарға алынады. Сонымен қатар көне есімдер мен олардың қазіргі қазақ тіліндегі нұсқаларының арасындағы грамматикалық және лексика-семантикалық байланыстар анықталады. Мақала қазақ есімдерінің тарихи-лингвистикалық негіздерін анықтауға арналған.*

*Кілтті сөздер: Көне түркі, аба, абаму, абық, абыч, азақ, адақ, кісі есімі, антропоним, этимология, шығу уәждері, тұтұқ, адым, аттау, аяқ.*

### КІРІСПЕ

Кез келген тілдің құрамында бастапқы мағынасы көнерген сөздер кездеседі. Соның ішінде дыбыстық тұлғасының көмескіленуіне байланысты кісі есімдеріне айналған кейбір сөздер этимологиясын ашуды қажет етеді. Жалпы есімдерге қарағанда жалқы есімдердің шығу тегін анықтаудың өзіндік ерекшелігі бар, өйткені лексикалық жүйенің бір сатысынан екіншісіне өтеді. Ақпарат жеткізу қызметі мен мағына білдіру қабілеті жағынан, жалпы лексикалық бірлік ретінде өзара ортақтықтары көп болғанмен, жалпы есімдер мен жалқы есімдердің бір-бірінен өзіндік ерекшеліктері болады, яғни

дыбыстық формасы сақталғанмен, мағынасында белгілі дәрежеде өзгерістер орын алады. Бұл шығу уәждерімен тікелей байланысты құбылыстар. Көп жағдайда жалпы есімдердің бәрінің бірдей дыбыстық тұлғасы мен шығу тегінің арасындағы байланысты тап басып айту қиын. Мысалы, *арыстан, батыр, бура, боран, дала* т.б. сөздердің қазіргі мағынасы айқын болғанымен, жыртықш, ұшқыш, тәлімгер, жаушы т.б. қарағанда шығу уәждері белгісіз. Ал антропонимдерге осы тұрғыдан келгенде Алтын, Батыр, Бурабай, Арыстан, Боранбай, Далабай т.б. шығу уәждері белгілі. Себебі аталған есімдердің түпкі мағынасы белгісіз болғанмен, кісі атына айналу себептері анық. Екіншіден, тілімізде қолданылатын *Көбек, Тоған, Адай, Темен* т.б. есімдер бар, жалпы есімдік мағынасы көнергендіктен, антропонимге айналу уәждері де көмескі тартқан. Осындай мәселелерге байланысты кісі есімдерінің этимологиясын зерделеудің екі түрлі себебі айқындалады: біріншісі – шығу уәждерінің көмескіленуіне байланысты, екіншісі – есімге айналған сөздің көнеруіне байланысты. Этимологиялық талдаулардың келесі бір себебі, лексикалық бірліктердің кісі есіміне айналу дәуірінің көнелігіне қарай, шығу уәждері белгілі кісі аттарының да түпкі төркініне үңілу қажеттіліктері туындайды. Мысалы, кейіннен түрлі дыбыстық тұлғаларға ие болған Алтын, Алшын, Алтан, Әлтен есімдерінің түпкі тегінің бір екенін этимологиялық талдаулар ғана ашып бере алады.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Кісі есімдерінің этимологиясын зерттеудегі қиыншылықтардың бірі – адам өзін атап тұрған сөздің (есімінің) мазмұны бола алмайды, басқаша айтсақ зат пен оның атауының арасында мағыналық байланыс барда, есімдерде ондай мүмкіндік өте төмен. Мысалы, өзі атап тұрған зат пен құбылыстың белгілі бір сипатын негізге ала отырып тұлғасы көнерген сөздің мағынасын анықтауға мүмкіндік бар. Ал кісі есімдерінің мағынасы көнеріп кеткен жағдайда, әуелі жалпы есімдік мағынасы қалпына келтіріліп, сол арқылы кісі есіміне айналу уәждері анықталады. Сөздік қордағы лексикалық бірліктердің көпшілігінен кісі есімі жасалады дегенімізбен, арғы дәуірлердегі түркілер мен бергі кезеңдердегі қазақ халқына тән ат қою дәстүрінің шарттарына сәйкес ондай міндетті атқаруға барлығының бірдей қабілеті жете бермейді. Сондықтан, көне тұлғалы есімдердің этимологиялық табиғатына талдаулар жасағанда олардың осындай ерекшеліктері де назарға алына отырып, шығу уәждеріне негіз болуы мүмкін бірнеше мағынасы ұсынылады.

Қолданысымызда сақталып келген кісі есімдері қазіргі заманға жазба деректер арқылы және жалпыхалықтық қолданыс арқылы екі жолмен жетіп отыр. Сақталу ерекшеліктеріне қарай оларды өз ішінде төмендегідей бірнеше топқа бөліп қарауға болады: *жазба мұраларда да, қазіргі тілімізде*

*де сақталған есімдер; жазба мұраларда сақталған, қазіргі тілімізде беймәлім есімдер; қазіргі тілімізде бар, жазба мұраларда жалпы есім түрінде кездесетін есімдер; жазба мұраларда кездеспейтін, қазіргі тілімізде көне тұлғалылар қатарында кездесетін есімдер.* Көне түркі жазба мұраларының қорында сол дәуірлерде қолданылған есімдердің барлығы бірдей қамтылды дегенге кепілдік жоқ, ол мүмкін де емес, өйткені әрқайсысының тақырыбына сай сөздік қоры да шектеулі болатыны белгілі. Қазіргі тілімізде қолданылатын, бірақ жазба мұралар тілінде кездеспейтін көптеген есімдер бар. Қазақ есімдерінің тарихын зерттеген ғалымдардың ғылыми тұжырымдарын негізге ала отырып, мағынасы мен шығу уәждерін зерделегенде көне замандардағы есімдерге тән ерекшеліктерге сәйкес келеді. Оларды көне тұлғалылар қатарына жатқызуға болмайды, сондықтан этимологиялық талдауларға алынған есімдер қатарында жазба деректер арқылы жеткендермен қатар қазақ тілінде сақталған көне тұлғалылар да қарастырылады.

Тарихи тегімізбен тікелей байланыстың тіні болып табылатын кісі есімдерінің көне мағынасы мен шығу уәждерін анықтау қазіргі тіл білімінің алдында тұрған келелі мәселе болып табылады. Сондықтан мақала аясында көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі арқылы жеткен бірнеше кісі есімінің шығу тегі мен лингвистикалық табиғатына талдаулар жасау жоспарланып отыр. Этимологиялық талдаулар жасағанда негізінен Көне түркі сөздігінің материалдары басшылыққа алынды.

**АВА (Аба)** «Көне түркі сөздігінде» аба тұлғасының бірнеше мағынасы беріледі. Соның ішінде М. Қашқари сөздігіне сілтеме жасай отырып, мынандай түрлері көрсетілген: **«АВА I\* ана (шеше). Салыст. ара I** (жасы үлкен туыс, әпке).

**АВА II** [*тиб.* a-pha] әке.

**АВА III** аю.

**aba baši** қиярға ұқсас тікенек сабақты өсімдік, ащыларға қосып тамаққа пайдаланады.

**АВА IV** ата-баба, арғы тек. Аба оулані адам, адам баласы

**АВА V** қарсы болу, жаратпау одағайы (қазіргі «ойбай» мағынасында). Егер кісі есімдерінің шығуына тән дәстүрлі уәждерге сүйенер болсақ, ілгеріде көрсетілген сөздердің ішінде бірінші, екінші, үшінші, төртінші мағыналары есімге айналуына негіз болған. Өсімдік атауынан да кісі есімдері жасалады.

С. Е. Маловтың зерттеулеріне сілтеме жасай отырып, Э. Севортян көне түркі тіліндегі **Ара тарқан** титулының құрамындағы апа сөзін де **абамен** байланыстырады. Қоғамдағы адамның орнын айқындайтын лауазым атауларының көпшілігі жалқы есімдерге айналғаны тарихтан белгілі, демек

\* Лагын әліпбиімен берілген мысалдардың барлығы 1969 жылы жарық көрген «Көне түркі сөздігінен (қара. әдебиеттер тізімі; 1. Древнетюркский словарь.)» алынды.



кісі аты ретінде таңдалуына осы түркілік лауазымның да өзіндік әсері болған секілді. Э. Севортян сонымен қатар, аба сөзінен тарайтын **аба** ~ **апа** ~ **абу** т.б. түркі тілдерінің басым көпшілігіндегі нұсқаларын көрсете отырып, басқа да түрлі тілдерде көптеген параллелдерінің бар екенін айтады: *моңғол* тілінде *аба*, *абу*, *ав*, *аав* 'әке', 'ата' қартайған әкені құрметтеп, еркелету мәнді атау; *корей* тілінде абәни 'әке', абәним 'әке' сөзінің сыпайы түрі т.б. осы секілді мәнде қолданылады [2, 57]. Кей зерттеушілер Абай есімінің шығу тегін «аба» сөзімен байланыстырады: «Біздің пікірімізше, есімнің бастапқы түбірі *аба* сөзі болса керек. Ол тува, татар тілінде – *абызқай*, алтай, хакас тілдерінде – *абака*, якут тілінде – *абага* түрлерінде айтылып, *ага*, *үлкен ага*, *ата*, *қария* мағыналарында жұмсалады. Демек, Абай «үлкен аға, ел ағасы» деген мағына береді», – деп шығу тегіне талдаулар жасайды Т. Жанұзақов [3, 17]. Осы пікірді татар есімдерінің сөздігін құрастырушылар да қолдайды: «Татар тілінде Абай «аға, бауыр; жасы үлкен туыс» деген мағына білдіреді», – деп көрсетеді [4]. Антропонимжасамдық уәж тұрғысынан алғанда Аба түбірінен тарайтын есімдермен бірге осы мағынадағы Әкежан, Әкейман, Атажан, Атабек, Бабажан, Бабалық т.б. арасында сабақтастық бар деген қорытынды жасауға болады. Есімнің мағынасы ақылман, дана, ұйымдастырушы – отбасының ұйытқысы, әулеттің басшысы, жетекші, елдің ағасы т.б. секілденіп келеді.

Аба түбірінен тарайтын есімдерді айтпағанда осы мағынадағы Әкежан, Әкейман, Атажан, Атабек, Бабажан, Бабалық т.б. есімдерді осы негізден тараған деген қорытынды жасауға болады. Есімнің мағынасы ақылман, дана, ұйымдастырушы – отбасының ұйытқысы, әулеттің басшысы, жетекші, елдің ағасы т.б. секілденіп келеді. Мұнан өзге жекелеген жағдайлар мен ат қоюшының жеке арман-мақсатынан туындайтын әрқайсысының өзіне ғана тән қайталанба бермейтін дербес мағыналары болады.

**АБАМУ.** Аба 1. ана. 2. *тиб.* (a-pha) 'әке'. 3. аю. 4. *ар.* арғы ата, баба: *aba jaztı ęrřa bajat qıpatı Babaları jaza басқанда (күнәға батқанда), құдай (оны) жазалады.* Аба сөзі *әке*, *аю*, *баба* мағыналарының негізінде кісі атына айналған. Түбір мен қосымшаның бірігуінен жасалған. **-му** (му) көпше түрдегі тәуелдік жалғауы. Қазір бұл қосымша осы формасында (-му) тұңғысманчжур тобына жататын удегей, ороқ тілдерінде сақталған. Бірінші жақ, көпше түрдегі тәуелдік жалғауының қызметін атқарады. Ал түркі тілдерінде **-muz/-miz** (-муз/-миз), **-mus/-mis** (-мус/-мис) болып қолданылады. Бұл қосымша кісі аттарының құрамында көне замандардан бері қолданылады: *Jiřim* (Йырым), *Qalim* (Қалым) секілді есімдер соның айғағы. Қазіргі тілімізде Абақ, Абаш нұсқалары қолданылады.

**АБАШ:** 1. Жасы үлкен туыс (ер адам), әке жағынан жақын аға. *Қара.* **АВІС** (Абыч). 2. Абылай, Аббас, Абдолда, Абзал т.б. секілді есімдердің

бірінші буынына еркелету, құрметтеу мәнді *-и* (*-аи*, *-еи*, *-ыи*, *-иш*) қосымшаларының жалғануы арқылы жасалған есім. Бастапқыда еркелету, құрметтеу мәнді есім ретінде қолданылып, кейіннен Абаш тұлғасы тұрақты орнығып қалған.

*Абыш* жазба ескерткіштерде сақталған көне тұлғалы есім, алайда құрамындағы *-щ* (*-ищ*, *+йщ*) қосымшасы өзінің еркелету, кішірейту мәнді қызметі мен мағынасын кейінгі дәуірлерде де сақтай отырып, қазақ есімін жасауға қатысып келеді. Көнеден сақталып келе жатқан кісі есімдерінің жасалу заңдылықтарына сәйкес араб, парсы тілінен енген көптеген адам аттарының құрамын өзгертіп, жаңаша тұлғалар қалыптастырды. Нәтижесінде көне түркілік Абаш пен кейінгі кірме есімдердің өзгеру арқылы қалыптасқан дыбыстық тұлға бір-біріне тоғысып, бір есімге айналып кетті. Абыш есімі қазірге дейін сақталған, қазақ тілінде осы есіммен мағыналас сөздерден және *-ыш* қосымшасының жалғануымен жасалған Бабаш, Ақаш (түбірі ақа (аға) туыстық атау) және басқа да түбірлерден жасалған Қалыш, Қаныш, Құлыш т.б. секілді есімдер көп.

**АБЫ:** 1. Көне түркі жазбаларында АБІ (Абы) сөзі жалқы есім ретінде «тығу», «жасыру» мағынасында қолданылады: *ol anı kiřidän abidi* (ол аны кишидән абыды) *Ол оны адамдардан жасыр-ды* [МК]. Кісі есіміне негіз болып отырған мағынасы жасырын, яғни тіл-көзден аман болсын деген тілекпен қойылуы мүмкін. Сонымен қатар, морфологиялық құрылым элементтерінің ақпараттары бойынша төмендегідей этимологиялық болжамдар жасауға болады:

Есімнің түбірі **Аб-** 'ау', 'аң' мағынасын береді: *ęr abqa bargıř* 'ер абақ бармыш' *ер аңға барды* және **-ы** қосымшасы. Түбір (Аб-) мен қосымшаның (-ы) бірігуінен туған есімнің (Аб+ы) мағынасы «аңға шығушы» немесе «аңшы» болуы мүмкін. **-ы** қосымшасының көне түркілік нұсқасы мен мағынасы: 1. **-i** (-ы) (*нұсқалары: -i* (-и), **u** (-у), **ü** (-ү) 3-жақ тәуелдік жалғауының қосымшасы;

2. **-i** (-ы) тұлғасының бір мағынасы етістік тудыршы **+a-(+ä)** қосымшасына сәйкес келеді, яғни өзі жалғанған сөзге қимыл әрекет мағынасын береді: *sıřta* (сығта) *ет. жыла* (*sıřit* 'сығыт' *зат. жылау*); *küřä-* (күчә) күштеу, зорлау (*küř* 'күш').

Кісі атының жасалуына тән заңдылықтар бойынша алғанда *Абы* есімі екінші қосымшаның негізінде қалыптасқан. Түбір (Аб-) мен қосымшаның (-ы) бірігуінен туған есім (Аб+ы), мағынасы «аңға шығушы» немесе «аңшы» болуы мүмкін. Қазіргі тілімізде *тасы*, *жасы*, *қасы*, *бекі*, *шоқы* т.б. сөздердің түбіріне кірігіп, етістік тұлғаның құрылымдық бөлшегі ретінде қызмет етіп келеді. Тілімізде сақталып келген Аңшы, Аңшыбай т.б. мағыналас есім.

**АБЫҚ:** Аб және -ық қосымшасының бірігуінен жасалған есім. Кісі аттарының жасалу заңдылықтары бойынша есімнің түбірі Аба болуға тиіс, қос дауысты (Аба+ық) қатар келгендіктен, біріншісінің түсіп қалуынан Абық тұлғасы қалыптасқан. Есім Аба сөзімен мағыналас, еркелету, құрметту мәнінде жасалған. Есі құрамындағы қосымшаның тарихи негізі төмендегідей:

I. -q (-к) нұсқалары: -k (к); -ïq (-ық), -ik (-ик); -uq (-уқ), ùk (үк); -aq (-ақ), -äk (-әк) зат. сын.: buziq (бузук) сынық, бұзық, бөлшек (buz– ‘бұз’, ‘сындыр’); qiliq (қылық) қылық, мінез (qil ‘қыл’, ‘істе’).

Қосымша бір нәрсенің бөлшегі, яғни кішкене бөлігі деген мағына береді. Сондықтан, етістіктен сын есім немесе етістіктен зат есім тудыру қызметіне қосымша, кішірейту мәнін де беретіні байқалады.

II. -q (-к) нұсқалары: -k (к); -ïq (-ық), -ik (-ик); -uq (-уқ), ùk (үк); -aq (-ақ) жекелеген жағдайда кішірейту, еркелету мәнін білдіреді: ögük (өгүк) сүйіктім; анашым (ög ‘ана’). Бұл форманы осы мағынадағы -aq (-ақ), -äk (-әк) қосымшасымен салыстыруға болады: jolaq (йолақ) соқпақ (jol ‘жол’); julaq (йулақ) бұлақ (jul ‘бастау’). Кішірейту және көптікті немесе үлкендікті білдіретін қосымшалар қолданыла келе тілде еркелету, құрметтеу мәнді есімдердің жасалуына негіз болған. Осы тұрғыдан алғанда Абық өз заманында Аб тұлғасынан тарайтын есімдердің кез келген біреуі арқылы жасалғаны байқалады.

**АБЫЧ:** Аба және -ыч қосымшасының бірігуінен жасалған есім. Көне түркі тіліндегі Аба сөзінің бір мағынасы «әке, ата» болса, осы қызметінен келіп туындайтын қатынас кезіндегі сыйлау, құрметтеуге байланысты жаңаша мағынаға ие болған. Кісі аттарының жасалу заңдылықтары бойынша көне түркілік Абыч (Абыш) есімнің түбірі – Аба, қос дауысты (Аба+ыч) қатар келгендіктен, біріншісінің түсіп қалуынан Абыч тұлғасы қалыптасқан. Есім Аба сөзімен мағыналас, еркелету, құрметту мәнінде жасалған.

Көне түркілік -ч (қазіргіше -ш, -ыш, -іш) жұрнағының граммтикалық мағынасы: 1. -ç (-ч) зат есім тудырушы жұрнақ: qilïnc (қылынч) іс, қадам т.б. (qilïn ‘қылыну’, ‘істелу’).

I -ç (-ч) нұсқалары: -uç (-уч), +üç (-үч) еркелету, кішірейту мәнді қосымша, әдетте мұнан кейін бірінші жақтағы тәуелдік жалғауы жалғанады: атаçim (атачым) әкешім (ata ‘әке’), ögüçim (өгүчүм) анашым (ög ‘ана’). Абыш есімі қазірге дейін сақталған, қазақ тілінде осы есіммен мағыналас сөздерден жасалған Бабаш, Абаш, Абыш, Абай, Абатай т.б. секілді есімдер бар. -ыш қосымшасының жалғануы арқылы Ақаш (түбірі ақа, яғни аға), Қалыш, Қаныш, Құлыш т.б. есімдер көп кездеседі.

**АЗАҚ:** AZAQ III жалқы е. Түбір мен қосымшаның бірігуінен жасалған: Аз+ақ. -q (-к) нұсқалары: -k (к); -ïq (-ық), -ik (-ик); -uq (-уқ), ùk (үк); -aq (-ақ) кішірейту, еркелету, құрметтеу мәнін білдіреді (қараңыз: Абық).

Оғыз билеушісінің есімі [КТС]. «Азақ» сөзі көне түркі тілінде бірнеше мағынада қолданылған. AZAQ I 1. адасушы, жолынан жаңылып қалған адам: azaq jat baz ersä ajıtyu keräk *Егер [бұл] бір адасқан жатжерлік болса, оны сұрастыру керек (QBN189)* [КТС]. Қазіргі тілімізде жолынан жаңылу мағынасында қолданылатын «азу, азғындаудың» түбірімен байланысты сөз екені байқалады, алайда мағыналық ерекшелігі жағынан кісі есіміне айналу мүмкіндігі аз. Бірнеше түбірлес сөздердің ішінде AZAQ, яғни аяқ мағынасы кісі атына айналуына себепші болған деген болжам жасауға болады. Көне түркі тайпаларында адамның дене мүшесін (аяқты) білдіретін сөз аяқ, азақ, адақ тұлғаларында қолданылған. Бұл сөздердің түбірлерінен адым, аттау, аяқтау немесе адаққы ‘соңғы’, адақтау ‘бітіру’, адақтау ‘алға ұмтылу, озу’, адақтау ‘аралау’, адақ арба ‘жас баланы жүруге үйрету үшін жасалған арба’ т.б. секілді сөздер жасалған.

Азақпен дыбыстық жағынан өзгешелігі болмаса, мағынасы ортақ есім – Адақ. Қазіргі қазақ тілінде кісі есімдерінің құрамында қолданыста бар. Ал көне түркі жазбаларында «**ADAQ II: адақ tutuq геогр.** Елдімекен атауы ретінде кездеседі (?) (USp 62<sub>9</sub>)». Тұтұқ көне түркі тілінде лауазым атауы ретінде беріледі: TUTUQ II [қыт. дуду, to-tog] тұтұқ, яғни атақ (аймақтың әскери басшысы) және лауазым (жалқы е. компоненті): çik bodunqa tutuq bertim чик халқына тұтық (басшы) бердім (МЧ Ю<sub>2</sub>) [КТ]. Елдімекен атауының құрамындағы тұтық лауазымы оның антропопоним екенін, яғни ол жерге кісі есімі берілгенін көрсетеді, демек көне түркі тілінде де Адақ кісі есім ретінде қолданылған. Кісі есіміне айналу уәждері көне тілдегі мынандай мағыналарынан көрінеді: ADAQ I 1. аяқ (адам мен жануардың): адақ bertı iki jogıu üçün екі аяқ берді [Құдай] жүру үшін. 2. аяқ, тұғыр, тірек (заттың): bu kürsi üzälä öz olturtuqı adaqı üç ol kör Көр, мен отырған орындықта үш аяқ бар (QBN 43<sub>14</sub>); 3. Аяқ жақ, төменгі бөлік, негіз: [a]daqıda bir qaqa qojunnı baıladı [ағаштың діңінің] төменгі жағына қара қойды байлады (ЛОК 41<sub>6</sub>); 4. Етегі, төменгі жағы: muzdaj tegän taınuıq adaqıqa keldi [ол] Мұздай деген таудың етегіне келді (ЛОК 15<sub>9</sub>); 5. саға (өзеннің): ol suvuıq adaqı sol өзеннің сағасы (Man III 37<sub>2</sub>). Э. Севортянда түрлі мағына беретін аяқ (адақ), адым, аттау секілді сөздерді бір түбірден деп қарайды. Якут тілінде – атах, эзербайжан тілінде – адақ түрінде дыбысталады. Мұнда «адымдау сәбидің алғашқы қадамы» деген мағына бар [2, 88]. Қашқари еңбегіне сүйені отырып Ғ. Мұсабаев монғол тілінде «адақ» тұлғасында кездесетінін айтады [5, 15].

Адақ – адым – аттау – аяқ сөздерінің шығу тегі бір деп санасақ д-т-й дыбыстарының сәйкестігін байқаймыз. Аяқтан етістігі жөнінде «Аяқтан ет. I жаңа туған төлдің, аң баласының ең алғашқы тұрып жүруі» – деп беріледі [6, 15]. Бұған «алға» сөзінің бірінші ал- түбірін қосуға болады. Севортянның көрсетуіндегі «А:дым, а:т» пен осы (ал-) екеуінің арасында

байланыс бар секілді. Түрлі сөз тұлғалардың жасалуына негіз болған «ал» түбірінен тарайтын кісі есімдерінің шығу уәждерін зерделегенде «алға» және «алу, бағындыру» секілді екі мағынаны аңғарамыз. Сөз таптары тұрғысынан алғанда *алға* – бағыт мәнді (барыс тұлғалы зат есім) сөз де, алу – етістік, алайда бұл қазіргі сипаты. Ал қисынға салып қарағанда біріншісінде де қимыл мәнді ақпарат бар, демек екеуінің арасында мағыналық байланыс бар. Кісі есімдеріне негіз болған сонымен қатар «алдыңғы, алғашқы» мағынасындағы үстеу тұлғалы сөздер бар. Үшеуі де антропонимжасамдық уәж шарттарына сәйкес келеді. С. Сейфуллин Көкшетау поэмасында «Қалың қолды адақтағаны үшін осылай атанды» деген пікір айтады. Батыр есімі туралы *адақтау* сөзін бұл жерде «қолды бастау» деп түсінсек түпкі мағынасы бір жерден шығады, демек Азақ пен Адақ есімдерінің арасында тарихи байланыс бар.

Аталған сөздердің мағыналық дамуынан кісі аттарына байланысты мынандай мақсат-тілектер байқалады: 1. *Өмірге жаңа қадам басқан сәби, перзент*. Бұл орайда, Азақ есімі Балақай, Балдырған, Балауса т.б. мағыналас болып келеді; 2. *Болашақта ілгерішіл, жасампаз, жалынды болсын деген арман*. Бұл мағынасында, Дауыл, Асқанбек, т.б. есімдермен мағыналас. 3. *Осы сәби үйдің кенжесі болсын, осыдан кейін тоқталсын деген тілек*. Кенже, Тоқталы, Соңғыбай т.б. есімдермен мағыналас болып келеді.

Азақ, Адақ есімдерімен қатар зерттеу барысында анықталған түбірлес есімдердің келесі бірі – Адақ, Адыман, Адыбек (Азақ *көне*), Алғадай, Алғай, Алғыр, Алданбер, Алдыоңғар.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Мақалада қазақ есімдерінің құрамындағы көне элементтерге дыбыстық формасы және лексика-семантикалық сабақтасық бойынша екі жақты талдаулар жасалды. Ат таңдауда ойға алынатын ұғым-түсініктер дами береді, алайда әуелгі негізбен сабақтасық ұзақ уақыттар бойы сақталатынына көз жеткізілді, ал дыбыстық формалар түрліше өзгеріп, бір-бірінен мүлде алшақтап кетеді екен. Этимологиялық талдаулар арқылы қазір мағынасы көмескі, дыбыстық тұлғалары әртүрлі есімдердің бір негізден тарағаны анықталып отыр. Бұл қазақ есімдерінің даму тарихындағы заңды құбылыс болып табылады, этимологиялық талдаулар барысында осы заңдылықтардың сырлары ашылды. Әрбір ерекшелікпен бірге сөзжасамның аясынан өрбитін қазақ антропонимжасамының өзіндік болмысы айқындала түсіп отыр. Өз кезегінде ол тіл біліміндегі осы аталған жаңа бағыттың қарқын алуына мүмкіндік береді.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Древнетюркский словарь. – Ленинград : «Наука», 1969. – 677 с.

2 **Севортян, Э. В.** Этимологический словарь тюркских языков. – Москва : Наука, 1974. – 778 с.

3 **Жанұзақ, Т.** Есімдер сыры. – Алматы : «Парасат» журналы. 2004. – 208 б.

4 <http://tatarimena.ru/abayj.html>

5 **Мұсабаев, Ғ.** Қазақ тілі тарихынан. – Алматы : Мектеп, 1988 – 136 б.

6 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2 том. – Алматы : 1974. – 623 б.

Материал 31.10.19 баспаға түсті.

*Б. Абдуалиулы*

**Историко-этимологические основы и мотивы возникновения древних антропонимов**

Филологический факультет,

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,

г. Нур-Султан, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 31.10.19.

*В. Abdualiuly*

**Historical and etymological foundations and motives for the emergence of ancient anthroponyms**

Faculty of Philology,

L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 31.10.19.

*Основная часть антропонимов с лексического фонда древнетюркского письменного памятника до сих пор сохраняются в современном казахском языке. Не удивительно что, среди них встречаются собственные имена, сохранившие свою историческую основу, а также подверженные определенным звуковым и семантическим изменениям. В данной статье осуществляется этимологический разбор имен, более того определяется связь между древними и современными вариантами антропонимов казахского языка. В ходе ознакомления с морфонологической и семантической характеристикой антропонимов в казахском языке выдвигается научная гипотеза о том что, внешний характер некоторых имен подвержен значительным изменениям в ходе исторического развития, а также о происхождении от одной основы.*

*Основной целью написания данной статьи является определение роли казахских антропонимов в истории тюркского языка, путем анализа изменения в морфологической структуре и звуковом составе имен людей в языке древнетюркских письменных памятниках.*

*The article presents the linguistic analysis of etymology of the names of people preserved in the language of the ancient Turkic written inscriptions. Personal names (the names of people) are formed from common lexical fund names according to the functional feature of languages by moving into another stage of language usage. Therefore, the definition of anthroponyms and common nouns is unique. On the base of the linguistic analysis, there is a specific approach to these language specifications, especially in the origin of personal names. The grammatical and lexical-semantic relationships between ancient names and modern Kazakh versions are also different and require analysis and research.*

SRSTI 17.07.29

**A. O. Abaganova<sup>1</sup>, S. B. Kuluspaeva<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan;

<sup>2</sup>L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan

e-mail: <sup>1</sup>abaganova.a@list.ru; <sup>2</sup>salima.kuluspayeva@gmail.com

### **«THE WORD ABOUT IGOR'S REGIMENT» AS AN EXAMPLE OF ANCIENT RUSSIAN ELOQUENCE**

*In this article, the author examines the peculiarities of the historical literary monument of Kievan Rus «The Word about Igor's Regiment», taking into account the opinions of historians and critics of literature. The author analyzes the originality of the work, the system of images and genre connections of the work with folk poetry. He reveals in his study that this monument of folk poetry combines two folklore genres, which are indivisible and very harmoniously intertwined within the text.*

*Keywords: «Word about Igor's regiment», style, image system, folk poetry.*

#### INTRODUCTION

The Word about Igor's Regiment is one of the monuments of medieval Russian literature of the late 12th century, written by an unknown author who created this unique work in a lyric-epic genre. There are thousands of works that refer to this work, which indicates the great and endless interest of researchers to it.

This work caused a lot of controversy after its discovery, including the authorship of the work, the exact date of writing, genre affiliation and other questions. Researchers suggested many writers as an author: the Galician scribe Timofey; Mitus, the son of the thousands Raguil, Kochkar, Svyatoslav of Kiev, Kiev tysyatskogo Peter Borislavich and Prince Igor himself, also, that was written at the end of the XVIII century. Joel Bykovsky [1], [2], [3].

But doubts are inherent in all researchers and in different periods of time, so scientists still doubt the authorship and authenticity of many works of Russian and foreign literature known to us, for example: M. Sholokhov. Silent Don, W. Shakespeare and other authors.

There is also a lot of controversy and major research on this issue about the exact date of writing the work, because Originally, the manuscript of the work was discovered in the Savior Transfiguration Monastery (Yaroslavl) by Count



A. I. Musin-Pushkin and entered into his manuscript collection of the XVI–XVII centuries. But in the fire of 1812 only a copy of the text made in the 18th century for Catherine II was burned down.

#### MAIN PART

As for the genre affiliation of the work, the following can be noted: the researchers ambiguously defined this work and attributed it to a song, poem, epic, or oratorical speech or military story. Researcher N. M. Karamzin, attributed this work to a passage of the poem, V. G. Belinsky to the genre of the heroic poem, F. I. Buslaev considered it a historical poem with elements of ancient mythology, and M. A. Maksimovich called the song, S. P. Shevyrev emphasized that this work is a narration, «the transition from song to story». Such a researcher as A. I. Nikiforov regards the work as an epic, and the researcher I. P. Eremin – as a «work of oratory», as a «monument of secular epidemic eloquence of Kievan Rus» [4].

N. D. Tseretelev in his works expressed the idea that the style «The Word of Igor's Regiment» is close to the style of heroic tales and is written in common language, as there are constant epithets in it that are characteristic only of works of folklore. The author of «The History of the Russian People» N. A. Field defined this work as «the oldest monument of poetry,» which combines the features of folk poetry and epic works [5]. Su F. Miller relates this book to the book, pointing to its beginning, in the author's address to the readers, in the recollection of the antiquity singer Boyana, the flowery style, in the author's dedication in the relationship of princes, the edifying character of the monument, alien to folklore works, since his opinion, «morality in all forms, in the lives, in parables, in the sayings – is a characteristic feature of book literature» [6].

D. S. Likhachev wrote: «The difficult and responsible question is the question of the relationship between the system of literary genres of ancient Russia and the system of genres of folklore. Without a number of large preliminary studies, this question not only cannot be resolved, but even more or less correctly posed [6].

In our study, we will consider the «Word of Igor's Regiment» as one of the works of Old Russian eloquence, we will try to analyze the originality of the work, the system of images and, above all, its genre connections with folk poetry.

The connection with the works of oral folk poetry can be traced in the combination of two folklore genres, which are most often mentioned in it, these are laments and song praises – glory:

И трубила славу Ярославу.  
Пела древний киевский престол,  
Поединок славила старинный,  
Где Мстислав Редедю заколол

Перед всей косоожскою дружиной,  
И Роману Красному хвалу  
Пела лебедь, падая во мглу [7].

The work constantly contains words: glory, praise, glorify, glorious (s), praise, praise, magnify others. The word glory is found in the work 7 times, each time in the work of glorification appears when the author wants to emotionally support the characters, give a positive assessment and show their attitude to one or another hero of the work:

Не пора ль нам, братия, начать  
О походе Игоревом слово,  
Чтоб старинной речью рассказать  
Про деянья князя удалого?  
А воспеть нам, братия, его –  
В похвалу трудам его и ранам [7].

The work begins with the glorification of Prince Igor, about which Boyan sings to us in this work:

Если б ты, взлетев под облака,  
Нашу славу с дедовскою славой  
Сочетал на долгие века,  
Чтоб прославить сына Святослава [7].

Glory to the heroes permeated the entire work, even where there is no obvious use of the word glory, Germans and Venetians, Greeks and Moravs sing it to Svyatoslav. Glory rings in Kiev, the girls sing on the Danube.

Венецейцы, греки и морава  
Что ни день о русичах поют,  
Величают князя Святослава,  
Игоря отважного клянут [7]

Separate passages are heard in the work where the author speaks of Boyana, and where he composes an exemplary song in honor of Igor's campaign, as well as at the end of the work, where he praises the princes and the retinue. Words of glory are heard in the author's addresses to the Russian princes, in Igor's dialogue with Donets, praising the river and its powers:

– О, река! – ответил князь. – Немало  
И тебе величья! В час ночной  
Ты на волнах Игоря качала,  
Берег свой серебряный устлала [7].

Also with fame, glorification ends this work, the author says that he sang a song to the old princes and should also glorify the young:

Но восходит солнце в небеси –  
Игорь-князь явился на Руси.



Слава князю Игорю,  
 Буй-тур Всеволоду,  
 Владимиру Игоревичу!  
 Слава всем, кто, не жалея сил,  
 За христиан полки поганых бил!  
 Здрав будь, князь, и вся дружина здрава!  
 Слава князям и дружине слава! [7]

And only in one place in the work the word glory is used in the tragic description that turns into weeping for the deceased Rostislav, which is very interesting, since it speaks about the folklore peculiarities of this work, about interweaving of two genres:

А не всем рекам такая слава.  
 Вот Стугна, худой имея нрав,  
 Разлилась близ устья величаво,  
 Все ручьи соседние пожрав,  
 И закрыла Днепр от Ростислава,  
 И погиб в пучине Ростислав.  
 Плачет мать над темною рекою,  
 Кличет сына-юношу во мгле,  
 И цветы поникли, и с тоскою  
 Приклонилось дерево к земле [7].

Also, this work is very close to the people's laments, which are found in the annals of the XII–XIII centuries. The word crying is found in the work 2 times, it is in the cry of Yaroslavna, which can be evaluated as a lyrical digression of the author, since it stands, as it were, separately from the whole work, and there is an appeal to the wind, to the river, to the sun, like pagan gods, which also speaks of the work's folklore:

Над широким берегом Дуная,  
 Над великой Галицкой землей  
 Плачет, из Путивля долетая,  
 Голос Ярославны молодой:  
 – Обернусь я, бедная, кукушкой,  
 По Дунаю-речке полечу  
 И рукав с бобровою опушкой,  
 Наклонясь, в Каяле омочу.  
 Улетят, развеются туманы,  
 Приоткроет очи Игорь-князь,  
 И утру кровавые я раны,  
 Над могучим телом наклонясь [7].

And the second time crying occurs in the work, when it is said about Rostislav's death:

Плачет мать над темною рекою,  
 Кличет сына-юношу во мгле,  
 И цветы поникли, и с тоскою  
 Приклонилось дерево к земле [7].

There is also a lyrical digression, like the crying of Russian wives for Igor's soldiers, which refers to crying, but also stands apart from the work, even the rhythm has changed:

Не воскреснуть Игоря дружине,  
 Не подняться после грозной сечи!  
 И явилась Карна и в кручине  
 Смертный вопль исторгла, и далече  
 Заметалась Желя по дорогам,  
 Потрясая искрометным рогом.  
 И от края, братья, и до края  
 Пали жены русские, рыдая:  
 – Уж не видеть милых лад нам боле!  
 Кто разбудит их на ратном поле?  
 Их теперь нам мыслию не смыслить,  
 Их теперь нам думою не сдумать,  
 И не жить нам в тереме богатом,  
 Не звенеть нам серебром да золотом! [7]

The word grief is encountered 5 times in the work, and each time conveys the author's feelings, his pain and sadness, and Igor's army is sad about the past power. The author uses the words disaster, fear, pain, sadness, and others:

И повсюду бедствие и горе.  
 Далеко ты, сокол наш могучий,  
 Птиц бия, ушел на сине-море!  
 В Киеве далеком, на горах,  
 Смутный сон приснился Святославу,  
 И объял его великий страх,  
 И собрал бояр он по уставу.  
 – С вечера до нынешнего дня, –  
 Молвил князь, поникнув головою, –  
 На кровати тисовой меня  
 Покрывали черной пеленою.  
 Черпали мне синее вино,  
 Горькое отравленное зелье,  
 Сыпали жемчуг на полотно

Из колчанов *вражьего* изделия.  
 Златоверхий терем мой стоял  
 Без конька и, *предвещая горе*,  
*Серый ворон* в Плесенске кричал  
 И летел, шумя, на сине-море. [7]

### CONCLUSION

Considering these genres in the work, it is safe to say that this monument of folk poetry combines two folklore genres that are not separable and very harmoniously intertwined within the text.

Exploring this work, you can also see that it is very difficult to talk about one main character, there are a lot of images, secondary characters. Each small part of the work has its main character, to which the author gives a small description. Thus, in the work one can single out the following largest figures: Igor, Svyatoslav, Yaroslavna. In addition to them, there are images of the princes of the past in historical retreats. And also a lot of images of nature and pagan gods.

Thus, at the beginning of the work, Igor is depicted as a great warrior, courageous and brave man, as the embodiment of princely valor. In the campaign, he acts with exceptional courage, is filled with «martial spirit», military honor, the desire to «drink with the shelter of Don the Great.» This is a noble, courageous man, ready to give his life for his native land.

И прославим *Игоря*, который,  
 Напрягая *разум*, *полный сил*,  
*Мужество* избрал себе опорой,  
*Ратным духом* сердце поострил  
 И повел полки родного края,  
 Половецким землям угрожая [7].

But further, in the work, the author's sympathy change to the hero, whose desire for fame has been eclipsed by reason, can be seen, and therefore, there is almost no description of the battle, because no heroism can justify a prince who does not think about the fate of his native land. Vanity, the lack of a clear idea of the need for unity and joint struggle of all princes against the enemy, the desire for personal glory led Igor to defeat.

*Вспала князю* эта мысль на ум –  
 Искусить неведомого края,  
 И сказал он, полон ратных дум,  
 Знаменьем небес *пренебрегая*:  
 – Копие хочу я преломить  
 В половецком поле незнакомом,

С вами, братья, *голову сложить*  
*Либо Дону зачерпнуть шеломом!* [7]

The author draws the image of Igor with the help of comparisons, characteristics of other characters of the work.

С вечера до самого утра  
 Бьется войско *князя удалого*  
 Если б ты Траяновой тропой  
 Среди полей помчался и курганов, –  
 Так бы ныне был воспет тобой  
*Игорь-князь, могучий внук Траянов*:  
 Но восходит солнце в небеси –  
 Игорь-князь явился на Руси [7].

Further, the author praises him because he came to Svyatoslav, that is, realized the need for unity.

Svyatoslav the author in the work portrays as an ideal hero. He is opposed to the princes Igor and Vsevolod.

Игорь-князь и Всеволод отважный –  
 Святослава храбрые сыны –  
 Вот ведь кто с дружиною бесстрашной  
 Разбудил поганых для войны!  
 А давно ли *мощною рукою*  
 За обиды наши *покарав*,  
 Это зло *великою грозю*  
*Усыпил отец их Святослав!*  
 Был он *грозен* в Киеве с врагами  
 И поганых ратей *не щадил* –  
*Устрашил* их сильными полками,  
*Порубил* булатными мечами  
*И на Степь ногою наступил*.  
*Потоптал* холмы он и яруги,  
*Возмутил* течение быстрых рек,  
*Иссушил* болотные округи,  
 Степь до лукоморья *пересек* [7].

His image in the work is described as a powerful prince-military leader, who won the Polovtsy thanks to unity. He is also characterized by his speech: wise, judicious statements, even prophetic. He scolds his sons, but that they were stupid and just wanted to get gold and glory, unleashing a war in which there was no need. Condemns the brothers for the pursuit of personal glory. He grieves for the defeated Igor and Vsevolod, and reproaches the Russian princes for the fact that they are «unable to help» in the rule of Russia, the preservation of its unity and power:

И тогда великий Святослав  
 Изронил свое золотое слово,  
 Со слезами смешано, сказав:  
 – О сыны, не ждал я зла такого!  
 Загубили юность вы свою,  
 На врага не во-время напали,  
 Не с великой честью в бою  
 Вражью кровь на землю проливали.  
 Ваше сердце в кованой броне  
 Закалилось в буйстве самочинном.  
 Что ж вы, дети, натворили мне  
 Также он видит пророческий сон о гибели войска Игоря:  
 В Киеве далеком, на горах,  
 Смутный сон приснился Святославу,  
 И объял его великий страх,  
 И собрал бояр он по уставу.  
 – С вечера до нынешнего дня, –  
 Молвил князь, поникнув головою, –  
 На кровати тисовой меня  
 Покрывали черной пеленою.  
 Черпали мне синее вино,  
 Горькое отравленное зелье,  
 Сыпали жемчуг на полотно  
 Из колчанов вражьего изделия.  
 Златоверхий терем мой стоял  
 Без конька и, предвещая горе,  
 Серый ворон в Плесенске кричал  
 И летел, шумя, на сине-море [7].

Vsevolod Svyatoslavich is shown by the author in battle, this is the only hero resembling a warrior. His description is saturated with hyperbole, his self-oblivion is shown, with which he chops the enemy. It embodies the best features of a warrior.

Yaroslavna is the only lyrical image of a Russian woman in her work. This is the faithful and devoted friend of her husband, ardently loving her husband. Crying Yaroslavna is a symbol of the rejection of war by the author. By the power of her love, she helps Igor to return from his captivity by crying with a spell and turning to the Sun, Wind, Dnieper.

– Днепр мой славный! Каменные горы  
 В землях половецких ты пробил,  
 Святослава в дальние просторы  
 До полков Кобяковых носил.

*Возледей же князя, господине,  
 Сохрани на дальней стороне,  
 Чтоб забыла слезы я отныне,  
 Чтобы жив вернулся он ко мне!* [7]

In her grief that Igor was amazed and captivated, the grief of all Russian wives and mothers is visible. Yaroslavna is depicted as a symbol of peaceful Russian people, unlike the historically described princes. The power of her love, which helps Igor escape from captivity, is the strength of all Russian women.

Also in the work there is an image of the Russian land. Talking about the unsuccessful campaign on the Polovtsy, the author covers the events of Russian life for a half century. Huge geographical spaces were introduced into the author's story: Polovtsian steppe, Don, Black and Azov seas, Volga, Ros, Dnieper, Danube, Western Dvina; the cities of Korsun, Kiev, Polotsk, Chernigov, Kursk, Pereyaslavl, etc. The landscape also conveys the feeling of vast expanses.

Also, we noticed that the author of The Lay of Igor, often in addition to simply describing the images of the main characters of the work, uses comparison, for example, when depicting the main character Igor, with images of the animal world: ermine, squirrel, gogol, falcon, wolf:

*В горностаю-белку обратясь,  
 К тростникам помчался Игорь-князь,  
 И поплыл, как гоголь по волне,  
 Полетел, как ветер, на коне.  
 Конь упал, и князь с коня долой,  
 Серым волком скачет он домой.  
 Словно сокол, вьется в облака,  
 Увидав Донец издалека.  
 Без дорог летит и без путей,  
 Бьет к обеду уток-лебедей.  
 Там, где Игорь соколом летит,  
 Там Овлур, как серый волк, бежит,* [7]

Having considered the work, it can be noted that the author often appeals to the images of Russian nature: wind, sun, thunderclouds, lightning, fog, bird cries, all this is very similar to the folklore landscape. Such a device as the personification of the forces of nature throughout the entire work also indicates a connection with oral folk art.

*Солнце тьмою путь ему закрыло,  
 Ночь грозой птиц перебудила* [7].

The author of the work conveys the inner state of the heroes, nature, using folklore techniques, through the expression of his idea, political views. This is the exclusiveness of the monument: it shows historical events that reflect the

people's point of view, and this was done with the help of poetics inherent in oral folk art.

Summing up we can say that this work can be attributed to Russian eloquence – solemn eloquence. Since there is a fairly clear structure here: the introduction, the main part – the narration, the conclusion. There is a rhythmic pattern of speech. And also discusses issues of broad political grip. The genre seems not a song, although there are echoes of the story, the text of the work is very closely connected with the works of oral folk art, as there are comparisons of characters with animals, their characteristics are given, the author uses hyperbole, repetitions, epithets.

## REFERENCES

- 1 **Чивилихин, В. А.** Память; роман/эссе. – Москва : Художественная литература, 1984. – 573 с.
- 2 **Зимин, А. А.** Когда было написано «Слово»? – Москва, 1967. – 103 с.
- 3 **Зализняк, А. А.** Слово о полку Игореве: взгляд лингвиста. – Л., 2007. – 122 с.
- 4 **Булахов, М. Г.** «Слово о полку Игореве» в литературе, искусстве, науке: Краткий энцикл. словарь/М. Г. Булахов; Под ред. Л. А. Дмитриева. – Минск : Университетское, 1989. – 247 с.
- 5 **Василенко, В. М.** Народное искусство. Избранная литература о народном творчестве. Текст. / В. М. Василенко. – М. : Наука, 1974. – 372 с.
- 6 **Лихачев, Д. С.** О словаре-комментарии «Слова о полку Игореве» Текст. // ТОДРЛ. Т. 16. – М. ; Л. : Изд-во АН СССР, 1960. – С. 424–441.
- 7 **Заболоцкий, Н. А.** Слово о полку Игореве // Слово о полку Игореве / АН СССР; Под ред. В. П. Адриановой-Перетц. – М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1950. – С. 200–226. <http://feb-web.ru/feb/slovo/texts/a50/a50-200-.htm>
- 8 **Адрианова-Перетц, В. П.** Слово о полку Игореве и памятники русской литературы XI–XIII вв. – Л., 1968. – 201 с.
- 7 **Лихачев, Д. С.** Слово о полку Игореве и культура. – М., 2008. – 219 с.
- 8 **Демкова, Н. С.** К вопросу о времени написания «Слова о полку Игореве». – Вестн. ЛГУ, 1973, № 14. Ист., яз., лит. – вып. 3, – С. 72–77
- 9 **Алексеев, М. П.** К «Сну Святослава» в «Слове о полку Игореве» // Слово о полку Игореве: Сб. исслед. и ст. / Под ред. В. П. Адриановой-Перетц. – М.; Л., 1950. – С. 226–248.
- 10 **Лихачев, Д. С.** Своеобразие древнерусской литературы. В кн.: Лихачева В. Д., Лихачев Д. С. Художественное наследие Древней Руси и современность. – Л., 1971. – 250 с.
- 11 **Лихачев, Д. С.** Поэтика древнерусской литературы. 2-е изд. – Л., 1971. – 308 с.

- 12 **Лихачев, Д. С.** Развитие русской литературы X–XVII веков. – Л., 1973. – гл. 3. – 420 с.
  - 13 **Адрианова-Перетц, В. П.** Человек в учительной литературе Древней Руси. ТОДРЛ. – Л., 1972. – т. XXVII. – 750 с.
  - 14 **Бурсов, Б. И.** О национальном своеобразии и мировом значении русской классической литературы. (Статья первая). – Русская литература, 1958, № 1. – С. 28.
  - 15 **Воинские повести Древней Руси** /Под ред. В. П. Адриановой-Перетц. – М.; Л., 1949. – 298 с.
  - 16 **Орлов, А. С.** Об особенностях формы русских воинских повестей (кончая XVII в.). – М., 1902. – 75 с.
  - 17 **Творогов, О. В.** Задачи изучения устойчивых литературных формул Древней Руси // Труды Отд. древнерусской литературы. – Т. 20. – М. ; Л., 1964. – 120 с.
- <http://www.opentextnn.ru/man/?id=711>

Material received on 31.10.19.

*А. О. Абаганова<sup>1</sup>, С. Б. Кулуснаева<sup>2</sup>*

**«Игоревтың құрамының сөзі» барлық ресей казакстандығына мысал**

<sup>1,2</sup>Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы.  
Материал 31.10.19 баспаға түсті.

*А. О. Абаганова<sup>1</sup>, С. Б. Кулуснаева<sup>2</sup>*

**«Слово о полку Игореве» как пример древнерусского красноречия**

<sup>1,2</sup>Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева  
г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан.  
Материал поступил в редакцию 31.10.19.

*Бұл мақалада автор тарих пен әдебиеттану сыншыларының пікірін ескере отырып, Киев орыс әдебиетінің «Игорь посты туралы сөз» тарихи-әдеби ескерткіштерінің ерекшеліктерін зерттейді. Автор өз мақаласында шығарманың ерекшелігін, суреттер жүйесін және, ең алдымен, халық поэзиясымен жанрлық байланыстарды талдады. Зерттеу барысында ол халық поэзиясының ескерткішінде екі фольклорлық жанр біріктіріліп, олардың өзара үйлесім тапқанын көрсетті.*

*В данной статье автор рассматривает особенности исторического литературного памятника Киевской Руси «Слово о полку Игореве» с учетом мнения историков и критиков литературоведения. Автор проанализировал своеобразность произведения, систему образов и прежде всего его жанровые связи с народной поэзией. Выявил в своем исследовании, что данный памятник народной поэзии соединил в себе два фольклорных жанра, которые не делимы и очень гармонично переплетаются внутри текста.*

FTAMP 14.35.09

### **А. Байгуанышева<sup>1</sup>, М. Т. Кожаканова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>студент, 4-ші курс, Филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>доцент, Шетел тілдерінің теориясы мен тәжірибесі кафедрасы, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы

email: <sup>1</sup>Baikuanysheva@mail.ru; <sup>2</sup>modi\_85@mail.ru

## **АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ ШАҚ ФОРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ**

*Берілген мақалада ағылшын етістігінің уақыт формаларын үйрену кезіндегі негізгі оның төрт аспектісі, грамматикалық дағдыларды қалыптастыруда үш негізгі тәсілдер, яғни эксплициттік, имплициттік, дифференциалды тәсілдер қарастырылған. Грамматикалық дағдылар мен іскерлікті қалыптастыруға эксплицитті тәсіл шеңберінде екі әдіс бөліп көрсетілген: дедуктивтік және индуктивтік.*

*Кілтті сөздер: дедукция, индукция, форма, эксплициттік, имплициттік.*

### **КІРІСПЕ**

Ағылшын грамматикасының маңызды бөліктерінің бірі-етістіктің шақтары. Әдетте, бұл тақырып оқыту процесінде көп қиындық тудырады, себебі ағылшын тіліндегі уақыт жүйесі мағыналық және формальды ерекшелікке ие, қазақ тіліндегі уақыт формаларының ерекшелігінен мүлдем өзгеше. Қандай да бір форманы зерттеу ағылшын тілінде белгілі бір сөйлеу ахуалының контекстінде жүргізіледі. Кейде оқушыларға ана тілінде сөйлеу жағдайына байланысты ағылшын етістігінің формаларын қолдануды ажырата білуді қалыптастыру тиімді болады. Бұл оларға қандай да бір нысанды пайдаланудың мағынасын жақсы түсінуге көмектеседі. Осы бағытты зерттеуші психолог және педагог Т. Б. Клементьева «Повторяем времени английского глагола» оқу-құралын жазу кезінде автор профессор П. Я. Гальпериннің ақыл-ой іс-әрекеттері мен ұғымдарын кезең-кезеңмен қалыптастыру және шет тілін меңгерудегі орталық буын ретінде тілдік сананы бөлу туралы тұжырымдамасына сүйенеді. Ағылшын етістігінің шақтарын оқыту оқушыларға ана тілінде сөйлеу жағдайларында ағылшын етістігінің түрлерін ажырата білуге үйретуден басталады. Бұл жағдайда



ана тілі тілдік сананы қалыптастыру үшін қажетті база ретінде әрекет етеді. Ағылшын тілі санасын қалыптастыру ағылшын тілін қалыптастыру үшін қажетті шарт болып табылады.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Уақытты игеру үш кезеңге бөлінеді. Уақыт түсінігін енгізер алдында біз ағылшын сөйлеміндегі сөздің ең басты бөлігі-етістік екенін ажыратып алайық. Іс-әрекет объективті процесс. Онда әртүрлі тілдерде тек ішінара сәйкес келетін әр түрлі жақтарды атап өтуге болады. Бірақ ағылшын және орыс тілдерінің шақтарын білдірудің әртүрлі құралдарына қарамастан, ағылшын етістігінің уақыт формаларының кез келген мәндерін қазақ тілінің қазіргі шақтарымен беруге болады: қазақ тілінде контекст арқылы, ағылшын тілінде – етістіктің өзі түрінде.

Ағылшын етістігінің уақыт формаларын үйрену кезінде негізі – оның төрт аспектісі («түрі», «реңкі») болып табылады.

1-ші кезеңі екі уақытты үйренуді қамтиды: Present Simple және Present Continuous. Уақытты практикалық игеру тек бірге үнемі салыстыруда, нақты мысалдар мен жаттығулар жасауда жүргізіледі. Біз осы шақты үйренетінімізді түсінеміз және оның екі түрімен танысамыз, олардың бірі ұзақтықты білдіреді, ал келесісі тұрақтылықты.

2-ші кезең-Past Simple, Future Simple және Present Perfect оқу. Бұл кезең-уақытты түсінудегі ең маңызды кезең. Мұнда оқушылар Simple, Continuous және Perfect уақыт формаларының негізгі аспектілерін түсінуі тиіс. Бұл кезеңде оқушылар өздеріне таныс екі уақыт пен үш жаңа нәрсені көреді. Біз осы шақтың аяқталған жаңа түрін үйренуді бастаймыз. Біз көрсеткіш сөздерді жазып, бірден үш уақытты қамтитын жаттығуларға көшеміз. Содан кейін Past Simple-ға келеміз. Етістіктің дұрыс және бұрыс түрлерімен танысып, бұрыс етістіктердің кестесін қарастырамыз.

Present Simple-дан Past Simple-ге сөйлемдерді өзгерту жаттығуларын орындаймыз. Барлық бес шақтың туындау жолдары мен функцияларымен танысқаннан кейін, сол шақтарда, осы сөздер жиынтығын пайдалана отырып: бастапқы формадағы бастауыш және баяндауыш, бес түрлі сөйлем құрастырамыз. Мысалы:

he/ write a letter.

He writes letters every day. (Present Simple)

He is writing a letter now. ( Present Continuous)

He has already written a letter (Present Perfect)

He wrote a letter yesterday ( Past Simple )

He will write a letter tomorrow (Future Simple )

Содан кейін етістіктің сұрау және болымсыз түрлерінде сөйлемдер құрастырамыз. Осындай жаттығулардан кейін, жақшаларды ашу жаттығуларына көшеміз. Оларды келесі схема бойынша орындаймыз.

1 Тапсырманы оқып, оны қазақ тіліне аударыңыз.

2 Біздің жағдай қай шақта – қазіргі, өткен немесе келер?

3 Әрбір әрекетті (жақшадағы етістік) дұрыс формада көрсетіңіз: жай, жалғасқан немесе орындалған.

3-ші кезең – жеті шақ. Алдыңғы бес шаққа Past Continuous және Past Perfect қосылады.

Осы екі шақ кестеге қосылады және біз сол схема бойынша әрекет етеміз:

1 Шақтың туындау жолдарын талдау.

2 Жеті түрлі шақта сөйлемдерді ауыстыруға арналған жаттығулар.

3 Жақшаларды ашуға жаттығу.

4 Сөйлеу әрекеттерінде осы жеті шақты қолдануды үйрену.

4-ші кезең. Барлық шақтар. Бұл кезең қорытынды және оқушыларды «Шақтардың қиылысуы «атты жаңа күрделі тақырыпқа алып келеді

Грамматикалық дағдыларды қалыптастыруда үш негізгі тәсіл бар. Грамматикалық дағдыларды қалыптастыру процесі әртүрлі әдістемелік тәсілдер тұрғысынан ұйымдастырылуы мүмкін. Қазіргі уақытта шет тілдерін оқыту әдістемесінде келесі тәсілдерді атап өтуге болады:

1 *эксплициттік тәсіл;*

2 *имплициттік тәсіл;*

3 *дифференциалды тәсіл.*

Грамматикалық дағдылар мен іскерлікті қалыптастыруға эксплициттік тәсіл шеңберінде екі әдісті бөліп көрсетуге болады: дедуктивтік және индуктивтік. Дедуктивтік әдістің атауы «дедукция» – жалпыдан жекеге дегенді білдіретін сөзден шыққан. Дедуктивтік әдіс кезінде дағдылар мен біліктерді қалыптастырудың бірінші кезеңі – танысу. Ереже мен мысалдармен танысу процесінде іске асырылады, екінші кезең – жаттығу-оқшауланған формальды операцияларды пысықтауды қамтиды, үшінші кезең – сөйлеу практикасы, аудару жаттығулары негізінде ұйымдастырылады [2, 105].

Эксплициттік тәсілдің басқа әдісі индуктивті әдіс болып табылады. Индуктивтік әдіс бірлі-жарым фактілерден жалпы ережелерге ауысуды көздейді. Индуктивті әдіс оқушылардың өздері шет тілін үйренуде кездесетін құбылыстар негізінде ережені қалыптастыруға мүмкіндік береді. Индуктивті әдіс кезінде оқушылар мәтінде бейтаныс грамматикалық формаларды тауып, контекст арқылы олардың мағынасын түсінуге тырысады. Жаңа құбылысты одан әрі талдау шетел мәтінін ана тіліне аударумен салыстыру арқылы жүргізіледі, одан кейін ереже тұжырымдалады. Қажет болса, оқытушының немесе оқулықтың кеңестері қолданылады. Содан кейін оның формаларын

өзектендіруге жаңа грамматикалық құбылысты сәйкестендіру және түсіндіру үшін жаттығулар сериясы қажет.

Грамматикалық дағдыларды қалыптастыруда имплицитті тәсіл әр түрлі модификациялармен екі әдісті қамтиды, атап айтқанда – құрылымдық және коммуникативтік. Құрылымдық әдістермен ауызша, белсенді, құрылымдық-функционалдық және т.б. деп аталатын әдістер аясында әр түрлі авторлар әзірлеген грамматикалық дағдыларды қалыптастырудың бірқатар әдістерін атауға болады. Грамматикалық дағдыларды қалыптастыруды құрылымдық әдіс деп атауға болады, себебі олардың жаттығуларының негізіне құрылымдық модельдер немесе формулалар арқылы символдық түрде берілетін сөйлемдер үлгілері қойылады, мысалы: S-V-O, мұнда S-бастауыш, V-баяндауыш, O – қосымша (толықтауыш).

Құрылымдық модельдер тіл немесе сөйлеу модельдері деп аталады немесе егер олар символдармен емес, лексикалық бірліктермен, сөйлеу үлгілерімен, типтік фразалармен өрнектелген болса. Грамматикалық дағдыларды қалыптастыруға имплициттік тәсілдің басқа түрі коммуникативтік әдістер болып табылады. «Гувернантка әдісі» деп аталатын қарқынды әдістердің түрлі нұсқаларын коммуникативтік әдістерге жатқызады (яғни оқылатын тілде қарым-қатынас, аударма және грамматика оқу жүйесінен алынып тасталса, ал сабақ оқытушының сөйлеуіне еліктеу түрінде өтеді, бұл сөйлеу автоматтарының пайда болуына ықпал етеді, бұл әдісті шет тілдерін оқытудың тікелей әдістерінің бастаушысы деп есептеуге болады) және коммуникативтік мақсатта қарым-қатынас жасауға мәжбүр ететін тілдік ортаға жай ғана табиғи батыру. Шетел тілдерін оқытудың коммуникативтік әдісін, оның ішінде грамматикалық дағдыларды қалыптастыруды Е. И. Пассов әзірледі. Бұл әдістеме 12–13 жастағы балалар тобы үшін 10–13 адам көлемінде әзірленген. Балалар өте жан-жақты, қызығушылықтары әртүрлі: компьютерлік тақырып, шетелдік әншілер, ұялы телефондар танымал көркем шытырман оқиғалы және мультипликациялық фильмдер мен т.б. бұл топта балалардың назарының тұрақтылығы 25–30 минуттан аспады, сондықтан да ұзақтығы аз қызметтің түрлі түрлері қолданылды. Сабақтың көп бөлігі ауызша сөйлеуге арналады, себебі ол жаттығуды қажет етеді. Оқыту концептуалды жүргізілді, әрбір сабақ бойынша тапсырмалардың күрделілігі артады, бірінші сабақта «мұғалім-сынып жұмыс» режимі басым болады, ал соңында оқушылар жетекші рөл атқарады, ал мұғалім сүйемелдейді, көмектеседі, үйлестіреді [3, 78].

Дифференциалды тәсіл оқытудың әр түрлі әдістері мен тәсілдерін, оқыту мақсатына, сөйлеу қызметінің түрлеріне, оқыту кезеңіне, тілдік материал мен оқушылардың ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі жаттығуларды қолдануды көздейді. Көп рет қайталауды талап ететін

грамматикалық құрылымдарды қолдану оқушыларды өзінің біртектілігімен шаршатады, ал жұмсалған күш-жігер жылдам нәтиже бермейді. Шет тілін оқыту әдістемесін әзірлеудің басты мақсаты ахуалдық-коммуникативтік тәсілді пайдалана отырып, дамытушы, тәрбиелік және оқу міндеттерін іске асыру болуы тиіс.

• **Оқыту:**

- сөйлеу іс-әрекетінің тәжірибесі (монолог, диалогтық, тыңдалым));
- сөйлеу әрекетінің рецептивті түрлерін оқыту;
- тақырып бойынша лексиканы белсендіру;
- грамматикалық материалды қайталау және бекіту;
- коммуникативтік біліктерді қалыптастыру және дамыту (қысқа

хабарламаларды есту арқылы қабылдау және түсіну, күрделі емес ақпаратты жазбаша ресімдеу);

- сөздік қорын кеңейту.

• **Дамытушы:**

- ағылшын тілінде ойлау, баға беру, өз пікірін білдіру қабілетін дамыту;
- зияткерлік даму;
- шығармашылық, қияли дамыту;

• **Әлеуметтік-мәдени:**

- бейнелі ойлауды, эрудицияны дамыту;
- ой өрісінің кеңеюі.

• **Тәрбиелік:**

- ағылшын тілін оқуға деген құрмет пен қызығушылықты қалыптастыру;
- төзімділік сезімін тәрбиелеу;
- қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу;
- командада жұмыс істей білу, бір-біріне көмектесу;
- әр түрлі қызмет салаларында тілді практикалық пайдалану қажеттілігін

қалыптастыру

## ҚОРЫТЫНДЫ

Грамматикалық құрылымдарды сөйлеу үлгілері түрінде енгізу керек. Балалар оларды есте сақтайды, содан кейін оларды сөйлеуде пайдаланады. 12–13 жастағы балалар үшін мұндай түсініктемелер оқу үдерісіне ойын түрінде енгізіледі. Олар өте қарапайым және қысқа. Осы жаста балалар мұғалімнің ұзақ түсіндірмелерін қабылдай алмайды және ұмытып кетеді.

грамматиканы оқу кезінде, ұқсас құбылыстарды талдауда қазақ тілімен ұқсастық принципі қолданылады. Түсініктеме балалар үшін қызықты және қолжетімді формада (грамматикалық ертегілер, тілдің тарихы мен оқиғалары, өлеңдері және т.б.) болады, ал қазақ тіліне тән емес құбылыстар оқылатын жағдайларда ертегілер мен тарихты, көрнекілік элементтерін қолданған жөн,

ол оқушылардың өзіндік «тірек сигналы» ретінде қызмет етеді, және одан әрі жұмыста құбылыстың өзін есте сақтауға мүмкіндік береді.

Осылайша, шет тілді тілдік сананы меңгеру осы тілде сөйлейтін адам тұрғысынан сөйлеу жағдайларын қабылдай білу және түсіне білуді білдіреді. Жоғарыда көрсетілгендей оқушыға қазақ тілінің тілдік формаларынан бөтен тіл формаларына тікелей көшуді ұсынамыз. Бірінші кезекте қазақ және ағылшын тілдерінде аспектілердің айырмашылығын қалыптастыру қажет. Әдетте, шақтарды оқыту жеке грамматикалық формалар мен нақты модельдердің жеке ережелерін үйренуден тұрады. Шақтардың формалар жүйесін меңгеру жылдар бойына созылады, бұл, әрине, көп шығындалатын оқу уақытына әкеледі. Әр түрлі тәсілдерді бастапқы кезеңде қолдану шет тілін оқытуда грамматикалық дағдыларды қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Щукин, А. Н.** Обучение иностранным языкам: Теория и практика. – М., 2006. – 200 б.

2 **Ляховицкий, М. В.** Методика преподавания иностранных языков: Учебник. – М. : Высшая школа, 1981. – 159 б.

3 **Конышева, А. В.** английский язык. Современные методы обучения: Учебник. – М. : Минск : Петра Системс, 2007. – 298 б.

Материал 31.10.19 баспаға түсті.

*А. Байгуанышева<sup>1</sup>, М. Т. Кожаканова<sup>2</sup>*

**Эффективные методы обучения форм английского языка**

<sup>1,2</sup>Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,  
г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 31.10.19.

*А. Baikuanysheva<sup>1</sup>, M. T. Kozhakanova<sup>2</sup>*

**Effective methods of teaching forms of the English language**

<sup>1,2</sup>L. N. Gumilyov Eurasian National University,  
Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 31.10.19.

*В этой статье рассматриваются основные четыре аспекта английского глагола для изучения временных форм, три основных подхода к формированию грамматических навыков –*

*это эксплицитный, имплицитный, дифференциальные подходы. Говорится о двух методах, играющих важную роль в развитии грамматических навыков: дедуктивный и индуктивный.*

*This article discusses the four main aspects of the English verb for the study of forms, the three main approaches to the formation of grammatical skills: explicit, implicit, differential approaches. There are two methods that play an important role in the development of grammatical skills: deductive and inductive.*

**Ф. Балғожиев<sup>1</sup>, Н. Нұрланова<sup>2</sup>, Э. Филадельва<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>оқытушы, Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>аға оқытушы, магистр, Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы;

<sup>3</sup>оқытушы, магистр, Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы

e-mail: <sup>1</sup>balgozhiev60@bk.ru; <sup>2</sup>k.n.n.a.a@mail.ru; <sup>3</sup>ilmira8381@mail.ru

**ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ  
ПРИНЦИПТЕРІ**

*«Журналистика-қоғаммен бірге өмір сүріп,  
қоғаммен бірге тыныстайды.»*

**Н. Михалковский**

*«Жазу қиын, бірақ мүлдем жазбау одан да  
қиынырақ болар еді.»*

**Тадеуш Бреза**

*Мақалада журналистика саласындағы жазу стилі, тілдің көркемдік ерекшелігі мен онда кездесетін кейбір сөздердің мағыналық жағына аса мән беру жайы қарастырылған. Онда қазақ тілінің сөйлеу, жазылу мәнерін де екішеледік. Негізінен, қай халықтың да қастерлеген қадірлісі ұлт тілі. Өйткені, оның ел өмірінде атқарар міндеті айырықша болғандықтан осы тұстарын алып отырмыз. Сондай-ақ, бүгінгі таңдағы баспа жұмысына да жаңаша талап пен талғам тұрғысынан қарау жағы да қарастырылды. Әсіресе, газет, журнал арасындағы сапалық айырмашылық пен кітап басудың заңдылық бағыттарын да қысқаша сараладық. Ал, журналистикада газет шығарудағы компьютерлік дизайнның соңғы үлгідегі жасалу жолдары мен оны қолданудағы кейбір айырмашылықтарының бүгінгі заман ағымына сай жаңарып отыруы да заңдылық. Сол себепті осы ғылыми мақалада қазақ газетінде жарияланған материалдың маңызы мен мәні де газетті көркемдеу әдісі де қамтылды.*

*Кілтті сөздер: Библиография, лингвистика, тілдік таңба, бастамашы, ақпараттар жүйесі, верстка, статистика, лингвистика, кітап, дизайн, қаріп, фотосурет, иллюстрация.*

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Қай халықтың да қастерлеген қадірлісі-ұлттық тілі. Оның ел өмірінде атқарар міндеті айырықша.

Тіл мәселесі –тереңнен тартылған тарихи теперіштер тежегіш күш болып отырғандықтан да жалаң жанашырлықпен жақсара қояр жай емес. Бұл жайлы тілдің сан салалық проблемаларын көтерген көлемді ғылыми еңбектер, публицистикалық пәрменді мақалалар жазылып келеді және оның әлі де талай уақыт ұранды мәселе атынан айырылмайтыны анық.

Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары тіл мәселесі тақырыбында талай таласты ой-пікірдің өрістеуіне шын мәніндегі демократиялық талапқа сай ықпал етті. Негізінен тіл тарихы тым тереңде жатқаны талас тудырмайды.

Аталған мәселе халқымыздың ХХ ғасыр басындағы қайраткерлерінің еңбектерінде көтерілді, олардың тіл болашағына, қоғамдық өмірде қолданысына қатысты қарымды ойлары мен батыл пікірлері бүгінгі күні де бағасын жоймай отыр. Бұл орайдағы қазақ тілі ғылымының аса көрнекті өкілі А. Байтұрсынов, С. Садуақасов, М. Шоқай, Х. Досмұхамедұлы, М. Дулатов тағы басқалардың өз кездерінде айтқан кеңестерін соңғы жылдары ғана баспасөз бетінен және кейінгі жылдары жинақталып, жарық көрген кітаптарынан білеміз. Бұл жерде біз зерттеу барысында еңбектерінен дәлел келтірген ұлылар есімін ғана атап отырмыз.

Мемлекеттік тіл мәселесі, оның республикадағы саяси ахуалдың тұрақтылығына тигізер ықпалы және бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы ролі мен міндеттері жайлы Қазақстан Республикасы Президентінің елдің қоғамдық-саяси мәселелері бойынша берген сұхбаттарында, еңбектерінде ерекше аталып келеді.

Мемлекеттік тіл, ұлтаралық қарым-қатынас және ішкі саясат мәселелерін зерттеуде соңғы жылдары ғалымдар, саясаткерлер, философтар, тарихшылар, журналистер баспасөздің, электронды бұқаралық ақпарат құралдарының қызметіне ерекше назар аударып отырғанын атап өту қажет. Осы орайда А. Сәрсенбаевтың, Б. Абдығалиевтің Б. Исабековтың, С. Борбасовтың еңбектері елеулі үлес қосты.

Қазақстандық баспасөздің жаңа дәуір үлгісіндегі демократиялық жағдайда мемлекеттік тіл саясатын жүргізуге ықпалын қалыптастыру арқылы нақты қоғамдық күш негізіндегі бағытын бағдарлау қажет. Бұл орайда қоғамдағы саяси тұрақтылық қалыптың сақталуына, ұлтаралық қатынастың тұрақтануына, халықты мәдени тәрбиелеуде журналистика қоғамдық

пікірді қалыптастырушы қуатты күш ретінде қоғам дамуында қаншалықты зор рөл атқаратыны, жалпы журналистиканың рөлі жайлы қалыптасқан көзқарастарға ие ғалым-зерттеушілер Т. Амандосов, М. Арғынбаев, Х. Бекхожин, Ш. Елеуенов, Т. Ыдырысов, Т. Қожакеевтердің еңбектерінде, оның бүгінгі күнмен сабақтасқан сипаты М. Барманқұловтың, Н. Омашевтың, С. Қозыбаевтың еңбектерінде кеңінен көтеріліп келеді.

Қазақ тілінің қазақтың мұнын мұндап, жоғын жоқтар жалғыз қаруы екенін бір сәтте есінен шығармаған Ахмет Байтұрсынов Қазақ газетінде: «Арамызға әр түрлі жұрт кіріскенде солармен қатар атымыз жоғалмай, қазақ ұлты болып тұра аламыз ба? Осы біздің төсекте дөңбекшітіп ұйқымызды бөлетін нәрсе. Басқа жұртпен араласқанда өз алдына ұлт болып, өз алдына тілі бар, өз тілінде жазылған сөзі (әдебиеті) бар жұрттарға не тұрады. Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың еш уақытта адамы жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы-тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егер де, біз Қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек. Қазақтың осы күнгі ісінің бетіне қарағанда хәм мұнан былай ісіміздің беті осы болса, қазақ тілі азып жоғалуға ықтимал», – деп дауыл алдындағы дабыл қақты. Ал, А. Байтұрсыновтың айтқаны, сол кездегі қазақ тілінің басына төнер түнектің алдын алу еді.

Кейінгі уақытта дербес ел ретінде жаңа таныла бастаған жас мемлекеттер үшін ұлт тілінің мемлекет тілі ретінде мойындалуы – ең маңызды шарттардың бірі. Ал, Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілінің қатарға әлі қосыла алмай жатуының сыры неде? Бұл сұраққа жауап бергенде, қазіргі күні көп айтылып жүрген тілді оқыту, үйретудегі қиындықтарды, оның республиканы мекен еткен басқа ұлттар үшін де өмір сүру үшін басты қажеттілігі қалыптаспағанын, тілді меңгеруге деген талап деңгейінің төмендігін, жалпы жанашырлық аздығын және басқа түрлі кедергілерді көлденең тартып қана қоймай, тереңнен тартылған тарихи себептерді де зерттей қарастыру қажеттілігі анық.

Қайта құру, жариялылық жылдары туған сәттен бастап қазақстандық баспасөз бен бұқаралық ақпарат құралдарының алдында тұрған ұлы міндет осы болды. Алайда, орыс тіліндегі басылымдармен салыстырғанда қазақ басылымдарының жағдайы әлі де болса қажетті деңгейге көтеріле қоймаған еді.

Осындай жағдайда отырып, республиканың қазақ тілді баспасөзі ұлттық мұрат жолына адалдық, туралық үшін табандылық таныта білді. Бұл жолда әсіресе қазақ тіліндегі басылымдардың атқарған еңбегі мен орындаған рөлі орасан зор болғаны белгілі.

Қалай дегенде де, қазақстандық баспасөз біз көрсетіп отырған кезеңде тіл болашағына қатысты қабырғалы қоғамдық ойдың қозғаушысы, тәлімгердің тірекшісі бола білді. Ол тіліміздің дамуы енді қазақтың өз қолында ғана қалып отырғанын қадала айтуға.

Мемлекеттік тіл саясатындағы жүргізіліп отырған жұмыстарға кеңірек тоқталуымыздың бір сыры-осы істердің нәтижесі, баспасөздің тікелей араласуымен, көп жағдайда бастамашы болуымен байланысты. Баспасөз тіл саясатындағы жоқты көре білді, барды бағалай алды. Сыны сындарлы, ойы орынды басылымдар бұл орайда бағыт та сілтеді.

Қазақстандық баспасөз демократиялық жаңару кезеңіне тән талап пен талғамнан сабақ ала отырып, еліміздің өркендеуі үшін лайықты үн қоса алуы аса маңызды, ал жоққа шығаруға болмайтын бірлік бұзуға бейім басылымдар тарапынан болатын бұратартушылықтарға байыпты, білімді баға беріп, тіпті тегеурінді тойтарыс таныту күн тәртібінен түспейтінін де ұмытпау қажет. Бұл өсудің, шығармашылық шыңдалудың шынайы шарты. Ал, қазақстандық баспасөздің басым бөлігі қоғамдық көзқарастардың тайталасында пісіп, жетіліп, тәуелсіз елдің ертеңі мен болашағы үшін пәтуалы пікір, саналы саясатты өз іс-қимылының қазығы ете алатын зор мүмкіндігі мен ықпалын анық байқатты [1, 3–139 б.]

Сондықтан бүгінгі өз мамандықтарын игеріп жатқан болашақ журналистердің де алға қояр міндеті – тәуелсіз еліміздің тіл туралы мәселесіне қай кезде де жанашырлықпен қарап, еліміздің мүддесін жан-жақты қорғап, тіліміздің шұбалаңқы тіл аталмай, таза қалпында сақталып, өз деңгейіне көтерілуіне үлес қосып қана қоймай оны газет, журналдар арқылы бұқара халыққа жеткізу. Ол үшін журналист ұлтымыздың мәртебесі саналатын қазақ тілін, оның сөйлеу, жазылу мәнері мен лексикалық жүйесі мен құрылымын ең әуелі өзі жетік меңгеріп алуы тиіс. Өйткені, журналист қай кезде де халықтың жанашыры мен қолдаушысы болып қала бермек.

«Негізінен, газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады», – деген еді А. Байтұрсынов 1913 жылғы ақпанның 2-сі күнгі «Қазақ» газетінің алғашқы нөміріне арнап жазған бас мақаласында.

Бүгінгі күні лингвистика ғылымы көтеріп отырған тіл мен ойлаудың арақатынасы, тілдің коммуникативтік және номинативтік қызметі, тілдің ішкі құрылымы, тіл жүйелілігі, тілдегі типологиялық қатынастар мен олардың түрлері, тіл менгеру мен үйренудің тиімді жолдары, тәсілдері сынды өзекті мәселелер заман талап-тілегінен орындалып отыр.



Тіл-таңбалар жүйесі. Тілдік таңба– зат пен оның атауы емес, ұғым мен акустикалық образдың (яғни дыбысталудың) психикада таңбалануы, сезіну органдарының қатысы арқылы түсіндірілетін құбылыс.

Тіл-жүйе, яғни оған абсолютті еркіндік жат. Тілдік жүйені тұтастай өзгерту мүмкін емес. Әрі тілдің кез-келген күйі тарихи факторлардың жемісі, тілдегі таңбалардың өзгеріссіз қала беруі, өзгелермен ауыстыруға келмейтіндігінің бір себебі осында. Айталық, алғашқы қазақ газеттері тіліне бүгінгі күннің лексемаларын тықпаласақ, тарих пен тілге жасалған қиянат болар еді, тіл заңдылығына қайшы келу болып шығар еді.

Жалпы қазақ газеттерінде жарияланған материалдардың маңызы мен мәнін ескере отырып, газеттің қоғамдық өмірінде алатын орны мен қызметін үш бағытта топтастыруға болады:

- 1) қазақ газеттерінің халық санасын ояту үшін атқарған ағартушылық бағыттағы қызметі;
- 2) ақпарат жеткізу мен үгіт-насихат жүргізу бағытындағы қызметі;
- 3) әдеби тілді, сөздік қорды сан және сапалық жағынан толықтырудағы, байытудағы қызметі.

Газет тек ақпарат жеткізудің көзі ғана емес, ол өзі жеткізіп отырған ақпаратына қалың оқырманды, көпшілікті сендіру мен сол көздеген мақсаты бағытында тәрбиелеу жүгін де қоса ала жүреді. Осы тұрғыдан келгенде газет ұжымдық үгітші, насихатшы және ұйымдастырушы қызметін де атқара алады. Газеттің сан қырлы қызметін дөп басып, дәл таныған жөн.

А. Байтұрсынов кезінде «газет -халықтың көзі, құлағы һәм үні» екенін мерзімді басылымдар қызметінің сан қырын ашып танып айтқаны ақиқат [2, 8–27 б.]

Баспа өнімі. Баспа өнімінің стандарттары дегеніміз-біздің күнделікті пайдаланып жүрген баспа өнімдері-кітап, газет, журнал сол сияқты басқа да ақпараттық басылымдардың шығарылым мағлұматтарын бір ізге түсіріп, реттейтін нормативтік-техникалық құжат. Стандарт басылымдары түрлеріне қарай бірыңғайластырылғандықтан оқырман кітаптың авторын, суретшісін, аудармашысын, жанрын, қандай оқырманға арналғандығын, сонымен бірге қысқаша мазмұнымен, басылған жері, таралымы, көлемі туралы бірден ақпарат ала алады. Сонымен бірге стандарттау библиография, статистика және кітап саудасы саласында басылым туралы ақпараттар жүйесін әмбебап етеді. Стандарттау, әрине баспа саласында шектеулер қоятыны шындық, бірақ баспа өнімдерімен жұмыс істейтін аппарат, кітапхана және оқырман арасын бір деңгейде түсіністікке келтіретін қажеттілік.

Болашақ баспагерлер шығаратын өнімдерінің баспа ісіне қойылатын талаптардың барлығына сәйкес болу үшін бірінші көңіл аударатын мәселелері: Кітаптың тыстамасын қалай безендіруді, титул парақ және оның

сыртқы бетіне не орналастыру керектігін, негізгі мазмұнын қалай безендіруді, компьютер арқылы мәтінді теру барысында қандай ережелерді сақтауды соңғы бетке қандай мәліметтер орналастыру керектігін білу керек.

Басылымды баспадан шығаруға дайындаудың негізгі кезеңі-оның шығарылымы мен мағлұматтарын орналастырудан басталады. Кітап түріндегі басылымның шығарылым мағлұматтары-баспа туралы кешенді мәліметтер мен басылым туралы негізгі мәліметтер жазылған мәтіннен, оның қысқаша сипаттамасынан, кітапты дүкендер мен кітапханаларда өңдеуді жеңілдететін және оқырман іздестіргенде тез тауып алатын дербес цифрдан тұрады. Біздің республикада шығарылым мағлұматтарын реттейтін негізгі талаптар мемлекетаралық ГОСТ 7,4-95 «Басылым. Шығарылым мағлұматтары (ГОСТ 7.4-95 «Издания. Выходные сведения») стандарты бойынша анықталады.

Кітаптардың халықаралық стандартты нөмірлеуде республикалық стандарт пен мемлекетаралық ГОСТ 7.56-2002-ISSN сериялық (мерзімді) басылымдардың стандарты пайдаланылады. Халықаралық немесе республикалық стандарт әлі дайын болмағандықтан Ресейдің мемлекеттік стандарты ГОСТ Р 7.0.6-2008 ISMN-музыкалық шығармаларды халықаралық стандартты нөмірмен тіркеу стандарты бойынша түсініктемелер беріледі [3, 3–10 б.].

Газет журнал дизайны. Газет пен журнал-басылымның екі түрі ғана емес, ақпаратты екі түрлі жеткізудің, оқырманға екі түрлі әсер етудің құралы. Күн сайын жарық көретін газет оқырманға қоғамдық пікір тудыру арқылы үгіт – насихат жүргізудің ең тиімді құралы ретінде танылса, ал журнал-газет тудырған қоғамдық пікірді әрі қарай кең талқыға сала отырып, әр фактіні саралап, салыстырып оқырманға толыққанды материал ұсынатын басылым. Дегенмен, көзі қарақты оқырман бүгінде газет пен журнал арасындағы айырмашылықтың азайып бара жатқанын байқайды. Газеттер көптеп оқырман тарту үшін кіші форматтармен жарық көріп мүмкіндігінше журналға ұқсауға талпынғанымен, журнал газеттің ақпаратты оңтайлы әрі шапшаң жеткізетін тиімді тұстарын жетілдіру арқылы бәсекелес болуға ұмтылуда. Өйтсе де бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде газетке қарағанда журналдың дизайнға көбірек мән беретіні байқалады. Журнал редакторы мен беттеушісі басылымның безендіру ісіне аса ұқыптылықпен қарайтыны содан. Десе де, газет пен журнал беттеушілерінің өзіндік стильдері болады. Әрқайсысы өз беттерінің бір-біріне ұқсап, біркелкі болып шыққанын қаламайды. Әр бетке түрлі өзгерістер енгізіп, дизайнның түрленуіне көбірек ерік береді.

Журналдардың көпшілігінің белгілі бір салаға арналатыны ақиқат. Әрқайсысының қандай да бір өзіне тән мақсаты бар: мәселен, табыс табу, идеяны жүзеге асыру, қоғаммен байланыста болу, мекеменің немесе жеке бір адамның шығармашылығын насихаттау.

Көп жағдайда журналдың басты тақырыбы әдебиет және өнер болып келеді. Мәселен, өнер саласын басты тақырып етіп алған журналдар («Жұлдыздар отбасы», «Керемет», «Жұлдызбен сырласу», т.б.) танымал тұлғалардың көпшілік біле бермейтін белгісіз тұстарын, қызықты әңгімелерін ұсыну арқылы оқырманның жүрегін жаулап алуға тырысады.

Журнал түрлі тақырыптарды негіз етіп алады және әрқалай түрленіп отыруға мүмкіндігі бар. Тіпті бір бағыттағы журналдардың қозғаған тақырыптары әртүрлі болып жатады. Кейде жаңа редактордың келуімен де журнал өз бағытын мүлдем өзгертіп жататын сәттер кездеседі. Мәселен, Мұхтар Шахановтың басшылыққа келуімен «Жалын» журналы әдеби тақырыпты көбірек қамти бастады. Осылайша, бағытын өзгерткен басылымның негізгі оқырмандары да ауысып отырады. Сол өзгеріс арқылы журналдың беделіде, таралымы да өседі.

Бұл арада газет дизайнының журнал дизайнынан қандай айырмашылығы бар десек, біріншіден, газет дизайнына қарағанда журнал дизайнында шығармашылық «еркіндік» басым.

Екіншіден, журналдың беттелуі мен дизайны газетке қарағанда анағұрлым күрделі.

Газет сызбасының дизайны, ең алдымен, оның жалпы мазмұнымен сыдырта қарап шығу арқылы танысуға мүмкіндік берсе, журнал сызбасының дизайны бұған көнбейді, ол асықпай зейін қоя қарап шыққанды жөн көреді. Газет дизайнының жалпы көрінісі мен журнал дизайнының жалпы көрінісі, сондай-ақ технологиялық процестерінің күрделілігімен де ерекшеленеді. Мәселен, газетті макеттеп, беттеу үшін әжептәуір ақша жұмсалатын болса, журнал шығыны оданда көп.

Газет бетінің дизайны немесе журналдың дизайндық беттелуі деген ұғымдар дұрыс емес, алдымен газет-журнал сызбаларының дизайнын жасап алу керек, содан соң ғана сол нобаймен газет те, журнал да беттеледі.

Газет – журнал дизайны принциптерін ұғудың ең бір нақты көрсеткіштерінің бірі-фотосуреттерінің беттерде, әсіресе ашпабетте дұрыс орналасуында.

Жақсы атқарылған дизайн-әдемі безендіру емес, түрлі хабарларды сауатты орналастырудың функциясы. Газет-журнал бетіндегі ешбір материалды да елеусіз орналастырғымыз келгенімен, сызба ыңғайына қарай кейде шығармашылықпен жұмыс істеуге тура келеді.

Газет-журнал дизайнерлеріне ерекше маңыз аудару тиіс тетіктер мыналар:

- 1 Қаріптер;
- 2 Тақырыптар;
- 3 Мәтін бағаналары;

- 4 Ішкі архитектура;
- 5 Фотосуреттер;
- 6 Ақпараттық кескіндер;
- 7 Бос кеңістіктер;

Журнал және газет беттерін монтаждауды беттеу дейміз. Бұл-баспа өнімінің полиграфиялық процестер арқылы түпкілікті түрге енетін кезеңі. Яғни, беттеу-нөмірдің композициясы.

Газет-журнал беттеулерінің өзіндік айырмашылықтары бар:

- материалды беру принципіне қарай;
- беттелу күрделілігіне қарай.

Газет нобайы ақ-қара түске көне бергенімен, журнал нобайы барлық ерекшелігі танылу үшін міндетті түрде түрлі-түсті болуы тиіс. Сондықтан газет сызбасын жасағаннан гөрі, журнал сызбасы анағұрлым қымбатқа түседі. Екеуіне де тәжірибелі маман қажет.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Заман техникасы дамыған сайын беттеу принципі де күнделікті жаңарып отырады. Талғам да, талап та өзгереді. Журналистік көзқарас та басқа арнаға ойысады. Қазірдің өзінде кейбір беттеушілер екіұдай пікірде: бірі ең маңызды материалдарды газет бетінің сол жақ үстіңгі бөлігіне орналастыру керек десе, екіншілері оның оң жақ үстіңгі бұрышта тұрғанын қалайды. Материал газет бетіне түскен соң, оның маңызды, маңызсызы болмайды деген пікір айтушылар да бар. Ең дұрысы, оқырманды жақсы дизайнмен қызықтыра білуде, сонда ол материалды қай бұрышқа апарсаңыз да, бәрібір тауып оқиды.

Беттеуге кіріспес бұрын, қай сызба жобасының, қанша бағаналы макеттің газетімізге сай келетінін таңдап, белгілеп алуымыз тиіс.

Сауатты әзірленген сызба жобасы мәтін мен суретті дұрыс әрі әдемі орналастыруға септігі тиеді. Үлкен форматты газеттер (А2 – «Егемен Қазақстан», «Айқын», т.б., А3 – «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», т.б.) тәп-тәуір макет жасауға өте ыңғайлы. Оған мақала да, сурет те еркін сияды. Кіші форматты газеттің (А4 – «Замана», т.б. «сары басылымдар») сызбасын жасау өте қиын әрі ол біз ойлағандай сызба жасауға мүмкіндік бермейді. Үлкен форматты газеттер негізінен 6 бағаналы сызбаны таңдап алады.

Қазір бір-бірімен бәсекелес газеттер мен журналдар өз дизайндарына ерекше мән беріп жүр. Дизайнынның басылымға тән ерекшелігін көркемдеуші редактор айқындайды. Әсіресе, газет дизайнында қаріптерді сауатты қолдану ерекше рөл атқарады.

Газет немесе журналдың дизайнын қалыптастыруда оқырман аудиториясының да үлкен рөлі бар. Өйткені, газет оқырман тілегімен санасып, оқырман қажеттілігін қанағаттандырады. Газеттің бірінші беті мен

журнал мұқабасы көбіне оқырман талғамына сай безендіріледі. Басылым міндеті – алдымен ақпарат беру, сондықтан ол бірінші жолдан-ақ оқырман үшін қызмет ететінін айқын аңғартуы тиіс. Құрылымы жағынан бірінші бет дағдыдан бөлек күрделі. Барлық ішкі құрылымдық белгілері мен сыртқы безендіру сипаттары газеттің мүмкіндігін ашады.

Әдетте, редакцияда бірінші беттің барлық элементтері тыңғылықты ескеріледі: мәтін мен иллюстрациялардың орналасуы, қаріптердің үлкен-кішілігі, беттің сыртқы (титулдық сұлбасы), т.б. Газеттің бірінші бетін безендіруде симметриялық терім (верстка) жиі қолданылады: ортасына бет мазмұнын ашатын үлкен фотосурет, сонан соң басылымның логотипі орналастырылады.

Газеттің әрбір бетінің жетістігі беташар суреттерге байланысты болады. Беттің құрылымы дербес материалдарға бағынады және ол негізгі мазмұндық форманы атқара алады [4, 82–91 б.]

Бастысы, журналист өзінің саласын біліп қана қоймай, жан-жақты меңгергені жөн. Өйткені, газет-журналды оқырман көңілінен шығатындай етіп сапалы әрі көркем дайындау, жақсы дизайнермен бірге, сол журналистің тынымсыз ізденіс еңбегінің ғана жемісі болмақ. Ал, журналист тек мақала жазумен ғана шектелмеуі қажет. Ол мақаланың газет бетіне қалай орналасуы мен мақала тақырыптарының, оған қойылатын рубрикалардың, газеттегі суреттер мен мақаланың өзара байланысып тұруын да, құрылған беттегі бас тақырыптардың шрифтілік үйлесімін де, дизайндық көркемдігін де тәжірибе жөнінде жетік білген кезде, сол өзінің саласының нағыз шебері бола алады. Бүгінгі жас журналистерді оқытып шығаруда да оларға қойылатын талап пен берілген білім сапасы осы жазғанымызда көрсетілгендей деңгейде болуы шарт. Сондай-ақ, дайын газет, журналды басып шығаруда баспахананың атқаратын рөлі орасан зор.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Біржан БЕЛҒАРА.** Баспасөз және мемлекеттік тіл мәселесі. – Астана : Елорда, 2001. 160 б.
- 2 **Бағдан Момынова.** Газет лексикасы жүйесі мен құрылымы. – Алматы : «Арыс», 2003. – 228 б.
- 3 **Қоңыр Мұқатаева.** Баспа ісіндегі стандарттар. – Алматы : Қазақ университеті, 2012 – 212 б.
- 4 **Сердәлі, Б.** Мерзімді баспасөз дизайны: – Астана : Фолиант, 2015 – 128 б.

Материал 31.10.19 баспаға түсті.

Ф. Балгожиев<sup>1</sup>, Н. Нұрланова<sup>2</sup>, Э. Ғилажева<sup>3</sup>

## Принципы новаторства в журналистике

<sup>1,2,3</sup>Факультет гуманитарных наук и искусства,  
Атырауский государственный университет имени Х. Досмухамедова,  
г. Атырау, 060011, Республика Казахстан.  
Материал поступил в редакцию 31.10.19.

F. Balgozhiev<sup>1</sup>, N. Nurlanova<sup>2</sup>, E. Gilazheva<sup>3</sup>

## Principles of innovation in journalism

<sup>1,2,3</sup>Kh. Dosmukhamedov Atyrau State University,  
Atyrau, 060011, Republic of Kazakhstan.  
Material received on 31.10.19.

*В статье описывается журналистский стиль письма, художественные особенности языка и значение некоторых текстов. Здесь мы говорим о казахском языке, стиле письма. По сути, достоинство нации – это национальный язык. Ведь из-за его особой роли в жизни страны мы принимаем эти причины. Кроме того, сегодняшняя работа с прессой также была сделана на заказ. Короче говоря, мы кратко рассмотрели качественные различия между газетами, журналами и юридическими аспектами книгоиздания. Также верно и то, что в журналистике современные способы оформления газет и различия в их использовании актуальны. Именно поэтому в данной статье сущность и сущность материала, публикуемого в казахстанской газете, также освещается газетой.*

*The article outlines the journalistic writing style, the artistic peculiarity of the language, and the meaning of some of the lyrics that are there. Here we speak of the Kazakh language, the style of writing. Basically, the nation's dignity is the national language. After all, because of his special role in the life of the country, we take these reasons. In addition, today's press work has also been tailor-made. In short, we have briefly considered the qualitative differences between newspapers, magazines, and legal aspects of book publishing. And it is also true that in journalism, the way in which the most recent generation of newspaper designs and the differences in its use are up-to-date. That is why in this paper the essence of the material published in the Kazakh newspaper is also covered by the newspaper.*

**С. Б. Бектемирова<sup>1</sup>, З. А. Умирова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., доцент, Филология және әлем тілдері факультеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>магистрант, 2 курс, Филология және әлем тілдері факультеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы

e-mail: <sup>1</sup>bektemirova\_s77@mail.ru; <sup>2</sup>zamira\_07\_91@mail.ru

**ҚАЗАҚ ТЕРМИНТАНУЫ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ**

*Мақалада қазақ терминжасамы тарихында негізге алынған қағидастар туралы сөз қозғалады, өйткені қазіргі таңда сол қағидастар ескерілмей, әртүрлі ғалымдардың өз бетінше термин жасау үдерісі көбейіп, терминдердің сапасы төмендеп немесе бір терминнің бірнеше нұсқаларының бір-бірінің орнына қолданылып жүргенін байқау қиын емес. Сондықтан қазақ терминологиясының негізін салған ұлы ғалымдарымыз А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Ә.Қайдар және тағы басқа ғалымдарымыз негізге алған бағыттары мен қағидастарын ескеріп, олардың ең тиімділерін дұрыс қолдана білу терминжасам ғылымының өзекті мәселесі болып отыр. Сонымен қоса термин жасауда олар қолданған кейбір әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалануымызға болады, өйткені ғалымдарымыз тәжірибесінде олардың қаншалықты тиімді немесе тиімсіз болғанын көруімізге болады. Бұл термин жасауда дайын ұтымды модел деген сөз. Дегенмен бұл модел толықтыруды талап етеді. Өйткені тіл үнемі өзгеріп, дамып отыратын құбылыс және қоғам өміріндегі барлық ғылыми-техникалық, саяси, әлеуметтік, экономикалық жасаушылықтар мен өзгерістер тілде көрініс табады. Ал ғылыми-техникалық, саяси, әлеуметтік, экономикалық жасаушылықтармен алмасу үдерістерінде термин ең бір маңызды рөл атқарып, арнаулы ғылыми ақпаратты беруші тілдік бірлік болып табылады. Мұның себебі терминнің ақпараттық қызметімен, яғни оның арнаулы білімдерді тасымалдау міндетімен айқындалады.*

*Кілтті сөздер: термин, терминтану, пуризм, қағида, интернационалдылық.*

**КІРІСПЕ**

Қазіргі жаһандану үдерісінде әлемдік деңгейдегі талаптарға сай әрі кез келген заманауи ғылыми-технологиялық ақпараттар мен жаңалықтар көрініс табатын қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесін бұдан да жоғарылату, әлеуметтік өміріміздің барлық саласында ресми түрде қызмет етуіне сонымен бірге ғылым тілі дәрежесінің мынсыз болуына бүгінгі таңдағы жүргізіліп жатқан іс-шаралар соның бір айғағы деуімізге болады. Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін алған күннен бастап оның рөлі айтарлықтай өсті, әсіресе барлық функциясының кеңеюі және қарым-қатынас жасаудың барлық аясында көрініс табады. Қазіргі таңда жаһандану үдерісінен арта қалмау барлық елдің мүддесі, дегенмен өз ұлттық болмысын сақтап қалу одан да маңызды болып отыр. Ал әр ұлттың болмысы тілінде көрініс табады. Сондықтан қазақ тілінің жағдайын жақсарту, ұлттық болмысымызды сақтап қалу үшін тілдік саясатымызға сәйкес лингвистикалық зерттеулер қажет, соның бірі – ұлттық тілімізге ешқандай нұқсан келтірмей, әлемдік стандартқа сай терминологиялық қорымыздың сапасын жақсарту мәселесі.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Ұлттың қоғамдық-саяси, рухани-мәдени өмірінде болып жататын өзгерістердің барлығы оның тілінен көрініс таппай қалмайды. Тіл тек қатынас құралы ғана емес, халықтың танымы мен білімінің жинақтаушысы да болғандықтан солай болуы заңды да. Ғылым тілінің даму тарихын да халық өмірінде болған өзгерістермен байланыстырмай, бөліп алып қарауға болмайды. Сондықтан да біз бүкіл термин шығармашылығын, терминологиялық лексиканың барлық тәсілдері арқылы жасалған терминдерді қоғам өмірінде болған сондай өзгерістермен тікелей байланыста қарастыру қажет деп білеміз. Қазақ терминологиясының қалыптасу, даму тарихы термин шығармашылығының барлық уақытта бір қалыпты жүріп жататын процесс емес екендігін көрсетеді. Түрлі себептердің әсерінен белгілі бір мерзім аралығында терминдер қатары тез өсіп, терминологиялық лексиканың ауқымы молая түссе, келесі бір уақыт аралығында ондай қарқындылық байқалмайды. Оның бірнеше себептері бар. Солардың ішіндегі термин шығармашылығына тікелей ықпал ететін ең басты факторлардың бірі – ғылым мен техниканың дамуы болса, екіншісі – сол елде үстемдік етуші тілдік саясат. Ғылым жақсы дамыған тұста көптеген жаңа ұғымдар пайда болып, олар тілден өзінің таңбаланушысын табуы қажет етеді, мұндай құбылыс арнаулы саланың барлығына емес, санаулы бір ғылым салаларына ғана тән болуы да мүмкін. Көбіне солай болады да. Ұлт тілінің ғылым саласындағы қызметі, термин шығармашылығына қатыстырылуы сол тілдің қоғамда атқаратын рөлімен тікелей байланысты. Ал тілдің қоғамда қандай рөл атқаратындығын сол елдің



тілдік саясаты белгілейтіндігіне өткен ғасырдағы қазақ терминологиясының даму жолдары куә бола алады. Бұл зерттеуімізде өзімізге дейінгі қазақ терминологиясының даму тарихын кезеңдестіру мәселесіне тоқталған ғалымдардың пікірлері де назарынан тыс қалмады.

Қазақ тілінің терминологиялық лексикасының қалыптасуы аталған факторларға сәйкес кезеңдестіріледі. Төменде қазақ лексикасының терминденуі төрт кезеңге бөлініп қарастырылады. Олар:

1) XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың 10-жылдарына дейінгі бірінші кезең – алғашқы қазақ басылымдары мен кітаптардың шығуына байланысты жекелеген сөздер терминдене бастады;

2) 1910 жылдан 1930 жылға дейінгі екінші кезең – қазақ тілі білім беру, ғылым салаларында мүмкіндігінше пайдаланылып, ұлт тілінде термин жасауға айрықша мән берілді;

3) 1930 жылдар мен 1990 жылдарға дейінгі аралықты қамтитын үшінші кезең – Орыс тілі негізінде совет халқына ортақ терминологиялық қор құру мақсаты көзделеді;

4) 1990 жылдан бергі төртінші кезең – қоғам өмірінде болған түбегейлі өзгерістерге байланысты ұлт тілінде термин жасау қажеттілігі туындап, қазақ тілі термин шығармашылығында пайдаланыла бастады [1].

Қазақ терминологиясы дамуының қай кезеңін алып қарасақ та терминологияның даму бағытын белгілеу мәселесі көтеріліп, және де бұл мәселе әр кезеңнің өз талабына, сол уақыттағы нақты тарихи жағдай мен елдің тіл саясатына, ғылым-білімнің даму деңгейіне сәйкес шешімін тауып та отырған. Қазақ терминологиясының даму тарихына көз жүгіртер болсақ, ғылым тілі өркендеуінің әр кезеңі өз дәуірінің ерекшелігіне лайық қағидаттарды өмірге әкелгенін көреміз. 20-жылдары А. Байтұрсынұлы мен Е. Омарұлы, 30-жылдары Қ. Жұбанов, 90-жылдары Ә. Қайдар ұсынған қағидаттардың қай-қайсысын алсақ та, олардың мемлекеттің тиісті кезеңде жүргізіп отырған тіл саясатына сәйкес жасалғанын айқын аңғаруға болады. Әр кезең ғалымдарының өздері басшылыққа алған бағыт-бағдарлары, қағидаттары мен қолданған әдіс-тәсілдері болды. Олар бір-бірінен ерекшеленіп, тіпті бір-біріне қайшы келген тұстары да бар. Ал енді әр кезең ғалымдарының ұсынған қағидаттарына тоқталсақ, Терминология туралы сөз айтылған жерде А. Байтұрсынұлының атын айтпай өтуге болмайды, өйткені ол кісі қазақ терминологиясын ғана емес, қазақ тілінің негізін салушы ғалым. «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын... Сондықтан сөзден сөз жасап шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі

бірдей жақсы бола бермейді», [2] – деп, тілдің міндетін терең түсініп, оны терминшығармашылығында асқан шеберлікпен, үлкен жауапкершілікпен жұмсай білген ұлы тұлғаның қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі ұшан-теңіз.

Орыстың ғылым тілінің даму тарихын зерттеуші ғалымдар бірауыздан энциклопедист-ғалым М. В. Ломоносовты – «орыс ғылыми терминологиясының атасы» – дейтін болса, Қазақстан ғылымының тарихындағы ондай орынды ұлттымыздың бағына туған перзенті аса дарынды ғалым Ахмет Байтұрсынұлы иеленіп тұр [3].

1910–1930 жылдар аралығын еш талассыз қазақ терминологиясы дамуының «Байтұрсынұлы кезеңі» деуге толық негіз бар. Өйткені ғасыр басынан 30 жылдарға дейінгі қазақ терминологиясының дамуы Ахмет Байтұрсынұлы есімімен тығыз байланысты. Өйткені ол өзі жүздеген терминдер жасап, оларды қолданысқа енгізіп, ұлт тілінде термин жасаудың үлгісін көрсетті. Қазақтың ғылым тілінің, ұлттық терминологиялық қорының қалыптасуына А. Байтұрсынұлы өзі тікелей басшылық етті. Осы кезеңде қазақ тілінде алғашқы оқулықтар мен түрлі деңгейдегі ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектер жазып, бұл істің басында тұрған А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, Х. Досмұхамедұлы, Ж. Күдерин, Е. Омарұлы, С. Қожанұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабайұлы, Ж. Аймауытұлы, Н. Төреқұлұлы, Ғ. Қараш, К. Жәленов, Т. Шонанов сияқты қазақ зиялыларының салалық терминологияның қалыптасуына өзіндік үлестерін қосқандығы бүгінде жұртшылыққа жақсы таныс. Оған аттары аталған зиялылардың еңбектерінде кездесетін, бүгінгі терминқорымыздан берік орын алған көптеген ғылыми атаулар куә бола алады. А. Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларының ғылыми терминологиясының негізін қалаумен бірге әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты да көптеген терминдер жасаған ғалым. Жалпы алғанда, А. Байтұрсынұлының термин шығармашылығында лексика-семантикалық тәсілден гөрі морфологиялық және синтаксистік тәсілдерді көбірек пайдаланғандығы аңғарылады. Ш. Жалмаханов еңбектерінің бірінде «Ахаң пайдаланған терминдердің ішінде ең көп қолданылғаны күрделі тұлғалы терминдер – 245, ал дара тұлғалы терминдер – 65, оның 20-сы түбір сөзден, 45-і туынды сөзден болған» – дейді. Мұны кездейсоқ нәрсе деуге болмайды. Ғалым ұғымдар жүйесінің ерекшелігін терең түсіне отырып, әр ұғымның көлемі мен мазмұнын дәл қамтитын атау жасауды көздеген. Яғни, әр ұғымның өз таңбалаушысы болуына мән бергендігі байқалады. Сондықтан да ол аталған тәсілдерді пайдалану арқылы көптеген жаңа терминдер жасаған [4].

А. Байтұрсынұлының кейбір термин жасау үлгілерін (модельдерін) немесе ұлт тілінде бұрыннан бар тұлғалас сөздерді терминдік мағынада



жұмсаған тәжірибесін кейінгі оқулықтар жазған авторлар салалық термин жасауда пайдаланған. А. Байтұрсынұлының қаламынан туындаған тұрлаусыз мүше, тұрлаулы мүше, одағай сөз, сабақтас сөйлем терминдері Е. Омарұлының оқулығындағы тұрлаусыз шама, тұрлаулы шама, одағай сан, сабақтас пішін терминдерінің жасалуына себеп болғандығын, олардың арасындағы сабақтастықты көрсететін басқа да нақты мысалдар өте көп. А. Байтұрсынұлы ұлт ғылымының көшбасшысы Академиялық орталықтың («Акцентр») тұңғыш төрағасы, өзге тілдерден енген терминдерді ұлт тіліне аударып, термин жасап, қазақ терминологиясын қалыптастыру үшін 1922 жылы құрылған комиссияның төрағасы ретінде ғылым тілінің даму үрдісін белгілей отырып, терминқорымыздың ұлт тілі негізінде жасалуына өлшеусіз үлес қосты. А. Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың басындағы қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаушы, яғни қазақ терминологиясының тұңғыш ғылыми қағидаттарын жасаушылардың бірі.

1924 жылдың маусым айында Орынборда «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің 1-съезі» болып, онда қазақ терминологиясын қалыптастырудың алғашқы қағидаттары бекітілді. Съезде терминологияны қалыптастырудың басты қағидаттарын белгілеу жөніндегі баяндаманы Елдес Омарұлы жасады. «Қазақша пән сөздер тақырыпты Елдестің баяндамасы» негізінде съезд қаулы қабылданды. Ол қағидаттар мыналар:

1 Қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынатын болсын. Қазақша сөздерден түбірге жұрнақ жалғап, жаңа сөз шығарғанда, жұрнақтарды Елдестің баяндамасында айтылған жолмен талғап алуға тиіс;

2 Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түрік халықтарынан ізделсін; басқа түріктер тіліндегі пән сөздер жалпы түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, ондай сөздер жатырқамай алынсын;

3 Еуропа халықтарының бәрінің де тіліне сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ пән сөздер, қазақ тілінің заңдарына сай келтіріліп, бізге де пән сөз болып алынсын, жалпы Еуропа сөзі мен қазақша сөз түбінде екеуі қатар жазылып отыратын болсын;

4 Қазақтың өз тілінен басқа тілдерден алынған пән сөздер қазақ тілінің баяндамада көрсетілген заңдарынша өзгертіп алынсын;

5 Қазақша пән сөздерін тексеріп қабылдап алатын қазақ ілім кеңесі, жалпы қазақ халқы үшін жалғыз болсын; пән сөздер әуелі ілім кеңесінің жанында өз пәнінің мамандарынан сайланған, өз пәнінің өзіне дербес кемесіелерде тексерілетін болсын; Кемесіенің қабылдап алған сөздері баспасөз жүзінде жарияланып, көптің сынына түскеннен кейін, ілім кемесіесінің қарауына тапсырылып, сонда бекіп шығатын болсын; қазақша сөздер әліпби ретімен тізіліп, лұғат кітәбі болып жазылып шығарылсын.

Бұл қаулыға қосымша есебінде, Ә. Бөкейханов: «қағаз бетіне кісінің аты-жөнін жазғанда, орысшаға еліктеп, әкесінің атына «оп» деп қосып жазу қалсын» – деген ұсынысы тіркелді. Осы жайттарды және сол кезеңдегі бүкіл терминологияны қалыптастыру ісінің басы-қасында А. Байтұрсынұлының жүргенін, жетекшілік жасағанын, термин жасаудың үлгісін көрсеткенін және съезд бекіткен қағидат негізінде біршама толықтырылып, жүйеленген терминология қағидаттары жөніндегі баяндаманы Бакуде өткен Бірінші бүкілодақтық түркологиялық құрылтайда А. Байтұрсынұлының жасағанын ескерсек, оның бұл іске тікелей қатысы болғанын, қосқан үлесінің үлкен екенін көруге болады.

Ондағы А. Байтұрсынұлының ұсынған қағидаттары мыналар:

а) Ең алдымен термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу. Бұл қазақ тілінің жоғарыдағылар мен төмендегілердің, дәлірек айтқанда сауаттылар мен сауатсыздардың тілі болып жіктелмесі үшін керек. Қай жерде және кім бастырып шығарса да баспа өнімдері, газет-журналдар, кітапшалар пайда әкелуі үшін, тіл қалың көпшілікке түсінікті болуға тиіс;

б) Ондай сөздер қазақ тілінде болмаған жағдайда оларды туыстас тілдерден алу. Олай етуіміздің себебі:

- туыстас тілдердің көптеген сөздерінің тұлғалары бірдей болмаса да олар ортақ түбірден тараған, сол себепті туыстас емес тілдердің сөздеріне қарағанда оларды түсіну жеңіл және естігенде де айқанда да бөтен болып сезілмейді;

- түркі халықтары қашанда өзара қарым-қатынаста болған және бола да береді, сондықтан да бір тілдің көптеген сөздері ортақ түбірден өрбімесе де өзге тілдің тұтынушыларына таныс болуы мүмкін.

в) Жаппай қолданылатын әлемдік терминдер қабылдана алады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертілуі керек. Оларды алмастыруға болатын қазақ сөздері болған жағдайда таңдауды қоғамның өзі жасауы үшін, екеуі де қатар алынуға тиіс. Жаппай қолданылатын деп біз араб сөздерін емес, қазіргі кең тараған еуропа сөздерін айтып отырмыз. Араб сөздеріне қарағанда оларға басымдық беріп отыруымыздың себебі біз қазір араб емес еуропа мәдениетіне ден қойып отырмыз. Еуропа мәдениетінің барлық жетістіктері тұтастай еуропа тілдерінде атала алады. Алайда кірме терминдер біздің қазақ тілінің айтылуына бағынуға тиіс, яғни оларға тілдің қалыпты артикуляциясынан бастау алатын біздің тіліміздің дыбыстық заңдылықтары үстемдік етуі (таратылуы) керек. Шет тілдерінің сөздерін өзіміздікі ету үшін, бұл міндетті түрде солай болуы қажет.

г) Қазақ тілінің табиғатына сәйкеспейтін барлық өзге тілдердің сөздері дәл қазақтың айтуына сәйкес өзгертілуі керек. Бұл дегеніміз, біріншіден, құрамында қазақ тіліне жат дыбыстары бар барлық сөздердің тиісті төл

дыбыстарымызбен алмастырылады, екіншіден, кірме сөздердің жұрнақтары қазақ жұрнақтарымен алмастырылады, үшіншіден, қосарлы дыбыстардың біреуі ғана қабылданады, төртіншіден, қазақ тіліне жат қосымшалар Оренбург – Орынбор, Самара – Самар, пуховой – бөкебай, покров – боқырау, Адамовский – Адамау т.б. сияқты тілге қажетті талап шеңберінде өзгертілуге тиіс». А. Байтұрсынұлы құрылтайға қатынасушыларға осы принциптерді таныстыра отырып және өзге түркілердің де ғылыми терминологияны қалыптастыруда оларды басшылыққа алса дұрыс болатындығын айта келіп, өз ойын былай түйіндейді: «Этим путем каждый из нас, разгрузив свой язык от балласта чужих слов и отчистив его от засоренности влиянием чужого языка, сделали бы доступными произведения своей печати и своей народной массе и другим тюркским народностям» [5].

Қазақ терминологиясы дамуының 30-жылдардан басталған кезеңі профессор Құдайберген Жұбанов есімімен тығыз байланысты. Ол тілші-ғалым ретінде де сол кезеңде Мемлекеттік терминология комиссиясының төрағасы ретінде де терминқорымыздың қалыптасуына тікелей ықпал еткен. Жалпы қазақ терминологиясының кеңес дәуіріндегі дамуын Қ. Жұбановсыз елестету мүмкін емес. Дәлірек айтқанда ол қазақ тіл білімі дамуының А. Байтұрсынұлынан кейінгі отызыншы жылдардан бастау алатын кезеңнің көшбасшысы. Қазақ совет тіл білімінің, терминологиясының отызыншы жылдардан басталған жаңа кезеңінде терминология қағидаттарын жасап, оның даму бағытын белгілеуші және сол жылдары осы салада өнімді де белсенді жұмыс атқарған ғалым. Оның қазақ тіл білімінің фонетикасы мен морфологиясы, синтаксисі сияқты салалары бойынша жазылған және тіл тарихына, әдістемеге қатысты еңбектері осы салаларды жан-жақты зерттеп жүрген тілші-ғалымдар назарынан тыс қалып көрген емес, әлі зерттеле де жатар. Профессор Құдайберген Жұбанов жасап, 1935 жылы Мәдени қызметкерлер съезі бекіткен қағидаттарды ғалымның 1966 жылы жарық көрген «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты еңбегіндегі орысша нұсқасынан аударылған қазақша нұсқасы мыналар:

1 Әдеби тілдер практикасында ұлт тілдеріне аударылмайтын, халықаралық біртұтас белгілері бар революция, совет, теория, практика, тенденция, медицина, хирургия, климат, абсолютный, конкретный, т.б. сияқты терминдер қазақ тіліне аударылмай, сол халықаралық біртұтас белгіленуінде қабылдансын;

2 Әдеби тілдер практикасында ұлт тілдеріне аударылатын производство, труд, деньги, корень, стебель, мышцы, деление, умножение және т.б. сияқты халықаралық терминдер қазақ тіліне аударылсын. Егер де аударылуға тиісті терминнің қазақ тілінде баламасы болмаса немесе оның қазақ тіліндегі аудармасы оны түсініксіз ететін болса (кей жағдайларда терминнің

мағынасын бұрмаласа), онда тиісті орыс сөзі қабылдансын: сословие, состав, клетка, слет және т.б.;

3 Түрлі пәндерде белгілі бір мағынада немесе бір-біріне жақын мағыналарда қолданылатын терминдер бірдей белгіленсін: форма – форма (философияда және физикада), материя – материя (философияда және физикада), корень – түбір (математикада, ботаникада және лингвистикада), морфология – морфология (ботаникада және лингвистикада), реакция – реакция (химияда, биологияда, саясатта), экскурсия – экскурсия (білім беру саласында және физиологияда);

4 Түрлі жағдайларда әртүрлі мағына беретін мануфактура (тарихи-экономикалық және тауарлық мағынада), продукт (өндіріс өнімі және азық-түлік мағынасында), легенда (фольклорлық жанр ретінде және аннотация ретінде) және т.б. осы сынды терминдер бір пән үшін термин ретінде қабылдансын, қалған жағдайларда аударылсын. Мысалы, мануфактура экономикалық дамудың кезеңі ретінде термин де (аударылмайды), ал тауар түрі ретінде термин емес (аударылады);

5 Халықаралық терминдер орыс әдебиетінде қалай жазылса, сол түрінде қабылданады. Егер қазақ тілінде кей дыбыстар болмаған жағдайда (бұл терминдерді беру үшін), олар қазақ әліпбиі шегіндегі әріптермен бейнеленеді (форма – форма, химия – химия, революция – революция және т.б.);

6 Қазақ тіліне аударылған терминдер өзінің ғылыми мазмұнын сақтаулары қажет. Оларды аудару кезінде қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктерін қатаң ескеріп, терминдерді түсініксіз қылып жіберетін жасанды сөз жасау амалдарын қолданбау керек. Мәселен, беріліс – передача, көркіл – многоугольник, тоқыма – текстиль, тәжірғе – практика т.б.;

7 Есім және етістік-есім формасында берілген терминдер сол күйінде қабылдансын (изация, ификация, ация формальдық элементтері арқылы жасалған «машинизация», «электрификация», «объективация» сынды каузативтік формасы бар сөздерді ескермегенде; олар қазақтың тасијналандыру, электирлендіру, объектиртену формаларына сәйкес келеді). -ский, -ный жұрнақтарымен аяқталатын сын есімдерден жасалған анықтауыш халықаралық терминдер қазақ тілінде қысқа түрінде, яғни -ский, -ный-сыз қабылдансын: популярная книга – популяр кітап; абсолютная величина – абсолют сана; буржуазная идеология – буржуаз идея; экстенсивное хозяйство – екстенсив шаруашылық, дифференциальное уравнение – дифференциал теңдеме. Негізіндегі к әрпін ч әрпіне айналдыру арқылы – ский жұрнағымен жасалғанын есімдер ешқандай қосымшасыз зат есім сияқты қалдырылсын: электрическая лампа – электік сандық; физическая география – физикалық география және т.б. Зат есім және сын есім негізінде жасалған етістік формалары тиісті қазақ суффикстері арқылы жасалсын: изолировать –

ijzolatsijalav, машинизировать – macijnalandyuv және т.б. Орыс тілінде есім формалары жоқ, тек етістік формалары ғана бар немесе есім мағынасынан алшақтап кеткен терминдер контекске қарай аударылсын: игнорировать, регулировать, реагировать (соңғысы «реакция» деген есім формасынан өте алшақтап кеткен);

8 Терминдермен бірге қазақ тіліне халықаралық терминологиялық практикада қолданылатын, қазақ суффикстерімен алмастырылмайтын бірқатар аффикстер енгізілсін, мысалы, ист, изм (суффикстер); ре, син, анти, контр (префикстер). Терминдерде кездесетін көптеген басқа аффикстер қазақ тілінде сақталсын, бірақ формальдық элемент ретінде атап көрсетілмей, негіздің құрамдас бөлігі саналсын;

9 Басқа сөздерге қосылатын терминдердің қысқарған түрлері (авто, аэро, авиа, т.т.) қазақ сөздеріне қосылып жазылсын: артоқол, артоқатынас, абиасана және т.б. Диктатура, революция, совет, теория, практика, контрреволюция, милитаризм және басқа да қазақ тілінде аударылып қана қолданылып жүрген терминдер аударылмай, интернационалдық формада қабылдансын;

10 Қазақ сөзжасамы практикасына Қазан революциясынан бастап қазіргі орыс тілінде кеңінен қолданылып жүрген қысқарған күрделі сөздер енгізілсін, сөзжасамның бұл тәсілі революция енгізген жетістік деп саналсын (политэкономия – polijtekonomija, райисполком – avatkom және т.б.). Дегенмен бұндай қысқартулар жасаған кезде оларды қазақ әдеби тілінің заңдарымен байланыстыра отырып, практикада Мемлекеттік терминология комиссиясы қабылдаған сөздерді ғана пайдалану керек.

Бұл қағидаттарда негізінен халықаралық терминдер мен орыс тіліндегі атауларды, қосымшаларды тілімізге қабылдаудың жолдары, тәртібі көрсетіледі.

Қ. Жұбанов қағидаттары жөнінде сөз қозғап, ол жасаған қағидаттар жөнінде түрлі пікірлер айтқан ғалымдарымыз А. Әбдірахманов, Ө. Айтбайұлы, Ш. Біләлов т.б.

Қазақ терминологиясын дамытудың Қ. Жұбанов қағидаттары жөнінде пікірін ұдайы айтып жүрген тілші ғалымдардың бірі – академик Ө. Айтбайұлы. Ғалымның Қ. Жұбанов қағидаттары туралы кеңестік кезеңде айтылған пікірлерінде бұл қағидаттардың прогрестік жағы, терминологияны дұрыс қалыптастыруға септігін тигізгені атап көрсетіледі де, ал соңғы 10–15 жылдың көлемінде жазылған еңбектерінде керісінше, бұл қағидаттардың ұлт тілінің мүддесіне сай жасалмағандығы, тілдік заңдылықтарымыздың ескерілмегендігі баса айтылады.

Ш. Біләлов 30-жылдардан бергі ғылым тілінің дамуын «ғылым тіліндегі ұлттық тіректің шайқалу кезеңі» деп атай отырып, Қ. Жұбанов қағидаттарының әр пунктіне арнайы тоқталып, талдау жасаған. Ол он қағидаттың тек екеуімен (3,10) ішінара ғана келіседі де, ал қалған сегіз

(1,2,4,5,6,7,8,9) шартымен келіспейтіндігін білдіреді. Зерттеуші Қ. Жұбанов қағидаттарымен келіспеуге негіз болған өз дәйектерін алға тартады. Оның монографиясының он беті (92–102 б.) осы мәселеге арналған. Қ. Жұбанов қағидаттарын талдай келіп, Ш. Біләлов төмендегідей тұжырым жасайды. «Мінеки, мемлекет тарапынан қаулы қабылданып, заңдастырылған атау жасау қағидалары осындай. Бұл қағидалар мүлтіксіз орындауға міндеттейді.

Сондықтан да, мемлекеттік қадағалауды қажет етеді. Бірақ, бұл мемлекет тарапынан жасалған ұлттық тілге деген қамқорлықтан гөрі, оған жасалып отырған қысымға көбірек ұқсайды. Бұл қағидалар орыс тіліндегі атаулар жасалу негізін басшылыққа алған. Әр тілдің өз ерекшеліктері, өзіндік даму жолы есепке алынбаған. Ғылыми тұрғыдан дәйекті түрде тиянақталмаған, түбегейлі зерттелмеген мәселені жаппай міндеттеу орынды іс емес, әрине. Бірақ мемлекет, қоғам даму бағыты осы жолды еріксіз таңдауға мәжбүр еткен іспетті. Сонымен, мемтерминком бекіткен атау жасау қағидалары ұлт тілінің даму аясын барынша тарылтып, оның еркін дамуына нұқсан келтірді» [6].

Ал терминология саласында біршама өнімді еңбек еткен тілші ғалым А. Әбдірахманов «Қ. Жұбанов пуристік бағытпен қажымай күрес жүргізді» – деп атап көрсетеді [7].

Ө. Айтбаев «Тіпті орыс тілі арқылы тілге еніп, сіңісіп жатқан халықаралық терминдердің өзін қалайда қазақша аударуға әрекеттенген солақай сақшылықтың да (пуризм) болғаны белгілі» – деп жазады [8].

Академик Ө. Қайдардың қағидаттары 1993 жылы «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» деген атпен жеке кітапша түрінде және «ҚР ҰҒА-ның Хабарлары» ғылыми журналының 1993 жылғы №1 санында жарияланды [9].

Төменде осы қағидаттарды барынша ықшамдалған, оның негізгі ұстанымдары ғана беріледі.

1 – принцип: Егеменді ел, тәуелсіз мемлекеттің басты белгілерінің (атрибууттарының) бірі – мемлекеттік тіл десек, оның негізгі тіректерінің бірі – терминологияны жан-жақты дамытуға, реттеуге, қалыптастыруға, кеңінен қолдануға сол мемлекеттің өзі қамқорлық жасауы керек.

2 – принцип: Қазақ тілі терминологиясының жақсы дәстүрлерін жалғастыра, өскелең өмірдің биік талап-талғамына сай жүз беріп отырған бұқаралық үрдістің тіл үшін тиімді де қажетті жақтарын саналы түрде пайдалану.

3 – принцип: Салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде, ауыстыруда ең алдымен қазақ тілінің төл, және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану.

4 – принцип: (қазақ терминологиясы үшін жаңа бағыт): Термин шығармашылығында бұдан кейін туысқан түркі тілдерінің (әсіресе

терминология дәстүріне бай жазба тілдердің) озық тәжірибелерінен, терминдік өрнек-үлгілерінен, оңтайлы да үйлесімді сөз жасау модельдерінен мүмкіндігіне қарай пайдалану.

5 – принцип: (бұрынғы принциптің жаңаша баяндалуы): Тіліміз үшін қажет, бірақ дәл баламасы жоқ, аударуға келе бермейтін интернационалдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау.

6 – принцип: Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген термин-атауларды мүмкін болғанынша қазақша аударып қолдану; аударуға келмейтіндерін бұрынғыдай сол қалпында емес, қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау.

7 – принцип: (қысқартылған терминдер мен атаулар жайында): Салалық күрделі терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша (сөз араластырылып та) кеңестік-интернационалдық термин-атаулардың үлгісімен қысқартып қолдануды заңдастыру.

8 – принцип: Күн санап толассыз туындап жатқан терминдік ұғымдарға тілімізден дәл балама іздеуде де, термин-атауларды жаңадан жасауда да жалпы терминдерге тән талаптарды сақтай отыра, дәстүр мен шарттылық заңдылығын мойындау.

9 – принцип: Тілімізге қабылданатын терминдер мен атаулардың мағыналық, тұлғалық жағынан жақындарын өзара топтастырып, салыстыра отырып, лексикалық байлығымызды салалық жүйе бойынша жіктеп, саралап пайдалану.

10 – принцип: Тіліміздегі ұлттық және интернационалдық термин-атаулардың сандық және сапалық ара салмағын табиғи қалыпта сақтаудың жолдарын іздестіру.

11 – принцип: Терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу [10].

Ә. Қайдардың ұсынған қағидаттарына пікір айтып, өз ойын ортаға салған ғалымдардың бірі – Ө. Айтбайұлы. «Біз проф. Ә. Қайдаровтың бұл «жаңаша көзқарасын» негізінен қуаттай отырып қайсыбір тұстардағы өзіміздік топшылауларымызды да ортаға сала кеткенді жөн көріп отырмыз. Біз қазақ тілінде термин жасаудың он бір емес, шынтуайтына келсек, жеті принципі бой көрсететінін байқаймыз. Тілдік материалдар осы жеті принцип шеңберіне топтай беретін тәрізді. Әңгіме бұл принциптердің санында емес, мәнінде ғой» – дейді ол [11].

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Әрине, алдыңғы толқын ағаларды, өткен кезенді кінәлағаннан ешкімнің ешнәрсе ұтпасы анық, оның қажеті де шамалы. Алайда қазіргі кезеңде терминология саласында қалыптасып отырған жағдайға шынайы баға беріп,

оның алдағы уақыттағы даму бағытын дұрыс белгілеу үшін де терминқор қалыптастыруда жүріп өткен жолымызды саралап, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді анықтап алмай болмайды. Өткеннен сабақ алып, аға буынның тәжірибесі мен қол жеткізген нәтижелерін ұтымды пайдалану мен қатар алға қадам басу үшін кешегі кемшіліктер мен қателіктерді қайталамау да аса маңызды.

Қазақ терминологиясының ХХ ғасырдағы даму, қалыптасу үрдісіне, басшылыққа алынған қағидаттарына арнайы тоқталып отыруымыздың себебі де осында. Қазақ терминологиясы бүгіннен бастау алып отырған жоқ, бізге дейін де бұл саланы дамытудың түрлі жолдары таңдалған, талай іс атқарылған, сондықтан да өткенімізді зерделеп алмай тұрып, ертеңіміз туралы әңгіме қозғау қисынсыздау. Өткеніміз туралы сөз қозғағанда тек замананы, уақытты ғана кінәлап, түрлі субъективтік себептермен «жауырды жаба тоқымай», әр кезеңнің ерекшелігін ескере отырып, сол кешегі күніміздің шындығын бұрмаламай көрсете алсақ қана, ертеңге дұрыс жол сілтеу мүмкіндігіне ие болсақ керек. Мұндай жауапкершілікті сезінбеген жерде ісіміздің ілгері басуына септігіміз тиеді дегенге сену қиын.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Құрманбайұлы, Ш.** Қазақ Терминологиясы, – Алматы, 2014 «Сардар» Баспа Үйі.

2 **Байтұрсынов, А.** Тіл тағылымы. – Алматы. 1992. – 425 б.

3 **Даниленко, В. П., Канделаки, Т. Л.** Русская терминология // Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. – М., 1986. – С. 182.

4 **Жалмаханов, Ш. А.** Байтұрсынұлы – қазақ лингвистикасы терминдерінің негізін салушы. – Қарағанды, 1997. – 3 б.

5 **Байтұрсынов, А.** Шығармалар. Алматы, 1989. – 141 б. А. Байтұрсынұлының 1926 жылы Бакуде сиезде жасаған орысша баяндамасындағы орысша нұсқасынан аударылып беріліп отыр.

6 **Біләлов, Ш.** Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері. – Алматы, 1996. – 92–102 бб.

7 **Әбдірахманов, А.** Қазақ терминологиясының түп қазығы // Құдайбереген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі, – Алматы, 1990. – 178 б.

8 **Айтбаев, Ө.** Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988. – 93 б.

9 **Қайдаров, Ә.** Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1993. № 1. – 3–17 бб.

10 **Құрманбайұлы, Ш.** Қазақ Терминологиясы. – Алматы, 2014. «Сардар» Баспа үйі, 249 б.



11 **Айтбайұлы, Ө.** Терминжасамның қайсыбір қалтарыстары//  
Терминология: теория және тәжірибе. – Астана, 2001. 22 б.

Материал 31.10.19 баспаға түсті.

С. Б. Бектемирова<sup>1</sup>, З. А. Умирова<sup>2</sup>

**Этапы развития казахской терминологии и основные принципы  
каждого этапа**

<sup>1,2</sup>Факультет филологии и мировых языков,  
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
г. Алматы, 050000, Республики Казахстан.  
Материал поступил в редакцию 31.10.19.

S. B. Bektemirova<sup>1</sup>, Z. A. Umirova<sup>2</sup>

**The stages of development of Kazakh terminology and basic principles  
of each stage**

<sup>1,2</sup>Faculty of Philology and World Languages,  
al-Farabi Kazakh National University,  
Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.  
Material received on 31.10.19.

*В статье идет речь о полученных принципах, которые исходят из истории казахского терминологического образования. Потому что в настоящее время без учета принципов, многие ученые начали процесс самостоятельного терминологического образования. Тем самым не сложно заметить, что качество терминов снизилось так как у одного термина появилась несколько вариантов, и их начали использовать не уместно. Поэтому актуальной проблемой терминологической науки является правильное применение самых эффективных основополагающих направлений и принципов, упомянутые основоположниками казахской терминологии, великими учеными А. Байтурсиновым, К. Жубановым, А. Кайдаровым и другими нашими учеными. А также в образовании можно выгодно применить некоторые приемы и методы, которые они использовали, потому что мы можем увидеть на практике наших учёных, насколько они были эффективны или неэффективны. Это готовая выгодная модель в образовании терминов. Но все равно эта модель требует дополнения. Потому что, язык постоянно меняющееся и развивающееся явление, и все научно-технические, политические, социальные, экономические новшества и изменения в жизни общества проявляются в языке. Термин является языковой*

*единицей, передающей специальную научную информацию. Термин играет важную роль в обмене процессами и научно-техническими, политическими, социальными, экономическими новшествами. Причиной тому является информационная функция термина, т.е. его обязанности переносить специальное знание.*

*The article deals with the principles obtained, which proceed from the history of the Kazakh terminology. Because now without taking into account these principles, many scientists have begun the process of self-creation of terms. Thereby, it is not difficult to notice that the quality of terms has decreased since one term had several options, and they were not used appropriately. Therefore, the actual problem of terminological science is the correct application of the most effective fundamental directions and principles mentioned by the founders of Kazakh terminology, the great scientists A. Baitursynov, K. Zhubanov, A. Kaydarov and other our scientists. And also in formation of terms, it is possible to apply some techniques and methods that they used, because in the practice of our scientists we can see whether they were effective or ineffective. This is a ready profitable model in the formation of terms. But still, this model requires additions. Because the language is a constantly changing and developing phenomenon, and all scientific, technical, political, social, economic innovations and changes in the life of society are manifested in the language. The term is a language unit that conveys special scientific information. The term plays an important role in the exchange of processes and scientific, technical, political, social, economic innovations. The reason for this is the informative function of the term, i.e. its responsibilities transfer special knowledge.*



**А. А. Гируцкий**

д.ф.н., профессор, кафедра «Языкознания и лингводидактики», Белорусский государственный педагогический университет имени М. Танка, г. Минск, 220030, Беларусь

**МАТРИЦА СЛОВА (АБСОЛЮТА)  
КАК ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЙ ИНСТРУМЕНТ  
ПРЕДСТАВЛЕНИЯ ФУНДАМЕНТАЛЬНОГО  
ЗНАНИЯ В МЕТАПРЕДМЕТНЫХ СВЯЗЯХ:  
ДИСКУРСНАЯ ПРАКТИКА**

*Характеризуется одна из тенденций современного образования: широкое развитие междисциплинарных связей с попытками выхода в рамках одной дисциплины в универсум знания. Отмечается, что эта тенденция требует разработки когнитивного инструментария представления больших объемов информации в максимально сжатом и доступном для студентов виде с сохранением её актуального знания, приспособленного к изучаемому предмету. В качестве эффективного инструмента для решения этих задач предлагаются матричные технологии. Универсальной матрицей мироздания и основой общенаучного знания в статье выступает матрица Слова в виде её геометрического образа. Указываются основные практические результаты использования матрицы слова в образовательном и научном дискурсах.*

*Ключевые слова: матрица, дискурсная практика, матричные технологии, междисциплинарные связи.*

Современное образование характеризуется все более широким развитием связей не только между дисциплинами, принадлежащими к одной и той же профессиональной области, скажем, филологии, истории, биологии, физике, математике и др., и не только нахождением таких связей в своей отрасли знания в целом – гуманитарной, естественнонаучной, физико-математической, но и выходом в рамках своей дисциплины за эти пределы – в универсум знания. С одной стороны, это дает возможность давать студентам более целостное представление о мире. А с другой стороны, требует от них усвоения больших объемов информации, которая содержательно должна быть органично приспособлена к изучаемому предмету, и «упакована»

до минимально возможных пределов. Все это побуждает разрабатывать когнитивный инструментарий для решения этих задач. Эффективным инструментом в их решении выступают матричные технологии.

Матричные технологии являются важнейшей составной частью современных многомерных дидактических технологий. Зародившись в древности в недрах математики, в новое время матричные технологии расширили сферы и формы своего применения, наполнились актуальным содержанием. Описание современных матричных технологий, их включение в новую парадигму нано-, био-, инфо-, когнитотехнологий, занявших ведущее место в развитии мышления и деятельности, произведено нами в статье «Матричные технологии в лингводидактике (аспекты метапредметности)» [5]. Несомненная ценность матричных технологий в том, что они «дают возможность максимальной логико-визуальной компрессии безграничной информации с сохранением ее актуального смысла, представления ее в доступной и легко усваиваемой форме, объединения в один универсум знания из различных наук в совместимых матрицах, возможность объемного моделирования информации с использованием интерактивных инструментов» [5, с. 9].

В научном дискурсе матричные технологии позволили автору статьи получить матричную модель структуры слова (рисунок 1), а на её основе – универсальную матрицу мироздания (рисунок 2), в которой фундаментальное знание из различных наук находит точки соприкосновения, происходит слияние универсумов этих наук, расширяющее их привычные горизонты до более широких пределов.




Рисунок 1 – Матрица слова

Свойства матрицы слова, законы и принципы, по которым она создавалась, описаны в ряде работ автора [см. например: 4, 6]. В рамках данной статьи нет необходимости подробно характеризовать матрицу слова, следует только отметить, что фактически она впервые представляет собой структуру сознания и мышления любого человека, независимо от языка, которым он пользуется. Сознание и мышление, как известно, идеальны, но вместе с тем – они реальны. И таким образом, матричная модель слова сохраняет в себе основной принцип конструктивизма – быть идеальным, теоретическим аналогом реального объекта, который, на наш взгляд, имеет голографическую природу.

Принцип структурного изоморфизма позволил распространить матрицу слова, кроме сознания и мышления, на язык и другие объекты: большой мозг,

генетический код, человека, фундаментальные физические силы, объекты макромира, включая Вселенную.




Рисунок 2 – Матрица Слова (имени Абсолюта)

Описание матрицы Абсолюта в наиболее полном виде дано в работе автора «Матрица Абсолюта» [4]. Это описание, представляя собой новый тип словаря, дается в аксиоматическом и идеографическом ключе с необходимыми краткими комментариями, что позволяет представителям различных наук иметь в сжатом виде полученную понятийную и аксиоматическую основу общенаучного знания.

В образовательном дискурсе матрица слова вошла в учебные пособия «Введение в языкознание» [1], «Нейролингвистика» [2], а также учебник «Общее языкознание» [5]. На ее основе создана общая теория языка, включенная в учебник по общему языкознанию. В этих пособиях матричный подход к слову и языку позволил представить в компактном геометрическом образе не только их внутреннюю (идеальную) форму, но также тонкие структуры сознания и мышления и механизм их воплощения в языковых формах. Отмеченные учебные издания в своем содержании компактно и органично отражают структурную и функциональную связь лингвистического знания с данными анатомии, нейрофизиологии, психологии, генетики, биологии. Словарь «Матрица Абсолюта» распространяет эту связь и на физико-математические науки, выступая, таким образом, в роли познавательного инструментария для большинства наук и изучаемых в высшей школе дисциплин. Практика применения универсальной матрицы мироздания в семиотическом и экологическом дискурсах продемонстрирована нами в статье «Экология семиосферы: традиции и новые подходы» [7].

Н. И. Миницкий в своих работах по многомерным дидактическим технологиям, составными частями которых выступают матричные технологии, подчеркивает важность подобного рода моделей в учебном процессе высшей и средней школы, в конструировании содержания учебников и учебных пособий, в разработке концепций научных исследований [8, 9].

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 **Гируцкий, А. А.** Введение в языкознание: учеб. пособие. – Минск : Вышэйшая школа, 2016, 238 с.
- 2 **Гируцкий, А. А., Гируцкий, И. А.** Нейролингвистика: пособие для студентов вузов. – Минск : ТетраСистемс, 2017, 192 с.
- 3 **Гируцкий, А. А.** Матричные технологии в лингводидактике (аспекты метапредметности) // Гісторыя і грамадазнаўства, № 11, 2018, – С. 3–17.
- 4 **Гируцкий, А. А.** Матрица Абсолюта: словарь, избранные статьи. – Минск : БГПУ, 2017, 252 с.

5 **Гируцкий, А. А.** Общее языкознание: учебник. – Минск : Вышэйшая школа, 2017, 238 с.

6 **Гируцкий, А. А.** Структура слова: монография. – Минск : БГПУ, 2005, 251 с. Грант Белорусского республиканского фонда фундаментальных исследований.

7 **Гируцкий, А. А.** Экология семиосферы: традиции и новые подходы // Журн. Белорус. гос. ун-та. Экология, № 1, 2019, – С. 4–17.

8 **Миницкий, Н. И.** Познавательный инструментарий исторической науки и образования // Гісторыя і грамадазнаўства, № 2, 2017, – С. 18–22.

9 **Миницкий, Н. И.** Тематика семинара-дискуссии «Многомерные дидактические инструменты как средство реализации компетентностного подхода в гуманитарном образовании» // Гісторыя і грамадазнаўства, № 11, 2018, – С. 67–68.

Материал поступил в редакцию 31.10.19.

*А. А. Гируцкий*

**Метапэндік байланыстардағы іргетас(лі) білімін елестету технологиялық құралы ретінде сөз (абсолют) матрицасы: дискурстық тәжірибе**

М. Танк атындағы  
Беларусь мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Минск қ., 220030, Беларусь,  
Материал 31.10.19 баспаға түсті.

*A. A. Girutzky*

**Word matrix (absolute) as a technological tool of representation of fundamental knowledge in metadisciplinary links: discourse practice**

Belarus State Pedagogical University named after M. Tank,  
Minsk, 220030, Belarus.  
Material received on 31.10.19.

*Заманауи білім беру үрдісінің бір түрі: бір пән бойынша білім элементіне кіру әрекеттеріне байланысты пәнаралық байланыстарды кеңінен дамыту. Бұл үрдіс зерттелетін пәнге бейімделген өзекті білімін сақтай отырып, студенттер үшін ең қысқа және қол жетімді түрде үлкен көлемдегі ақпаратты ұсынуға арналған когнитивтік құралдарды дамытуды талап етеді. Осы проблемаларды шешудің тиімді құралы ретінде матрицалық технологиялар ұсынылады. Әлемдегі әмбебап матрица және мақалада жалпы ғылыми*

*білімдердің негізі – оның геометриялық бейнесі түріндегі Сөздің матрицасы. Сөз матрицасы оқу және ғылыми дискурстарында қолданудың негізгі практикалық нәтижелері көрсетіледі.*

*Characterized by one of the trends of modern education: development of interdisciplinary connections with attempts to exit within a single discipline in a universe of knowledge. It is noted that this trend requires the development of cognitive tools represent large volumes of information in as concise and accessible for students with retaining its current knowledge, adapted to the subject studied. As an effective instrument to address these challenges matrix technology are offered. Universal matrix of the universe and the basis of general scientific knowledge in the article supports the matrix in the form of Words of its geometric image. The main practical results of the use of the word matrix in educational and scientific discourse.*

FTAMP 16.21.07

**Г. А. Досжан**

PhD, доцент, Филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы  
e-mail: gul2005@list.ru

## **ЛЕКСИКАЛЫҚ КІРІГУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ЛИНГВОКОНТАКТОЛОГИЯНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ТЕОРИЯЛАРЫ**

*Осы мақалада лексикалық кірігу мәселелерін зерттеудегі лингвоконтактологияның дәстүрлі және заманауи парадигмалары арасындағы негізгі айырмашылықтарға «тілдік контактілер» және «интерференция» теорияларының негізінде шолу жасалған. Автор «шетел сөздері» мен «кірме сөздер» терминдерінің ұғымдық мазмұндарына салыстырмалы талдау жүргізіп, тілдік контактілерді классификациялаудың критерийлеріне қатысты өзіндік тұжырымдарын ұсынған.*

*Кілтті сөздер: лингвоконтактология, кірме сөздер, шетел сөздері, тілдік контакт, интерференция.*

### КІРІСПЕ

Адамзат дамуының эволюциясына назар аударар болсақ, түрлі қауымдастықтар, әр түрлі халықтар, тұтастай ұлттар өзара мәдени, саяси, әлеуметтік, экономикалық, әскери және т.б. қатынастарды бастан кешіп келеді. Ал бұл қатынастардың барлығы, өз кезегінде, тілдік қатынастармен қатар жүретіні анық. Кеңестер Одағының көрнекті лингвисті Б. А. Серебренников XX ғасырдың 70 жылдары: «Бір тілдік жүйеден екіншісіне дайын элементтерді енгізудің немесе әкеліп қосудың заңдылықтарын зерттейтін арнайы ғылым саласы қажет» – деген екен [8, с. 60]. Академик қажет деп тапқан дәл осы функцияны қазіргі таңда лингвистикалық контактология ғылымы атқарады.

XXI ғасырдың басталуымен заманауи лингвистикада тілдік контактілерді зерттеуге айрықша назар аударылуда. Лингвистиканың осы саласы әр алуан әдебиетте әр түрлі атауға ие. Бір әдебиетте «контактілі лингвистика» немесе «тілдік контактілер лингвистикасы» деп аталса, екінші бірінде «лингвистикалық контактология» деп аталады.

Белгілі белорус лингвисті Н. Б. Мечковская: «Лингвистикалық контактология нақты геосаяси кеңістіктегі белгілі-бір тарихи және әлеуметтік жағдаяттағы қарым-қатынасқа негізделген әр түрлі тілде сөйлейтін халықтардың, этникалық топтардың, этникалық қауымдастықтар мен жекелеген адамдар ұжымдары тілдерінің түйісу процестері мен нәтижесін зерделейді» – десе, серб лингвисті Й. Айдукович: «Лингвистикалық контактология – белгілі бір әлеуметтік-тарихи жағдайлар шеңберіндегі екі немесе одан да көп тілдердің тілдік контакт механизмдері мен осы механизмдерді қолдану үлгілерін әзірлеуді зерделейтін жеке лингвистикалық пән [9, с. 456]. Ол тілралық әсер етудің экстралингвистикалық (әлеуметтік, психологиялық, этнологиялық және т.б.) факторларын, тілдік қатынастың лингвистикалық процестерін, сондай-ақ экстралингвистикалық факторлар мен таза лингвистикалық процестерді байланыстыратын құбылыстарды зерттеумен шұғылданады» – деген анықтама береді [10, с. 445].

Тілдердің өзара байланысуы туралы сонау Антика дәуірінде айтылса да, лингвистикалық контактология тіл білімінің жаңа саласы болып табылады, өйткені ол арнайы пән ретінде ХХ ғасырдың соңында ғана дами бастағандықтан, оның теориялық және методологиялық базасы әлі толық қалыптаса қойған жоқ. Соңғы жылдары шеттілдік кірме элементтерге арналған зерттеулердің артуына орай «кірме лексема», «кірме сөз» ұғымдарына қатысты ХІХ ғасырда пайда болған теориялық тәсілдер мен ХХ ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан жаңа парадигмалар арасындағы қайшылықтар көрініс беруде.

Тіл – адам мен адам, халық пен халық арасындағы аса маңызды қатынас құралы. Әрбір ұлттың өзіне тән ұлттық төл тілі мен сол тілдің өзіне тән заңдылықтары болады. Қоғам дамуының өзегі болып табылатын тіл өркениеттің ең алғашқы бастауынан бастап, әлемді бір-біріне жақындастырып, халықтар арасындағы мәдени, рухани, сондай-ақ, саяси-экономикалық байланыстарда дәнекерлеуші рөл атқарып келеді.

Антика дәуірінде Платон «Кратиле» атты еңбегінде сөздердің бір тілден екінші тілге кірігетінін атап өткен. Тілдік контактілердің маңыздылығын ең алғаш ғылыми түрде Лоренцо Балл бастаған италияндық гуманистер дәлелдеді. Олар латын және герман тілдерінің араласуынан қазіргі роман тілдерінің пайда болғандығын атап көрсеткен.

XVII–XVIII ғасыр лингвистикасында тілдің қоғамдық рөлі айтылғанымен, олардың өзара әрекеттесуі мәселесі лингвистердің нақты зерттеу объектісіне айналған жоқ. XVIII ғасырдың соңы мен ХІХ ғасырдың басында тілдің тарихи типологиясы мен салыстырмалы-тарихи тіл білімі саласындағы зерттеулердің жандануымен тілдік қатынастарға қатысты теориялық көзқарас өзгере бастады. ХІХ ғасырдың барысында салыстырмалы-тарихи тіл білімі

ең басты лингвистикалық пәнге айналып, лингвистер тілдік дивергенция ұғымына баса мән беріп, тілдің конвергенциялық, контактілік процестері назардан тыс қалды. ХХ ғасырдың алғашқы жартысында да тілдік контакт мәселесі айтарлықтай зерттелген жоқ.

Тілдік контактілер теориясына қатысты алғашқы деректер лингвист Г. Пауль зерттеулерінен көрініс берді. Ол «Тіл тарихының принциптері» атты еңбегінде лексикалық кірігу мәселесін қозғады. Ол ана тілдегі сөздердің лексикалық мағынасының өзге тілдегі сөздердің әсерінен семантикалық өзгеріске ұшырайтынын, құрылымдық калькалау мен суффикстер мен флекстердің кірігуі, сондай-ақ, бір тілден екінші тілге сөз ауысудағы билингвизм факторы туралы өз тұжырымдарын ұсынды [11, с. 58].

Тілдік контактілер теориясын дамытуда италиян лингвисті, субстрат теориясының негізін қалаушы Г. И. Аскони мен австриялық тілтанушы Г. Шухардтың сіңірген еңбегі зор. Г. Шухардт «Slawo-Deutsches und Slawo-Italienisches» атты еңбегінде алғаш рет «тілдік интерференция» құбылысына назар аударып, «пиджин», «креоль тілдері» және «билингвизм» ұғымдарына қатысты тың тұжырымдарын ұсынды. Осы кезеңде америкалық лингвист Д. Уитни өзге тілге кірігу қабілетін негізге ала отырып, тілдік элементтердің иерархиялық шкаласын әзірледі.

Г. И. Аскони мен Г. Шухардтың идеяларын ХХ ғасырда италияндық неолингвистика өкілдері Дж. Бонфанте, М. Бартоли, В. Пизани мен С. Ф. Жильерон бастаған француз диалектология өкілдері жалғастырып, тілдік субстрат мәселесінің теориялық негіздерін айқындады. Кеңестік лингвистикада Л. Б. Щерба билингвизмді екі түрге – таза және аралас деп бөле отырып, бұл ұғымдарды алғаш рет тілдік контактілер теориясымен байланыста қарастырды.

Тілдік контактілерді зерттеудегі келесі кезең – Прага лингвистикалық үйірмесіне кіретін ғалымдардың есімдерімен тығыз байланысты. Осылардың арасында Н. С. Трубецкой 1928 жылы «фонологиялық интерференция», «тілдік одақ» ұғымдарын ғылыми негіздеп шықты. Прага лингвистикалық үйірмесі идеяларының негізінде У. Вайнрайх 1953 жылы тілдік қатынастар теориясын жетілдіре түсті. Дәл осы жылы жарық көрген У. Вайнрайхтың «Language contacts» («Тілдік контактілер») және Э. Хаугеннің «Norwegian Language in America» («Америкадағы норвег тілі») атты еңбектері тілдік контактілер теориясында жиі қолданылатын классикалық монографиялар қатарына жатады. Америкалық лингвистердің осы аталған еңбектерінен кейін әлемде тілдік контактілер бағытындағы зерттеулер қарқын алды.

Негізінде, «тілдік контакт» терминін француз лингвисті А. Мартине ойлап тапқанымен, оны белгілі америкалық лингвист У. Вайнрайх ғылыми айналымға кеңінен енгізіп, неміс лингвисті Г. Шухардтың «тілдердің араласуы» терминін



қолданыстан ығыстырды. У. Вайнрайхтың айтуынша, «Тілдік контактілер дегеніміз – адамның бір немесе бірнеше тілді кезек-кезек қолданылуы болып табылады» [12, р. 148]. Біздіңше, дәл осы анықтама «тілдік контакт» ұғымынан гөрі, «мультилингвизмге» берілген дефиницияға дөп келеді.

«Тілдердің араласуы» ұғымы кеңестік лингвистиканың көрнекті өкілі Л. Б. Щербаға ұнаған жоқ, сондықтан да ол бұл терминнен бас тарту қажеттігін айта отырып, оның орнына «тілдердің өзара әсері» ұғымын енгізді [13, с. 313]. Осы ретте румыниялық тілтанушы А. Росетти екі морфологиялық жүйенің өзара әрекеттесуін білдіретін «аралас тіл» (*langue mixte*) ұғымы мен белгілі-бір тілге өзге тілден енген кірме сөздің морфологиялық жүйеге әсерін тигізбейтін «араласу элементі бар тіл» ұғымының ара-жігін ажырату қажеттігін айта отырып: «шет тілдік элементтердің араласуы кез-келген тіл үшін қалыпты жағдай болып табылады, дей тұрғанмен, аз да болса аралас тілдер бар» – деп пайымдады [14, с. 112].

Кеңестік лингвистиканың көрнекті өкілі В. Ю. Розенцвейг «тілдердің араласуы» және «тілдердің өзара әсері» терминдері лексикографияда ғана емес, жалпы контакт құбылысында жиі қолданылатын «кірме» термині секілді тілдік контактілердің күрделі процесін білдіреді, осының нәтижесінде екі (немесе одан да көп) тілдің біреуі «беруші», ал екіншісі «алушы», немесе екі тіл де бірін-бірі «байытушы» болып табылады» дейді [15, с. 80]. Лексикалық контактологиядағы кірме лексема саласындағы бұл ұғымдарды қазіргі таңда «донор тіл» және «реципиент тіл» деген терминдер алмастырып отыр.

Қазіргі лингвистикалық әдебиеттерде «тілдердің араласуы» терминінен гөрі «тілдік контакт» термині жиі қолданылады. Осы орайда ресейлік лингвист Ю. А. Жлуктенко бұл құбылыс туралы айта келе: «Тілдік контакт»:

- 1) бір тілдің диалектілері мен сөйлеу ерекшеліктерінің;
- 2) бір тілдің шеңберіндегі әр түрлі әлеуметтік топ тілдерінің;
- 3) жақын туысқан тілдердің;
- 4) құрылымы әр түрлі тілдердің өзара әрекеттесуін біріктіреді» – деп түсіндіреді [16, с. 176].

«Тілдік контакт» терминіндегі «контакт» сөзін қазақ тілінде «байланыс» немесе «қатынас» деп аудару семантикалық тұрғыдан осы ұғымның мән-мазмұнын ашпайтындықтан, оны «контакт» нұсқасында қалдыру қажет деп санаймыз. Бұған қоса, «контакт» термині латынның «*contactus*» – «жанасу» деген сөзінен шыққандығын және бұл сөздің халықаралық термин екендігін ескерген жөн. Сонымен қатар, «Сөздік-Словарь» баспасынан 2005 жылы шыққан «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» «языковые контакты» термині қазақ тілінде «тілдік контактілер» деп аударып, бұл ұғымға: «*Тілдік контактілер* – бір немесе бірнеше тілдің құрылымы мен сөздігіне ықпал ететін екі не одан көп тілдің бір-бірімен байланысқа түсуі.

Тілдік контактілердің әлеуметтік жағдайлары әр түрлі этникалық, тілдік топтардың шаруашылық, саяси т.б. себептермен бір-бірімен жиі қарым-қатынасқа түсуі арқылы анықталады. Тілдік контактілер – әр түрлі тілде сөйлеушілердің үнемі байланыс жасауы нәтижесінде пайда болады, ондай жағдайда сөйлеушілер бір мезгілде екі тілді бірдей пайдалануы немесе әрқайсысын жеке қолдануы мүмкін» – деген түсіндірме берген [17, 118 б.].

Лингвистиканың зерттеу парадигмасына іргелес ғылымдардың, әсіресе, әлеуметтану, психология мен когнитологияның методологиялық тәсілдерінің енгізілуі тілдік контактілер мен олардың нәтижелерін зерттейтін білім теориясына жаңаша екпін алып келді. Кез келген тілдік қатынас – бұл этноәлеуметтік, психолингвистикалық, лингвомәдени және лингвокогнитологиялық феномен болып табылады. Осыған орай тілдердің контактіге түсуін осы тілдерді тұтынатын халықтар арасындағы өзара қатынастар тұрғысынан зерттеу қажеттігі өзектіленіп отыр. Себебі, тілдік контактілердің қарқындылығы, оның табиғаты мен түрлері тілдік байланысқа түсетін халықтардың қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-психологиялық, ақпараттық-коммуникациялық өзара қатынастарына тікелей байланысты.

Тілдік контактілердің әр алуандылығы бір тілдің екінші тілге әсерінің деңгейіне, яғни жекелеген элементтердің кірігуінен бастап толықтай бірігуіне дейінгі процестерге байланысты болып келеді. Осы орайда Л. Б. Щерба тілдік контактілердің үш типін атап көрсетеді:

- 1) Бір тілден екінші тілге кірме сөздердің енуі;
- 2) Қандай да бір тілді өзгерістерге ұшырататын шет тілінің әсері (калькалау; сөз мағынасының ғана кірігуі);
- 3) Қандай да бір тілдің жеткіліксіз игерілу нәтижелері [18, с. 15].

Француз лингвисті Ж.Вандриес: «Тілдердің контактіге түсуі – бұл тарихи-географиялық, әлеуметтік, психологиялық және мәдени салалардың мәселесі. Міне, тілдік контактілердің негізгі төрт факторы осыдан туындайды» – дей келе, оларға экономикалық, саяси, діни және танымалдылық факторларын жатқызады [19, с. 33]. Осы ретте экономикалық фактордың мәнін кеңестік лингвист Т. Х. Халмурзаев былайша сипаттайды: «XIX ғасырдың аяғында Үндістанда үндістер мен мұсылмандардың тілдік белгі бойынша бөлінісі көрініс берді. Хинди тілі үндістердің, ал урду тілі мұсылмандардың айырым белгілерінің біріне айналды. Бұл бөлініс Үндістанның екі іргелі тілінің өзара қарым-қатынасын қиындата түсті [20, с. 15].

Ал саяси факторға кәріс ұлтының басындағы жағдайды мысал ретінде айтуға болады. Саяси тұрғыда екіге бөлінген Оңтүстік және Солтүстік Корея тұрғындары бір тілді пайдаланғанымен, олардың сөздік қорындағы кірме сөздердің кірігу жолдары екі бөлек. Бұл жағдай осы елдердің саяси-

идеологиялық ұстанымдарына тікелей байланысты. Солтүстік Кореялық кәрістер коммунистік жүйеде өмір сүргендіктен, негізінен, кеңестік орыс тілінен, ал Оңтүстік Кореялық кәрістер либералдық-демократиялық бағытқа бет бұрғандықтан, Еуропа халықтары, соның ішінде, ағылшын тілінен кірме сөздерді көптеп қабылдаған.

Діни факторға тарихта түркі халықтарының VIII ғасырдан бастап Исламды қабылдауы нәтижесінде осы халықтардың сөздік қорындағы араб-парсы кірме элементтерінің көбеюін айтуға болады. Ал танымалдылық факторына келер болсақ, қазіргі заманда дүниежүзіндегі ең танымал тілге ағылшын тілі жатады. Бұған бір ғана мысал, көптеген тілдердің сөздік қорында ағылшын тілінен енген сөздердің көбеюін айтсақ та жеткілікті.

Ресейлік лингвистер тілдік контактілердің генетикалық және типологиялық сипатына, тілдер арасындағы сөз алмасудың интра- және экстралингвистикалық факторлардың рөліне қарай тілдердің өзара әрекеттесуінің бірнеше классификациясын әзірледі. Алайда, оларды әлде де жүйелеу қажеттігін айта кеткен жөн. Мәселен, Б. В. Горнунг тілдердің құрылымдық жақындығы негізінде тілдік контактілердің классификациясын жасап, тілдердің өзара әрекеттесуінің 4 түрлі типін атап көрсетеді:

- туысқан емес (түрлі құрылымдағы) тілдердің өзара әрекеттесуі;
- грамматикалық құрылысы мен лексикалық құрамы алшақтау туысқан тілдердің өзара әрекеттесуі;
- грамматикалық құрылысы мен лексикалық құрамы ұқсас жақын туыс тілдердің өзара әрекеттесуі;
- диалектілердің өзара әрекеттесуі [21, с. 48].

А. А. Белецкийдің тілдік контактілер классификациясына тілдердің өзара әрекеттесу сипатының әр алуандығы негіз болған:

- бір жақты әсер ететін қатынастар (әдетте, лексикалық деңгейде);
- өзгермелі әсерге ие қатынастар (бір тілдің бірнеше деңгейіне әсер ету) және қабыспалы қатынастар (өзара әрекеттесу тілдердің бірнеше деңгейлерінің өзгеріске ұшырауы);
- бірігуге және жаңа тілдің пайда болуына әкелетін қатынастар (креоль тілдері) [22, с. 108].

Т.А. Бертагаев тілдік контактілерді екі пішінге (форма) бөліп қарастырады:

- 1) дистальді – тілдердің арасындағы тығыз байланыстың жоқтығымен сипатталатын монолингвизм жағдайында жүзеге асатын және тек кірме сөз процесінде іске асатын қатынастар;
- 2) проксимальді – билингвизм және тікелей тілдік контакт жағдайында жүзеге асып, нәтижесінде тілдердің бірі өзгеріске ұшырайтын тілдік қатынастар [23, с. 82].

Т. А. Бертагаевтың классификациясын Жлуктенко қатаң сынға алып, тілралық байланыстарды қостілділік пен тілдердің арасындағы олардың қолданушыларының қандай да бір тікелей контактісінің жоқтығына қарамастан туындайтын – дистантты және тілдердің арасында оларды қолданушылардың этникалық түйісуі мен қостілділік жағдайында орын алатын контактілі деп екі типке бөліп қарастыруды ұсынды. Осы ретте ол екінші типтегі тілдік контактіні қарым-қатынас ахуалының сипатына қарай тағы да 2 түрге бөледі:

- 1) адам әрекетінің тәжірибесінде түрлі тілдерді тұтынушылардың тікелей қарым-қатынасында туындайтын табиғи тілдік контакт;
- 2) екінші шет тілін оқыту үшін арнайы жағдайда пайда болатын жасанды тілдік контакт [16, с. 176]. Ал сербиялық лингвист Й. Айдуковичтің ұсынған классификациясы бойынша тілдік контакт мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) қайнаркөз-тіл мен адресат-тіл арасындағы тілдік контакт;
- 2) медиатор-тіл мен адресат-тіл арасындағы тілдік контакт;
- 3) трансмиттер-тіл мен адресат тіл арасындағы тілдік контакт [10, с. 445].

Қазіргі таңда көптеген зерттеулерден «тілдік контактілер халықтардың қарым-қатынасынсыз, мәдениеттердің түйісуінсіз орын алмайды», «тілдік контакт» термині ғылыми әдебиеттерде кең таралып, сәтті ойлап табылған метафора» деген тұжырымдарды кездестіруге болады. Шын мәнінде, контакт тілдердің арасында емес, оларды қолданушылардың арасында орын алады. Шет тілдік элементтердің кірігуі де халықаралық және мәдениаралық коммуникация барысында, яғни түрлі этнос немесе әр түрлі тілде сөйлейтін бір этнос өкілдерінің арасындағы коммуникация жағдайында жүзеге асады.

Қорыта келе, өз тарапымыздан «тілдік контактілер» терминіне – «әр түрлі тілде сөйлейтін халықтар арасындағы мәдени-гуманитарлық, саяси-экономикалық, әлеуметтік т.б. қарым-қатынастар нәтижесінде осы халықтар тілдерінің бір-бірімен өзара байланысқа түсуі»; «кірігу» ұғымына – «тілдік контакт нәтижесінде, сондай-ақ ғылыми-техникалық жаңалықтардың әлемге таралуы, ақпараттық коммуникацияның дамуына сәйкес халықтардың өзара қарым-қатынасынсыз-ақ бір тіл элементтерінің екінші тілге тікелей немесе аралық тіл арқылы ену процесі»; ал «кірме сөздер» терминіне – «бір тілден екінші тілге еніп, толық немесе жартылай ассимиляцияланған лексикалық бірліктер» деген анықтама ұсынамыз.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Ломтев, Т. П.** Субстрат и заимствования // Общее и русское языкознание. – М., 1976. – С. 60–62.
- 2 **Мечковская, Н. Б.** Языковой контакт // Общее языкознание. – Минск : Высшая школа, 1983. – 456 с.

3 **Айдукович, Й.** Основные понятия лексической контактологии (на материале русизмов в славянских языках) // Русский язык: исторические судьбы и современность: тез. Докл. II Междунар. Конгр. Исследователей рус. Яз. – М., 2004. – С. 445.

4 **Пауль, Г.** Принципы истории языка. – М., 1960. – С. 155.

5 **Weinreich, U.** Languages in contact. Findings and problems. – New York : Linguistic Circle of New York, 1953. – 148 p.

6 **Щерба, Л. В.** К вопросу о двуязычии // Языковая система и речевая деятельность. – Л., 1974. – С. 313–318.

7 **Росетти, Л.** Смешанный язык и смешение языков // Новое в лингвистике. – М., 1972. – Вып. 6. – С. 112–119.

8 **Розенцвейг, В. Ю.** Языковые контакты. – Л. : Наука, 1972. – 80 с.

9 **Жлуктенко, Ю. А.** Лингвистические аспекты двуязычия. – Киев : Высшая школа, 1974. – 176 с.

10 Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы : Сөздік-Словарь, 2005. – 469 б.

11 **Щерба, Л. В.** Избранные труды по языкознанию и фонетике. – Л. : ЛГУ, 1958. – 182 с.

12 **Weinreich, U.** Languages in contact. Findings and problems. – New York : Linguistic Circle of New York, 1953. – 148 p.

13 **Щерба, Л. В.** К вопросу о двуязычии // Языковая система и речевая деятельность. – Л., 1974. – С. 313–318.

14 **Росетти, Л.** Смешанный язык и смешение языков // Новое в лингвистике. – М., 1972. – Вып. 6. – С. 112–119.

15 **Розенцвейг, В. Ю.** Языковые контакты. – Л. : Наука, 1972. – 80 с.

16 **Жлуктенко, Ю. А.** Лингвистические аспекты двуязычия. – Киев : Высшая школа, 1974. – 176 с.

17 Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы : Сөздік-Словарь, 2005. – 469 б.

18 **Щерба, Л. В.** Избранные труды по языкознанию и фонетике. – Л. : ЛГУ, 1958. – 182 с.

19 **Vendryes, J.** Choix d'études linguistiques et celtiques. – Paris, 1952. – P. 217.

20 **Халмурзаев, Т. Х.** Статус урду в современной Индии и тенденции его развития. – Ташкент : Фан, 1979. – 112 с.

21 **Горнунг, Б. Г.** К вопросу о типах и формах взаимодействия языков // Докл. И сообщ. Инс-та языкозн. АН СССР. – М., 1952. – №2. – С. 4.

22 **Белецкий, А. А.** Генезис и этимология // Проблемы языкознания: докл. И сообщ. Сов. Учен. На X Междунар. Конгр. Лингв. – М., 1967. – С. 251–255.

23 **Бертагаев, Т. А.** Билингвизм и его разновидности в системе употребления // Проблемы двуязычия и многоязычия. – М., 1972. – С. 82–85.

Материал 31.10.19 баспаға түсті.

*Г. А. Досжан*

**Традиционные и современные парадигмы лингвоконтактологии в исследовании проблем лексического заимствования**

Филологический факультет,

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,

г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 31.10.19.

*G. A. Doszhan*

**Traditional and modern paradigms of linguocontactology in the study of problems of lexical borrowing**

Faculty of Philology,

L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 31.10.19.

*Статья предлагает обзор интерпретаций основных различий между традиционными и современными парадигмами лингвоконтактологии в исследовании проблем лексического заимствования на основе теорий «языковые контакты» и «интерференция». Автором представлены результаты сравнительного анализа понятийного содержания терминов «иностранные слова» и «заимствованные слова», а также собственные концептуальные выводы касательно критериев классификации языковых контактов.*

*The article provides an overview of the interpretations of the main differences between traditional and modern paradigms of linguocontactology in the study of problems of lexical borrowing based on the theories of «language contacts» and «interference». Author presents the results of a comparative analysis of the conceptual content of the terms «foreign words» and «borrowed words», as well as their own conceptual conclusions regarding the criteria for the classification of language contacts.*

**С. Т. Елікпаев<sup>1</sup>, Б. Қ. Қапасова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы  
e-mail: <sup>1</sup>serik.elikbay@mail.ru; <sup>2</sup>kapasova1970@mail.ru

**«АҚЖОЛ» МАТЕРИАЛДЫҚ БАЙЛЫҚ ТУРАЛЫ**

*Қазақ баспасөзіндегі «Ақжол» газетінің орны талданады. Газеттің қазақ руханиятындағы, шаруашылығы мен дамуындағы орны талданады.*

*Алғашқы басылымның мақалаларындағы өзекті тұстарға назар аударылады. «Ақжол» басылымы Кеңес қоғамындағы партиялық қызметтің алғашқы кезеңдері туралы көптеген мәліметтер береді. Қазақ қоғамын жаңа идеяға бағытталған ортаға бейімдеуде, ұлттық бейнені сақтауда «Ақжолдың» орны ерекше болғаны анықталады. «Ақжолдың» шаруашылық және сауда, ақша қатынастарына қатысты талдамалы, шолу, түсіндірме мақалалары туралы тұстар қажет болғандығы ашылады. Газетте тауар мен экономикалық мәселелер туралы жан-жақты зерттеу жүргізілген. Бұл халықтың осы саладағы экономикалық білімдерін кеңейтті. Психологиялық және білімдік даярлықтан өткізіп, келесі сатыға әкелді. Жаңа үкіметтің ауысуына байланысты халықтың ақшасын ауыстыруға байланысты жүргізілетін істерге талдау жасағандығы анықталады.*

*Кілтті сөздер: «Ақжол» газеті, рухани даму, журнал, баспасөз, газет, тарих, қоғам, мәселе, ұлттық, саяси-әлеуметтік, зерттеу т.б.*

**КІРІСПЕ**

1924 жылдың соңында Түркістан Совет республикасы таратылып қайта құрылды. Осыған байланысты бұрын оның қарамағында болып келген Жетісу меп Сырдария облыстары Қазақ АССР-іне қосылды. Осыдан кейін «Ақ жол» газеті 1925–1927 жылдары Қазақстанның Сырдария облыстық партия, кеңес мекемелерінің органы болып Шымкентте шығып тұрды.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Кеңес қоғамындағы партиялық әдебиетте мемлекеттік биліктің жоғары эшелонындағы ұлттық басқару элитасының қызметіне сыңаржақ

бағалар берілген. Әйтсе де, ол бағалардың арасында ақиқатқа сәуле түсіретін тұжырымдар да кездеседі. Айталық, «Ходжановтар негізінен «Ақ жол» газетінің төңірегіне топтасып, онда өздерінің ұлтшылуқлонистік көзқарастарын жарнамалады» деп топшылдыққа ұлтшылдық идеялардың негіз болғанына назар аударады. «Ақ жол» газетіне қатысты Сталиннің белгілі хатының ықпалымен жасалған бұл партиялық тұжырым ұлттық элитаның қызметіне берілген саяси бағаның өзегіне айналды. Осылайша «Ақ жол» газетіне кеңестік қоғам тарихшылары біржақты баға беріп, биліктің идеологиясы мәселені ұзақ жылдар бойы жабық тақырыпқа айналдырды.

«Ақ жол» газетінің тағы да бір ерекше көңіл бөліп, жан-жақты мәселелерінің бірі – шаруалар жағдайы. Мысалы, газеттің 1921 жылы 52-нөмірінде «Жерсіз һәм аз жерлі дихандар ұйымының жобасы» жарияланды. Онда ұйым мүшелерінің ақша жөніндегі міндеттері, істері көрсетілді. Шаруаға әр айға кіріс салығы 50 сом айлық, салығы да 50 сом. Одан әрі ұйымның құрылыс реті көрсетіледі. Дихандар ұйымының әр ауылда ашылу керектігін айтады. Сондай-ақ газетте «Шарушылық жайынан» деген айдармен «Түркістандағы жер байлығы» атты мақала да жарияланыпты, Онда, «Мухин деген бір профессор Ташкенттен Ленинградқа қайтып барып, баяндама қылған. Баяндамада Түркістан уезіндегі Қаратау таусылмастай көп тас көмір таптым деген, Тас көмір жатқан жердің ұзындағы 200 шақырымдай дейді» [3, 234] – деп оны тез арада кәдеге асыру жайын сөз етеді.

Қазақ шаруасына жаңа тұрмыстың, жаңа заңның ерекшеліктерін түсіндіріп отырды. Газет бетіндегі түрлі осындай маңызды жайлар арқылы қазақ шаруалары түсінікті тілде мәлімет ала алды.

«Ақжол» газетінің келесі бір үлкен ісі – экономикалық сауаттылықпен байланысты істері болатын.

«Ақжол» газетінде 1919 жылдың қаңтарынан бастап, 1920 жылдың маусымына дейінгі аралықтаға тауар бағалары туралы кесте береді. Бұл кестеде осы аралықтағы тауар бағаларының 14 есе өскендігі айтылады. Тіпті Ташкент қаласында 178 есе өсіпті. Түркістан ақшасының құнының төмендеуіне байланысты оны айырбастау заңдары мен жолдары түсіндіріледі. Осы себептен де, қаржы мәселелер кезе келген халықтың ең жанды жері болғандықтан да газет бұл тақырыпқа дайындықпен кіріседі. Алдын-ала тауар мен экономикалық мәселелер туралы жан-жақты зерттеу жүргізіп, халықтың бұл саладағы экономикалық білімдерін кеңейтеді. Оларға психологиялық және білімдік даярлықтан өткізіп, келесі сатыға әкеледі. Бұл халықтың ақшасын ауыстыруға байланысты іс болатын. Қаржы, ақшаның ауыстырылуы, ең бірінші дайындықты қажет ететіндігі ескеріліп, ұлттың экономикалық білімін өз түсінігіне лайықтап жеткізеді.



«Петербург, Қызылжар, Омбы, Қазан Ақша заңы дегеніміздің мәнісі өтімсіз қадірі кеткен «Түркістан ақшасын» қалдырып, оның орнына өтімді «Центр» ақшасын айырбастап жүргізу. Бұл екі ақшаны алмастырғанда, сомына сом беруге бола ма? Әрине, болмайды. Олай етсек, қағаз ақшаның саны кемімейді. Нәрсе қымбаттығы баяғыдай болып, еңбекшілерге қиын болар еді. Кіндікпен біріңғай бола алмас едік (Түркістан Республикасының бюджеті баяғы таз алпында қалар еді). Қайта, кіндік ақшасының қадірін кетіріп алар едік. Мұнан, түк пайда шықпас еді. Ақша заңының түп мақсаты, жалғыз ақша тәртібін біріктіру ғана емес, Түркістанда қағаз ақша санын кеміту. Қағаз ақша азайса, тауардың бағасы өсе беруі тоқтар еді. Бәлкім арзандатар еді. Міне, мысал: қазір Түркістанда жан басына 20 мыңға ие болған адамы базарға енді 200 сом кіндік ақшасымен барса, әрине тауар арзандамасақ шаруа бар ма. Бұл реттен Түркістан шаруашылығына жеңілдік келгелі отыр. Тіпті тауар үш есе қана арзандасын. Сонда да, Түркістан Республикасының расхоты, бүкіл федерация ассигнациясын қуып жетеді ғой» [3, 202]. «Ақжол» газеті шығып тұрған 1920 жылдары қазақ тілінде басылымдар аз емес еді. Сол жылдары қазақ баспасөзінің ең бір молайған бір арнаға түскен мезгілі еді. «Сарыарқа», «Жас азамат», «Бірлік туы», «Ақжол», «Тәжі», «Жас қайрат», «Ұшқын», «Кедей сөзі», «Бостандық туы», «Қазақ тілі», «Жаңа дауыс», «Кедей еркі», «Қызыл ту» газеттері, «Абай», «Шолпан», «Сана», «Таң» журналдары жарық көрді. Осылардың қай-қайсы болсын сол кездегі аумалы-төкпелі тарихи кезеңдегі қазақ халқының тұрмыс тіршілігінен, әлеуметтік ахуалынан, енді орныға бастаған кеңестер үкіметінің жайынан, бізге беймәлім кейбір қырларынан хабардар етеді. Бірақ ақша мен қаржылық мәселеге бара қойғаны сирек.

Бұл үшін нақты дерек және билік керек екені белгілі. «Ақжол» газеті осы ерекшеліктерді пайдаланды.

«Түркістан жұмхуриятындағы халық комиссарлар кеңесінің 1920-шы жыл 31-ші декабрьдегі низамына баяндама» деген мақалада осы баяндаманың шешеімін жеткізеді.

«Һәр азамат егер жасы 16-дан асқан болса, 1921-ші жыл 1-ші мартқа шейін қолындағы бар ақшасын центрдің бар ақшасына айырбастауы тиіс.;

Ақшаны айырбас қылу үшін тұрған жеріне жақын ашылған, ақша айырбастайтын орынға (кассаға) баруы тиіс;

Һәр адамның ақша айырбастаудан бұрын есінде болу керек, ақшаны олардың қолынан дестемен алады.

Дестелерінде һәртүрлі ақшаны өз алдына дестелеу керек. Мәселен, бірінші дестесі 500 сомдықтан, екінші дестесі 100 сомдықтан, үшінші дестесі 5000 сомдықтан басқалар да осы реттен.

Һәр дестеге 100-ден кем яки, артық сандар кірмеуі тиіс. Мысалы, егер бір адамда 57, 735 сом ақша болса, ол адама айырбастау үшін ақша айырбастайтын орынға 37, 800 сомды алып келуі тиіс.

Дестелегенде дестеде бұзылған ақша болмасын. Бұзылған ақшаға саналы алынбайтын ақшалар мына түрлі болады:

1 Ақшада кассирдің қолы қойған қолы болмаса;

2 Ақшада нөмір жаңа литр;

3 Ақшаның төрттен бірі жыртылған болса;

4 Екі ақшадан құралған құралған ақша болса;

6 Һәр адам өз ақшасын өзі айырбас қылуы тиіс. Айырбас қыл депбіреуге тапсыруға, яки біреуден айырбас қыламын деп ақша алуға болмайды;

7 Егер ақша айырбастайтын орны жоқ жерде, тұрған азаматтар ортасынан үш адамды сол атыраптағы елдің ақшасын айырбастайтын орынға алып барып, айырбастауға уәкіл қылып сайлауға болады. Уәкіл қағазы, мамлакат тілінің қайсында жазылса да, болады. Бірақ уәкіл қағазын, жергілікті мақсала куәландыру керек. Уәкіл қағазда һәр адамның айырбастайтын ақшасының саны көрсетілуі тиіс;

8 Өзінің һәм басқалардың уақытын бекер өткізбес үшін азаматтар шамасы келгенше 1-ші марттан қалдырмай, айырбас қылып құтылмаққа тырысуы керек;

9 Һәр азамат қолында қанша ақшасы болса да, айырбас қыла алады. 3 миллион сомға шейін нақты ақшаға айырбас қылады. Онан артығын банкке салып қою керек. Уақытында алып тұрады;

10 Ақша салатын орынға, Түркістан ақшасының орнына центрдің ақшасы салынады. Мысалы, Түркістан ақшасынан 100 сом салынған болса, 10 сом центрдің ақшасын алады. 100, 000 сомға 10, 000 сом алады. 1, 500.000 сомға 150.000 сом алады. Басқалар да осы ретпен болады» [3, 191]. Түркістан республикасы болып тұру үшін алғашқы қажеттілік қаржымен тікелей байланысты. Осы жолда халықтың қаржылық белгілері, қандай қаржы негіздерін ұстайды деген мәселеде аса маңызды болды. Түркістан республикасы алғашқы кезде жеке дамуды бастан кешіңкіреп, өз еркіндігін анық сезіне алғандығымен ереркше. Сондықтан да халықтың қаржылық сауаттылығына да назар аударды.

«Түркістанда ақша өзгеру (үгітшілерге өрнек)» деп аталатын мақалада:

«Ақтардың жол бөгеуі себепті, Түркістан кіндікпен қатынаса алмай тұрған заманда, ләжсідан Түркістан Кеңес хукіметі, осы күнгі Түркістан ақшасы деген ақшаны шығарып, өз алдына қазына ашқан еді.

«Түркістан ақшасы» Түркістанның өз ішінде қана жүріп, Россия республикасының өзге аймақтарында жүрмеуші еді. Патша хукіметінің жалмауыздары халықтың шаруасын күйзелтіп, әсіресе жиһангерлер



соғысы кезінде уаляттан шетке шығаратын басы артық азық-түлік болмады. Оның үстіне сыбайлас Бұқара, Хиуа, Ауғанстан бейбітшілік заманда Түркістанмен саудасы Мәскеуден нәм басқа ішкі жақтан келетін тауар мен ғана болып, Түркістанның өзінде үлгеретін шаруашылық заттармен жұмысы болмады. Түркістанға шеттен ақша келетін жөні жоқ еді. Түркістан Бұқарадан, Ауғанстаннан нәрсе алатын болса, оларға төлейтіні «Мәскеу ақшалары» яғни, «Киренский» «Дума ақшасы», «Николай» ақшасы еді.

«Түркістан ақшасын», сыбайлас елдер өтімді ақша деп білмеді. Күннен-күнге базар төмендей берді:

1919-шы жыл мартта «Киренкенің» 100 сомына 150 сом, апрельде 580, сентябрьде 700 сом. 1920-шы жыл январьға қарсы 850. Апрельде 950 Түркістан ақшасын беретін болды. «Центр» ақшасымен салыстырғанда, Түркістанның ақшасы Түркістанның өз базарында да құны төмендеп, өнімі кем болып, керек-жарақты қымбаттата бастады» [3, 196], деп алғышартта рдың болғандығын, оның жасалып кеткендігін ескертті. Ендігі жерде халықтың әрекеті, желінбей, өз пайдаларына қалай, мемлекеттің болашағына қарай қандай әрекеттер жасауы қажеттігін рет-ретімен түсіндірілді. «Ақша мәселесінің мұндай күйге ұшырауына, тағы да Кеңес хукіметінің Түркістанда ұйымдаса алмауы болды. Екінші себебі, мамлекеттің неш бір түсімі болмағандық. (1919-шы жыл түсім 2 % процентіне ғана бара-бар 1920-шы жыл онан да аз. Нәрбір 1000 сом шығынның қарсысына 2 сом ғана түсім болды). Осы айтылған себептер Түркістан Республикасының ақша басып шығаратын машинасын, жұмысқа белшесінен батырды. Сөйтп, Түркістан Республикасы тез арада, кіндік Россия хукіметін қуып жетті. Міне, бір мысал: 20 айдың ішінде кіндік Түркістан Республикасының ақша басатын машинасы (1920-шы жыл 1 – августына шейін) 24 есе өсті. Осы екі арада Түркістан ақшасы 190 есе өсті. Яғни кіндік ақшасынан 8 есе артып кетті.

Рас, жан басына бөлгенде, ақша саны нәр мамлекеттерде –ақ өсті (ақ Польшада екі жылдың ішінде жан басына 14 сомнан келуші еді). Бұл жағынан қарағанда, кіндіктен озып отыр. Түркістан ақшасы 1920-шы жылдың декабрь басына қарсы «центр» ақшасымен салыстырғанда, жан басына екі есе артық кесіп отыр. Неш бір түсім болмаған соң, Түркістанның машинасы бұрқыратып шығарып, Түркістан Республикасының жылдық бюджеті (1 жылға шамалаған расходы) кіндік Кеңес Россиямен салыстырғанда, орасан көбейіп кетті. Бұрын бейбітшілік заманда Түркістан бюджеті Россия бюджетінің жеті процентіндей-ақ еді. Яғни, нәр 1800 сомына 70 сом келуші еді. 1919-шы жылы төрт жарым процентке 1920-шы жыл 10 процентке жетті. Түркістан халқының санына

шаруашылығын қарағанда, жылдық шығыны Россия бюджетінің оннан біріндей болатын жөні жоқ. Осы күні бұрын бейбітшілік заманға қарағанда, бюджет 285 есе артылып отыр. Бұл сан Россия бюджетінің өсуімен салыстырғанда, 4000 есе артқаны. Яғни, Россия Республикасының бюджетінен 14 есе артылып кетіп отыр» [3, 196].

### ҚОРЫТЫНДЫ

«Ақжол» газеті – қазақ басылымдарының ішінде ұлттың саяси, білімділік, әлеуметтік сауатын ғана емес, алғаш рет экономикалық сауатына назар аударған басылым. Сонысымен де оның орны ерекше. Бүгінгі баспасөз үшін газеттің тәжірибесі мен жұмыс стилі әлі де үлгі болып қалады.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы Т. 4. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 568 б.
- 2 «Шолпан» журналы / Х. Есенқарақызы – Алматы : «Қазақпарат» баспасы, 2015 – 475 б.
- 3 «Ақ жол». Көптомдық. 2-том. / Х. Есенқарақызы – Алматы : «Қазақпарат» баспасы, 2015 – 380 б.
- 4 «Ақ жол». Көптомдық. 1-том. / Х. Есенқарақызы – Алматы : «Қазақпарат» баспасы, 2015 – 380 б.
- 5 **Омашев, Н.** Алаш басылымдары // «Айқын» газеті. – 2009. 22.06.
- 6 Әуезов және архив – Алматы : Атамұра, 1997. 23 б.
- 7 **Қамзабекұлы, Д.** Алаш және әдебиет – Астана : «Фолиант», 2002. – 474 б.
- 8 **Ысқақұлы, Д.** Әдебиет сынмен көркейеді. Ж. Аймауытовтың сыншылық қызметі хақында.
- 9 **Нүрпейісов, К.** Қазақ интеллигенциясының әкімшіл-әміршіл жүйеге ғылым мен мәдениет саласындағы қарсылығы (20–30 жылдар мысалында) // Столичное обозрение – 1998.

Материал 31.10.19 баспаға түсті.

С. Т. Еликпаев<sup>1</sup>, Б. К. Капасова<sup>2</sup>

**О материальном богатстве «Акжол»**

<sup>1,2</sup>Гуманитарно-педагогический факультет,

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,

г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 31.10.19.

S. Yelikpaev<sup>1</sup>, B. Kapasova<sup>2</sup>

**Of material wealth «Akzhol»**

<sup>1,2</sup>Faculty of Humanities and Education,

S. Torayghyrov Pavlodar State University,

Pavlodar, 140008 Republic of Kazakhstan.

Material received on 31.10.19.

*В статье анализируется место газеты «Ақжол» в казахской журналистике. Рассматриваются темы духовности разных авторов, разные мировоззренческие и классовые взгляды. Проводится анализ статей в первых выпусках журнала «Ақжол». С первых номеров газета «Ақжол» обратила внимание на актуальные моменты в жизни населения. Газета «Ақжол» дает многие сведения о деятельности новой власти. В идее адаптации к новой среде, направленной на развитие казахского общества, в сохранении национального колорита и облика газета «Ақжол» занимает особое место. Проводится анализ первых аналитических, обзорных и других жанров статей, этим и определяется особое место газеты «Ақжол». В газете постоянно публиковались всесторонние обследования по товар на экономическим вопросам. Это в свою очередь позволило народу расширить свои знания об экономике. А так же это позволило подготовить к психологическому и информационному порядку тем самым воздвигая аудиторшу на новый уровень. В связи с тем что в государстве поменялось правительство, народу пришлось менять денежную кутору и на эти процессы были проведены анализы.*

*The article analyzes the place of the newspaper «Akzhol» in Kazakh journalism. Explores the theme of different authors spirituality, different ideological and class views.*

*The analysis of the articles in the first issues of the magazine «Akzhol». With the first issues, the newspaper «Akzhol» drew attention to relevant moments in the life of the population. The newspaper «Akzhol» gives many data on the activities of the new government. The newspaper «Akzhol»*

*occupies a special place in the idea of adapting the new environment, aimed at the development of Kazakh society, preservation of national character and appearance. The analysis of the first analytic, review, and other genres of articles, determined a special place of the newspaper «Akzhol». The newspaper constantly published a comprehensive examination about the product and economic issues. This in turn has allowed people to expand their knowledge about the economy. In addition, this has led to the preparation of psychological and information order thereby elevating the audience to a new level. Due to the fact that the state changed the government, people had to change the bill.*

**С. Т. Елікпаев<sup>1</sup>, Б. Қ. Қапасова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы  
e-mail: <sup>1</sup>serik.elikbay@mail.ru; <sup>2</sup>kapasova1970@mail.ru

**ТӘУЕЛСІЗ ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Мақалада тәуелсіз қазақ әдебиетінің негізгі түйінді тұстары қарастырылады. Авторлар қазіргі тәуелсіз әдебиет үшін бірнеше қажетті тұстарға назар аударады. Бұл әдебиеттің ұлттық туынды ретіндегі мәнінен бастап мемлекеттің негізгі тірек ойы болуының шарттары, әдебиеттің әрекеттік қызметтері де талданады. Әдебиеттің мемлекеттің тірегі болуы үшін оның қызметтік және әрекеттік ролі қажет болса, қаламгер мен оқырман байланысын, олардың эстетикалық бірлігін де еске алуын талап етері белгілі. Белсенді оқырман мен әдеби сын мәселелері де талданады. Бұл әдебиеттің дамуы үшін аса қажет тұстар ретінде алынады. Әдебиеттің қоғамдық қызметтері оқырманға қатысты талданып: оның бірнеше түрлері жіктеледі. Тәуелсіз әдебиеттегі тәуелсіз оқырманның қабылдауы мен сұранысы ескерілуі қажеттігі қарастырылады. Әдебиеттің оқырманға қарай түрлері және классикалық әдебиеттің белгілеріне тоқталады. Мақалада тәуелсіз оқырман талғамы басты назарға алынған.*

*Кілтті сөздер: тәуелсіз әдебиет, ұлт, мемлекет, оқырман, жазарман, әрекет, қызмет, классикалық әдебиет, талғам, әдеби ой.*

**КІРІСПЕ**

**Ұлт қазынасы – әдебиет.** Әдебиеттің алар орны, ерекшелігі, қажеттілігі бүгінгідей жаһандасу кезеңінде қайта саралануға тиісті. Әсіресе Қазақстан мемлекеті тәуелсіздігін алғанда тұжырым сөз, егемен пікір орны бөлектігі анық сезіледі. Әдебиет – өнер екендігі даусыз болса, оның қазақ өнері екені дәлсіз ақиқат. Мысалы М. Әуезов «Қазақ үшін әдебиеттің алар орны ерекше екенін» айтудан танбады. А. Байтұрсынұлы әдебиет те сөз өнері тектес екеніне назар аудартады. Бұған қоса әдебиет ұлттың өнері, жанары бардың бәрі Ә. Қастеев, Б. Тышқанбаев туындыларын көре алады. Әр бояуды нақ танымаса да ұғынары хақ. Құрманғазы, Тәтімбетті есту-мүмкіндігі барларға қиын емес.

«Жалғыз тақтай екі ішек» – деп қабылдап тоңы ерімес, тамыры оқшау мен өнер отына жүрек жылытқандардың әрқайсысы хадари санасымен сінірет не тітіркене жиырылары беймәлім. Бірақ әдеби туындыны ұғыну қазақ ұлты тағдырынан тыс, танымынан тауфик алмағанның қолы жетіп, тұшынбас тамашасы.

«Бұдырайған екі шекелі» атты бір сөз қазақ халқының көшпенді кезінен бастау алып оның жақсы көрері, ұнатары, ақыл аясы тынысынан із тартады. Демек ұлт пен бүкіл ғаламды, танымы мен тәңірін қосар ұлы ұстын, көшпес көпірі тек әдебиеті ғана болмақ. Немесе өткен күннің жылусыз жарығы ғұн, Бабылдардан жеткен жұқана әдебиетте ғана болмақ. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» Абай сөзінен асығы асмар қазақ ұлты болмысынан хабар береді. Әдебиетсіз ұлт болмақ емес, ұлтсыз әдебиет те.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**Әдебиет – мемлекет өзегі.** Қазақ хандығының негізін қалаған, соны қорғаған жандар ішінде Дотан жырау, Кет-Бұға, Асан Қайғы, Бұхар жыраулар болуы мемлекеттің бар саясаты, идеологиясы өз әдебиеті арқылы жүргізілетінін көрсетеді. «Иллиада», «Эдда», «Игорь жорығы туралы сөз», «Нибулинг сағасы» тектес соқталы шығармалар – сол сөздің дәлелі.

Б.ғ.д. 2120–2070 жылдарғы Египет басшысы Ахтой Хептидің «Сөз қарудан күшті», «Тобырды бас, қарсылық отын бас», «адалдықты тапсаң, ұзақ өмір сүресің» атты пікірлері мемлекеттің іргесін ұстап тұруға көмектесті. Хаммурапи патша жазбалары (1901–1902 ж.ж. табылған). Қазақ мемлекетінің Жеті Жарғысы тектес болатын. Бұны – әдебиет деп те қабылдауға болады, тарихы да осы. Өзгелерден бұрын түсінген әдебиеттің қажеттілігіне деп қойған орыс-кеңес жүйесі болды.

«Әдебиеттің партиялығы» да осыны тұтынды. Егер кез-келген мемлекет ұзақ өмір сүремін деп дйтесе әдебиетті айналып өте алмайды. Ол әдебиет мемлекетті құраушы ұлт тілінде ғана болады. Де Голль ағылшын мемлекеті көмегіне сүйенгенмен ағылшын тілі, әдебиетімен ел басқара алмады. Большевиктер кайзер қалауымен билікке келсе де, неміс әдебиетін билікке әкеле алмады. Тек вассал болған сталисттік бірінші хатшылар өктем тіл қызметшілері болуы мүмкін. Егемен ел болашағы еркін әдебиетіне байланысты.

**Әдебиет – әрекет.** Қазақ әдебиеті ең басында әркімге арналған. «Ешкімге арналмаған кітаптар» алаш үшін жат. «Тәңірі түсірген төрт кітап» адамдарға жіберілген. Әдебиеттің басты мұраты сөйлеуге, араласуға негізделген. Әдебиет болашаққа жолдау. Пирамида жазбалары, Орхон-Енисей ескерткіштері, жыраулар туындылары сол кезең ғана емес, болашаққа да арнау.

Көркем сөздің негізгі шарты: а) сендіре айтылады, ә) халық түсінер ірімдерге арқа сүйейді, б) өз бойындағы ауыр хал, жан киналысымен бөліседі. Р.Стевинсон әдебиетті «Қайырымды пікірлесу күркесі» деп санайды. Демек бағытты әдебиеттану ғылымы герменевтика яғни тәпсірлеуге сүйенеді. Бұған дейінгі талдауларда кеңестік идеологияға жат делініп ығыстырылған туындыларды назардан тыс қалдыруға болмайды. Бүгінгі атаусыз, еңсіз жүрген әр сөз келер ұрпаққа керек болуы мүмкін.

Кез келген қазақ қаламгері оның жас ерекшелігі, атақ-даңқы, билікпен қарым-қатынасы екінші қатарға кетіп, не айтқысы келді деген дүние алда болуы тиісті. Неоромантизм, мистика, артхауз, пәлсапашылдық, жалғызшылдық, модернизм т.б. бағыттар жіліктесіп ұсынылып, ой табағына тартылғаны жөн.

**Әдебиетке жол. Жазарман мен оқырман.** Кез келген әдебиет екі жақтан қаралады. Ол жазарман мен оқырманнан тұрады. Жазарман тапсырмасыз не үшін жазады, кім үшін жазады бұл әлі жауабы табылмаған жауаптар.

«Ұлылардың кітабы қайшылыққа толы. Ойландырмай қоймайды. Ал өзің шешімін шығар. Қадыров Қожаны қай қиырға шегелеуге болды. Құнанабай күз ұшына оңай шығамын деуге дәт жете ме? Оралханның Қоңқайы оң жамбасқа, ой жанбасқа көне ме? Стендальдің Сорелі, Бальзактың Гобсегі ше? Ұлылар әр кезде уақыттан биік, уақыттың құлы емес. Уақыттың төрешісі. Қала берді, Адамзаттың ақидасын анықтар таразы басы, қыл көпір қасы. Олар заманының оппозиционерлері. Көшеге шық, кеңірдек үзі жоқ. Өшпенділігі, өлтірі де жоқ. Қарғысы мен бет түкіру, соңынан топырақ шашауы да жоқ. Олар өкім айтушы, жан алғыш та емес, жан ашушы да емес, жар басындағы жаракты жалғыз жауынгер. Қорлаушы емес, қатал қазы». «Жазарманға жалғыз хат» С. Елікбай.

И. А. Ильиншілесек «Қас шеберлікті қалтықсыз қабылдау керек [1]. Оған ұлы көркемдік сеніммен қарап, балаша жан қақпасын ашу керек. Оқушы да, театрдағы көрермен де көріп отырған, немесе оқып тұрып шығарма ішіне араласып, тағдырын кешіп кейіпкерімен ғұмыр бөліседі. «Кейбіреулер театрдағы көргендегі сезімдерін кейін оймен қортады, белгілі бір уақытқа дейін сол оймен болады», – дейді. Оқырман да өзі оқып шыққан қызықты кітабы тұтқынына шыға алмайды. Әрине қазіргі әдебиет солғын тартқан шақта, әсіресе кітап оқуға тұрмыстық-танымдық мүмкіндік азайған кезеңде кітап керектік-мәжбүрлік категориясында оқылуда. Әдебиетті тандап беруші тәлімгер білім-қарымы талапкердің әдебиетке деген көзқасына орасан әсерін тигізеді.

Әлем ғалымдары «жазарман-оқырман» мәселерінде бір ізділікке түскен емес. «Оқу ұлылықпен, оқыту – надандықпен жолығу», – деген Ф. Бэкон

сөзі әлі өзекті. Біз кейде жазарманды, кейде оқырманды ортақ межеге иіп әкелгіміз келеді. Бұл екі жағалау жұртын бір арнаға алдыру мүмкін емес. Көп жағдайда оқырман дәрежесі жазарманнан биік, ақылы алшақ, ойы ірі болып та келері кездеседі.

Орыс әдебиетіндегі жазарман мен оқырман арасындағы «сына» жөнінде бірінші А. А. Потембин айтқанды суреткер күдіреттілігі әр түрлі оқиғаларды тудыра білетінінде деген [2]. Бұған қарамастан «Біз не айтсақ та...оқырман шығармашылығы екінші орында, оқырман бағыт-бағдары қабылдау нысанасына негізделген. Жазарман оқырманды шығармашылық даңғыл жолда алып жүреді. Ал жаңа оқырман дегеніміз түсінік алаңында өзін тауып, автор еркіне берілері» сияқты пікірлер де бой көрсетуде [3, 229].

Аталған пікірді бүтіндей дұрыс деп қабылдауға болмайды. Жазарман мен оқырман бірінсіз-бірі өмір сүре алмайтын, бірін-бірі толықтырып тұратын егіз ұғым. Жазарман оқырмансыз өмір сүре алмайды. Оқылмас кітап-қағаздар жиынтығы. Оқығаны көп, сыни көзқарасты оқырманға жолыққан кітап бәйгеге түскен жүйірікпен тең. Асылы аз, салмағы жоқ дүние бұл арада сыбағасыз қалады.

Асыл кітап оқырманын еліте ертіп, көрінбес көмбелерін көңілмен тартып әкелер сөнбес шырақшыдай. «Автор шығармасындағы мағына жүйесі-мызғымастықтың ұлылығын көрсетеді» [4, 254, 257].

Егер оқырман әдебиеттен алшақ болса арадағы «сына» бәс алып, әркім өз жағасында желкенін тігеді. Оқырман мен жазарманды қосар тек әдебиеттану ғылымына сүйенген тәпсірлеу-герменевтика болмақ көрген кітапты ұнату, оқу ол туралы ойлану бәрі жазарманның қарым-қуатын көрсетеді. «Иә, солай» деп оқылар кітап ғұмыры ұзақ емес, «неге бұлай» деген шығарма одан әрі есте көп жүрер-ақ. «мүмкін емес» деген ойларды аттап жылдардан жылжып барып «неге мүмкін, емес» делінер шығарма санада мәңгі шегеленіп қалады.

«Кеңес көсемі» Ленин жайлы жазылған солай деп қабылданған туындылар қоғам сұранысынан тыс қылды. Біз балалық шақта оқыған «Аяз би» ертегісі, «Үш ноян» әлі есте тек көп бояуы өшкен. Біз болуы мүмкін емес деген «Қар қызы» бейнесі әр аязда бізді қалың ойға орайды. «Ерік-ара» да сана сенделтеді. Демек реализм атты бұған дейінгі қозғалмас қазықтар түбінен босады. О. Бөкеевтің туындылары әлем білер «Шегірен елтірісі», «Қызыл үйден» кем емес. Оқырманның кітаптарды оқып болған соң ту көтерер «мүмкін» немесе «мүмкін емесі» таным сайысы. Я. Мукаржовский айтқандай: «суреткер салған дінгек «өзек» бойында оқырманның сезімі мен қиясы» қанат қағады» [5, 219, 240]. Демек әдебиеттен алар ләззат жазарманның оқырманды соңынан ерте алатынында шебер суреткер ойлы оқырманда байлап, өз ойын таңбайды. Оқырманға қиял қанаттан

қағар кеңістік те сиялайды. «Менің атым Қожадағы» кульминацияда ешкім Қожа түзелді ия бұзылды деп жіп таға алмайды. Оқырман ары ойланып барып шешім қабылдайды. Шедевр шырайы да осы. «Оқу – ол да еңбек пен шығармашылық» дейді В. Ф. Асмус (Асмус В. Ф. Чтение как труд и творчество // Асмус В. Ф. Вопросы теории и истории эстетики).

Жазарман мен оқырман талап тілегі бір қалыпқа сия алмай жатады. Тәуелсіз әдебиет теориясы мақсаты да осы шығарманы түсіндіру оның әр түрлі пішінін ұғындыру, қазақ-әлем мәдениетіне қосарын, тарихи орнын анықтату.

**Шығарма шанағындағы оқырман немесе эстетика.** Кейде оқырман жазарман тілегімен шығарма ішінде оқырманмен сөйлесіп кеңесе береді. Мысалы О. Бөкеевтің, Б. Соқпақпаевтың туындылары секілді. Әсіресе Қожаның «Менің атым» деп бастаралар тұсы соған дәлел. Әлем әдебиетіндегі Л. Стерн туындыларын да осыған бойлауға болады. Бұл туралы кеңестік саясаттан тыс орыс зерттеушілері де жазды. Әсіресе «концепция адресі» жөнінде «Пушкиндік достық жолдаулары» А. Н. Островскийдің «демократиялық көрермендер туралы талдау ойлары» алыс та өткір пікірлі оқырман жайлы жазған.

О. Э. Мандельштам белгілі мақаласы «О собеседнике» осыны қарап, талдап, жинақтауға тырысты.

«Оқырман адресат» мәселесі Батыс Герман (Сол кездегі ФРГ) ғалымдары Констану қаласы университеті 1970 жылдары Х. Р. Яусс, В. Изердің басталауымен пішімді эстетика (рецепті – Rezeption – қабылдану) бағдарламалық таныстыру болды [6]. Осы тақырыпта ГДР ғалымы М. Науман да зерттеу жүргізді. Неміс ғалымдары суреткерлік шеберлік екі жақты болады деп санады. Бірінші өнімді (креативті, шығармашылық) және пішімді-рецепті (қабылдау аясы). Яусс пен Изер екі түрлі эстетикалық теория бар деп шешті. Жазарман жасаған әдеттегі көркем шығармашылық теория, бұған қоса бұлар жасаған оқырман қабылдауына сүйенер, соған негізделген қабылдау теориясы. Оқырманды олар «имплицитті оқырман» деп атады. Автор оқырманға әсер ете отырып негізі тізгін басын өзіне қалтырады дейді зерттеушілер. Көрермендік-оқырмандық белсенділік «пішінді эстетика» өкілдерінің айтуынша негізгі нысана емес деген пікір білдірілді. Сөздік – көркемдік әрекеттік шығармадағы басты бағыт оқырманға әсер етер бағдарлама «Әсер ету күші» (нем. Wirkungspotenzial) деп аталды [7]. Мәтін құрылымы аппеляция (оқырманға арнау, жолдау деп саналады) «Әсер ету күшінің» аз көптігі шығарманың оқылымына, оқырманның қабылдауына әсер етеді дейді неміс ғалымдары.

**Белсенді оқырман.** Автор өзі армандаған, немесе шығармасын арнаған оқырманнан басқа белсенді оқырман бар. Белсенді оқырманның көзқарасы

әртүрлі болуы мүмкін. Олар әртүрлі топтардың өкілдері болуы да ғажап емес. Белсенді оқырманның көзқарасы өзі өмір сүріп отырған қоғам белгілеген әдебиет теориясы нормаларынан бөлек те болып келеді. Билік белгілеген заңнамаларға симады да. Кеңестік дәуірдегі «Азия», «Өлгендер қайтып келмейді», «Алдаспан», «Қаһар» т.б. шығармалар, жинақтар сөз дәйегі. Пішінді эстетикада бұл «күту кеңістігі» деп аталады. Әлеуметтанушылар К. Мангейм және К. Поппер өз ұстанымын ұсынады. Х. Р. Яусстың айтуынша «Күту кеңестігін» ескере отырып, күтім шартын бұзу қажет дейді. Керісінше, көпшілікке мүлдем ойламаған жерден шешім ұсыну шын суреткер шарты дейді.

Оқырманның жазарманнан қала берді көркем шығармадан күтері аса көп. Мысалы: 1. Жанға тыным. 2. Таң қалдырар сезімдер. 3. Ақыл қосар кеңес. 4. Бұрыннан белгілі шындықтардың шымылдығын қайта ашу. 5. Білмес әлемін іздеу. 6. Қиял-ғажайыптарға ұмтылу. 7. Өткен күндердегі тарихи шақтарға ұлт өкілі есебінде үңілу. 8. Жазушының рухани жанына желкен сала отырып лаззат алу, жүректі байыту. Соңғы топтығылардың қалауынан шығу жазарман жетер биік шың болмақ. «Абай жолы» да кітап, «Менің күресімді» кітап емес деп те ешкім айта алмайды. Әдебиет тарихы тек жазарманың ғана тарихы емес. Ол оқырманның да тарихы деген Н. А. Губакин.

«Абай жолын» майдан даласына апарып қайтқан Ә. Нұршайықов естелігі, өлген солдат қолындағы «Ботагөз» кітабы жайлы сөздер ойға тірек. Кейде жазарман беделі шығарма бағасын асырып жатады...

1. Көпшілік қауым жылы қабылдаған шығармалар. 2. Қоғам мен билік қолпаштаған жазарман. 3. Сыншылар қауымы хош көрген туынды. 4. Уақыт сұранысына дөп түскен көркем еңбек. Осылар алдыға шығып кезеңге бағынбас, келелі дүниеге келіскен баға берілмей қалуы да болып жатады. М. Әуезовтің алғашқы әңгімелері «Қилы заманы» өз бағасын кеш алды. І. Есенберлин, М. Қабанбаев шығармашылығы тәуелсіз әдебиет теориясы жасалған соң ғана танылып сараланды. Іздеушісіз өткен Ш. Әлімбаев, Қ. Аманжолов та сөзімізге дәлел.

Оқырманның талап-тілегі, қолдауы, рухани әлеуеті, білім-қарымы, қиял асқары тек әдебиет теориясы емес, әдебиет әлеуметтану ғылымы да зерттейтін сала. Қоғамға әдебиет әсері, оны түсіну мен ұғыну әдебиеттану ғылымының бір саласы екенін айтып, оған ат-айдар қойған М. Б. Храпченко «Әдебиетті тарихи – функционалдық оқыту» деген. Ғалым әдебиетті оқытуды кеңестік идеология сағағына иіп екеледі. Уақыт солай болды, дегенмен бүгінгі күні ол талаптар шет қалды. Жазарман өмір сүрген ортасы және тарихи кезеңіне байланған.

«Сондықтан қарауым сол баяғыға» (Мағжан) деп өз уақытына өкінішпен көз салса да, «Әлдиле, өлім, әлдиле» деп еріксіз қайтады. Храпченко әр жазарман өз уақытынан алыс кете алмайды, сондықтан оның жазғаны өз



уақыты жайлы жалғыз рухани дерек, дегенге меңзейді. Ж. Аймауытовтың Мағжан жайлы ақтау сөзінің тіні де осы. Кеңес-орыс насихаты жетегінде кетіп қазақ ұлтшылығының тас-талқанын шығарған туындылар да өткен күннің белгісі. Жарық көрген шығарманың арғы тағдыры жазарманнан тыс өтеді. Кітаптар тиражы, басқа тілге аударылуы автор әсерімен тіпті сұраныста БАҚ бетіндегі пікірлер де билік хошымен, мақұлымен дамуы да мүмкін. Бірақ шығарма сөздерінің көпшілік тілі айналысына енуі, сахналануы, экрандалуы қоғам қйраткерлері, өнертанушылар, сыншылар назарына іліну ел ұнатуы немесе ұнатпауы басқа әңгіме. Кең тыныс оқырман-белгіленген, енді шығармамен әуре болмайды.

**Әдеби сын.** Белсенді оқырман кезеңінде өзгеріп отырады. Әр оқырманның жас кезіндегі таным шау тартқанда соңғы қорғар қазынасы болмақ. Абай жолындағы «Бұрынғы кездегі» деп басталар Құнанбай – Абай дауы – көзқарастар майданы. Жас кездегі деп шабуылшы оқырман, белі еңкейгенде «кейіпкерлерін қорғаушыға» айналады. Бірақ оның өткен әдебиеттен сусындамаған қиыс ұрпақ баласына Әйгерім, Батыр Баян, Наурызбай, Алпамыс, Қобыланды деп қоймайды...

Оқырман көпшіліктің алдында, найза ұшында әдебиет сыншылары жүреді. Тәуелсіз әдебиет теориясымен қаруланған, жазарманды туыс санама, пәк әдебиет алдында иманы таза, бұрылма бұқпасы жоқ «ұнады, ұнамады» аясынан көсіліп «неге ұнады» деген сұрақты түсіндіріп, жіліктеп бере алар білімі кемеріне жеткен сыншы асыл сөзді жазбай танымақ – дүр.

Әдеби шығармаға байланысты дау өршіп, даумай етек алғанда «күрең» көңілсіз Күреңбай сыншы болар әдебиетші – ұлт бағы. «Поэма оқып, картина көріп, соната тындап ләззат аласыз, алмайсыз бұл сіздің талғамыңыз, ал оның себебін түсіндіре аласыз-бұл сын» – дейді В. А. Жуковский [8].

Әдеби сын оқырман мен жазарман арасын қосар алтын көпір. Тек ол көпірлер сыртқы – ішкі әсерлермен оқырманда оппа құмға алып кетері мақұл емес. Тек көркемдік кеңестікті ту еткен, ұлт мәселесін мәжілісіне алған жазарман назардан тыс қалмауы тиісті.

Большой энциклопедический словарь дает следующее определение РР – «разновидность устной литературной речи, обслуживающая повседневное обиходно-бытовое общение и выполняющая функции общения и воздействия». Что касается русской разговорной речи, то ученые-лингвисты придавали разный статус РР. Е. А. Земская, Ю. М. Скребнев противопоставляют РР кодифицированной литературной речи, то есть РР – это самостоятельное явление в лингвистике. По мнению, О. А. Лаптевой и Б. М. Гаспарова РР является частью литературного языка. В то время как О. Б. Сиротинина и Г. Г. Инфантова определяют РР как «особый стиль». Известно, что основная функция РР является общение, коммуникация, в связи выделяют 3 типа ситуаций общения: типичная городская речь незнакомых людей, непринужденное общение знакомых людей на бытовые темы, общение знакомых и незнакомых друг другу людей в «производственной и социально-культурной сфере». В художественной литературе тоже присутствует РР, но в ней она «олитературируется» и устный характер протекания РР не показан в произведениях художественной литературы. Поэтому целесообразно изучать естественную РР на основе материалов аудиозаписей [15, с. 407–408].

Обобщая все выше сказанное, речь может выступать как социальное и индивидуальное явление. Разговорная речь является важной при освоении детьми основ литературного языка. Основная цель речи – это обмен информацией между собеседниками, используется в неофициальной, непринужденной обстановке. Как видно, разные лингвисты придают различный статус термину РР: одни ученые считают ее частью литературного языка, другие особым стилем, третьи вовсе считают РР самостоятельным направлением в лингвистике. Так, Т. В. Матвеева считает, что разговорная речь часто противопоставляется кодифицированному литературному языку и она представляется как «необработанная, произвольно и много варьирующая, с размытыми представлениями о норме устная неофициальная некодифицированная городская речь (живая речь города)».

Ахманова О. С., Матвеева Т. В., Жеребило Т. В., О. Б. Сиротинина, отмечают одно существенное свойство речи – это ее использование в условиях непринужденности, неофициальности.

Е. А. Земская в своей статье «Городская устная речь и задачи ее изучения» пишет о другом значимом признаке устной речи – неподготовленности. Так, речь можно представить в виде шкалы от полной неподготовленности до подготовленности. Между этими ступенями существует много других ступеней. Говорящий произнося свою неподготовленную речь

импровизирует, подготовленная речь – это «речь-полуфабрикат, речь-заготовка, из которой путем обработки производится речь более высокого качества». Признак спонтанности характерен для любой естественной речи любого языка. Термин «неподготовленность» имеет несколько других синонимов: спонтанность, незапланированность, импровизация, неподготовленность. Однако, термин «неподготовленность» является наиболее приемлемым и соответствующим. Принято разграничивать термины «спонтанность» и «неподготовленность», так спонтанная речь понимается как речь, производимая без стимулов извне. То есть речь студента на экзамене или речь свидетеля на суде является неподготовленной, но не является спонтанной, так как в данном случае речь вынужденная [16, с. 12].

Известно, что условия коммуникации влияют на характер коммуникации. Даже если говорящих связывают родственные или дружеские отношения, и имеется установка на официальное общение то в этом случае наблюдается смена интонации, тона, мелодика речи. Если при официальных условиях один их собеседников проявляет фамильярность в отношениях и это не поддерживается другим собеседником, то данный факт свидетельствует о низкой культуре одного из собеседников.

При официальной личной коммуникации отсутствует та непринужденность, которая свойственна личному неофициальному общению. Подбор нужных выражений и грамматических структур затрудняет речь, но даже при этом она остается неподготовленной. Подготовленной речь будет считаться, если говорящий заранее выучил наизусть свою речь и воспроизвел ее.

Главной чертой РР – это его спонтанность, неподготовленность. РР реализуется при коммуникации двух или более говорящих, происходит постоянная смена говорящего и слушающего. При этом диалог может переходить в полилог или монолог и наоборот. Взаимосвязь речи и ситуации общения играет большую роль. То есть «разговорная речь неотрывна от коммуникативного акта, от состава коммуникантов, предметного состава, обстоятельств и структуры речевого общения» [13].

Амиров Р. С. утверждает, что основные характеристики, которыми обладает РР это – диалогичность и адресованность. Здесь очень важно подчеркнуть, что адресованность предполагает реакцию слушающего и эмоциональное воздействие на него. Помимо этого в РР собеседники могут предвосхищать реакцию друг друга во время разговора. В связи с этим РР изобилует эмоциональной экспрессией, что выражается в специфических синтаксических структурах. Как правило для РР характерны эллипсисы. РР динамична, ей присущ «интенсивный характер протекания диалога». РР как правило носит устный характер и направлена на слушателя, ориентирована на

его реакцию, она изобилует индивидуальными речевыми средствами. Амиров Р. С. считает, что термины «устный» и «письменный» являются формами существования речи, которые в свою очередь определяют стиль речи. Две формы речи имеют свои характерные для них стилистические особенности. К примеру, для письменной речи характерны сложные и распространенные предложения, для устной напротив характерны эллиптические предложения, намеренное упущение некоторых слов, лаконичность. Таким образом, «устная речь представляет собой функционально-стилистическую систему, имеющую свои лексико-грамматические особенности, а также систему своеобразного речевого использования языковых средств». Любопытно мнение В. Г. Костомарова, что форма речи не меняет ее стиля. Например, разговорная речь может быть описана в литературном произведении, несмотря на ее письменную форму РР не теряет свойства разговорной речи. «Языковая специфика стиля может быть описана, даже если полностью игнорировать форму...» [17, с. 122–114].

В этом отношении мнение Жеребило Т. В. сходится с утверждением Амирова Р. С., что для РР характерны эллипсисы, «прерывистость и непоследовательность». Эмоциональность является также важной составной РР. Неполные предложения, редукция, использование «разговорных суффиксов» имеют место при определенном эмоциональном состоянии говорящего.

По мнению О. Б. Сиротининой, непосредственное общение предполагает собой естественное общение, когда субъекты разговора находятся рядом, в непосредственной близости и общаются посредством речи. Выделяют непосредственное общение и истинно непосредственное общение. Если непосредственное общение подразумевает общение двух и более лиц, «не разделенных ни временем, ни пространством», то при истинно непосредственном общении возможно использование дополнительных каналов коммуникации таких как мимика, жесты, также наличие самих предметов о которых идет речь.

О. Б. Сиротинина характеризуя особенности устной и письменной форм речи, упоминает о роли интонации. Интонация в письменной речи является вторичной и «всегда есть результат выбора читающего», то есть «возможны различия, выбор разных слов в качестве логически выделяемых, разная степень этого выделения и т.д.». В устной речи интонация наоборот «первична, непосредственная и всегда одна». Данное обстоятельство позволяет передавать многие значения путем использования интонационных средств [18, с. 15–20].

Речь связана с говорящим субъектом. Такие признаки как пол, образование, род деятельности, ролевая функция играют существенную роль,

так как они являются факторами, влияющие на речь носителей. По мнению Е. А. Земской, городская речь делится на литературную и просторечную. Замечено, что носители с высшим образованием и высоким социальным статусом больше употребляют литературный язык впрочем как их дети. Случается, что происходит и обратное, когда носитель не имея порой даже среднего образования употребляет литературный язык. В этом случае имеет место влияние средств массовой коммуникации, любовь к чтению, стремление к самообразованию т.д. При этом необходимо отметить, что носитель просторечной речи не способен переключиться на литературный язык в зависимости от ситуации общения. В то время как носитель литературного языка может использовать и элементы просторечия если этого требует ситуация общения и ролевое поведение говорящего. Немаловажную роль играет и пол носителей языка. К примеру, женщины склонны к использованию эмоционально окрашенных слов или уменьшительным образованиям [16].

## ВЫВОДЫ

Таким образом, РР обладает рядом экстралингвистических характеристик: неподготовленность, непринужденность, спонтанность, непосредственное участие говорящих в речевом акте. Не менее важным фактором является психологическое и эмоциональное состояние коммуникантов. Среди внешних условий, влияющих на речь, это пол носителей языка. «Речевая коммуникация» включает использование жестов, мимики, знаков, аббревиатур.

Подытоживая все выше написанное, можно сделать следующие выводы. РР рассматривается, как правило, только в устной форме. В то время как «дискурс» или «речевая коммуникация» предполагают как письменную, так и устную формы речи, то есть все, то, что говорится или пишется. Однако, сравнивая данные термины, имеются и ряд сходств. В своей основе все три термина объединены следующим общим аспектом: «разговорная речь» и «речевая коммуникация» невозможны без таких компонентов речевого акта, как адресант, адресат, цель сообщения и ситуация общения. Речь должна быть адресованной.

Речевой акт – сложное коммуникативное явление, которое требует исследований не только в области языкознания, но и других смежных областей как социология, психология, философия, антропология и др. В связи с этим три термина рассматриваются не только в рамках лингвистики, но и на стыке гуманитарных наук.

В современном языкознании термины «дискурс» и «речевая коммуникация» являются прототипами разговорной речи. Основой речевого общения является разговорная речь, она первична. Традиционно такие советские лингвисты

как Сиротина О. Б., Земская Е. А., Лаптева О. А. и др., занимавшиеся проблемами разговорной речи, определяли ее как «разновидность устной литературной речи», которая протекает в непринужденной обстановке. На сегодняшний день современная лингвистика интердисциплинарна, а ее границы нечетки. С развитием лингвистической науки «разговорная речь» получила свое дальнейшее развитие в виде появления такой категории как «дискурс», затем «речевая коммуникация». Очевидно, что существует тонкая грань в определениях этих смежных понятий. Четких границ в определении «дискурса» в современной науке не имеется, и часто является синонимичным термину «речевой коммуникации». Дискурс, являясь сложным многогранным коммуникативным явлением, рассматривается в комплексе с экстралингвистическими факторами, включая паралингвистические средства коммуникации. Как известно, «разговорная речь» употребляется только в бытовых условиях коммуникации и тематически ограничена, в то время как «дискурс» характерен для любой ситуации общения. В связи с выше изложенным, в нашем исследовании в качестве основного термина мы будем опираться на понятие «разговорная речь». Этому есть свое логическое объяснение: учитывая, что разговорная речь – это прежде всего взаимобмен информацией, так скажем речь в чистом виде. В нашем исследовании принято решение принимать во внимание неофициальный характер разговорной речи.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Выготский, Л. С.** Мышление и речь. Психологические исследования [Текст]. Государственное социально-экономическое издательство Москва 1934, Ленинград.

2 **Кондубаева, М. Р.** Культура речевой коммуникации (в условиях двуязычия) [Текст]: Учебное пособие/ М. Р. Кондубаева. – Алматы : Мектеп, 2013. – 224 с. (с. 45).

3 **Табукашвили, Р. М.** Рефлексы дискурса [Текст] / Р. М. Табукашвили, И. Г. Чиквинидзе, К. С. Әкім// Доклады Казахской академии образования. – 2017. – №1. – с. 175–180.

4 **Буркитбаева, Г. Г.** Деловой дискурс. Онтология и жанры [Текст] / Г. Г. Буркитбаева. – Алматы : НИЦ «Гылым», 2005. – 232 с. (с. 5–7).

5 **Сырымбетова, Л. С., Каирбекова, Б. Д.** Речевая коммуникация: проблемы слабоуспевающих учащихся сельской школы [Текст]/ Л. С. Сырымбетова, Б. Д. Каирбекова. – Караганда, 2007. – 169 с. (с. 14).

6 **Гойхман, О. Я., Надина, Т. М.** Речевая коммуникация [Текст]: Учебник. – 2-е изд., перераб. и доп. – М. : ИНФРА – М, 2007. – 272 с. – (Высшее образование) (с. 7, 13–14).



7 **Шарков, Ф. И.** Основы теории коммуникации [Текст]: учебник для студентов высших учебных заведений/ Ф.И. Шарков. – 4-е изд., перераб. – Москва : Дашков и К<sup>о</sup>, 2013. – 487 с. (с. 24–25).

8 **Роготнева, Е. Н.** Речевая коммуникация [Текст]: учебное пособие/ Е. Н. Роготнева. – Томск : Изд-во политехнического университета, 2009. – 60 с. (с. 9–10).

9 **Кэмерон, Д.** Разговорный дискурс. Интерпретации и практики [Текст]/ Пер. с англ. – Х.: изд-во «Гуманитарный Центр»/ Вовк Ю. С., 2015. – 316 с.

10 **Матвеева, Т. В.** Полный словарь лингвистических терминов [Текст]: Т. В. Матвеева. – Ростов н/Д: Феникс, 2010. – 562 с.

11 **Ахманова, О. С.** Словарь лингвистических терминов 2-е изд. [Текст]/ О. С. Ахманова. – Москва : Сов. энциклопедия, 1969. – 607 с.

12 **Жеребило, Т. В.** Словарь лингвистических терминов [Текст] / Изд.5-е, испр. и доп. – Назрань ООО «Пилигрим», 2010. – 486 с.

13 **Борисова, И. Н.** Русский разговорный диалог: структура и динамика [Текст] / И. Н. Борисова. – М. : КомКнига, 2005. – 320 с.

14 Разговорная речь в системе функциональных стилей современного русского литературного языка : Лексика [Текст]: / Под ред. О. Б. Сиротининой. Изд. Стереотип. – М. : Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2016. – 256 с.

15 Лингвистический энциклопедический словарь / Гл. ред. В. Н. Ярцева. – М. : Сов. энциклопедия, 1990. – 683 с.

16 Разновидности городской устной речи [Текст]: Сборник научных трудов/ отв.ред.: Д. Н. Шмелев, Е. А. Земская. – Москва : Наука, 1988. – 259 с.

17 **Амиров, Р. С.** Особенности синтаксиса казахской разговорной речи [Текст] / Р. С. Амиров. – Изд-во «Наука» Казахской ССР, г. Алма-Ата, 1972. – 180 с.

18 **Сиротинина, О. Б.** Современная разговорная речь и ее особенности [Текст]: Учебн. пособие для студентов пед.ин-тов по специальности «Русский язык и литература»/ О. Б. Сиротинина. – М., «Просвещение», 1974. – 143 с.

Материал поступил в редакцию 31.10.19.

Қ. С. Кенжігожина<sup>1</sup>, Е. Н. Нұрахметов<sup>2</sup>

**Сөйлеу сөзінің аспектері туралы**

<sup>1,2</sup>Филологиялық факультеті,

Л. Н. Гумилев атындағы Евразиялық ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы.

Материал 31.10.19 баспаға түсті.

К. С. Kenzhigozhina<sup>1</sup>, Y. N. Nurakhmetov<sup>2</sup>

**To the question of aspects of colloquial speech**

<sup>1,2</sup>Faculty of Philology,

L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 31.10.19.

*Бұл мақала «Сөйлеу сөзі» лингвистикалық терминнің және оның аспектілерін анықтауға арналған. Қазіргі таңда лингвистикада синонимдік болып келетін және оларды ажырату үшін нақты шектерді қажет ететін «дискурс» және «сөздік коммуникациясы» сияқты бір қатар терминдер бар.*

*Мақаланың көкейкестілігі «дискурстің» қолданудың барлық жағдайларың қамтитын нақты және көпшілік таныған анықтамасының жоқтығы, сонымен бірге дәл осы факт соңғы онжылдықтарда терминнің кең танылуына мүмкіндік тудызғаны анық. Тілдің барлық қасиеттерін адамның сөзі, сөз және коммуникативтік іс-әрекетін зерттеу арқасында ғана ашуға болатыны анық.*

*Осы жұмыста авторлар үш ұғымды анықтауға қатысты теоретикалық шолу берген. Сонымен бірге осы терминдерді шектеу үшін негіз беретін аспектілері қарастырылған.*

*The given article is devoted to the definition of linguistic term «colloquial speech» and its aspects. Currently there is a number of terms like «discourse» and «speech communication», which often requires clear landmarks for their distinction and are synonymous to each other.*

*The significance of the article is that there is no distinct and acknowledged definition for ‘discourse’, covering all cases of its application, and this fact enables extensive popularity for over the last decades. It is well-known, all language properties can be traced through research of speech and communicative activity of a human. In the work the authors give theoretical review, concerning the definition of three notions. As well as the aspects which give ground for distinction of these terms are observed.*

**А. Мурсал**

магистрант, 2 курс, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Ғылым ордасы» кешенінің базасындағы ғылыми-зерттеу институттарының бірлескен білім беру бағдарламалары, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы  
e-mail: aigerimmursal@mail.ru

**КҮРДЕЛІ ҚҰРАМДЫ ЕТІСТІКТІ ТІРКЕСТЕРДІҢ ЛЕКСИКОГРАФИЯСЫ**

*Мақалада күрделі етістіктер мен аналитикалық формалы етістіктерді лексикографиялау мүмкіндіктері қарастырылады. Күрделі етістіктер жасайтын тірек компоненттердің/көмекиі етістіктердің семантикалық функциясы ашылады және күрделі етістіктер мен аналитикалық формалы етістіктердің бірнешеуіне дефиниция беріліп, сөздікте рәсімделу үлгісі беріледі.*

*Кілтті сөздер: күрделі етістік, лексикография, сөздік, аналитикалық формалы етістік, морфологиялық анализатор, автоматтандыру.*

**КІРІСПЕ**

Сөздік – жеке тілдің сөздік құрамының, әлеуметтік топ диалектісінің, жазушы шығармаларының лексикалық жиынтығы;

Сөздік – тілдегі сөздерді, сөз тіркестерін, идиомдарды әліпби негізінде я тақырыптық тұрғыдан жүйеге түсіріп, олардың мағынасын ашатын, аудармасын түсіндіретін анықтамалық құралмасы.

Алғашқы сөздік өзге тілдер сөздерін түсіндіру мақсатында ерте заманда жасалды. Грекияда б.з.б. 5 ғасырда, Үндістанда б.з. 12 ғасырда, Ресейде 13 ғасырдан бастап сөздіктер құрастырылды. Түркі халықтарының алғашқы сөздікі 11 ғасырда жазылған Махмуд Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегі саналады. Кейінірек екі тілді немесе көптілді сөздіктер жасалды. Мысалы, араб-парсы, түрік-моңғол сөздерін салыстыру тұрғысынан Замахшаридың «Мұқаддима ал-адаб» сөздігі (12 ғасыр), Әбу Хайанның «Китаб әл-идрак Ли-Лисан әл-атрак» атты қыпшақ тілінің грамматикасы мен сөздерінің жинағы (14 ғасыр), Жамал әд-диннің араб-қыпшақ сөздігі ретінде құрастырылған «Бұғат әл-мұштак» (15 ғасыр) еңбектері.

Бұдан кейін П. М. Мелиоранскийдің «Араб филолог о турецком языке» (1900) еңбегін атауға болады. Сөздіктің әлеуметтік қызметінің маңызы

ерекше: дереккөзі ретінде жылдам ақпарат алуға болады; сөздердің мағынасы мен дұрыс қолданылуы туралы нормативтік бағыт береді т.б. Сөздік жасаудың әдісін, теориясы мен тәжірибесін, технологиясын тіл білімінің **лексикография** саласы зерттейді.

Қазақ тілі басқа да әлем тілдері сияқты сөз санын жинақтап, сөздіктер құрастыру ісінен құр алақан емес. Қазақ тілінің алғашқы түсіндірме сөздігі екі том болып шықты. Кейін көптомдық сөздік 10 том болып, Қазақ тілінің онтомдық түсіндірме сөздігі негізінде халықтың сөз байлығын ықшам бейнелейтін біртөмдік «Қазақ тілінің сөздігі» 1999 жылы жарық көрді. Бұл сөздіктер көптомдық сөздіктің келесі тиражын шығарғанға дейін Қазақстанның тәуелсіздігі тұсындағы қоғамдық санадағы өзгерістерді, мәдени өмірді бейнелейтін, тілдің лексикалық қорын нормалаушы сөздік қызметін атқара алды.

Қазақ тілінің соңғы жылдары жарық көрген онбестомдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» түркі тілдері ішіндегі саны жағынан ең көптомдық түсіндірме сөздік болып есептелсе, сапасы жағынан да ғылым-білімнің соңғы жетістіктерімен толықтырылған кең ақпараттық аядағы рухани-мәдени мазмұндағы ұлттық сөздік болуымен құнды. Онбестомдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» [1] негізінде біртөмдік «Қазақ сөздігі» [2] жарық көрді.

Қоғам өзгеріп отыратындықтан, халықтар арасындағы қарым-қатынас, ғылым-білімнің дамуы, осы сияқты қоғамдық-әлеуметтік факторлар әрбір ұлттың сөз байлығына да, сөйлеу мәдениетіне де әсер етпей қоймайды. Бүгінгінің адамы осыдан он-он бес жыл бұрын өмір сүрген адамдардың тілінен өзгешерек. Оның сөйлеу мәдениеті, сөз қолданысы, терминдерді қолдануы қазіргі заманға лайықталып, бейімделеді. Сондықтан сөз байлығын жинақтайтын сөздіктерді әр кез қайта өңдеп жаңартып отыру қажет.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Лингвистикалық сөздіктердің бірнеше түрлері бар: екі тілді не көп тілді аударма сөздіктер т.б. Аударма сөздіктер бір тілдегі сөздерді басқа тілдің балама сөздерімен беріп, ұлттар арасында сөз алмасу үрдісін, өзара қарым-қатынас жасауды дамытса, түсіндірме сөздіктер сөздердің лексика-грамматикалық сипатын, экспрессивті-эмоционалды бояуын танытып, маңызды ақпараттық дереккөзін сақтаған рухани қазына ретінде қабылданады [3, 4]. Екінші тілді үйренуде аударма сөздіктердің маңызы зор десек, тілүйренуші үшін тілдегі жеке сөздерді ғана емес, мағыналық тұтастықта қаралатын күрделі сөздерді де үйрену, яғни олардың біртұтас аудармасын да білу қажет. Түсіндірме сөздіктерде әдетте сөзтізбеде (реестрде) жеке сөздер беріледі де, сол сөздер арқылы қалыптасқан тіркестер сол сөздің ұясында беріліп, мағынасы түсіндіріледі, мысалдармен

дәйектеледі. Алайда түсіндірме сөздіктерде күрделі құрамды сөздердің тұрақты тіркес болып қалыптасқандары беріледі де, күрделі сөздердің бәрі беріле бермейді. Күрделі сөздердің ішінде біріккен және қос сөздер ғана алынып, тіркесу арқылы жасалғандар дербес күрделі лексикалық бірлік бола тұра, түсіндірме сөздіктерге еңбейді. Қазақ тілінде ойды жеткізудің негізгі құралы етістіктер болғандықтан, олардың бірнеше етістіктен құралып бір ғана қимылды біліріу жиі кездеседі [5]. Сондықтан, қазақ тілін үйренушіге, әсіресе, етістік сөз табының күрделі құрамды бірліктерінің мағынасын да білу маңызды болып табылады. Тілүйренушіге мұндай мүмкіндікті жасау ең алдымен аударма сөздіктерден бұрын сол тілдегі күрделі сөздердің түсіндірме сөздіктерін жасауды қажет етеді. Осы мақсатқа сай біз диссертациялық жұмыс барысында күрделі етістіктердің түсіндірме сөздігін құрастыруды, ал болашақта оны орыс, ағылшын т.б. тілдерге аударуды көздейміз.

Қазақ әдеби тілінің 15 томдық сөздігінде көмекші етістіктер/тірек компоненттер арқылы жасалған көптеген тұрақты тіркестер бар. Сөздікте олар әліпби реті бойынша бірінші сыңардың ыңғайына қарай енгізілген, яғни көмекші етістіктердің сөздік ұясында берілмеген. Сондықтан көмекші етістіктер арқылы жасалған тұрақты тіркестерді әліпби реті не сөз ұясы бойынша іздеп табу қиындық тудырады. Біз мұндай тұрақты тіркестерді Сөздіктің барлық томдары бойынша екінші компоненттеріне қарай іздеп таптық. Көмекші етістіктер арқылы жасалған тұрақты тіркестердің лексикографиялану ерекшеліктеріне мыналарды атап көрсетуге болады:

- 1) Көмекші етістіктер жасалған тұрақты тіркестер Сөздікте бірінші компоненттерінің сөздік ұясында беріледі;
- 2) Тіркестер жедел өткен шақ формасында (-ды, -ді, -ты, -ті), жіктік жалғаудың 3-жағында тұрады;
- 3) Тіркестер азат жолдан қою бояумен беріліп, нүкте қойылып отырады;
- 4) Тіркеске берілген дефинициялар ауыспалы мағынаға негізделеді және олар тіркестегідей жедел өткен шақ, жіктіктің 3-жағында беріледі; дефинициялар курсивпен ерекшеленеді;
- 5) Тіркестен кейін, мағына ашылмастан бұрын стильдік белгісөздер (пометалар) қойылады;
- 6) Кейбір тіркестерде көмекші етістіктер әртүрлі грамматикалық формада тұрса, тік жақшамен сыйыстырылып беріледі;
- 7) Мағына түсіндірілгеннен кейін иллюстрациялық материалдар ретінде мысалдар беріледі, мысалдар көбінесе көркем әдебиет стилінен алынған;
- 8) Тіркестерде бірнеше мағына болуы да мүмкін, мұндайда әрбір мағынасы әріптермен (а), ә), б) ажыратылады.

Енді жекелеген көмекші етістіктер бойынша жасалған тұрақты тіркестерге мысалдар беріп, олардың тіркес құрамындағы қызметіне талдау жасайық.

Сөздікте «**кел**» етістіктер жұбы тіркесуі арқылы жасалған тұрақты тіркестер көптеп кездеседі. Мысалы: *ажалы келді, дозақтан өтіп келгендей, басына пәле келді* т.б.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» /7-том/ «кел» етістігінің 7 түрлі мағынасы түсіндірілген. Біріншісі «*Белгілі бір орыннан бері қарай жүру, бет алу, жақындау, жуу, жылжу*» дегенді білдіретін тура мағынасы. Осыдан кейін сөздікте әр алуан дереккөздерден жиналған көптеген тіркестер алфавиттік реті бойынша және иллюстрациялық материалдарымен бірге ұсынылған. *Кел* етістігі арқылы жасалған тіркестердің мағынасына назар аударғанымызда, кеңістіктегі қозғалысты білдіретін мағынасының тіркес құрамында **болу, орындалу** мағынасына көшетінін байқаймыз. Салыстырайық:

**Айтқаны келді.** *Дегені болды, айтқаны орындалды.* Алтын көбейсе, машина да көбейеді, – дейтін еді Алтынсары. Сол *айтқаны к е л д і*. Сонша мол алтын машинаны көбейтпей қоя ма! (С. Мұқанов, Аспаз).

**Ақылға келді.** *Жөнге келді, сабасына түсті, өзіне өзі келді.* Адамдық емес мұның, *А қ ы л ғ а к е л д і* (Ө. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). Аз отырып, көз жұмып, *А қ ы л ы н а к е л д і* шал: Баласына сөз бұрып, «Жақында!» – деп ымдады (І. Жансүгіров, Өлең.).

**Айтқаның келсін.** *а л ғ ы с. Аузыңа май, дегенің болсын деген мағынада.* – *А й т қ а н ы ң к е л с і н*, қарағым! – деп, қариялар шуласа, жастар мен мектеп балалары уралап, бүкіл төңіректі думанға бөлеп жіберді (С. Сейітқазин, Хадиша). – *А й т қ а н ы ң ы з к е л с і н*, Сәтеке, – деді төменнен кірпіш лақтырып тұрған жігіт (С. Нарымбетов, Тентек).

**Қарасан келгір!** *қ а р ғ ы с с ө з. Спырға айтылатын қарасанмен ауыр деген мағынадағы қарғыс.* Өк, құрып кеткір! *Қ а р а с а н к е л г і р*, қышынба! Сәйгелді ме алып тұрған қысымға? Дәл басып тұр тұяғыңды аудармай, Балығыңның төбесінің тұсына (І. Жансүгіров, Шығ.).

Жоғарыдағы тіркестердің *айтқаны келді* тіркесте – дегені болу, *ақылға келді* тіркесінде – жөнге түсу, сабасына түсу, *айтқаның келсін* тіркесінде – дегенің болсын деген тілек, *қарасан келгір* тіркесінде – қарасан ауруымен ауырып қал деген қарғыс мағыналары болу, орындалу мәндері тұрғысынан сабақтас тіркестер жасаған.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» /7-том/ «кел» етістігінің 13 түрлі мағынасы түсіндірілген. Бірінші мағынасы – кеңістіктегі бір орыннан екінші орынға қарай қозғалу мағынасын білдіреді.

**Ажары кетті.** *Әдемілігінен айырылды.* Күніс бір күн сөйледі: – Қой, қарағым, қой, – деді, Сен жылсаң, бауырым, Айрыламын есімнен, Ақ жүзімнен нұр тайып, *А ж а р к е т е р* бетімнен (Қ. Жапсарбаев. Сөйле.).

**Артық кетті.** *Шектен шықты, асырып жіберді.* Шын ақын әділ ойын жасыра ма, Сөз құтын жалған айтып қашыра ма?! деген ғой «сын түзелмей мін түзелмес», Ал, *артық кетсем* кешір, ақын аға! (Айтыс).

**Бетімен кетті.** *Жөн-жосықсыз, беталды лақты.* Еш тәрбиеге көнбей *бетімен кеткен* адамды заңға салу керек («Социалистік Қазақстан»).

**Садаға кет [кетсін, кеткір]. қ а р ғ ы с с ө з.** *Тырнағына татымады, басқан ізіне тұрмады, Садаға кетсін* Алшағыр Айналайын ағамнан. Азатұғын жеңгем жоқ, *Садаға кет* Құртқамнан (М. Әуезов, Таңд. шығ.). «Алтын көрсе, періште жолдан шығады» дейді. Періштеден *садаға кеткір*-ай! Періште алтынды не қылсын (Абай, Тол. жин.).

**Жүріп кетті.** *Демі үзілді, жан тапсырды.* Сырылы басылған науқас енді сұлық түсті де, бірден *жүріп кетті* («Қазақ әдебиеті»).

**Шейіт кетті.** *Құрбан болды, тосыннан жан тапсырды.* – Адамдарымыз да азайып қалды. Артықбай мен жылқышы Сүгір, Аманбайлар *шейіт кетті* (Т. Жармағамбетов, Сентябрь).

**Арманда кетті.** *Мақсат-мұратына жете алмады.* Осы ұранды айтып күштіні жыққан әлсіздер, Осы ұранды айтып жігіттер алға ұмтылған. Ақ намыс туындай – айқасқа кіріп боз аттар. Осы ұранды айтып *арманда кеткен* боздақтар (Ж. Қыдыров, Жұлдыз).

*Кет* көмекші етістігі арқылы жасалған тұрақты тіркестерде бұл көмекші етістік *айрылу, шектен шығу, тоқтау, қол жетпеу, яғни болымсыздық* мәндерін білдіреді.

Біз жоғарыдағы түсіндірме сөздікте берілген етістікті тұрақты тіркестердің лексикографиялануы (графикалық, мағыналық, иллюстрациялық) сияқты алдағы тақырыптарда күрделі етістіктер мен аналитикалық формалы етістіктерді де сөздік формасында сөздік ұяға алып, мағыналарын ашып, иллюстрациялық мысалдар беріп, сөздік құрастыруды мақсат етеміз.

Н. Оралбаева, Б. Қасым пікірлері бойынша, қазақ тіліндегі қимыл мәнін білдіретін күрделі сөздерді етістіктің аналитикалық форманттары мен күрделі етістіктерге бөліп тану керек. Бұл пікір қазақ тіл білімінде қолдау да тауып келеді. Ғалымдар пікірінше, *оқып шықты* – етістіктің аналитикалық форманты болса, *кіріп шықты* – күрделі етістік. Алғашқысында оқу қимылының өту сипатын білдірсе, екіншісінде кіру және шығу қимылынан тұратын біртұтас әрекетті білдіреді дейді. Етістіктің аналитикалық форманттары грамматикалық мағына үстеуіне қарай қазір функционалды грамматикада қимылдың өту сипаты (аспектуалдылық) категориясының (өрісінің) тілдік құралдары болып табылады [6, 7]. Демек, қимыл мәнді күрделі сөздердің ішінде лексикалық және грамматикалық мағына үстеуіне қарай әртүрлі құбылыстар бар екендігін көреміз. Осы орайда күрделі етістіктердің сөзжасам мен формажасамға қатысы түбегейлі шешімін таппай

келеді. Сонымен қатар қимыл мәнді күрделі сөздердің күрделі етістік біртұтас лексикалық бірлік (*кіріп шықты, барып келді, апарып берді, шығарып әкелді*) ретінде танылатын болса, оларды түсіндірме сөздіктерге енгізу де қажет не арнайы сөздігін құрастыру керек деп санаймыз. Мұндай сөздік өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуде аса қажеттігі дау тудырмайды.

Қазақ тілі сөздіктерінде күрделі етістіктер сөздіктердің ешбіріне енбеген. Сондықтан біз жоғарыда берілген етістікті тіркестердің лексикографиялануын басшылыққа алып, көмекші етістіктер/тірек компоненттер арқылы жасалған күрделі етістіктерді лексикографиялау мүмкіндіктерін қарастырамыз. Төменде бірнеше күрделі етістіктің лексикографиялық құрылымына тоқталмақпыз. Ал жинаған материалдарымыздың толық көлемін өзіміз құрастыратын «Сөздікте» (Қосымшада) береміз.

Көмекші етістіктер арқылы жасалған күрделі етістіктер көбінесе *өзінің тура мағынасында жұмсалғанда* екі қимылдың кесіндісінің бірі болып, сөзжасамдық күрделі етістіктер жасайды [8]. Мысалы:

**Алып шықты.** а) *Затты, нәрсені қолына алып не бірге ертіп сыртқа шығарды.* Ал енді ыдыс-аяқ салынған сандық ашылғанда бір каробка пышақтарды алып шықты (Қ. Өзенбаева, Асықты көрпе). Мәди қызды байлаудан босатып есік алдына алып шықты да, шашынан сипап көзінің жасын сүрте бастады (Ө. Әбішев, Жаралы сұңқар). ә) *Бір жұмысты өзі не өздерінің күшімен бітірді, нәтижеге қол жеткізді.* Жарыста өз командасын қалайда алып шығатын (Ауызекі).

**Барып шықты.** *Бір жерде болып, қайта кетті, біреудің үйіне соғып кетті.*

**Кіріп шықты.** *Бір жерге жолай соғып кетті.* Үлкен кісі үйіне кіріп шықты (Қ. Түменбаев, Ағаш ескерткіш).

**Айтып келді.** *Бір нәрсе туралы хабардар етті, естігенін келген жеріне жеткізді.*

**Барып келді.** *Бір жерде болып, қайта оралды, жолсапардан қайтты.* Жаппар мынау қолға ұстар дәнеңесі жоқ мөп-мөлдiр, шегіне шетіне жетіп болмайтын тұлдыр көкке қарай барып келді (Ө. Кекілбаев, Мұнара).

**Әкеліп берді.** *Бір затты алып, біреуге ұстатты.*

**Апарып берді.** *Бір затты біреуге не бір жерге жеткізді.* Онда біздің жұмысымыз жоқ, жоғалындар, – деп апайлар дорбаны апарып берді (Қ. Өзденбаева, Додаға түскен дорбалар).

Жоғарыда *шық, кел, бер* көмекші етістіктері арқылы жасалған күрделі етістіктер берілген. Аталған көмекші етістіктер немесе басқа да көмекші етістіктер/тірек компоненттер күрделі етістіктер (сөзжасамдық) жасағанда, біртұтас қимылдың кесіндісі ретінде көбінесе өздерінің тура мағынасында жұмсалады.



Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқытуда аналитикалық формалы етістіктердің де түсіндірме, аударма сөздіктерін құрастыру керек болады. Өйткені аналитикалық форманттар, көмекші етістіктер мағынасы грамматикаларда, оқулықтар мен оқу құралдарында жазылып, оқытуда үйретіліп жатқанмен, қазақ тілін оқыту әдістемесінде көмекші етістіктер семантикасы түсінуге, түсіндіруге қиын күрделі мәселе болып отыр. Осы орайда аналитикалық формалы етістіктер тілде сөзжасамдық құбылыс ретінде танылмаса да, оның лексика-грамматикалық мағынасын түсіндіретін құрал (сөздік) дайындау тіл үйренуде, сонымен қатар әртүрлі аударма жұмыстарын жүзеге асыруда маңызы зор.

Енді төменде аналитикалық формалы етістіктерді лексикографиялауға қатысты мысалдар келтіреміз.

**Танысып шықты.** *Бір нәрсе туралы ақпарат алуды аяқтады, бітірді.* Тұрғанбике: Ий, Тоқтағали. Сенің жеке іс-қағаздарыңмен т а н ы с ы п ш ы қ т ы м (М. Ақмырзаұлы, Партизан).

**Шолып шықты.** *Бір қарап өтті.* Жамбастап жатып ап, өзі екі ай тұрған мекенді қасқыр көзімен бір ш о л ы п ш ы қ т ы (Қ. Түменбаев, Қара қазан).

**Оқып шықты.** *Оқып бітірді, аяқтады.* Текежан ол берген бір жапырақ қағазды ішінен о қ ы п ш ы қ т ы да, тісін шықыр еткізді, бірақ өңінде өзгеріс жоқ (Ө. Әбішев, Жаралы сұңқар).

*Шық* етістігі негізгі етістіктерге тіркесіп, үш аналитикалық формалы етістікте де *іс-әрекеттің біткенін, аяқталғанын* білдіретін мағына үстейді.

**Бастала қойды.** *Көп күттірмей, тез арада басталып кетті, тез-ақ басталды.* Билеттегі орынды апайға беріп, «маған құдай жар болсын» деп қасына жалп ете қалдым, көпжасағыр концерт де көп ұзамай б а с т а л а қ о й д ы (Қ. Өзденбаева, Алып-ұшқан көңіл-ай!).

**Сала қойды.** *Оп-оңай орналастырды, жеңіл, тез-ақ салды.* Бұрын 20 теңге беріп, арбамен әкеліп, автобуска с а л а қ о я т ы н заттарын енді таксимен тасып, торыққан жұрттың жан айқайын кімге айтарын білмей, өздерімен-өздері шер тарқатып, босқа елдің артынан қарап мен тұрмын (Қ. Өзденбаева, Арман мен Алдан).

**Әкеле қойды.** *Жеп-жеңіл әкеле салды, тез-ақ алып келді.* Екі кесесін балаларыма ала салайын деп, сумкадан ақша алам дегенше апай лып етіп барып, қалтаға салып ә к е л е қ о й д ы (Қ. Өзденбекова, Коридордағы кемпір).

*Қой* көмекші етістігі жоғарыда берілген үш аналитикалық формалы тіркесте негізгі етістікке *іс-әрекеттің тез арада әрі жеңіл-желпі орындалу* мағынасын үстейді.

Сонымен, жоғарыда берілген материалдардан күрделі етістіктер мен аналитикалық формалы етістіктерді де осылайша мағыналарын ашып, сөздіктер құрастыруға болатындығын көреміз. Жоғарыдағы берілген

мысалдар сияқты көптеген тіркестерді (күрделі етістік және аналитикалық формалы етістік) мағынасын түсіндіріп, мағыналық ерекшеліктерін айқындай беруге болады. Бұл көмекші етістіктер тіркескен негізгі етістіктеріне қарай ондаған мағыналық реңке ие болуы мүмкін. Оған біз *-а сал, -а кет* аналитикалық форманттарының функционалды мағыналарына талдау жасағанда көз жеткізгенбіз. Алайда біздің мақсатымыз, күрделі құрамды тіркестердің семантикалық құрылымын ашу емес, оларды лексикографиялауға қатысты болғандықтан, мағыналық талдауларды қысқаша ғана бердік.

Н. Оралбаева, Б. Қасым пікірлері бойынша, қазақ тіліндегі қимыл мәнін білдіретін күрделі сөздерді етістіктің аналитикалық форманттары мен күрделі етістіктерге бөліп тану керек. Бұл пікір қазақ тіл білімінде қолдау да тауып келеді. Ғалымдар пікірінше, *оқып шықты* – етістіктің аналитикалық форманты болса, *кіріп шықты* – күрделі етістік. Алғашқысында оқу қимылының өту сипатын білдірсе, екіншісінде кіру және шығу қимылынан тұратын біртұтас әрекетті білдіреді дейді. Етістіктің аналитикалық форманттары грамматикалық мағына үстеуіне қарай қазір функционалды грамматикада қимылдың өту сипаты (аспектуалдылық) категориясының (өрісінің) тілдік құралдары болып табылады. Демек, қимыл мәнді күрделі сөздердің ішінде лексикалық және грамматикалық мағына үстеуіне қарай әртүрлі құбылыстар бар екендігін көреміз. Осы орайда күрделі етістіктердің сөзжасам мен формажасамға қатысы түбегейлі шешімін таппай келеді. Сонымен қатар қимыл мәнді күрделі сөздердің күрделі етістік біртұтас лексикалық бірлік (*кіріп шықты, барып келді, апарып берді, шығарып әкелді*) ретінде танылатын болса, оларды түсіндірме сөздіктерге енгізу де қажет не арнайы сөздігін құрастыру керек деп санаймыз. Мұндай сөздік өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуде аса қажеттігі дау тудырмайды.

Қазақ тілі сөздіктерінде күрделі етістіктер сөздіктердің ешбіріне енбеген. Сондықтан біз жоғарыда берілген етістікті тіркестердің лексикографиялануын басшылыққа алып, көмекші етістіктер/тірек компоненттер арқылы жасалған күрделі етістіктерді лексикографиялау мүмкіндіктерін қарастырамыз. Төменде бірнеше күрделі етістіктің лексикографиялық құрылымына тоқталмақпыз. Ал жинаған материалдарымыздың толық көлемін өзіміз құрастыратын «Сөздікте» (Қосымшада) береміз.

Көмекші етістіктер арқылы жасалған күрделі етістіктер көбінесе *өзінің тура мағынасында жұмсалғанда* екі қимылдың кесіндісінің бірі болып, сөзжасамдық күрделі етістіктер жасайды. Мысалы:

**Алып шықты.** а) *Затты, нәрсені қолына алып не бірге ертіп сыртқа шығарды.* Ал енді ыдыс-аяқ салынған сандық ашылғанда бір қаробка пышақтарды а л ы п ш ы қ т ы (Қ. Өзенбаева, Асықты көрпе). Мәди қызды



байлаудан босатып есік алдына а л ы п ш ы қ т ы да, шашынан сипап көзінің жасын сүрте бастады (Ә. Әбішев, Жаралы сұңқар). ә) *Бір жұмысты өзі не өздерінің күшімен бітірді, нәтижеге қол жеткізді.* Жарыста өз командасын қалайда а л ы п ш ы ғ а т ы н (Ауызекі).

**Барып шықты.** *Бір жерде болып, қайта кетті, біреудің үйіне соғып кетті.*

**Кіріп шықты.** *Бір жерге жолай соғып кетті.* Үлкен кісі үйіне к і р і п ш ы қ т ы (Қ. Түменбаев, Ағаш ескерткіш).

**Айтып келді.** *Бір нәрсе туралы хабардар етті, естігенін келген жеріне жеткізді.*

**Барып келді.** *Бір жерде болып, қайта оралды, жолсапардан қайтты.* Жаппар мынау қолға ұстар дәнеңесі жоқ мөп-мөлдір, шегіне шетіне жетіп болмайтын тұлдыр көкке қарай б а р ы п к е л д і (Ә. Кекілбаев, Мұнара).

**Әкеліп берді.** *Бір затты алып, біреуге ұстатты.*

**Апарып берді.** *Бір затты біреуге не бір жерге жеткізді.* Онда біздің жұмысымыз жоқ, жоғалындар, – деп апайлар дорбаны апарып берді (Қ. Өзденбаева, Додаға түскен дорбалар).

Жоғарыда *шық, кел, бер* көмекші етістіктері арқылы жасалған күрделі етістіктер берілген. Аталған көмекші етістіктер немесе басқа да көмекші етістіктер/тірек компоненттер күрделі етістіктер (сөзжасамдық) жасағанда, біртұтас қимылдың кесіндісі ретінде көбінесе өздерінің тура мағынасында жұмсалады.

Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқытуда аналитикалық формалы етістіктердің де түсіндірме, аударма сөздіктерін құрастыру керек болады. Өйткені аналитикалық форманттар, көмекші етістіктер мағынасы грамматикаларда, оқулықтар мен оқу құралдарында жазылып, оқытуда үйретіліп жатқанмен, қазақ тілін оқыту әдістемесінде көмекші етістіктер семантикасы түсінуге, түсіндіруге қиын күрделі мәселе болып отыр. Осы орайда аналитикалық формалы етістіктер тілде сөзжасамдық құбылыс ретінде танылмаса да, оның лексика-грамматикалық мағынасын түсіндіретін құрал (сөздік) дайындау тіл үйренуде, сонымен қатар әртүрлі аударма жұмыстарын жүзеге асыруда маңызы зор.

Енді төменде аналитикалық формалы етістіктерді лексикографиялауға қатысты мысалдар келтіреміз.

**Танысып шықты.** *Бір нәрсе туралы ақпарат алуды аяқтады, бітірді.* Тұрғанбике: Ий, Тоқтағали. Сенің жеке іс-қағаздарыңмен т а н ы с ы п ш ы қ т ы м (М. Ақмырзаұлы, Партизан).

**Шолып шықты.** *Бір қарап өтті.* Жамбастап жатып ап, өзі екі ай тұрған мекенді қасқыр көзімен бір ш о л ы п ш ы қ т ы (Қ. Түменбаев, Қара қазан).

**Оқып шықты.** *Оқып бітірді, аяқтады.* Текежан ол берген бір жапырақ қағазды ішінен о қ ы п ш ы қ т ы да, тісін шықыр еткізді, бірақ өңінде өзгеріс жоқ (Ә. Әбішев, Жаралы сұңқар).

**Шық** етістігі негізгі етістіктерге тіркесіп, үш аналитикалық формалы етістікте де *іс-әрекеттің біткенін, аяқталғанын* білдіретін мағына үстейді.

**Бастала қойды.** *Көп күттірмей, тез арада басталып кетті, тез-ақ басталды.* Билеттегі орынды апайға беріп, «маған құдай жар болсын» деп қасына жалп ете қалдым, көпжасағыр концерт де көп ұзамай б а с т а л а қ о й д ы (Қ. Өзденбаева, Алып-ұшқан көңіл-ай!).

**Сала қойды.** *Оп-оңай орналастырды, жеңіл, тез-ақ салды.* Бұрын 20 теңге беріп, арбамен әкеліп, автобуска с а л а қ о я т ы н заттарын енді таксимен тасып, торыққан жұрттың жан айқайын кімге айтарын білмей, өздерімен-өздері шер тарқатып, босқа елдің артынан қарап мен тұрмын (Қ. Өзденбаева, Арман мен Алдан).

**Әкеле қойды.** *Жеп-жеңіл әкеле салды, тез-ақ алып келді.* Екі кесесін балаларыма ала салайын деп, сумкадан ақша алам дегенше апай лып етіп барып, қалтаға салып ә к е л е қ о й д ы (Қ. Өзденбекова, Коридордағы кемпір).

**Қой** көмекші етістігі жоғарыда берілген үш аналитикалық формалы тіркесте негізгі етістікке *іс-әрекеттің тез арада әрі жеңіл-желпі орындалу* мағынасын үстейді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, жоғарыда берілген материалдардан күрделі етістіктер мен аналитикалық формалы етістіктерді де осылайша мағыналарын ашып, сөздіктер құрастыруға болатындығын көреміз. Жоғарыдағы берілген мысалдар сияқты көптеген тіркестерді (күрделі етістік және аналитикалық формалы етістік) мағынасын түсіндіріп, мағыналық ерекшеліктерін айқындай беруге болады.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15 томдық.
- 2 Қазақ сөздігі. – Алматы, 2013.
- 3 **Байтұрсынов, А.** Тіл тағылымы. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 444 б.
- 4 **Жұбанов, Қ.** Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1966. – 362 б.
- 5 **Маманов, Ы.** Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы : Арыс, 2007. – 482 б.
- 6 **Оралбаева, Н.** Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы, 1979. – 136 б.

7 **Қасым, Б.** Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етістіктер: филол.ғ.докт. ... дисс. – Алматы, 2002. – 25 б.

8 **Жолшаева, М.** Аспектуалды семантика: форма және мазмұн: филол. ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 2009. – 280 б.

Материал 31.10.19 баспаға түсті.

*A. Mursal*

#### **Лексикография сложно-составных глагольных сочетаний**

Факультет филологии и мировых языков,  
Казахский Национальный университет имени аль-Фараби,  
г. Алматы, 050000, Республика Казахстан.  
Материал поступил в редакцию 31.10.19.

*A. Mursal*

#### **Lexicography of complex-compound verb combinations**

Faculty of Philology and World Languages,  
al-Farabi Kazakh National University,  
Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.  
Material received on 31.10.19.

*В статье рассматриваются возможности лексикографирования сложных глаголов и аналитических форм глаголов. Выявляются семантические функции вспомогательных глаголов/постпозитивов и даны дефиниции некоторым сложным глаголам и аналитическим формам глагола.*

*The article deals with the possibilities of lexicography of complex verbs and analytical forms of verbs. The semantic functions of auxiliary verbs / postpositives are revealed and definitions are given to some complex verbs and analytical forms of the verb.*

ГРНТИ 070'76.1,539

#### **С. Ж. Мухаметкалиева**

магистр социальных наук, ст. преподаватель, Гуманитарно-юридический факультет, кафедра «Журналистики и переводческого дела», Университет «Туран», г. Алматы, А30F4H3, Республика Казахстан  
e-mail: vip.muhametkalieva@mail.ru

### **ПРОБЛЕМЫ И ВОПРОСЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЦИФРОВОГО ТЕЛЕВИДЕНИЯ**

*В данной статье автор определяет цифровизацию как переход на «цифровое вещание», который связан на самом деле с обеспечением конституционного права граждан на информацию.*

*Автор отмечает, что во всем мире, особенно в еще развивающихся и отсталых странах первой и важнейшей задачей, решаемой с переходом на цифру, должна стать ликвидация информационного неравенства между периферией и центром, между крупными городами и отдалёнными селами. Это неравенство называется в международных документах «цифровым разрывом».*

*Актуальность статьи в том, что автор выделяет основные направления и решение проблем и вопросов связанные с цифровым телерадиовещанием.*

*Ключевые слова: цифровое вещание, информационное неравенство, документ, цифровой разрыв, телерадиовещание.*

#### **ВВЕДЕНИЕ**

На сегодняшний день вопрос перехода на цифровое телерадиовещание в Казахстане обсуждается с 1997 г. Данное новшество, бесспорно, изменит качество предоставляемых информационных услуг и создаст конкурентоспособность отечественного телевидения.

Правительство в рамках решения данной проблемы в Астане провело ряд международных конференций, одна из них на тему «Внедрение и развитие перспективных технологий радиосвязи и цифрового вещания – основа дальнейшего развития телекоммуникационного рынка Казахстана».

На конференции были обсуждены пути и возможности и сама необходимость перехода телерадиовещания на цифровой формат.

На встрече Председатель Комитета информации Министерства информации и коммуникаций РК Нукежанов Е. Б. рассказал о преимуществах цифрового телерадиовещания и перспективах его внедрения в Казахстане:

«Сейчас наше телевидение вещает в аналоговом формате. На трансляцию одного телевизионного канала требуется один радиоканал шириной 8 МГц. При внедрении цифрового телевидения в одном таком канале можно транслировать от 8 до 20 телевизионных программ. То есть налицо экономия радиочастотного спектра. К тому же каждой телерадиокомпания нет необходимости ставить свое передающее оборудование. Можно будет поставить один передатчик, который будет транслировать все наши каналы, которые сейчас передаются в аналоговом формате, а эксплуатировать его будет один оператор. Экономия будет и в отношении частот, и в отношении затрат тех же телерадиокомпаний. Чтобы перейти в новый формат, им не нужно будет покупать новый передатчик, обеспечивать население устройствами, принимающими цифровой сигнал (settopbox). Эти вопросы будет решать одна компания, которая будет заниматься эксплуатацией цифровой сети. Кроме того, с внедрением цифрового телевидения на 25 % увеличится дальность охвата эфира при сохранении мощности сигнала. Ну и, само собой, качество будет гораздо лучше» [<https://www.youtube.com/watch?v=ZvMaZKSAM8I>].

#### ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Цифровизация, то есть переход на «цифровое вещание» связан на самом деле с обеспечением **конституционного права граждан на информацию**.

Социальное значение перехода на «цифру» огромно. К тому же, общенациональный частотный ресурс для любой страны не менее важен, чем, скажем, нефтегазовый или золотовалютный, и распорядиться им надо для пользы страны и его народа.

Во всем мире, особенно в еще развивающихся и отсталых странах первой и важнейшей задачей, решаемой с переходом на цифру, должна стать **ликвидация информационного неравенства** между периферией и центром, между крупными городами и отдалёнными селами. Это неравенство называется в международных документах «цифровым разрывом».

Цифровизация охватывает не только теле и радиовещание, но всю систему телекоммуникаций. И телекоммуникации, и телевещание очень важны для любой страны. Телевидение – источник общественно значимой информации, совершенно необходимый любому правительству для влияния на умонастроения граждан и нужный всем гражданам для принятия важных и осознанных решений для демократического самоуправления [2, с. 18].

Смотрит ТВ подавляющее большинство населения, а телекоммуникации предлагают полезные услуги и являются очень прибыльным и эффективным бизнесом.

**Переход на цифровое вещание – это не только технический, а важнейший социальный, культурный, экономический и политический вопрос.**

Процессы вокруг перехода на цифровое вещание напоминают те же процессы, которые когда-то наблюдались при переходе с черно-белого вещания на цветное вещание. Тогда тоже говорили, что «даже если будем вещать на цветном формате, то нет у населения достаточного количества цветных телевизоров». Сейчас говорят, что «мало еще цифровых телевизоров». Тогда говорили, что если население и купит цветные телевизоры, то мало цветных фильмов и программ. Сейчас так говорят о недостатке цифровых телеканалов и их продуктов.

Сегодня мы понимаем, насколько было нужное и революционное решение перейти на цветное вещание. Точно также переход на цифровое вещание требует политической воли и усилий. Но он необходим и неизбежен.

Весь мир переходит на «цифру» и отставать губительно для развития любой страны. Когда-то узбекский писатель Абдулла Каххар серьёзно шутил: «Если у всего города часы на пять минут отстают, а только твои часы ходят правильно, то какой толк от твоих часов – ведь все живут по другим измерениям?!» [3, с. 18]. Таким образом, придется шагать всем миром и интегрироваться в это движение в сторону цифровизации.

Цифровое вещание позволит увеличить количество теле- и радиопрограмм на всей территории любой страны, при этом значительно сокращая потребление электроэнергии для их передачи. Мир не стоит на месте. Развитые страны завершают переход на цифровые технологии телевизионного вещания.

Такой подход позволяет значительно повысить качество оказываемых услуг телевизионного вещания и увеличить количество принимаемых населением телевизионных программ в рамках имеющегося частотного ресурса.

Развитие цифрового телевизионного вещания идет по пути естественной конвергенции с другими информационными и телекоммуникационными технологиями. Переход на цифровое телевизионное вещание обеспечивает прием телевизионных программ в движущемся транспорте, а также на мобильные устройства. Это открывает новое направление в телевидении, которое близко примыкает и фактически сливается с мобильной связью третьего и последующих поколений.

Развитие цифрового телевизионного вещания позволит резко увеличить число доступных программ, устранить диспропорции в охвате населения многопрограммным ТВ вещанием, обеспечить гарантированный равноправный доступ всего населения страны к информационным ресурсам, повысить качество изображения и звукового сопровождения телепрограмм.

Внедрение системы цифрового телевизионного вещания связано с необходимостью более полного удовлетворения населения информационными ресурсами посредством реформирования сети ТВ вещания в современную устойчиво функционирующую и обладающую потенциалом саморазвития в рыночных условиях отрасль экономики.

Цифровое телевизионное вещание также обеспечит более эффективное использование радиочастотного ресурса, увеличение числа транслируемых в эфире программ, введение интерактивного вещания, оказание дополнительных услуг населению.

#### **Преимущества цифрового телевидения.**

Субъективная модальность охватывает всю гамму реально существующих в естественном языке разноаспектных и разнохарактерных способов квалификации сообщаемого и реализуется:

1) специальным лексико-грамматическим классом слов, а также функционально близкими к ним словосочетаниями и предложениями; эти средства обычно занимают в составе высказывания синтагматически автономную позицию и функционируют в качестве вводных единиц;

2) введением специальных модальных частиц, например, для выражения неуверенности («вроде»), предположения («разве что») и др.;



3) при помощи междометий («ах!», «ой-ой-ой!», «увы» и др.);

4) специальными интонационными средствами для акцентирования удивления, сомнения, уверенности, недоверия, протеста, иронии и других эмоционально-экспрессивных оттенков субъективного отношения к сообщаемому;

5) при помощи порядка слов, например, вынесением главного члена предложения в начало для выражения отрицательного отношения, иронического отрицания («Станет он тебя слушать!», «Хорош друг!»);

6) специальными конструкциями специализированной структурной схемой предложения или схемой построения его компонентов, например, построениями типа: «Нет, чтобы подождать» (для выражения сожаления по поводу чего-либо неосуществившегося) и др.

В качестве важного средства выражения модальности могут выступать и соответствующие модальные глаголы. Глаголы со значением возможности, долженствования, желания, т.е. глаголы, выражающие отношение говорящего к содержанию высказывания. В русском языке – это мочь, долженствовать, уметь, хотеть, желать, намереваться, пытаться, стараться, надеяться и др.

Ряд языковедов выступает с критикой интерпретации модальности как объективной категории, ссылаясь на то, что само понятие объективности несовместимо с языковой модальностью, смысл которой заключается в отношении говорящего к сообщению, и что объективные отношения не имеют языкового выражения (Г. В. Колшанский и др.). Другие лингвисты придерживаются противоположной точки зрения и критикуют трактовку модальности как субъективной категории (И. П. Распопов и др.).

Как мы полагаем, нецелесообразно резко противопоставлять объективную и субъективную модальность. Именно поэтому представляется плодотворным подход П. А. Леканта, предлагающего рассматривать модальность как единую синтаксическую категорию, содержательно формируемую тремя значениями (аспектами): 1) модальным значением реальности/ирреальности как инвариантным модальным значением, обязательным для любого предложения вообще; универсальными грамматическими показателями этого значения выступают формы глагольного наклонения и интонация; 2) модальным значением достоверности/вероятности, которое выражается вводно-модальными конструкциями; 3) модальностью предиката, то есть противопоставлением «форм сказуемого (или главного члена односоставных предложений) по частным модальным значениям (возможности, желательности, долженствования, целесообразности и т.п.) [10, 94–95]. Отношения объективного характера, субъективно преломляясь, находят свое выражение в языке, поэтому категория модальности является субъективно-объективной категорией.

## ВЫВОДЫ

Таким образом, анализируя научную литературу, можно сказать, что понятие модальности имеет в лингвистике многогранную трактовку, требующую глубокого изучения. Поскольку категория модальности признается очень сложной, отношение к ней неоднозначное, единого мнения относительно её природы нет. «Языковая модальность есть отражение и выражение отношений языкового мира, это комплексная категория, включающая некую совокупность содержательных значений, выражаемых элементами разных языковых уровней» [11, 7]. Следовательно, данная категория представляет большой интерес для изучения в лингвистике, так как каждый язык индивидуален и имеет свои определенные грамматические и лексические единицы, выражающие модальность.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Алсынбаева, Р. Г.** Логическая и лингвистическая сущность категории модальности// Вестник Башкирского университета. – 2013. – Т.18. – № 1. – С. 181.

2 **Ваулина, С. С.** Модальность как коммуникативная категория: некоторые дискуссионные аспекты исследования//Вестник Балтийского федерального университета им. И. Канта. – 2013. – Вып.8. – С. 7–12).

3 **Немец, Г. П.** Семантико-синтаксические средства выражения модальности в русском языке. – Ростов н/Д, 1989. – С. 6.

4 **Ляпон, М. В.** К вопросу о языковой специфике модальности// Известия АН СССР. Серия литературы и языка. – Т. XXX. – Вып.3. – М., 1971.

5 **Ломаев, Б. Ф.** К вопросу о модальности в логике и лингвистике // Филология и лингвистика в современном обществе: материалы II Междунар. науч. конф. – М. : Буки-Веди, 2014. – С. 88–90.

6 **Балли, Ш.** Общая лингвистика и вопросы французского языка. – М. : Изд-во АН СССР, 1955. – 416 с.

7 **Виноградов, В. В.** О категории модальности и модальных словах в русском языке/ Исследования по русской грамматике. Избранные работы. – М., 1975.

8 **Бондарко, А. В. и др.** Теория функциональной грамматики. Темпоральность. Модальность. – Л., 1990.

9 **Куребаева, Г. А.** Способы выражения модальности долженствования в русском и немецком языках. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2010. – с. 9.

10 **Лекант, П. А.** К вопросу о модальных разновидностях предложения // Современный русский язык: лингвистический сборник. – Вып. 6. – М., 1976.



11 **Алиева, Э. Н.** Функционально-семантическая категория модальности и ее реализация в разноструктурных языках. Автореф. докт. дис. – М., 2010.

Материал поступил в редакцию 31.10.19.

*N. E. Savchits*

**Орыс тіліндегі модальдық санаты туралы сұраққа**

Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті,  
Алматы қ., 050010, Қазақстан Республикасы.  
Материал поступил в редакцию 31.10.19.

*N. E. Savchits*

**To the question about the category of modality in the Russian language**

Kazakh National Agrarian University,  
Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan.  
Material received on 31.10.19.

*Мақалада орыс тіліндегі модальдік категориясын зерттеудің даулы мәселелері қарастырылады. Әр түрлі көзқарастар бар. Мақалада лингвистикалық және логикалық модальдылықтардың араласуы, модальды білдірудің әртүрлі құралдарының жұмыс істеуі және өзара қарым-қатынас мәселелері жеткіліксіз зерттелуі осы лингвистикалық категорияны одан әрі зерттеу қажеттілігін туындатады. Мақалада сәнділік санатының табиғатына және мәніне әртүрлі көзқарастарды жинақтауға, сондай-ақ осы санатқа қатысты негізгі мәселелер бойынша кейбір айқындық енгізуге әрекет жасалған. Мақалада логикалық және тілдік, объективті және субъективті модальдылықтың айырмашылықтары анықталды. Модальды үш мәнмен мазмұндалатын бірыңғай синтаксистік санат ретінде қарастырылған және: шындық/ирреалдықтың модальдық мәні, нақтылық/ықтималдықтың модальдық мәні, предикаттың модальдығы.*

*The article deals with the controversial issues of studying the category of modality in the Russian language. Various views on the nature of the linguistic category of modality are highlighted. The article notes that the mixing of linguistic and logical modalities, insufficient study of the problem of functioning and relationships of different means of expression of modality necessitates further study of this linguistic category. In the article an attempt is made to summarize the various views on the nature and the essence of*

*the category of modality, but also to bring some clarity on the main issues relating to this category. The article reveals the differences between logical and linguistic, objective and subjective modality. It seems reasonable to consider modality as a single syntactic category, meaningfully formed by three values: the modal value of reality/unreality, the modal value of reliability/probability, the modality of the predicate.*

**Ұ. Сартпай<sup>1</sup>, М. Т. Кожаканова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>студент, 4-ші курс, Филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>доцент, «Шетел тілдерінің теориясы мен тәжірибесі» кафедрасы, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы  
email: <sup>1</sup>ulzaaana@bk.ru; <sup>2</sup>modi\_85@mail.ru

**АФОРИЗМДЕРДІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН  
ҮЙРЕНУДЕГІ РӨЛІ**

*Берілген мақалада дәйексөз, афоризм, мақал мәтелдердің орта мектепте ағылшын тілін үйретуде алатын ролі қарастырылады. Оқушылардың есте сақтау, тыңдау, жазу мәнерін қалыптастырудағы артықшылықтары мысалдар түрінде келтірілген. Отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлері мен зерттеулері сөз етіледі.*

*Кілтті сөздер: афоризм, дәйексөз, функция, құзыреттілік, дидактика, аналитика, сызба, коммуникация.*

**КІРІСПЕ**

Соңғы жылдары жалпы білім беретін мектепте шет тілдерін оқытудың заманауи әдістері мен үлгілерін қолдану және оларды оқушылардың шет тілдерін оқыту сапасын арттыру үшін тиімді пайдалану, олардың коммуникативтік қызметін қалыптастыру және дамыту туралы мәселе жиі көтеріледі. Нақты тәжірибе көрсеткендей, кейде мұғалім оқушылардың мүмкіндіктері мен даму перспективаларына қарамастан, белгілі бір оқу материалын ашуға сәйкес педагогикалық міндеттер қояды. Оқуды ұйымдастыру тәсілі ретінде дәйексөздер сабақты жарқын, қанық және бірегей, ең бастысы оқушыларға қызықты етудің ең жақсы тәсілдерінің бірі болып табылады, бұл сөзсіз есте сақтауға мүмкіндік береді. Дәйексөз ағылшын тілі сабағында шабыттандыратын фразалар – афоризмдер, мақал-мәтелдердің негізгі түрлерін қолдануды білдіреді, олар сабақтың әр кезеңінде және мұғалімнің қандай мақсаттарды көздегеніне және оқытудың осы кезеңінде өз оқушыларында қандай дағдыларды қалыптастырғысы келетініне байланысты оқушылардың тілдік дайындығының әр түрлі деңгейінде (бастауыш, орта, жоғары) оқытудың барлық сатыларында қолданылуы мүмкін. Ағылшын тілі сабақтарында бұл әдіс бірқатар дидактикалық тапсырмаларды шешуге мүмкіндік береді, атап айтқанда: – оқыту: сөйлеу

дағдыларын жетілдіру және сөйлеу дағдыларын жетілдіру, грамматикалық дағдыларды жандандыру, аударма дағдыларын қалыптастыру, оқушылардың сөздік қорын байыту. Дамытушы: ой-өрісін кеңейту, өз ойын шет тілінде жеткізе білуді дамыту, ойлау қабілетін жандандыру. Тәрбиелік: моральдық-адамгершілік қағидаттарды қалыптастыру, басқа халықтардың мәдениеті мен дәстүрлеріне төзімді қарым-қатынасты тәрбиелеу. Уәждейтін: түпнұсқа тілде оқу арқылы шет тілін үйренуге қызығушылығын дамыту, тұрақты мотивацияны қалыптастыру және арттыру, оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Шет тілінің алғашқы сабақтарынан бастап айтылуға көп көңіл бөлінгендіктен, айтылу дағдыларын дамыту үшін мақал-мәтелдерді пайдаланудың маңызды ролін атап өту қажет. Сабақта мақал-мәтелдерді, дәйексөздерді қолдану мұғалімге ойын түрінде жеке дыбыстардың айтылуын жасауға көмектеседі. Ең маңыздысы, мақал-мәтелдер ана тілінде жоқ ең қиын ағылшын дыбыстарын жасауға ықпал етуі мүмкін, олардың жарқын мысалдары: [θ, ð]: Wealth is nothing without ерінді дыбыстар [w]: Where there is a will there is way. Мұрынды дыбыстар [ŋ]: Saying and doing are two different things.

Қазіргі кезеңде жетекші орын алатын коммуникативтік әдістеме грамматиканы функционалдық және интерактивті негізде оқытуды көздейді, сондықтан мақал-мәтелдер мен мақал-мәтелдерді жеке грамматикалық формалар мен құрылымдарды белсендіру және автоматтандыру үшін кеңінен қолдануға болады. Әрине, грамматиканы толық мақал-мәтелдер материалында құруға болмайды, бірақ оларды жаңа грамматикалық құбылыстарды бейнелеу үшін, сондай-ақ жаттығу жаттығулары барысында да қолданған жөн. Осылайша, қарым-қатынаста ынталандыру қызметін атқаратын, атап айтқанда: өтініш, кеңес, ұсыныс, тілек, рұқсат, тыйым салу, ескерту-мақалдарда кеңінен ұсынылған: Never put off till tomorrow what you can do today. Never say die.

Сын есімдерді салыстыру дәрежесі бойынша грамматикалық материалды бекіту үшін келесі мақал-мәтелдерді қолдануға болады: Promise little, but do much. The hardest work is to do nothing. A change is as good as a rest. Модальды етістіктер сияқты әртүрлі тақырыптарды белсендіру (can кейін то бөлшектерінің болмауы, must): A man can do no more than he can. You make your bed and you must lie on it. Бұрыс етістіктер What is done can't be undone. One link broken, the whole chain is broken. Артикль: A wise man changes his mind, a fool never will. The more you get, the more you want.

Жеке лексикалық тақырыптарды оқу кезінде көптеген тақырыптарға лексикалық дағдыларды қалыптастыру үшін иллюстрациялық материал болып табылады. Мысалы, оқытудың жоғарғы сатысында «Qualities of a person» тақырыбын зерттеп, танымал әнші Боб Марлидің «You never know strong you are, until being strong is your only choice» афоризмін қолдануға болады. Мұғалім осы тақырып бойынша сұрақтар сериясын ұсына алады: Have you ever been in a no win situation? How did you manage to find way out of this situation? Are you strong enough? Can you overcome all difficulties in spite of everything? Which qualities did come in handy in this case? Мысалы: A no-win situation-үмітсіз, ұстамсыз; To come in handy-пайдалы; A way out of-тығырықтан шығу; Strength of fortitude – мінез күші; Әдетте, осындай проблемамен кіргенде оқушылар өз тәжірибесінде қандай үлкен әлеует олардың әрқайсысына салынған деген ойға келеді [1, 84].

Мақал-мәтелдермен жұмыс тілдік және контекстуалды болжауды дамытуға көмектеседі, өйткені көбінесе ағылшын мақал-мәтелдерінде қолданылатын сөздер аудармада мүлдем өзгеше. ((Мысалы, to kill two birds with one stone-екі қоянды өлтіруге бір атыс). Қазіргі уақытта ағылшын тілі бойынша кез келген оқу-әдістемелік кешенде мақал-мәтелдер («Proverbs and sayings») енгізілген арнайы жаттығулар бар, олар оқушыларға тілдік аспектілердің барлық түрлерін (фонетика, лексика, грамматика) меңгеруге көмектеседі және сөйлеу әрекетінің ең маңызды түрлерінің бірі, сөйлеу. Мақал-мәтелдер-бұл бір ойды әр түрлі сөзбен жеткізуге болатындай білім алу үшін пайдалы материал. Шет тілін мектепте оқыту пәні ретінде тағайындау коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудан тұратындықтан, сөйлеуге – монологиялық және диалогтық сөйлеуді дамытуға үлкен назар аудару керек. Дәйексөзді қолдану арқылы функционалдық-коммуникативтік тапсырмалардың келесі түрлерін атап өтуге болады: жеңіл тапсырмалардан бастап, мысалы:: Рифма таңдау: East or West, home is ..... (best), жіберілген сөздерді толықтыру: Like father, like....(son), мақал-мәтелдердің иллюстрациясы мен түсініктемесі: Morehaste, less speed. Жағдайды тыңдау және оларға сәйкес мақал-мәтелдерді таңдау: 1. I'm not investing my money in that company again. Last time I did I lost everything. Thus, I prefer to keep my savings at home. At least, I can spend my money whenever I wish. 2. Filling the stomach is not the purpose of life. To keep fit is more important. That's why having twice a day is a quite enough for me. 3. I'm not impressed by our prime-minister's grand speeches. Why doesn't the government do something for ordinary people in our country? They face so many problems nowadays. a. Once bitten, twice shy. b. Live not to eat, but eat to live. c. Actions speak louder than words.

«Винегрет» мақал-мәтелдерден-мұнда жасырылған үш мақал табу. You measure can nothing tell twice a book hurts and by more its cut than cover once truth. (You can't tell a book by its cover; Measure twice and cut once; Nothing hurts more than truth.) Мағынасына қарама-қарсы сөздерге ауыстыру қажет. Worse early than always. Better late than never. Die but rest. Live and learn. Жоғарыда аталған жаттығулардың түрлері әр оқушыға өзінің белсенділігін, шығармашылық әлеуетін көрсетуге, ағылшын тілін оқыту барысында оқушының танымдық әрекетін белсендіруге мүмкіндік береді. Осылайша ағылшын тілі сабақтарында дәйексөз алуды қарастырып, ол оқушының жаңа материалды меңгеру және оқуға деген уәждемесін арттыруға ықпал етеді, сондай-ақ қарым-қатынастың әр түрлі жағдайларында өз білімдерін қолдануға мүмкіндік береді деп айтуға болады. Коммуникативтік және зияткерлік қызмет технологияның аса маңызды сипаттамалары деп санаймыз: нәтижелілік (әрбір оқушыға қойылған оқу мақсатына жетудің жоғары деңгейі), эргономикалық (оқыту ынтымақтастық және оң эмоциялық микроклимат жағдайында жүргізіледі), «шет тілі» пәнін оқытудағы жоғары уәжділік (білім алушының жеке қасиеттерін жетілдіру және оның резервтік мүмкіндіктерін ашу) афоризмдер, мақал-мәтелдер ойын түрінде грамматикалық материал мен лексиканы жаттықтыруға мүмкіндік береді, басқа тілдік үлгіге еніп, сол арқылы біздің жеке ойлау салтының шеңберін кеңейтуге және тек өз ғана емес, басқа да мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас жасауға дайындалуға мүмкіндік береді [2, 51].

Дәйексөз (quotation / citation) – автордың ойын бұрмалаусыз беру үшін әдебиетте қабылданған мәтіннің сөзбе-сөз дәйексөзі. Кейде дәйексөздің бір бөлігі жіберілуі мүмкін, бірақ бұл жіберілген мәтіннің орнында кетумен (нүктелердің ұзын қатары) белгіленуі тиіс. Дәйексөз – бұл қандай да бір мәтіннен сөзбе-сөз үзінді». Жалпы мағынада ағылшын тіліндегі дәйексөз – жарияланған немесе жарияланбаған дереккөзге сілтеме. Ағылшын тіліндегі дәйексөз ұғымында қысқартылған мәтін өрнегі болып табылады. Сондықтан дәйексөздер ақпаратты тікелей беретін дәйексөздер (quotations proper) және рухтандыратын дәйексөздер (inspirational quotes), бізді ойлауға, талдауға, ойлауға, даулауға, өз пікірін немесе қандай да бір мәселеге деген көзқарасын атап көрсетуге итермелейтін қанатты сөз тіркестері, өрнектер мен афоризмдер болып бөлінеді. «Өмір сүруге көмектесетін дана сөздер мен ойлар» деп аталатын сөйлемдердің екінші тобына толығырақ тоқталайық. Дәйексөздер бізге белгілі бір жолмен қандай да бір ойларды білдіру үшін қажет. Қазіргі уақытта белгілі тұлғаларға тиесілі ағылшын тіліндегі дәйексөздер өте танымал. Ағылшын тіліндегі дәйексөздердің белгілі бір саны жиналған кітаптар немесе бір адамның пікірлеріне арналған кітаптар шығарылады. Ағылшын дәйексөздерін өз сөзінде пайдалану тұлғаның

зияткерлік дамуының куәсі, өйткені оларды білу үшін, ең алдымен, олардың бастапқы көздерімен танысу керек, немесе, кем дегенде, дәйексөз бен оның авторын есте сақтау керек. Кез келген жағдайда өзін-өзі жетілдіруге уақыт пен ниет қажет. Ағылшын тілі сабағында дәйексөз қандай рөл атқарады? Ағылшын тілін оқытудың сөздік әдісі ретінде: оқыту, дамыту, тәрбиелік және уәждемелік дәйексөздеудің төрт функциясы бар. Оқыту функцияларына мыналар жатады: сөз сөйлеуді пысықтау және сөйлеу дағдыларын жандандыру, грамматикалық дағдыларды жетілдіру, аударма дағдыларын жаттықтыру, сөздік қорын кеңейту. Дамытушы функцияларға мыналар жатады: аналитикалық қабілеттерін жетілдіру, экстралингвистикалық ақпаратты меңгеру арқылы ой-өрісін кеңейту, өз ойын ана және шет тілдерінде білдіру біліктерін дамыту. Педагогикалық міндеттер: моральдық адамгершілік қағидаттарды қалыптастыру, басқа халықтардың мәдениеті мен дәстүрлеріне тілекестік қарым-қатынасты өсіру. Мотивациялық мақсаттар: түпнұсқа тілде оқу арқылы ағылшын тілін үйренуге қызығушылығын дамыту, оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту, өмірге тұрақты көзқарас қалыптастыру. Ағылшын тілі сабақтарында шабыттандыратын фразалардың негізгі түрлері афоризмдер, мақал-мәтелдер болып табылады. Алғаш рет афоризм термині Гиппократтың медициналық трактатының атауына енгізілді. Жазбаша және кітап басып шығару арқылы афоризмдер тақырыптық және авторлық жинақтарға ресімделеді. «Афоризм» сөзі грек тілінен шыққан «афорисмос» (қысқаша сөз). Афористік ойдың тарихы ежелгі дәуірге кетеді. Сол кезде адамдар өздерінің ой-пікірлерін қысқаша айтуға тырысты. Уақыт өте келе, Ежелгі Греция мен Римде афоризмдер ерекше жанрда рәсімделеді, ол өз өзектілігін бүгінгі күнге дейін сақтайды. Мұғалім ретінде біз осы дана сөздерді мұқият іріктеп, олардың таңдауын жалпы оқу және шет тілдерін оқыту тақырыбымен, атап айтқанда, өмірдің, табыстың, жұмыстың және достықтың мәні тақырыбымен байланыстырамыз. Ағылшын тіліндегі афоризмдер тіл тасымалдаушылардың дүниетанымының көрінісі болып табылады. Ағылшын тілінде қысқа афоризмдерді оқып, оқушылар жанды тілді жақсы меңгеріп қана қоймай, автор, оның мамандығы туралы экстралингвистикалық ақпаратты біледі. Мақал-мәтелдер-бұл халық жасаған және әдеби шығармалардан алынған, қысқа түрде дана ойларды білдіретін айқын өрнектер. Әдетте мақал-мәтелдер екі бөліктен тұрады. Олар моральдық болып табылатын тікелей және ауыспалы мағынаға ие. Бір моральмен мақалдардың бірнеше нұсқасы бар, олар жалпылама мағынамен ерекшеленеді. Мақал-мәтелдер өздерінің қысқа және оңай есте қалатын өмір нормаларын, мінез-құлық ережелерін және практикалық кеңестерді қамтиды. Ана тілінде мақал-мәтелдерді қолдана отырып, оқушылар өз ана тілін жақсы түсініп, талдау жасауды үйренеді. Шетел тілі сабақтарында

тек қана есте сақтау және дұрыс түсіндіру немесе сөйлеуде қолдану мақсатында ғана емес, сонымен қатар лексикалық және грамматикалық, сөйлеу және жазу, оқу және тыңдалым дағдыларын дамыту және бақылау құралы ретінде де қолданылады. Әрине, тек ағылшын мақал-мәтелдерінде ғана ағылшын тілін үйренуге болмайды, бірақ олар оны тану үшін жақсы ынталандырады, оқушылардың лингвистикалық қызығушылығын тудырады, олардың ойлау және аналитикалық қабілеттерін дамытады. Афоризмдер немесе қазіргі адамдардың пікірлері түріндегі дана сөздер мен ойлар, сондай-ақ мақал-мәтелдер, баға жетпес материал және сонымен қатар ағылшын тілін үйренудің құралы болып табылады. Оларды ағылшын тілі сабақтарында қолдану, бірінші кезекте, оқушыларды ағылшын тілін үйренуге ынталандыру құралы ретінде әрекет етеді, сондай-ақ оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамытудың ажырамас бөлігі болып табылады. Олар бізді іс-қимылға итермелейді, ойлануға мәжбүрлейді, бізді шабыттандырады және шабыттандырады, жалпы, өмір сүруге көмектеседі [3, 37].

Қазіргі дидактиканың өткір мәселелерінің бірі оқыту әдістерін жіктеу мәселесі болып табылады. Қазіргі уақытта бұл мәселе бойынша ортақ көзқарас жоқ. Әр түрлі авторлар оқыту әдістері бөлімшесінің негізіне топтар мен кіші топтарға әр түрлі белгілер қойылуына байланысты, бірқатар жіктелімдер бар. Ең ерте жіктеу-оқыту әдістерін мұғалімнің жұмыс әдістеріне (әңгіме, түсіндіру, әңгімелесу) және оқушылардың жұмыс әдістеріне (жағтығулар, өзіндік жұмыс) бөлу. Жалпы білім алу көзі бойынша оқыту әдістерінің жіктелуі болып табылады. Мұндай тәсілге сәйкес: а) сөздік әдістер (білім көзі ауызша немесе баспа сөзі болып табылады); б) көрнекі әдістер (білім көзі байқалатын заттар, құбылыстар, көрнекі құралдар болып табылады); в) практикалық әдістер (оқушылар практикалық іс-әрекеттерді орындай отырып, білім алады және іскерлікті табады).

### ҚОРЫТЫНДЫ

Біздің ойымызша, афоризмдер ағылшын тілі сабағында оқушылардың тілдік қабілеттерін, ақыл-ой және жан-дүниесін дамыту, тілді үйренуді тартымды және қызықты ету үшін оқушылардың оқу-танымдық қызметін ұйымдастырудың ажырамас тәсілі болып табылады. Тәжірибе көрсеткендей, мақал – мәтелдер мен қысқа форманың арқасында жаңа сөздер есте қалады және ұзақ уақыт сақталады. Оқушылар оларды белгілі бір тақырыптар бойынша өз пікірлеріне жиі қосады. Афоризмдер мен дәйексөздерді оқыту үрдісінде қолданудың тиімділігін З. К. Тарланов, Л. Б. Савенкова, Г. Д. Сидоркова, А. Taylor, А. Fox, N. Barley секілді зерттеушілер айтып өткен. Шетел тіліндегі мақал-мәтелдер мен мақал-мәтелдерді зерттей отырып, осы тілді жақсы түсінуге болады, өйткені мақал-мәтелдерде аталған халықтың

тарихы, мәдениеті мен тұрмысының ерекшеліктері көрініс табады. Сөздік әдістер оқыту әдістері жүйесінде жетекші орын алады. Олар қысқа мерзімде көлемі бойынша үлкен ақпаратты беруге, оқушылардың алдына проблемалар қоюға және оларды шешу жолдарын көрсетуге мүмкіндік береді [5, 42].

Сөз арқылы мұғалім балалардың санасында өткен, қазіргі және болашақ адамзаттың жарқын бейнесін тудыруы мүмкін. Сөз оқушылардың қиялын, естелігін, сезімдерін белсендіреді. Дәйексөз (цитирование) оқытудың құралы және тәсілі ретінде сөз әдістерінің кез келген түріне енгізілуі мүмкін: әңгіме, түсіндіру, әңгіме, пікірталас, дәріс. Шетел тілдерін оқыту барысында мұғалімге тілдік дағдыларды дамыту және белсендіру үшін түрлі әдістерге жүгіну керек. Дәйексөз беру ағылшын тілін оқытуда оқу-танымдық үрдіске баға жетпес үлес қосады. Бұл тәсіл бірқатар дидактикалық міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді: тұрақты мотивацияны қалыптастырады, тілдік құзыреттілікті оңтайландырады, ойлау қабілетін белсендіреді, оқушылардың сөздік қорын кеңейтеді, айтылымды өңдейді, ой-өрісін кеңейтеді және т.б. Осы жұмыс барысында ағылшын тілі мұғалімі ретінде, дәйексөздерді ағылшын тілін оқытуда-оқушылардың оқу-танымдық қызметін ұйымдастыруда ынталандыруының қабылдағышы ретінде қарастырамыз.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Николаева, С. Ю.** Методика обучения иностранным языкам в средних учебных заведениях. – М. : Ленвита. – 1999. – 320 с.

2 **Павлова Е. А.** ағылшын тілі сабағында мақал-мәтелдер мен мақал-мәтелдермен жұмыс істеу жолдары // Мектептегі шет тілі. 2010. № 5. 37 – 45 с.

3 **Jeremy Harmer.** How to teach English. – Canada. – 1997 – 350 p.

4 **Walter, K.** The book of proverbs. – New York. – 1996. – 300 p.

5 **Paul Chappell.** A word to the wise. – Toronto. – 2000. – 456 p.

Материал 31.10.19 баспаға түсті.

*У. Сартпай<sup>1</sup>, М. Т. Кожаканова<sup>2</sup>*

**Роль афоризмов в изучении английского языка**

<sup>1,2</sup>Филологический факультет,  
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,  
г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 31.10.19.

*U. Sartpai<sup>1</sup>, M. T. Kozhakanova<sup>2</sup>*

**The role of aphorisms in the learning of English**

<sup>1,2</sup>Faculty of Philology,  
L. N. Gumilyov Eurasian National University,  
Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 31.10.19.

*В статье рассматривается роль цитат, афоризмов, пословиц в обучении английскому языку в средней школе. Преимущества афоризмов, формирование навыков слушать, писать, запоминать, приводятся в виде примеров. Обсуждаются мнения и исследования отечественных и зарубежных ученых.*

*The article deals with the role of quotations, aphorisms, proverbs in teaching English in secondary school. The advantages of aphorisms in the formation of listening, writing skills are given in the form of examples. Opinions and researches of native and foreign scientists are discussed.*



**Б. Ж. Сарыбаева**

ф.ғ.к., доцент, Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу факультеті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы  
e-mail: bayanjan73@mail.ru

**ТОЛЫМСЫЗДЫҚТЫҢ МОРФОСИНТАКСИСТІК КӨРІНІСІ**

*Бұл мақалада толымсыздық тілдесім мәселесінің морфология және синтаксис салаларында қатар өрбіп, сыртқы грамматикалық белгілерінің мағыналық ерекшеліктері қарастырылып, айқындалып, бір арнаға тоғыстырылды. Сонымен қатар толымсыздық дүние әлеуетінің көркем шығармаларда берілу жолдары өте жиі кездесетін түрлері мысалдармен дәлелденді.*

*Кілтті сөздер: толымсыздық тілдесім.*

Тіліміздегі барлық тілдік категориялар бір-бірімен тіркесе, жымдаса өмір сүретіні белгілі. Соның ішінде, әсіресе морфология мен синтаксис салалары қатар жасалады. Әдетте, толымсыз тілдесімдер айрықша бір лексикалық, грамматикалық амал арқылы қалыптасып, баяндауышы есім, етістік, модаль сөздер мен фразалық тіркестерден жасалып отырады. Бұл мақалада біз толымсыз тілдесімдердің (сөйлемдердің) сыртқы грамматикалық белгілеріне сүйеніп қана қоймай, сондай-ақ мағыналық ерекшеліктері де қарастырылды. Көркем мәтіндерді сараптай келе, толымсыздықтың морфологиялық және синтаксистік қызметін анықтауға жол ашылды. Синтаксистік тұрғыдан баяндауыштың жасалу жолына қарай көбінесе қай сөз табынан болатындығын, олардың өздеріне тән ерекшелігін анықтап, мынадай топтарға бөлінді: Баяндауышы бар, жоқ сөздері не баяндауыш, не оның негізгі компоненті, не мүшеленбейтін біртұтас сөйлем ретінде келеді. Бұлар, әсіресе диалогты сөйлемдерде жиі кездесіп, мағына жағынан өте қысқа болып тұйым, бұйрық сөздер тәріздес келеді. Мысалы:

– *Есіткен жоқ па едің, шешей?*

– *Жоқ* (Майлин).

– *Басқа қызметте бар шығар?*

– *Бар...* (Майлин).

Кейде жоқ сөзі баяндауыш ретінде ғана емес, бастауыш ретінде де кездеседі: *Жан-жағын ашады. Бірдеме іздеген адамша көрпесінің, жастығының астын қарады. Жоқ!* (Майлин).

Ал баяндауышы *иә, я, жәй, рас, дұрыс* тәрізді арнаулы сөздерден құралған толымсыз тілдесімдер ауызекі сөйлеуде хабарлы немесе бұйрықты сөйлем ретінде қолданылады. Бұл арнаулы сөздердің атқаратын қызметі де әр түрлі. Олар диалогта кездесіп назар аударту, өзінің қатысын өзгеге білдірту, мақұлдау, пайымдау мақсатында қолданылып, эмоцияны күшейте түседі. Мысалы: – *Өтірік десең Нұрекең өзі айтсын. – Рас, рас!* (Әбілев).

Иә сөзі мағынасының екі ерекшелігін айта кеткен жөн. Мына мысалдарда ол мақұлдауды – *Сұрауың бар ма? – Бар еді...* – *Бұл Тосқой ауылы ғой? – Иә* (Ә. Тарази) білдірсе, мына сөйлемде пайымдауды білдіріп тұр:

*Ахмет. Жомартжан, тағы бір әңгіме бар. Жомарт. Я* (Мұстафин).

Баяндауышы көсемше тұлғалы етістік күрделі баяндауыштың негізгі компоненті болып айтылатын сөйлемдердің өзіндік лексикалық-семантикалық ерекшелігі бар: ол субъект қимылының әр мағынада берілуі.

*Күйіп кеттім* (Мұстафин). *Кемсеңдеп жылап отыра кетті* (Майлин). *Біз аланың еңіреп жіберді* (Мұстафин).

Баяндауышы тұйық етістік пен керек сөзінің тіркесінен пайда болатын толымсыз сөйлемдер үш жақтың біріне қатысы болмай, жалпы, абстрактылы түрде айтылуы мүмкін немесе сөйлем ішінде барыс септігіндегі есім сөздер арқылы үш жақтың біріне меншіктеліп, қимыл иесі белгілі болып айтылуы да мүмкін. Бірақ мұнда грамматикалық субъект болмайды. Көрсетелік: *«Кіргізу керек» – деп жұрт шу ете түсті* (Майлин). *Жомарт. Бейсенге жазатыны анық. Басқаларын зерттей алмадым. Ахмет. Зерттеу керек* (Мұстафин).

«Есімдіктер зат, құбылысты, олардың белгілерін, сыр-сипатын тікелей атап білдірмейді, тек толық мағыналы сөздердің орнына жұмсалып, оларды алмастырып, меңзеп білдіріп тұрады» [1, 18 б.]. Есімдіктер қай сөз табының орнына жүрсе, сол сөзге тән синтаксистік қызмет атқаратыны белгілі. Сол себептен, есімдіктердің бәрі де баяндауыш қызметін атқара алады. Дегенмен де жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктердің кездесуі жиі. Сұрау есімдіктері арқылы жасалған толымсыз тілдесімдер айтушының жалпы бір топшылауын білдіреді. Сұрау, жіктеу, сілтеу есімдіктері бастауыш та, баяндауыш та бола береді. Бұлар көбінесе кейіпкер жауабында кездеседі де, риторикалық сұраулы сөйлемдер қайдан, қайда, кім сұраулы есімдіктері арқылы құралып отырады. Қайдан есімдігі пысықтауыш, кім есімдігі бастауыш ынғайында қолданылады. Мысалы:

– *Бұ кім?*

– *Мен.*

– *Өздері жазаланды ма?*

– Қайдан (Майлин).

– Кім кішкентай?

– Сен (Мұратбеков).

Баяндауышы үстеу арқылы жасалған толымсыз тілдесімдер мезгіл, кимыс-сын болып, кейіпкер жауабында кездесуі мол. Олардың бастауышы сұраулық есімдік болып келеді. Жиі ұшырасатын толымсыздық түрі – баяндауышы сан есім арқылы жасалған толымсыз сөйлемдер. Мұндай сөйлемдерде баяндауыш ретінде көбінесе есептік, жинақтау сан есімдер көптеп кездеседі.

– Жұмыс күші аз?

– Біреу.

– Күш көлік тапшы!

– Екеу (Мағауин).

Болжамды сан есімнің де кездесуі жиі.

– Оныңды мен білемін бе? Кітап саны қанша?

– Он шақты.

– Осының бәрі ме?

– Бәрі (Найманбаев).

Өте жиі ұшырасатын толымсыз сөйлем түрі – етістіктің рай формасында тұратындар. Мұның себебі кейіпкер диалогта көбінесе өз көзқарасын білдіргісі келеді. Жиі кездесетіндері – бұйрық райлы етістіктер. Бұлар бірінші, екінші, үшінші жақта да бола береді. Шартты райлы етістіктер сабақтас құрмалас сөйлемдер құрамында кездесетіндіктен, олар жоқтың қасы. – Саған шаруа жайын үйретпек едім. Сен өзімді азғырып барасың ғой. Қояйын, – деді (Мұстафин).

Кейде қалау райлы етістіктен болатын толымсыздар түрі де кездеседі. Оны мынадай мысалдан көруге болады: – Молда болдың ба, көп оқыдың ғой, Махмұтжан? – деп сұрады. – Жоқ, ата! Болғым келмейді (Әбілев).

Септік жалғауымен жалғанып келген толымсыз тілдесімдерде кез келген есім сөздерге жалғанып, сұрау шылауларына нақты жауап беріп отырады.

– Ұры түсіріп әкелді, ұры!

– Қайда?

– Үлкен үйде... (Мұстафин).

– Кімнің баласысың?

– Шұбардың (Әуезов).

Толымсыз тілдесімдер морфологиялық тәсіл арқылы да жасалады. Мұнда баяндауыш не оның бір компоненті лексикалық болымды мәнді етістікке ма/ме, ба/бе, па/пе болымсыздық қосымшасын жалғау арқылы жасалады.

– Бармайсың ба, қалқам? – деді Шарипа бір кезде.

– Бармаймын, – деді Ұлбосын (Майлин).

Құрымбай көрпесін жамылып жатып күрсінді. Болмайды (Майлин).

– Қайда?

– Айтпаймын (Мұратбеков).

Баяндауышы болымды істің мүмкіндігі, мүмкін еместігі тәрізді мағынада жұмсалуды да кездеседі.

– Неге деген сөз бола ма екен?

– Көрермін осыдан (Б. Майлин).

Сонымен біз жиі немесе әдетте кездесетін қандай да бір сөз табынан жасалатын толымсыз тілдесімдерді морфологиялық-синтаксистік сипат тұрғысынан қарастырдық. Бұл келтірілген мысалдардан байқағанымыз кейіпкер тілінде, соның ішінде жазба тілінде толымсыз тілдесім кез келген сөз табынан бола береді. Ал ым, ишара арқылы жасалған толымсыз тілдесімдер іс-қимылды білдіретіндіктен, көбінесе етістік сөз табынан болады. Жалпы тіл білімінде жай сөйлемдерді баяндауыштың қай сөз табынан жасалуына байланысты есімді және етістікті деп бөлу келе жатқаны белгілі. Біз жоғарыда айтып кеткендей, толымсыз тілдесімде баяндауыш болып көбінесе етістіктер кездесті. Бұлар айтылу мақсатына да байланысты болуы керек. Өйткені егер де шық, алма, түс сияқты етістіктер контекссіз айтылса, баяндауыш болмас еді. Мұндай омоним іспеттес сөздердің баяндауыш қызметінде тұруы олардың басқа сөздермен мағыналық байланыста айтылуында болса керек. Етістік райлық, шақтық, етіс формалардың бәрінде бола береді.

– Онда екеумізді бүгін қайтсең де кездестір!

– Бетім-ау әкесі жатқанда ма?

– Әкесі бүгін Ботақараға жүрмек.

– Кешікті ғой, қайта алмас (Мұстафин).

Көсемше тұлғалы етістік дара күйінде толымсыз сөйлемнің тиянақты баяндауышы бола алмайды. Олар мағына жағынан тәуелді болып келеді, өйткені олардың мазмұны алдыңғы сөйлем мағынасыз түсініксіз болады. Мысалы: Кеше апарып берем деген күні еді. Ауырып қалды (Әбілев). Етістіктен болған толымсыз тұлғалы етістіктер де негізгі және көмекші етістіктерден құралады. Олар кимылдың әртүрлі шағын, кезеңін, предикаттық мазмұнын түрлендіріп, жандандырып отырады. Мұндай морфологиялық тәсіл арқылы құралатын сөйлемдерге баяндауышы болымсыз істің мүмкін/мүмкін еместігі мағынасында жасалғанда -ма қосымшасы негізгі етістік компонентке жалғанады.

– Әпкем қалай, қартайып кеткен жоқ па? – деді әлден уақытта.

– Білмеймін (Мұратбеков).

Сонымен, етістік тұлғалы баяндауыш сөйлем арқылы айтылған ойды тиянақтап, сөйлемді аяқтап тұрады. Олар сөйлем ұйытқысы болып, айтылған ойды икемдей түседі. Сондықтан, толымсыз тілдесімнің морфосинтаксистік

ерекшеліктерін талдай отырып, төмендегідей қорытынды жасауға болады: толымсыз тілдесімнің морфологиядағы сөз тұлғасындағы айқын көрінісінің бірі – ықшамдалған жіктік жалғауы. Жіктік жалғауының ықшамдалуы 1, 2, 3 жақ жекеше, көпше түрінде де кездесуі мол. Әсіресе, көркем мәтінде кейіпкер тілінде кездесуінің жиілігі 1 жақ жекеше түрінен байқалды: сөздерді ықшамдап сөйлеу диалектілік тілде де кездесуі; жалғаулардың қысқаруы, түсірілу жағдайын септіктерден де кездестірдік. Ілік, табыс септігінің жасырын қолданылу себебін, ғалымдар ойына жүгінсек, стильдік мақсатқа, ойды ықшамдап жеткізуге және сөз бен сөзді байланыстыру қызметінде жұмсалуды мен сирек кездесетіні жатыс, барыс септігі анықталды; тәуелдік жалғаудың түсірілуін есімдіктер, зат есімдерден байқауға болады.

Толымсыз тілдесімнің морфологиялық және синтаксистік сипатын көркем мәтіндегі кейіпкер тілінен сарапталды. Мұнда толымсыз тілдесімнің баяндаушының қай сөз табынан болатындығы анықталып, олардың грамматикалық-синтаксистік көрінісімен қатар, кейбір семантикалық ерекшеліктері де аталды. Атап айтқанда: баяндаушы етістіктен және етістік тұлғалы сөз таптарынан болған толымсыздар ерекшелігі; баяндаушы модаль немесе арнаулы сөздерден болған толымсыздар ерекшелігі; баяндаушы басқа да сөз таптарынан болған толымсыздар ерекшелігі. Қазақ тілінің толымсыздану заңдылығының тілдің түрлі салаларына қатысы, тілдегі фонетикалық, морфологиялық, лексикалық деңгейінде түрлі құбылыстар арқылы белгілі ғалымдар пікірі негізінен түсіндірілді. Сонымен қатар сөйлемді толымсыз етіп айту – көркем әдебиет тілінің қажетті құралдарының бірі. Ғалым Б. Шалабаев «Көркем проза тілі» еңбегінде «Көркем әдебиет тіліне тән көркемдік сапа, эстетикалық қасиет сөздердің контекстегі көтерер жүгіне, алар салмағына қарай образ құру ерекшелігімен өлшенсе керек. Көркем тіл жүйесіне қатысты ерекше белгі – сөздер өздерінің негізгі мағыналарында жұмсала отырып, жаңа байланыстарға түседі, қосымша ассоциация туғызады, сөйтіп... жаңа ойларға жетелейді»– дейді [2, 81 б.]. Көркем әдебиет стилі функционалдық стильдердің ішінде өзіндік маңызды орын алады. Тіл мамандарының атап көрсеткеніндей, бұл стильдің өзіндік ерекшелігі бар. Біріншіден, ол бейнелі сөз жасау үшін сан алуан тілдік элементтерді алмастыра қолдануда өзге стильдерден барынша өзгешелене түседі. Екіншіден, ауызекі сөйлеу тілі мен кітаби жазба стильдердің, дәлірек айтқанда, тілдік единацалардың қарым-қатынасы мен өзара алмаса қолданылуы жағынан басқа стильдерден басқаша сипат алады. Тіл біліміндегі толымсыздық мәселесін тек қана толымсыз сөйлемдермен емес, сондай-ақ басқа да амалдармен беріле алады. Олар ойдың сыртқа толығымен шығу, шықпау жолдары, ішкі монолог, толғаным бір сөзбен айтқанда, бейвербалды амалдар. Мұндай амалдардың көркем мәтінде кездесуі мол. Бейвербалды амалдар қызметі туралы ең алғашқы ойларды Қ.Жұбанов

еңбегінен кездестірдік: «Ауызекі сөйленген сөздердің андай-мұндай қисығын елетпейтін басқа жағдайлар бар. Дыбыстап сөйлеген сөздердің олқысы көбінесе ыммен толығады. Тіпті бірінің тілін бірі білмеген я болмаса, бірінің тілі мүлде жоқ болған уақытта да, яммен ылаждап түсінуге болады» [3, 148 б.]. Ал ғалым М. Балақаев бейвербалды амалдарды сөйлеудің қосымша амал-әрекеті ретінде қарастырады. «Сөйлеу әр уақытта сөйлеу әрекеті жағдайында өтеді: дауыс ырғағы, екпін, қимыл, ым, нұсқау, қол көтеру, көз қысу, бас изеу, күле ызалана сөйлеу – бәрі ойды дәл жеткізе алудың қағазға түсе бермейтін қосымша амал-әрекеті» – деп санайды [4, 86].

Мұндай амалдардың көркем мәтінде атқаратын грамматикалық қызметі туралы Г. Сәрсекке ойын былай бөліседі: «Көркем шығармада кейіпкердің бет, дене қимылы, дене тұрғысы тілдегі етістікті және есімді сөз тіркестері арқылы суреттеледі». Әсіресе, грамматикалық сипатына орай етістікті сөз тіркестері қолданылу жиілігі жоғары дей келе, бармағын тістеді, басын шайқады, қасын керді, ерні дірілдеді, аузын ашты т.с.с. сияқты мысалдар келтіреді [5, 127]. Бұл тұрғыдан біздің зерттеуімізге қарағанда бейвербалды амалдардың расында да көбінесе етістік тұлғалы болып келетіндігіне көзімізді жеткізуге болады.

*«Жетті!.. Айтпай-ақ қой!..» деген ишармен қолын болар болмас қыбыр еткізді де, басын жоқтай, жастыққа сылқ еткізіп тастай берді (Мырзахметов). Медет «қойғызсаңызшы!» деген өтінішпен шешесіне қарады. Асылдың шықтана қалған көздері: «нақыр-ай, жыламай қайтсін, оңай деймісің! Әбден іші толып біткен гой... Тимеші, ішін біраз босатсын!» дегенді білдірді (Мырзахметов).*

Алғашқыда ішкі монологтың көбінесе толымды, ауқымды болып келетіндігі сөз болған. Бірақ ол кейіпкердің қандай да нәрсе, құбылыс жайында ойланып, пайымдауынан туындағандар болатын. Ал келтірілген үзіндіде ишара тілінде ішкі монологтың толымсыз болатынын көреміз. Олар көбінесе етістік тұлғалы болып, ішкі эмоцияға толы болғандықтан туындаған болуы керек. Бейвербалды амалдар кейде тіпті бір контекст тәрізді берілсе, кейде бір қимылмен ғана беріледі. Мысалы:

*– Сен жас та болсаң, қара шаңыраққа иесің. Барғасын ақылыңды айтып, ағаңның құлағын бұра!*

*Шәуке бас изеді (Әлімқұлов).*

*– Әй, бала! – деді екіншісі. Жол бөліміне табельщик боласың ба?*

*Шәуке басын шайқады (Әлімқұлов).*

Жоғарыдағы ойларды қорытындыласақ, ишара тілінде кездесетін толымсыз тілдесімдер қысқа-қысқа келіп, ішкі сөйлемдері лепті, сұраулы, хабарлы болып, ой үзінділері тез ойлау, дайындықсыз жауап қайтаруына байланысты, ішкі монолог та өте ықшамды болып келеді. Мұндай көркем

әдебиет және ауызекі тілде ең мол кездесетін бейвербалды амалдар адамның іс-әрекетін, ішкі жан дүниесін, сінезін сипаттап, іштей болса да, қимылмен болса да сөйлесімге үлкен мағына береді. Толымсыз тілдесімнің көркем әдеби стилін жасаудағы орны анықталды. Соның ішінде, бейвербалды амалдар қызметіне ерекше тоқталдық. Олар кейіпкер тілінде көптеп қолданып, етістік тұлғалы болып келіп, адамның ішкі жан дүниесін, әрекетін суреттеудің бір амалы болып табылады. Тіліміздегі жай сөйлемдерге арналған еңбектерде толымсыз сөйлемдердің түрлі терминдермен «олқы сөйлем», «қақауы бар сөйлем» деп аталатынын білеміз. Егерде мұндай сөйлем көптеп кездесетін болса, ол тілдік нормаға сәйкес келмегені ме деген сұрақ туындайды. Бұл орайда ғалым Р. Сыздықова пікірі біздің ойымызды жеткізеді: «Тілдегі әрбір құбылыстың дәл бүгінгі таңда норма екендігін немесе еместігін жеке адамдардың танымынан шығармай, сол құбылыстың табиғаты мен тарихи барысын талдап оны өзге параллельдермен байланыстыра (салыстыра) отырып айту керек. Мысалы, барғасын, келгесін деген есімше тұлғалары қазіргі әдеби норма бола ала ма, жоқ па дегенді айту үшін осы сияқты тұлғалардың ықшамдала түсу процесі өзге тұстарда да байқала ма екен, жалпы осы құбылыстың болашағы қандай? Мұндай процеске ұшыраған элементтердің қай стиль үшін норма, қайсысы үшін варианттың сыңары екенін айыру керек. Біздіңше, қатты ескеретін нәрсе – тілдік норманы тануда оны функционалдың стильдерге ажыратып қарау принципін ұстау» [6, 15 б.]. Толымсыз тілдесім стильдік сипатқа негізделеді. Яғни, оның ғылыми көріністерін былайша анықтау дұрыс деп есептеледі: – сөйлемді толымсыз етіп айту – көркем әдебиет тілінің қажетті құралдарының бірі. Мұндайда сөздердің негізгі мағынада жұмсалу қабілеті артады. Ғалым Б. Шалабай сөзімен жеткізсек, *жаңа байланыстарға түседі, қосымша ассоциация туғызады, жаңа ойларға жетелейді*. Сонымен қатар толымсыздық мәселесін бейвербалды амалдармен жанастыра қарастыру керек. Мұндай амалдардың көркем мәтінде кездесу жолы кең.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Исаев, С.** Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы : Ана тілі, 1996. – 304 б.
- 2 **Шалабаев, Б.** Көркем проза тілі. – Алматы : «Білім», 1994. – 128 б.
- 3 **Жұбанов, Қ.** Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А. : Ғылым, 1999. – 583 б.
- 4 **Балақаев, М.** Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. – Алматы, 1965. – 187 б.

5 **Сәрсекке, Г. Ә. Р.** Сейсенбаев шығармаларындағы кейіпкерді мінездеуші тілдік-стильдік тәсілдер. Филол.ғыл.канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 1988. – 166 б.

6 **Сыздықова, Р.** Сөз мәдениетінің мәселелері. – № 1, 1985. 26–31 бб.

Материал 31.10.19 баспаға түсті.

*Б. Ж. Сарыбаева*

### **Морфосинтаксическое проявление неполноценности**

Факультет дошкольного обучения и воспитания,  
Павлодарский государственный педагогический университет,  
г. Павлодар, 140000, Республика Казахстан.  
Материал поступил в редакцию 31.10.19.

*B. Zh. Sarybaeva*

### **Morphosyntactic manifestation of inferiority**

Faculty of Preschool Education,  
Pavlodar State Pedagogical University,  
Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan.  
Material received on 31.10.19.

*В данной статье рассматриваются и определены смысловые особенности внешних грамматических признаков, сочетающихся в одном канале. Кроме того, наглядными примерами были доказаны наиболее часто встречающиеся способы передачи потенциала мира в художественных произведениях.*

*This article discusses and defines the semantic features of external grammatical features, combined in one channel. In addition, illustrative examples have proved the most common ways of conveying the potential of the world in works of art.*



**М. М. Снабекова<sup>1</sup>, М. С. Атабаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>докторант, 1-курс, «БД020500-Филология» мамандығы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>ғылыми жетекші, ф.ғ.д., профессор

e-mail: arumama@mail.ru

**ХАЛЫҚТЫҚ КОСМОНИМДЕР –  
ЭТНОМӘДЕНИ ДЕРЕККӨЗ**

*Аспан шырақтары соның ішінде әсіресе Күн, Ай және жұлдыздар халықтың гасырлар бойындағы жинаған тәжірибесінің, көңіліне түйген пайымдарының, алған әсері мен терең танымының айнасы болып табылады. Сонымен қатар Күн, Ай және жұлдыздар өзіндік символдық мәнге ие болып келеді. Бұл тәрізді символдар адам баласының гасырлық тәжірибесінен қорытылып, тарихи жағыман қалыптасқан белгілі бір түсініктің, философиялық ой мен дүниетанымының жемісі.*

*Ай, Күн және жұлдыздар жайлы түсініктер адам санасында ерекше орын алып, оларға ерекше мән беріліп, олардың қозғалысын адам өміріне табиғат құбылыстарына ұштастыру тәжірибесі нәтижесінде кез келген халықтың аспан мифологиясы мен аспани-күнтүзбелік түсініктер мен есептеулер қалыптасқан. Бұл сырға толы аспан әлемі жайлы мифтер тілдің жинақтаушысы және сақшысы ретінде ұрпақтан ұрпаққа жетіп отыр.*

*Кілтті сөздер: Аспан шырақтары, жұлдыздар, мұра, ұлттық, этномәдениет.*

**КІРІСПЕ**

Тіл қоғамда қатынас құралы болып табылады және қоғамның дамуымен бірге өсіп-өркендеп отырады. Қандай да тіл болмасын оның өткен тарихы, қазіргі күндегі жағдайы және болашағы болады. Адамдар ежелден-ақ қоршаған әлеммен өздерінің байланысын байқап, үйлесімділік орнатып, даму барысында біріне-бірі өз септігін тигізіп отырғаны белгілі. Осы өзара байланыстың нәтижесінде халықтың тұрмыс-тіршілігі материалдық тұрғыдан да, рухани тұрғыдан да қызу ілгерілей және жетіле түседі. Бұл үдеріс әлемнің тілдік бейнесі арқылы танылады. Өйткені, белгілі бір ұлт тілдерінің қатысуымен қалыптасқан және тілдер арасындағы лексикалық атаулар жүйесі сияқты айырмашылықтарға әлемнің тілдік бейнесі арқылы бағыт-бағдар

жасалады. Аспан шырақтары, Ай, Күн, жұлдыздар жайлы түсініктер адам санасында ерекше орын алып, оларға ерекше мән беріліп, олардың қозғалысын адам өміріне табиғат құбылыстарына ұштастыру тәжірибесі нәтижесінде кез келген халықтың аспан мифологиясы мен аспани-күнтүзбелік түсініктер мен есептеулер қалыптасқан. Бұл сырға толы аспан әлемі жайлы мифтер тілдің жинақтаушысы және сақшысы ретінде ұрпақтан ұрпаққа жетіп отыр. Мифологиялық құдайлардың мекені аспан әлемі іспеттес. Қазақ халқыда аспанның түсіне қарай «Көк», «Тәңірі» деп құрмет тұтқан.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Қазақ тіл білімінде атаулардың, соның ішінде космонимдердің нормалық сипаты мен қалыптасу жүйесін айқындау, олардың ұлттық мәдени ерекшеліктерін зерделеудің маңызы өте зор. Космонимдер дегеніміз – тілдегі аспан шырақтарының, яғни жұлдыз, шоқжұлдыз, ғаламшар және т.б. атауы.

Халқымыз аспан шырақтарын жіті бақылап, тұрмыс-тіршіліктің қажетіне пайдалана білген. Сол аспан шырақтарының бірі, жерге ең жақын болған айды қарастырып көрейік. Академик Ә. Қайдар «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты еңбегінде «Ай» сөзіне мынадай түсінік береді:

*Ай <1. Аспан шырағы; Айды бір кездері тәңірі деп түсінген, тотем, пір тұтқан, оған табынған; сондықтан жаңа айды көргенде неше түрлі ырым жасаған; 2) Уақыт өлшемі. Айдың белгілі бір уақыт аралығында пайда болып, толу кезеңі мен аяқталуын жылдың бөлігі ретінде 28,29,30,31 күн тәулігімен 12 айға бөлінуі> [1, 102].* Осы жердегі бірінші түсіндірмеге ұқсас ойды Ш.Уалихановтың төмендегі жазбаларынан да көруге болады: «Ай – бір кезде тәңірі болған тәрізді. Қазақтар жаңа ай көргенде иіліп сәлем береді және жаздыгүні сәлем берген жерінің шөбін жұлып, үйге келген соң сол шөпті отқа салады. Қазақтар айға қарамайды, өйткені айдағы кемпір кірпік санайды деп қорқады. Дәретке отырғанда Айға қарап отырмайды. Жалпы алғанда, қазақтар айды құрметтеп сөйлейді [2, 98 б.]»

Ай – ежелгі табыну, тағзым ету жүгіну нысандарының ішіндегі ең көріктісі... Тек арғықазақтардағы Ай культінің даму тарихына, сипатына ғана тоқталып өтуге болады. Әуелі дей-түркілердің ішіндегі белгілісі болған сиуннулардан (хуннулардан) сөз қозғасақ, қытайдың жазба құжаттары бұл жөнінде азын аулақ болса да дерек қалдырыпты. Хунналар туралы: «Тәңірқұт таңертең шыңып келе жатқан күнге, кешке туып келе жатқан Айға тағзым ету үшін үйінен арнайы шығатын болған. Тәңірқұт үйдің сол жағында бетін терістікке қаратып отырады. Жаңа туған Айдың бірінші күні ерекше құрметтелген. Сондай-ақ «Сиуннулар жылда үш рет: бірінші, бесінші және тоғызыншы айда, «суй» деп аталатын рәсім күні Көкке арнап құрбандық шалу үшін «Айдаһар ғибадатханасына» жиналатын дәстүр бар [3, 298 б.]» –



делінеді. С. Қондыбайдың пайымдауынша қазақтардың Айды кастер тұтуы мен жаңа туған Айға қарап бас иіп тағзым етуі ежелгі сиунулық «сюй» рәсімінің қарабайырланған сарқыны емес пе екен деген болжам айтады.

Аспан әлеміндегі әртүрлі құбылыстар адамдардың ой санасына, таным болмысына әсер етеді. Айдың тылсым сыры, оның ерекшелігі, сырға толы жұмбақ күйі адамдарды толғандырған. Табиғатты, ондағы өзгерістерді, құбылыстарды үнемі бақылап отырған халық тұтас бір ай ішінде аспандағы айдың дөңгелек шарасы доғал бір сызық болып басталып, бұл кезеңді жаңа ай десе, он бес күн ішінде толысып, аспан әлеміне жарық сәуле беретін кезді толық ай десе, қалған он бес күн көзге көрінбей кететін кезді халық өліара деп атайды және соған байланысты халықтық ұғымдар қалыптасты. Доспанбет жырау өзінің «Тоғай, тоғай, тоғай су» өлеңінде:

Туған айдай нұрланып,  
Дулыға кидім, өкінбен. – десе Шалкиіз өз кезегінде:  
Дулығамның төбесі  
Туған айдай болмаса,

Батыршылық сүрмен-ді!! – деп жырлайды мұнда туған айды қасиет тұтып, батырлығына, ерлігіне ерлік қосып тұрған іспеттес толған айдың бейнеленгендігін көруге болады.

Туған ай бірте-бірте көлемі үлкейіп жарығы мен нұры көбейген сәт толған айға ауысып оны қазақ халқы ай толысы деп те айтады және осы сәтте қандай да ізгі істерге бастау деп білген. Жазушылар сұлулыққа, әдемілікке *толған айдай, толған айдай толықсу, балқып туған толған айдай* және т.б. да тұрақты теңеулері айдың бұл көрінісіне қарай қолданса, Мағжан Жұмабаев «Толған ай» өлеңінде сол айдың көркемдігін шебер бейнелеп көрсетеді.

Тұрасың, мейірімді Ай, нұрың шашып,  
Бұғып жүр қараңғылық бетін басып,  
Толсаң да солсаң-дағы айрылмайтын  
Жолдасың – жұлдызыңмен қол ұстасып.  
Далада жолаушыға сен жолбасшы,  
Егерде жазатайым жүрсе адасып....  
Жалғыз-ақ іштен сені жек көреді  
Екі жар қол ұстасқан сыбырласып.  
«Жарықта қараңдап, бой көрінеді!» – деп,  
Бір-бірін сүйісе алмас мауқын басып.  
Елжіреп көңілдері, құмар қанбай,

Айрылар біраздан соң амандасып, – деп ақын толған айды қараңғылықтың шырқын бұзып, адасқан кісіге жол көрсететін мейірімді жанға балайды. Сондай-ақ, осы керемет жаратылысты тек қана кездесуге шыққан жастар ғана жаратпайтындығын айтады.

Қазақ халқының наным бойынша өліара кезінде қыс мезгілі болса, қар-боран, жаз болса жауын шашын көп болады деген наным-сенім бар. *«Айдың тік туганы халыққа жайлы, Шалқасынан туганы өзіне жайлы; Ай қырынан туса, айбалтаңды сайла, шалқасынан туса күрегінді сайла»* тәрізді айдағы құбылыстарға байланысты туындаған ұғымдар. Бұл ұғымдар халықтың сан ғасырлар бойы ай фазасындағы құбылыстарын зерттеудегі жинақтаған тәжірибелерінің барын көрсетеді.

Аналарымыздың айға қарап, қолдарын төсіне қойып, еңкейіп сәлем салып:  
Ай көрдік, аман көрдік  
Бұрынғыдай заман көрдік  
Жаңа ай – жарылқай гөр

Ескі ай есіркей гөр... – деп айдан айға аман жеткендігіне шүкіршілік етіп, жаңа айдан жақсылықты тілеп Айға қарап тәжім еткен. Сондықтан да болар, аспан шырақтары жақсылық, бақыт, сәттілік және сұлулық ұғымдарымен ұштасып жатыр. Академик Ә. Марғұлан өзінің «Қорқыт күйші» туындысында қазақ және моңғол халықтарына ерте заманда ортақ болған символ сөздердің мағынасын төмендегіше келтіресе: «Күн – махаббат, әділет, ғашықтықтың белгісі. Ай – сұлулық, сана ишарасы болған. Жұлдыз – мереке, ойын-сауық, жастық белгісі болған.» [4, 37 б.]. Тарихшы, фольклорист А. Н. Афанасьев: «Аспан шырақтары: Күн, Ай және жұлдыз таза адамгершіліктің және рухани нұрлылықтың символы» – десе, академик Р. Сыздық «Сұлулықтың, сұлу қыздың бейнесін халық поэзиясында күн, ай, таң, нұр образымен беру қалыптасқан дәстүр» дейді. Жоғарыдағы ғалымдардың пайымдауларынан қазақ халқының санасында Ай, күн және жұлдыздар махаббаттың белгісі, жақсылықтың нышаны, өмірдің өзегі, бір-біреуге деген сүйіспеншілік сезімі екендігін түсінуге ие болады.

Тілімізде Күн космонимі бар сөз тіркестерінің, мақал-мәтелдерінің болуына байланысты қазақ халқы Ай мен қатар Күнді де құрмет тұтқан деп айта аламыз. Осы тұста ғалымдардың Күнге берген анықтамаларына тоқталып өтер болсақ, Ә. Қайдар *«Күн 1. астр. Әлемге жарық, қызу беретін, күн жүйесінің орталық денесі, Жерге ең жақын жұлдыз; 2. Жаз кездерінде шақырайып, көз қарықтырып қаратпайтын күн табағы; ауысп. Күн сәулесі тіке түсетін ашық жер; күншуақ»* [1, 100 б.] – деп көрсетеді. С. Қондыбай: «О. Сүлейменов орхон-енисей (көне түркі) жазуындағы көрсетілген әріпті «йай» деп атап, оның Күнді білдіретіндігін атап өтеді. Түркі тілдеріндегі «йай» немесе «йаз» (қазақшасы – «жай», «жаз» (лето), «йайлақ», «яйла» – «жайлау» (летовка) сөздерінің мағыналарына қарап «йай» сөзінің расында да «Күн» мағыналы екендігіндігіне көз жеткізуге болады.» – деп Күннің үстемдік құрған шағымен байланысты айтылатын «жаз», «жазғытұрым», «жайлау» сөздерінің «йай» негізі Күнге қатысты екендігін айтады [3, 303 б.].

Күн космонимдерімен қатысты: *күндей кіршіксіз, күндей көркем, күндей балқу* және т.б. тұрақты теңеулер, *Күн шыққан соң суарған суды күн жұтады, Күн батқан соң суарған суды жер жұтады* – деген мақал-мәтелдер бар. Егін егудің қыр-сырын меңгерген халық Күн шыққанда суарылған жерге су сіңбейді, бұға айналып, аспанға ұшады деп түсінеді. Күн батқанда суарылған жер суды өз бойында сіңіреді, суды жер жұтатын себебі сол, яғни жер суды қанып ішеді, нәтижесінде егіс жақсы шығып, өнім мол болады.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ халқы Айға табынғандай Күнге сыйынбаса да, Күн қызарып батып бара жатқан кезде ауырған адамды ұшықтау сияқты нанымдары болған. Сондай-ақ, күн батып жатқанда күн мен жарысып ұйықтауға тиым салынады. Бұл тиым халықтың Күнді қастер тұтуымен қоса қазақ халқының психологиялық тұрғыдан сауатты болғандығын түнгі ұйқының тыныш, жақсы болуы үшін айтылғандығын көрсетеді.

Қорыта айтқанда, Аспан шырақтары соның ішінде әсіресе Күн мен Ай халықтың ғасырлар бойындағы жинаған тәжірибесінің, көңіліне түйген пайымдарының, алған әсері мен терең танымының айнасы. Сонымен қатар Күн мен Ай өзіндік символдық мәнге ие болып келеді. Бұл тәрізді символдар адам баласының ғасырлық тәжірибесінен қорытылып, тарихи жағынан қалыптасқан белгілі бір түсініктің, философиялық ой мен дүниетанымының жемісі.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Ә. Қайдар** «Қазақтар ана тілі әлемінде». – 100–102 б.
- 2 **Ш. Уәлиханов.** Қазақтың космологиялық ұғымдары // Мақалалары мен хаттары. – Алматы, 1949. – 28 б.
- 3 **С. Қондыбай.** «Арғықазақ мифологиясы». Екінші кітап. – Алматы : «Дайк-Пресс», 2004. – 298, 303 б.
- 4 «Қорқыт ата» энциклопедиялық жинақ. – Алматы, 1999. – 799 б.

Материал 31.10.19 баспаға түсті.

*М. М. Снабекова<sup>1</sup>, М. С. Атабаева<sup>2</sup>*

#### **Народные космонимы – этнокультурный источник**

<sup>1,2</sup>Қазақский национальный женский педагогический университет,  
г. Алматы, 050000, Республика Казахстан.  
Материал поступил в редакцию 31.10.19.

*M. M. Snabekova<sup>1</sup>, M. Atabaeva<sup>2</sup>*

#### **National cosmonims – ethnocultural source**

<sup>1,2</sup>Kazakh National Women's Teacher-Training University,  
Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.  
Material received on 31.10.19.

*Небесные тела, особенно Солнце и Луна, являются зеркалом многовекового опыта людей, их восприятия, их влияния и глубоких знаний о них. Солнце и Луна также имеют свое символическое значение. Эти символы являются результатом определенного понимания, философской мысли и мировоззрения, которые были подорваны многовековым опытом человечества.*

*Heavenly bodies, especially the Sun and the Moon, are the mirror of people's experience, their perceptions, their influence and deep knowledge about them. The sun and the moon also have their symbolic meaning. These symbols are the result of a certain understanding, philosophical thought and worldview, which were undermined by the human's old experience.*

**А. Қ. Таусоғарова<sup>1</sup>, Л. Ж. Байсова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., доцент, Филология және әлем тілдері факультеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы;  
<sup>2</sup>магистрант, I курс, «БМ010300 – Педагогика және психология» мамандығы, Педагогика және психология факультеті, I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ., 040009, Қазақстан Республикасы  
 e-mail: <sup>1</sup>ayuuzhan1971@gmail.com; <sup>2</sup>baisova1971@mail.ru

**ҒАЛАМТОРДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАҒЫ ЖАРИЯЛАНЫМНЫҢ ТІЛДІК ЫҚПАЛЫН ТАЛДАУ**

*Ғаламтор әлеуеті мен мүмкіндіктері біртұтас ақпараттық кеңістіктің орнауына, оның ішінде, виртуалды коммуникацияның дамуына кеңінен жол ашты. Түрлі қалалар мен өңірлердегі оқырмандардың ғаламтор желісіндегі публицистикалық жарияланымда көтерілген мәселелер мен автор идеясына байланысты өзара ой бөлісіп, пікірталасқа түсуінде арақашықтық кедергісі жойылды, пікір білдіруші оқырмандар туралы мәліметтер де анонимдік сипатта қалады. Бұдан бөлек, Ғаламтор сайттарында жарияланған мақаланың оқырман танымы мен тілдік санасына ықпалын жарияланым соңында берілетін пікірлерге лексика-семантикалық талдау жасау арқылы зерттеуге де болады.*

*Мақалада жағымсыз этникалық ақпараттың қоғамдық сананың өзгеруіне тілдік ықпалы талданылады. Интернеттегі этникалық ақпарат ықпалында туындаған жағымды және жағымсыз автостереотиптер мен гетеростереотиптердің сандық көрсеткіштері анықталады.*

*Кілтті сөздер: масс-медиа, этникалық ақпарат, этностереотип, автостереотип, гетеростереотип, коммуникативтік ықпалдастық.*

**КІРІСПЕ**

Қазақтілді масс-медиадағы «елдер мен халықтар туралы, сондай-ақ ұлттық немесе этникалық салт-дәстүрлер мен ұлттық этникалық құндылықтар туралы, оның ішінде, этникааралық қарым-қатынастар, этникалық саясат, сондай-ақ қазіргі қоғам өмірінің барлық салалары тұрғысындағы (экономика, спорт, медицина, педагогика т.б.) аталмыш этниканың әлеуеті (жетістіктері, кемшіліктері, ерекше қасиеттері, дағдылары) туралы» [1, 42] этникалық ақпараттар мазмұнында қамтылатын этникалық стереотиптер мен авто- және

гетеростереотиптерге лингвистикалық кешенді талдау жүргізу маңызды болып табылады. Өйткені жеке тұлғалар санасында, тіпті қоғамдық санада этностереотиптердің қалыптасып, пайда болуында немесе бұрыннан қалыптасқан жағымды этностереотиптің жағымсыз сипаттарға иеленіп, өзгеруінде күнделікті тұрмыстағы таптаурын жағдаяттар ғана емес, масс-медияның, оның ішінде, теріс немесе оң мазмұндағы этникалық ақпараттар ағынының да рөлі ерекше екенін көреміз.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

БАҚ арқылы таратылатын этникалық ақпараттар қайсы бір оқиға көрінісі түрінде, я дыбыс, дауыс ырғағы немесе сурет, жазбаша формаларда адам санасына келіп түсе отырып, санадағы бұрыннан бар сол тұрғыдағы образдармен шағылысуы, сондай-ақ пайымдау, эмоциялық үдерістер сияқты психикалық элементтердің өзара ықпалдастығы барысында түрлі әлеуметтік-этникалық стереотиптердің түзілуіне түрткі болады.

Ал, этникалық стереотиптер, өз кезегінде, ғалымдардың көрсетуінше, «қоғамдық санада және тұлға сана-сезімінде ерекше орын ала отырып, біріншіден, этникалық сәйкестіліктің сақталуына, екіншіден, этниканы топтастыруға, үшіншіден, этниканың ортаға бейімделуіне қызмет етеді. Бүгінгі күні этностереотиптер идеологиялық салаға енгізіліп, идеологиялық күрестегі басты құралға айналып отыр. Этникалық стереотиптер этникааралық қарым-қатынас мәдениетінде бағдарлаушылық (бағдарламалық) сипатқа ие, өйткені кез келген этнос өкілінің тұлғааралық, сондай-ақ этникааралық қарым-қатынастарда көрініс беруі мүмкін әдет-дағдылары мен мінез-құлқы туралы алдын-ала хабардар ету мүмкіндігі зор» [2, 7].

Сондай-ақ, БАҚ жарияланымдарының этникааралық мәселелердегі орны туралы мына пікір назар аудартады: «Нақ осы БАҚ арқылы бұқаралық этникалық және нәсілдік тұрғысында тысқары түсініктер мен нұсқаулар таратылып, нәтижесінде ксенофобия күшейіп, этникааралық шиеленіс орын алады. Этникалық мифология, тарих, рухани, материалдық мәдениет, басқа да этникалық құндылықтар әдейі текстуалданып, айырықша түрде талқыланылып, тұрғындар үшін аса қызық, көкейкесті ақпаратқа айналып, бұқара санасына сіңеді. БАҚ көмегімен идеологтар тарапынан жасалған эмоционалды-нормативтік бояуы бар этникалық образдар, идеялар, идеалдар, мифтер, құндылықтар қоғамға таратылады да, адамдар арасында этникалық намыс, абырой, өкпе-реніш, үрей сияқты сезімдерді тудырады. Қазіргі БАҚ ақпарат көзі ғана емес, сондай-ақ түрлі идеология, саясат, бизнес, мәдениет өкілдерінің аса маңызды «тартыс» алаңы болып табылады. Сөйтіп, бұқара санасында БАҚ көмегімен этникалықпен байланысты мәселе өзектендіріліп қана қоймай, осы сала тұрғысында идеологтар тарапынан белгіленген түсінік

калыптасады. Ақпаратты қалың бұқараға жеткізуде, бұқара санасына ықпал етудегі БАҚ-тың басты қаруы – тіл, сөз» [1, 57].

Тыңдармандар мен оқырмандар, жалпы масс-медиа өнімдерін тұтынушылар сана-сезіміне оның аса ықпалдылығы бүгінгі күні зерттеушілер ғана емес, сонымен қатар қалың бұқара тарапынан да мойындалып отыр: «Насихат» (пропаганда) ішкі-сыртқы саяси үгіт, «кері насихат» (контрпропаганда), «манипуляция» немесе ақпараттық адастырушылық, «ақ», «қара», «сұрғылт» насихаттар және «экспансия» немесе ақпараттық өктемдік деген терминдер пайда болды. Осылайша, адам санасы мен рухани жан дүниесін «инженерлендіру» арқылы үгіт-насихаттың өзі ғылым ретінде алға шығып, қаптаған эксперименттер, зерттеулер жасалды. Қысқасы, айналып келгенде, қырғи-қабақ соғыс-тың да ең басты құралы – ақпарат болды. .... Кино көрсетілімдер, бейне-аудио таспалар, клиптер, жарнама роликтері мен көше плакаттары, сауда маркалары және тауар этикеткалары БАҚ арқылы насихатталып халыққа жететіндіктен бәріне масс-медиа жауапты болып шығатыны тағы белгілі (Ақпараттық соғыс: сүзгі бар ма? // Қазақия газеті, 21.04.2015).

Масс медианың тұтынушы – қалың бұқара санасына идеологиялық, мәдени-рухани құндылықтар жүйесі тұрғысынан ықпал ету, көзқарас, пікір қалыптастыру мақсатына орай тілдік құралдар көмегімен әрекет етуі оның ақпараттандырудан гөрі, қарым-қатынастық, өзара ықпалдастық сипатын басым етеді. Және масс медиа өнімдері мен оның тұтынушылары арасында түрлі стратегиялар мен вербалды / бейвербалды тактикалар арқылы жүзеге асырылатын кешенді коммуникативтік ықпалдастық сипаты оны дискурс ретінде қарастыруға түрткі болады деп ойлаймыз. Т. ван Дейк дискурсты «кешенді коммуникативтік оқиға (событие)» ретінде анықтайды. Ғалым дискурсты коммуникативтік оқиға деп «белгілі бір мезгілдік және кеңістіктік контексте сөйлеуші, тыңдаушы немесе бақылаушы арасында өтетін коммуникативтік әрекет, ықпалдастық (действие)» тұрғысынан анықтайды және де ғалым оның ауызша / жазбаша, вебалды / бейвербалды формаларын атап, жүзеге асу көріністеріне дәрігер мен пациент арасындағы әңгімені, газет оқу үдерісін де жатқызады [3].

Ал қазіргі Интернет сайттарындағы жарияланымдар және сол жарияланымдарға байланысты оқырмандардың комментарийлері масс-медиа өнімдерінің аудиторияға тілдік ықпалын бақылауға мүмкіндік береді. Бұл орайда, мәселен, этникалық тақырыптардағы жарияланымдар Интернет оқырмандары санасында бұрыннан қалыптасқан басқа ақпараттармен ықпалдастықта табыла отырып, сол этникалық қауым тұрғысында түрлі жаңа этностереотиптердің көрініс беруінің негізгі факторы болып табылады.

Мысалы, Қайрат Матрековтің «Стриптиз на свадьбе: почему молчит казахская пресса?» мақаласына орай берілген пікірлерден (комментарийлерден) қазақ халқы туралы жағымды және жағымсыз этностереотиптер ағынын көреміз [4].


Бұл тұрғыдағы автостереотиптердің біразы қазақтың мінез-құлық, болмыс-бітіміндегі қасиеттері мен өмір салты т.б. туралы тілдік санада бұрыннан бар этникалық ақпаратты тірек ету негізінде пайда болған деуге болады. Мысалы, қазақ халқы туралы бұрыннан қалыптасқан төмендегі жағымды автостереотип түсініктері Қайрат Матрековтің «Стриптиз на свадьбе: почему молчит казахская пресса?» мақаласында мына түрде көрініс береді: «казахи – народ, который знает цену слову что веское аргументированное слово может остановить войну, что мы ценим и уважаем своих дочерей. Возможно, наши предки, распевая «Гүл өссе, жердің көркі, қыз өссе, елдің көркі» («Цветы – украшение земли, девушки – страны»), уважали своих дочерей, дорожили ими». Алайда оқырман назарын аударту үшін мақала басында майлы бояулы қаріптермен ерекше бөліп көрсетілген мына сөйлем – «на прошлой неделе видео приват-танца обнаженной девушки на казахской свадьбе взбудоражило интернет-пространство Казахстана» мен тұтас мақала мазмұны ұлттық санаға сіңген жоғарыда көрсетілгендей жағымды автостереотиптің белгілі бір дәрежеде өзгеруіне ықпалы болғанын осы мақалаға берілген комментарийлерден анық байқауға болады.

Аталмыш мақаладағы этникалық ақпарат тілдік тұлға жадында Абай қарасөздеріне сәйкес қазақ туралы бұрын қалыптасқан автостереотиптермен сәйкестендіріледі: Абай говорил: «Қазақтың басқа жұрттан тілі ұзын / У казахов по сравнению с другими народами язык длинный». Және мұны өз тарапынан «пустословие, так называемое, кыртымбайство» деген түрде сараптай келіп, «Автор поднял целый «абаевский» пласт казахских ментальных проблем. ... На этой свадьбе яркий образчик нашего ментального хвостовства» деген автостереотип алға тартылып, яғни мақтаншақтық қазақ менталитетіне тән қасиет ретінде танылады [4].

Аталмыш мақалада «казахская свадьба», яғни қазақ тойы этностереотипі негізгі тірек ұғым ретінде танылады. Және осы мақала оқырмандарының комментарийлеріне қарағанда тілдік тұлғалар санасында «Қазақтың тойы», жалпы «Қазақстандағы тойлар»: «орыстың тойы», «ұйғырдың тойы» және «Ресейдегі тойлар» сияқты тіркестердің жағымды этностереотиптер түрінде қалыптасқанын көреміз: «стриптиз на казахской свадьбе – это чересчур»; «Стриптиз на казахской свадьбе как-то не вписывается в этот стереотип. Наверное он устарел», «Для казахской свадьбы стол скудноватый однозначно, тем более агашкиной роскоши не видно и на стенах самого заведения», «Был на нескольких десятках казахских тоях, русских (Казахстана), уйгуров и



поверьте, разврат и казахстанцы это две параллельные прямые. В то же время находясь на свадьбах в России, ужасаюсь с каждым годом, где она могучая, наследница великого государства, которая должна быть примером?».



Сурет 1 – «Қазақтың тойы» туралы этностереотиптің трансформациясы:

Енді Интернет сайтында беріліп отырған жеке бір тойдағы стриптиз туралы жағымсыз этникалық мәліметтің тұтас қазақ этнонимімен байланыстырыла баяндалуы бұрыннан жағымды көріністерімен санада құрылымданатын «қазақ тойы» этностереотипінің жағымсыз жаққа өзгеруіне ықпал ету мүмкіндігінің бар екенін мына коммент көрсетіп тұр: «Стриптиз на казахской свадьбе как-то не вписывается в этот стереотип. Наверное он устарел».

Жағымсыз этностереотиптердің, оның ішінде, жағымсыз авто– және гетеростереотиптердің жекелеген ұлт өкілдері тарапынан көрініс берген, яғни жекелеген жағдайлар барысындағы жағымсыз құбылыстардың тұтас ұлтқа тән қасиет ретінде телініп, масс-медиада насихатталуы нәтижесінде қалыптасатынын жекелеген зерттеушілер ғана емес, көпшілік оқырмандар да түсініп келеді. Мысалы, этностереотиптердің осы тұрғыда субъективті қалыптасуы туралы тұжырым этникалық ақпаратқа құрылған мақалаға берілген комментарийде анық көрсетіледі: «Как алкоголизм у русских? Я Вам покажу 100 русских которые не пьют водку, тем не менее ярлык навешан из-за таких как вы, кто любит обобщать ибо сам пример «для подражания». Данный казус скорее исключение, которое будет непременно наказано самим обществом, боюсь у нас этого не исправит ближайшие лет 50...» (Матреков К. Стриптиз на свадьбе: почему молчит казахская пресса? <http://365info.kz/tag/kazakhskaya-svadba/>)

Халықтың тілдік санасындағы «қазақтың тойы» этностереотипіне сәйкес қазақ тойында стриптиздің көрсетілуі – жат құбылыс. Енді аталмыш

этникалық ақпаратпен таныса келе, оқырман жат құбылыстың қайдан келгеніне ой жүгірте отырып, қазақтың басқа мәдениеттермен араласу барысында, оны танып-түсіну жағдайында өздерін қалай ұстайтыны туралы автостереотиптің қалыптасқанын көреміз: «Біз өте еліктегіш халықпыз», яғни қазақ – еліктегіш.

Қазақ тілінің онлайн түсіндірме сөздіктер кешенінде «Еліктегіш» сөзінің *әуесқой, еліккіш, көрсе қызар* сөздерімен синонимдік қатар құрайтыны көрсетілген [5].

*Еліктегіш* сөзінің мағынасы субъектінің нәрсе я құбылыстың байыбына бармай жатып, асығыстықпен сол жаңа нәрсе я құбылысты жақын тартуы, қабылдауы тұрғысынан анықталады. Осы жағынан алғанда, ақылдылыққа, кемелдікке қарсы қойылатын *еліктегіш* сөзі жағымсыз этностереотип ретінде қарастырыла алады.

Сондай-ақ, қазақтардың тілдік санасындағы «мұсылман халқы, қазақ – мұсылман баласы» этностереотипі бойынша ұят, имансыз, қоғамға жат қылықтардан аулақ болу туралы түсінігі қалыптасқан. Ал аталмыш этникалық ақпарат осы қалыптасқан этностереотипке қайшылықты құбылысты өз мазмұнында қамтып, оқырманның «мұсылман халқы, қазақ – мұсылман баласы» этностереотипінің өзгеруіне алып келетінін пікірде берілген мына риторикалық сұраулы сөйлемнен көреміз: «Осындайды көргенде шынында да ойлайсың – осы қазақ шынында да мұсылман ба?».

Аталмыш мақала және онда сөз болған қазақ тойындағы жағымсыз көрініске байланысты пікірлерде қолданылған «қазақ ерлері» тіркесі белгілі бір деңгейде гендерлік ұлттық стереотип түрінде жағымсыз түсініктерді қамтиды: *казахские мужчины дошли; именно разговоры о вождельном многоженстве и поведение казахских мужчин; под этот припев развращает девчонок.*

Өз мазмұнында этникалық ақпараттарды қамтыған бұл жарияланым жекелеген ұлт туралы ғана емес, жалпы қоғам туралы да таным-түсініктердің санада құрылымданып, нәтижесінде қазіргі қоғам бейнесі моделінің түзілуіне түрткі болатынын көреміз: «Моральное разложение, духовная нищета являются «духовными скрепами» традиционного общества в 21 веке», «Наше общество погрязло в разврате», «Крайности свидетельствуют о том, что Платок на голову второкласснице или голые танцы на тое – показатель маразмов духовно нищающего и теряющего планку образованности общества».

Тойдағы стриптиз туралы этникалық бояуға ие ақпаратқа сәйкес стриптиздің ұлт я халық болмысына байланысты емес, капиталистік қоғам қоятын талаптар үрдісінде пайда болатыны туралы тілдік тұлға санасындағы мына түсінік «в капиталистическом обществе нет морали, потому что методы зарабатывания денег в таком обществе не вяжутся с моралью ни одной религии,



будь то магометанство или христианство» белгілі бір дәрежеде капиталистік жүйенің ерекшелігі, қасиеті туралы стереотиптің түзілуіне негіз болады.

Қайрат Матрековтің «Стриптиз на свадьбе: почему молчит казахская пресса?» мақаласындағы этникалық ақпаратқа байланысты пікірлердің өзара ықпалдастығында туындаған жағымды автостереотиптерді де кездестіреміз: «Казахи очень дружелюбный, доброжелательный, отзывчивый народ». Бұл этностереотип, өз кезегінде, мына түрде уәжделеді: «В трудные минуты (война, революция, преследование и т.д.) все бегут к казахам всех их приютил казах и многих из Вас тоже».

Қазақ тойы туралы жағымсыз мәліметті қамтыған этникалық ақпараттың негізінде оқырмандар арасына көрініс берген жағымды автостереотиптер олардың пікірлерінде мынандай түсініктерді қамтиды: «казахи вели себя достойно», «мы и не было-публика, для которой алкоголь без меры, непристойности и неуважение к старшим – норма. У нас есть Достоинство».

Жағымсыз мәлімет қамтылған этникалық ақпараттардың, өз кезегінде, сәйкес ұлт өкілдерінің өзіндік этникалық сәйкестендірулеріне, сондай-ақ ұлттық намыстың бой көтеруіне түрткі болатыны мына пікірден аңғарылады: «не говорите плохо о моём народе».

Сондай-ақ, қазіргі жаһандану үдерісіне сәйкес орын алып отырған мәдениетаралық қарым-қатынастардың өркендеуі, мәдениеттердің тоғысу және ажыратылу (интеграция және дифференциация) үрдісі қайсыбір этникалардың өзін қай мәдениетпен сәйкестендіруінде қиындықтар туындатып жатқаны белгілі. Талданылып отырған этникалық ақпаратқа берілген пікірлерде де осы жағдай мына түрде көрініс берген: «Можем ли мы, казахи, дать утвердительный ответ, что живем разумом, рационально, осмысливаем адекватно действительность?» немесе «казахи не видят для себя четких ориентиров в культурном и ментальном позиционировании. Или потеряли их».

Аталмыш мақалаға берілген пікірлерде қазақ халқы туралы жағымсыз автостереотиптер мына түсініктерге негізделеді: «Ну это как всегда с нашими казахами, всем на все плевать, лишь бы день прошел, как говорится», «Казахи, странный народ. Нам нужно везде перебарщивать, переходить рамки дозволенного», «что сейчас происходит с казахами это просто ужас. Деградация нации налицо и стар и млад ведут себя отвратительно», «казахи и казашки мы лучше, у нас есть ум, красота, гостеприимство мораль, этика так давайте ну будем посмешищем, и будем с гордо поднятой головой воспитывать в себе и в будущем поколении настоящих казахов!!!».

Аталмыш мақаладағы жағымсыз этникалық мәліметтің ықпалында туындаған бұл сияқты автостереотиптер қайсыбір деңгейде ұлт өкілдері сана-сезімінде өз этносы туралы терең кемістік комплексінің пайда болуына,

өз этносына деген сенімнің жоғалуына, өз ұлтына көңілі толмаушылардың санының өсуі тұрғысынан ықпал ететінін осы жоғарыда келтірілген пікірлерден байқауға болады.

Жағымсыз этникалық ақпараттың басқа ұлттар туралы бұрын қалыптасқан гетеростереотиптерге нұсқау жасауына түрткі болатын жағдайлары пікірлерде мына түрде көрініс берген: «Но мы и не было-публика, для которой алкоголь без меры, непристойности и неуважение к старшим – норма. У нас есть Достоинство и Отличие от других» [5]. Яғни, этникалық ақпараттар өз ұлтының салт-дәстүрлерін, ұстанымдарын жөн көріп, басқа ұлт ерекшеліктері мен салт-дәстүрлерін ескермеуді немесе оны бұрмалайтын этноцентризм құбылысының орын алуына да түрткі болады.

Автостереотиптердің қалыптасуына қарастырылып отырған комменттердің ішіндегі қазіргі және бұрынғы қазақтар өмір-салты мен өмірлік мансұқтары туралы салыстырмалы түсініктердің де негіз болатынын болжауға болады. Мысалы, «Раньше казах хвастал: ешкімнің ала жібін аттаған емеспін; теперь принято хвастать тем, что набрал бригаду лохов, которые отработали на совесть объект, заплатил им гроши, зато в ОАЭ, на Мальдивы съездил, отдохнул от трудов «праведных». И чем круче наколол, тем круче отдохнул... А то, что у «лохов» дети остались голодные и едва ли пойдут в школу – глубоко наплевать. Не будь лохом...».

Бұл қайсыбір этника я ұлт туралы қоғамдағы экономикалық, идеологиялық және рухани мұраттар сипаттарына қарай ұлттық мінез-құлық, еңбек машығы, адамгершілік қасиеттері, кісілік келбет туралы бұрын қалыптасқан және орнықты деп есептелетін түсініктердің тұрғысынан қарастырылатын автостереотиптерге өзгермелі белгінің тән екенін көрсетеді.

Комменттерде орын алған «мы, казахи» немесе «с нашими казахами», «нам», «у нас», «мой народ» сияқты тілдік бірліктер жоғарыда көрсетілген ұлттық стереотиптерді автостереотиптер ретінде қарастыруға түрткі болды.


Талдауға алынып отырылған мақалада «қазақ тойы» стереотипі тұрғысында қазақ халқы туралы жағымды гетеростереотиптер: «казахи мудрый народ, они сами разберутся», «я казах, не мусульманин, но согласен с Абаем, что девочек надо воспитывать по «Корану»... возможно такого стыда бы и не было...».

Пікірлердегі қазақ халқы туралы бейтарап гетеростереотиптер: «казахи в целом-народ не из скандальных.. легче просто плюнуть и отвернуться; либо промолчать, чем ругаться».

Пікірлердің ішінде қазақ халқы туралы жағымсыз гетеростереотиптер: *кочевники – народ потерянный*.

Жалпы мақаладағы жағымсыз этникалық мәліметтің ықпалында оқырман санасында қалыптасқан этностереотиптер, сондай-ақ авто– және

гетеростереотиптер қарама-қарсылық формасындағы топаралық бөлектенуге түрткі болатынын мына пікірлер көрсетіп отыр: «Кузя Прутиков, уж чья бы корова мычала бы! Знаю не понаслышке, и не я один, наверное, как проходят свадьбы «титulyного народа» России, аж с совковых времён» – «почему слова вас одного должны быть для меня убедительнее видео, на котором лицезреют стриптиз как минимум 300 человек? они, что, пережиток прошлого? или, как вы, избранный? что-то многовато в одном народе избранных – наверное, вы все такие... жаль, это никак не отражается на развитии Казахстана – но, это ведь благодаря вам развивается Америка... правда?» – «Кузя Прутков, уж про Америку помалкивали бы! Видим, до чего «развились» КНДР (Ю. Корея – просто «синее от зависти»), Кампучия, Куба, Зимбабве, Эфиопия, Афганистан, Чечня, Киргизия, Таджикистан, а теперь и Украина, благодаря вашему «русскому миру»» т.б.




Сурет 2 – этникааралық бөлектену немесе өзім/өзге өлшеміне сәйкес жіктелу үдерісінің комменттердегі тілдік деректері

Қайрат Матрековтің «Стриптиз на свадьбе: почему молчит казахская пресса?» мақаласындағы этникалық ақпаратта баяндалатын қоғамдық-моральдық тұрғыдан айыпталатын оқиғаны нақты бір ұлтқа тән мәселе ретінде емес, жалпыадамзаттық мәселе ретінде қарастыруды, оның алдын алуды ұсынатын пікірлер де кездеседі: «Я не обобщаю и не считаю, что все одинаково разложившиеся, но с нашего попустительства и молчания происходит такое моральное разложение и гниение нашего общества...», «не люблю национальные трения, но хочу сказать одно, то что для русских норма, для казахов – шок, но в итоге все катятся по одной наклонной, кто-то раньше, кто-то позже. Нации вырождаются».

Яғни, 365 info Интернет сайтында жарияланған осы мақалада көтерілген этникалық мәселелерге орай оқырмандар арасында орын алған

дискуссия оның оқырмандардың санасына зор ықпалдылығын көрсетті. Оқырмандар пікірлерінің (комментарийлер) мазмұны, пікірлердегі тілдік бірліктердің семантикасы мен саны аталған мақаланың жағымды және жағымсыз автостереотиптер мен гетеростереотиптердің, сонымен қатар ұлттық идентификацияға кері әсер ету немесе ұлттық кемістік комплексінің пайда болуына ықпалының пайыздық үлесін анықтауға мүмкіндік берді (жағымсыз автостереотиптер – 41 %; жағымды автостереотиптер – 36 %; жағымды гетеростереотип – 9 %; жағымсыз гетеростереотип – 5 %; ұлттық идентификацияға кері әсер ету немесе ұлттық кемістік комплексінің пайда болуына ықпалы – 9 %).

Диаграмма 1 – жағымсыз этникалық ақпараттың оқырмандар санасына оң және теріс ықпалдарын комментарийлер негізінде талдаудың сандық көрсеткіші



365 info Интернет сайтында жарияланған аталмыш мақаладағы қоғамдық имандылыққа жат құбылыстың сыналуы, оған қоғам назарын аударып, оның алдын алу өте дұрыс болғанымен, мұндай жекелеген жағдайдың тұтас ұлтқа телініп, тұтас қазақ ұлтының аты аталуы ұлттық имиджге нұқсан келтіру мүмкіндігі тұрғысынан жөнсіз болып табылады. Жекелеген тұлғалар тарапынан орын алған жағымсыз жағдайларды сол тұлға қатысты ұлтқа теліп қарастырудың дұрыс еместігі туралы әлемдік тәжірибеде, ғылыми зерттеулерде дәлелденген. Тіпті этнонимнің жағымсыз жағдайлар туралы ақпарат беру үдерісінде ғана емес, сондай-ақ масс медиада өмірдегі қалыпты құбылыстардың баяндалуы кезінде де этнонимнің аталуы орынды деп бағаланбайды. Мысалы, «Применение русские вместо бизнесмены из России

не является стилистический нейтральным языковым средством и его частые применение способствует закреплению отрицательных ассоциаций» [6, 12].

### ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, 365 info Интернет сайтында аталмыш этнонимді тақырыптың жарияланған мақалаға берілген комментарийлердің мазмұны мен олардың семантикалық талдауы нәтижесінде анықталған сандық көрсеткіштер мұндай этникалық ақпараттардың оң және теріс ықпалдарын көрсетті. Оң ықпалдары: «қазақ тойы» этностереотипі туралы жағымды ассоциациялар; қазақ халқы туралы оның өз өкілдері тарапынан орын алған жағымды автостереотиптер; өзге ұлт өкілдерінің қазақ тойы және қазақ ұлты туралы жағымды гетеростереотиптері. Алайда қазақ ұлты туралы жағымды ассоциациялар мен жағымды этностереотиптердің пайыздық өлшемінің төмендегенін жоғарыдағы диаграммадан көреміз. Теріс ықпалдары: Ресейде өтетін тойлар туралы жағымсыз стереотиптер; қазақ халқы туралы оның өз өкілдері тарапынан орын алған жағымсыз автостереотиптер; «қазақ тойы» туралы жағымды этностереотиптің және жағымды ассоциациялардың жағымсыз сипатқа қарай өзгеріс алуы; өзге ұлт өкілдері тарапынан орын алған қазақ ұлты туралы жағымсыз гетеростереотиптер; түрлі этностар өкілдерінің этникалар туралы өзара жағымсыз мазмұндағы пікірталастары; этникааралық бөлінушілік. Ең қынжылтатыны, қайсыбір деңгейде ұлт өкілдері сана-сезімінде өз этносы туралы терең кемістік комплексінің пайда болуына, өз этносына деген сенімнің жоғалуына, түрлі этникалық өкілдер арасында қарама-қарсылық формасындағы топаралық бөлектенуге түрткі болатынын көрсетеді.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Малькова, В.** Освещение этничности в СМИ в свете конфликтологии // в кн.: Прикладная конфликтология для журналистов. – М. : Права человека, 2006. – 158 с. Б. 42–67.

2 **Гладких, С. В.** Этнические стереотипы как феномен духовной культуры: Дисс. на соискание ученой степени кандидата философских наук. – Ставрополь, 2001, – 154 с.

3 **Ван Дейк, Т. А.** (1998). К определению дискурса. [Электронды ресурс]. – URL <http://psyberlink.flogiston.ru/internet/bits/vandijk2.htm>

4 **Матреков, К.** Стриптиз на свадьбе: почему молчит казахская пресса? [Электронды ресурс]. – <http://365info.kz/tag/kazhskaya-svadba/>

5 «Лұғат» – қазақ тілінің онлайн түсіндірме сөздігі. [Электронды ресурс]. – <http://lugat.kz/>

6 **Hoffmann, E.** Образ российского бизнеса в немецкоговорящих странах // Материалы международной научно-теоретической конференции: Актуальные проблемы филологии в XXI веке. – Алматы : Қазақ университеті, 2017. – с. 12–17.

Материал 31.10.19 баспаға түсті.

*A. K. Taussogarova<sup>1</sup>, L. Zh. Baissova<sup>2</sup>*

**Анализ языкового воздействия публикаций с этнической тематикой в интернете**

<sup>1</sup>Факультет филологии и мировых языков, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, 050040, Республика Казахстан;

<sup>2</sup>Факультет педагогики и психологии, Жетысуский государственный университет имени И. Жансугурова, г. Талдыкорган, 040009, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 31.10.19.

*A. K. Taussogarova<sup>1</sup>, L. Zh. Baissova<sup>2</sup>*

**Analysis of the language impact of publications with ethnic topics on the Internet**

<sup>1</sup>Faculty of Philology and World Languages, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, 050040, Republic of Kazakhstan;

<sup>2</sup>Faculty of Pedagogy and Psychology, Zhansugurov Zhetysu State University, Taldykorgan, 040009, Republic of Kazakhstan.

Material received on 31.10.19.

*Потенциал и современное состояние интернета открывают широкие возможности для формирования единого информационного пространства, а также развития виртуальной коммуникации. С развитием интернета и появлением возможности анонимного участия у жителей разных городов и регионов появилась, несмотря на расстояния, возможность дискуссии по различным проблемам, поднимаемым авторами в публицистических текстах. В этой связи интересным и перспективным в научном плане представляется исследование влияния такого рода текстов на языковое сознание читателей посредством лексико-семантического анализа.*

*В настоящей статье осуществлен анализ языкового воздействия негативной этнической информации, влияющей на изменение общественного сознания на примере этностереотипов. Анализ позволил выявить количественные показатели автостереотипов и гетеростереотипов, формирующих отрицательное мнение в анализируемых текстах.*

*The potential and the current state of the Internet offer ample opportunities for the formation of a single information space, as well as the development of virtual communication. It implies development of the Internet and the emergence of the possibility of anonymous participation among residents of different cities and regions, despite the distance, the possibility of discussion on various issues raised by the authors in journalistic texts. In this regard, an interesting and promising in scientific terms is the study of the influence of such texts on the readers' linguistic consciousness through lexical and semantic analysis.*

*This article analyzes the linguistic impact of negative ethnic information that affects the change in public consciousness by the example of ethno-stereotypes. The analysis revealed quantitative indicators of autostereotypes and heterostereotypes, which form a negative opinion in the analyzed texts.*

FTAMP 16. 21. 33

### **А. Қ. Тұрышев**

ф.ғ.д., профессор, Гуманитарлы-педагогикалық факультет, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы  
e-mail: trushev56@mail.ru

## **КҮРДЕЛІ СӨЗДЕР МЕН ТҰЛҒАЛАР**

*Мақалада Ж. Шәкенов қос сөздердің лексикалық тұлға болу-болмауы әлі де шешімін толық таба алмаған мәселе екендігін, қос сөздердің күрделі сөздер қатарына жатуы осылайша әр түрлі пікір тудырғанымен, бұларға ортақ кейбір жақтардың да барлығын жоққа шығармайды. Ондай ортақ белгілерге: құрамындағы сөздердің сыртқы пішінін, дыбысталуы мен ішкі мән-мағынасы негізінде қалыптасқан құралымның болуы, белгілі бір сөз табына жатуы, сөйлемдерге мүше болғанда да бірінен-бірі ажырамай, бір ғана мүшенің, сондай-ақ сөз тіркесінің бір ғана сыңарының қызметін атқаруы жататынын зерттеу барысында айқындайды.*

*Кілтті сөздер: күрделі сөздер, мақалдар, мәтелдер, қос сөздер, фразеологизмдер, тұрақты сөздер, қайталама қос сөздер т.б.*

### **КІРІСПЕ**

Ж. Шәкеновтің «Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар» (1991) еңбегі ғалымның көп жылғы зерттеу жұмысының нәтижесі. Еңбектің I Тарауы «Сөз, оның күрделі түрлері туралы» – деп аталады. Қос сөздер. Зерттеушілер күрделі сөздердің компоненттерін бір-бірімен байланысу тәсілі тұрғысынан екіге бөліп қарастырып, Құрамындағы сыңарлары сабақтаса байланысып құрылғанын біріккен сөздерге, ал салаласа байланысып құрылғандарын қос сөздерге жатқызатынын бірақ та, тіл мамандары бұл туралы пікірлері бір жерден шыға бермейтінін, біріккен сөз болмаса, қос сөздердің таза лексикалық тұлға болу-болмауы жайында әртүрі ойлар айтылатынны тіліне тиек етеді. Бұл орайда, қайталама қос сөз турасында Н. К. Дмитриев «Башқұрт тілінің грамматикасы» деген еңбегінде грамматикалық жолмен жасалған форма болатынын ал А. Н. Кононовтың еңбегінде: Екі сөзді қосарлау негізінде пайда болған лексикалық комплекс жинақтау, жалпылама, қайталау, экспрессивті мағына білдіретінін келтіреді. І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаевтар «Қалыптасқан тиянақты фразеологиялық топқа жататын сөздердің бір саласы – қос сөздер болады» десе, профессор

Ысқақов «...сөзді қайталап қолданудан... лексикалық түсінігі өзгермейді, жаңа сөз тумайды, тек грамматикаланады» дегенін, профессор К. Аханов қос сөздердің үстеме буынды түрлерімен басқаларын күрделі сөз деп қарастыратынын айтады.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ж. Шәкенов қос сөздердің лексикалық тұлға болу-болмауы әлі де шешімін толық таба алмаған мәселе екендігін, қос сөздердің күрделі сөздер қатарына жатуы осылайша әр түрлі пікір тудырғанымен, бұларға ортақ кейбір жақтардың да барлығын жоққа шығармайды. Ондай ортақ белгілерге: құрамындағы сөздердің сыртқы пішінін, дыбысталуы мен ішкі мән-мағынасы негізінде қалыптасқан құралымның болуы, білгілі бір сөз табына жатуы, сөйлемдерге мүше болғанда да бірінен-бірі ажырамай, бір ғана мүшенің, сондай-ақ сөз тіркесінің бір ғана сыңарының қызметін атқаруы жататынын зерттеу барысында айқындайды. Ж. Шәкенов күрделі сөздер құрамы екі сөзбен шектелмей, одан артық сөзден де бола беретінін, ал қос сөздер құрамы екіден әрі аса қоймайтынын, күрделі сөздер компоненттері арасына басқа сөзді сыналып қою мүмкін болмаса, көпшілік қос сөздер сыңарлары арасына үшінші бір сөзді қоюға болатынын мысалдар арқылы: төсек-орын (төсек те орын); жақсы-жаман (жақсы да жаман); сөйлей-сөйлей (сөйлей де сөйлей); сарт-сұрт (сарт та сұрт) т.б. Бұдан кейін көпшілік күрделі сөздерден сөз тудырушы жұрнақтар арқылы басқа бір сөз тудыруға болатынын мысалы: биыл-биылғы, қолқап-қолқаптық, қоян-қоянша, аққу-аққудай, ән сал-ән салшы т.б. Қос сөз бойынан ондай қасиеттің байқалмайтынын, күрделі сөздердің арғы тегі, негізінен, сөз тіркесі, некен-саяқ болмаса, көпшілік күрделі сөздерге негіз болған сөз тіркесін тауып, оны түсіндіруге болатынын, ал қос сөздер олай етуге келмейтінін, өйткені ол сөз тіркесінен ажырамағанын айтады. Мысалы: тарс-тұрс, ет-мет, шай-пай, у-шу, емін-еркін, тай-талас, қора-қопсы, киім-кешек, тері-терсек, әптер-тәптер, жүн-жұрқа т.б. дәлел болады дейді. Морфологиялық сипаты, яғни морфологиялық құрамы жағынан қос сөз сыңарлары аса күрделі болатынын. Мәселен: қайталама қос сөздердің компоненттері жалаң түбірлердің жай қайталануынан да (биік-биік, қап-қап), қосымшалы сөздің қайталануынан да (өзді-өзімен, сөйлей-сөйлей) бола беретінін, қосарлама қос сөздердің компоненттері сөздердің қосымшасыз қосарлануынан (кұрт-құмырсқа, бақа-шаян т.б.), және де қосымшалы-қосымшасыз сөздердің қосарлануынан (төсек-орын, тері-терсек, көрген-білген, ұзынды-қысқалы, жата-жастана т.б.), немесе күрделі сөз бен жалаң сөздердің қосарлануынан (бүгін-ертең, ағайын-туған, күндіз-түні, аш-жалаңаш т.б.) жасалатынына, күрделі сөз компоненттері морфологиялық құрамы жағынан жинақы, бір ізділеу болып келсе, қос сөздердікі бытыраңқы,

ала-құла болып келетінін, фонетикалық жағынан қос сөздердің компоненттері буын, дыбыс жақтарынан үйлесіп, ыңғайласып, ұйқасып отыратынын: емін-еркін, қалған-құтқан, есеп-қисап, олпы-солпы тәрізді сөздердің компоненттері екі: мең-зең, у-шу тәріздікі бір буыннан болатынын, абысын-ажын дегенде екі компоненті де бірыңғай дауысты «а» фонемасынан басталса, жүн-жұрқа дегенде бірыңғай дауыссыз «ж» фонемасынан басталып тұрғанын, қос сөздер ішінде бұл сияқты ассонанс, аллитерация құбылыстары жиі ұшырайтынын, ал күрделі сөзде бұл кездеспейтінін анықтаған. Қос сөз құрамындағы сөздердің сөз табына қатынасына келсек, оның құрамында күрделі сөздердей емес, сөз таптары түлелдей кездесетінін мысалы: зат есім (жүген-кұрық, жер-су т.б.), сын есім (үлкен-кіші, ащы-тұщы т.б.), сан есім (бір-екі, он-онбес т.б.), есімдік (қай-қайсысы, кімде-кім т.б.), етістік (жатып-тұрып, буынып-түйініп, келді-кетті т.б.), үстеу сөз де (ерте-кеш, әрі-бері т.б.), еліктеу сөз де (даң-дұң, шатыр-шұтыр, маң-маң т.б.), әр тарап сөз де (бар-жоқ), шылау сөз қатысты сөз де (көзбе-көз, ауызба-ауыз т.б.), одағай сөз де (шөре-шөре, ah-uh т.б.) кездесетінін, ал күрделі сөздің құрамында көмекші сөз болмайтынын жазады. Сөз соңында қос сөз мәселесі бұрында зерттелгенін, соған қарамастан оны лексикалық тұрғыдан егжей-тегжейлі зерттеп, тілдің әр саласына жататын жақтарын аршып алмай, оны бір ғана құбылыс деп қарастыру дұрыс емес екендігін айтады.

**Күрделі сөз.** Тарихи тұрғыдан алғанда күрделі сөздердің арғы тегі, негізінен, сөздердің еркін тіркесі болады. Осы грамматикалық категориядан лексикалық категорияға жататын күрделі сөздің пайда болуы, әрине, кездейсоқ, өзінен-өзі болатын жай емсетігін, күрделі және белгілі бір заңдылықтарға негізделетін, соның нәтижесінде пайда болатын құбылыс екенін, ондай заңдылықтардың бірі тілдің дыбыс жүйесі, екінші лексикасы, үшінші грамматикасы дейді. II Тарауда ғалым «Тұрақты тіркес пен еркін тіркес туралы»: Тұрақты тіркес құрамындағы сөздер еркін тіркесіндегідей бас-басына жеке-жеке емес, тұтасымен бір ғана жалпы мағына білдіреді, көп жағдайда ол мағына құрамындағы сөздердің лексикалық мағынасына қатысы болмай, одан мүлде басқаша мағынада болатынын, тұрақты тіркес лексикалық қана емес, грамматикалық жақтан да іштей бөліп-жаруға келмейтін тұтас бір ғана тұлға болатынын нақты мысалдар арқылы дәлелдейді. Еркін тіркес пен тұрақты тіркеске тән ерекшеліктерді түйіндей келе: еркін тіркес құрамындағы сөздер әр басқа мағына білдірсе, тұрақты тіркестегі сөздер тұтасқан бір жалпы мағына білдіреді, еркін тіркестегі сөздер жеке-жеке сөз табы болып, сөйлемге дербес мүше болса, тұрақты тіркестердің кейбіреулері түйдегімен бір ғана сөз табы орнына жүріп, соған орайлас сөйлемде бір ғана мүшенің қызметінде жұмсалады, еркін тіркес компоненттерінің орнын ауыстыруға, басқа бір сөзбен алмастыруға



болатын болса, ал тұрақты тіркес компоненттерінің кейбіреулері болмаса, көпшілігінің орны бекем, оны тұрған орнынан арлы-берлі жылжытуға, басқа сөзбен алмастыруға үнемі келе бермейді, еркін тіркес құрамындағы сөздер, негізінен екпін сақтайтын болса, ал тұрақты тіркестегі сөздер бір ортақ екпінге бағынып, кідіріссіз, бір фразалық екпінмен айтылады, еркін тіркес сөйлеу, жазу үстінде туатын болса, ал тұрақты тіркес бұрыннан жасалып қойған, сол даяр қалпында қолдануға асады, еркін тіркесті басқа тілге сөзбе-сөз аударуға болса, ал тұрақты тіркестің кейбіреулері ғана болмаса, көпшілігі олай етуге болмайды – деген қорытындыға келеді. Зерттеуші, осы аталған айырым қасиеттер тұрақты тіркесте ғана болады деген ұғым тұмау керектігін, өйткені құрылымдық-мағыналық, сондай-ақ грамматикалық тұтастық, оған қосымша жоғарыда аталған айырым қасиеттер біршама күрделі сөз бойынан да табылып қалатынын ескертеді.

Тұрақты тіркес тұлғалары. Ж. Шакенов фразеологиялық оралымның қандай тілдік құбылысқа жататынын, олардың басқалардан қандай түбірлі айырмашылықтары бар деген бірнеше көзқарастарды атап өтеді. В. В. Виноградовтың фразеологиялық оралымды: фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық тіркес деп үшке бөлетінін, және мақал, мәтел, термин сөздерді бұл қатарға енгізбегенін жазады. Н. М. Шанский ...төртінші етіп фразеологиялық түсінік дегенді қосқанын және фразеологиялық орамға жататын тілдік тұлғалардың аясын кеңейте түсіп, оған кейбір термин сөздер мен мақал-мәтелдерді де кіргізгенін айтқан. Ж. Шакенов тегінде, мақал, мәтел, термин сөздерді фразеологиялық орамға қатыстыру мәселесі бұрында көтерілгенін жазады, атап айтқанда Л. А. Булаховский, А. И. Ефимов тәрізді тіл мамандарының еңбегіне жүгінеді. Сол сияқты, Ларин мен Молотковтың фразеологиялық тұлғаларға идиома мен фразаны жатқызып, мақал, мәтел, термин сөздер мен нақыл сөздерді одан тыс құбылыс деп қарайтынын да айтып өткен. Қазақ тіл білімін зертеушілер фразеологиялық тізбектер өздерінің жасалуы, фразалық материалы, грамматикалық байланысы, лексикалық мәні жөнінен мына төмендегідей ірі үш түрге бөлінеді: Идиома, Мақалдар, Мәтелдер. Ал аталған оқулықтың 1962 жылғы басылымда «фразеологиялық тіркестердің құрамына идиомалар және басқа фразалық топтар жатады» деген (Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. «Қазіргі қазақ тілі»). Профессор Балақаев пен Қордабаев тұрақты тіркестерді идиомалық тіркестер, фразалық тіркестер деп екіге бөлген. Проф. А. Ысақ та тұрақты тіркесті идиомалық тіркес, фразалық тіркес деп екіге бөледі. Проф. Аханов «мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді фразеологиялық единицалардың қай тобына жатқызу өте күрделі мәселе» – екендігін айтады.

Ж. Шакенов фразеологиялық орам тұлғалары идиома мен фраза болатыны күман тудырмайтынын? Мәселе, мақал, мәтелдерді бұған жатқызарда

фразеологиялық тұлғаларды басқа тілдік құбылыстардан ажырату да нені межелік белгі етіп алу керек деп, орыс тілшілері көбіне фразеологиялық тұлғалардың компоненттерінің тұрақтылығын, бүкіл тіркестің беретін жалпы мағынасы бөліп-жаруға келмейтінін, тұлғасының күрделі, құрылымы жағынан варианттары болатынын, сөйлеу үстінде құрастырылып жатпай, даяр, жаттанды қалпында ойдан шығарып айтқандай қолданылатынын, басқа тілге сөзбе-сөз аударуға көнбейтінін ескертеді. К. Аханов тұрақты тіркеске тән ерекшелік, біріншіден құрамындағы сөздердің орының тұрақты, бекем болуы, екіншіден, бір бүтін мағына оны құрастырушы сыңарлардың мағынасынан басым болатыны, үшіншіден, бір тілден екінші тілге аударылуы кемсіз, әсіресе оларды тікелей сөзбе-сөз аударуға болмайтыны дейді. Проф. Кеңесбаев: «идиома тобындағы сөздер өзінің жеке тұрғандағы негізгі мағынасынан айрылып қалады да, өзара жымдасып бір ғана негізгі лексикалық ұғым береді. ... идиома категориясының мынадай белгілері болады: а) тұтас бір ұғым жеке сөздерінің ұғымынан алшақ кетеді де, жеке сөздер (компоненттер) өзінің дербес ұғымынан не жартылай, не мүлдем айрылып қалады; ә) бұл тізбектердің көпшілігі екінші тілге сөзбе-сөз аударуға келмейді» – деп жазды. Проф. М. Балақаев, Т. Қордабаев: «... олардың тұтас топ болып тұрғандағы беретін мағынасы жеке тұрғандағы мағыналарына қатысты болмай, мүлде бөтен мағынаны білдіреді. Тұрақты тіркестердің бірқатарының мағынасы оларға қатысып тұрған сөздердің бірі болмаса екіншісінің лексикалық мағынасымен байланысты болады» – дейді. Ж. Шакенов осының бәрін қорытындылай келіп, тұрақты тіркес пен күрделі сөздер де лексикологияның қарайтын объектісіне жатып, екеуі де тілде атаулық қызмет атқарғанымен, бір-бірінен сегіз түрлі елеулі айырмашылықтары барын:

1 Екеуінің де төркіні сөздердің еркін тіркесі болғанымен, одан ажырап, басқа-басқа категорияға қалыптасуға әр түрлі процестер ұйтқы болған, мәселен, тұрақты тіркес тұлғаларына идиомалану процесі, ал күрделі сөздерге фонетикалық фактор мен лексикалану, идиомалану, делексикалану, грамматикалану процестері ұйытқы болған.

2 Екеуінің де қалыптасып қалған құрылым болғанымен, күрделі сөзге қарағанда фразеологиялық тұлғалардікі берік, бекем және де ол көп компонентті; оның құрамы күрделі сөздердей дербес мағынасы бар атаушы сөздермей шектелмей, оған көмекші сөздер де қатысады; олардың кейбіреулері сөз тіркесі, сөйлеммен де құрылымдас келеді.

3 Идиома, фразалар күрделі сөздердей тура, ауыспалы мағынада емес, үнемі бейнелі мағынада жұмсалады.

4 Тұрақты тіркес тұлғалары сөз табы болмайды, бірақ негізгі сөз табымен орайлас келіп, оның сөйлемдегі қызметінде жұмсалады.

5 Күрделі сөз басқа сөздің жасалуына негіз болу қасиетін белгілі дәрежеде сақтаған, ал идиома, фразалар да ол қасиет жоқ.

6 Күрделі сөздердің қолдану аясы кең, ол көптеген сөздермен қарым-қатынасқа түсіп, оның бойындағы әр алуан қасиеттерін айқындайтын болса, тұрақты тіркес тұлғалары, негізінен, мінез-құлық немесе жеке затқа тән ерекше бір белгі-қасиетті білдіреді.

7 Идиома, фразалардың дені басқа тілге сөзбе-сөз аударуға келмейді, күрделі сөздердің жеке түрлері болмаса, көпшілігін басқа тілге аударуға болады.

8 Фразеологиялық тұлғалар сөйлем ішіне түскенде әуел бастағы тұр-тұрпатын сақтайды, ал күрделі сөздер алуан түрлі қосымшалармен өзгеріп түрленеді – деп көрсетеді.

Идиома мен фраза туралы фразеологиялық тұлғалардың жалпы ұғымы мән беретін мағынасына ой жіберіп, олардың бірі оны құрастырушы элементтердің бірде-бірінің лексика-семантикалық мән-мағынасына ешбір қатысы болмай, одан мүлде басқаша мағына білдіретіні, ал екінші бірлері керісінше, ондағы сөздердің бірі немесе екіншісімен қалайда бір байланыста болатыны байқалады деп, фразеологиялық тұлғаларды өз ішінде екіге бөліп қарастырады.

Ж. Шакенов идиомаға: тонның ішкі бауындай, қой азынан шөп алмас, үріп ауызға салғандай, мұртын балта шаппау, жүрегі тас төбесіне шықты т.б. олардың беретін ұғымы мен білдіретін мағынасы оның құрамындағы сөздердің мағынасынан мүлде басқаша екені келтірілген мысалдардан да көрініп тұрғанын, оның беретін ұғымы құрамындағы сөздерге қатыссыз екені, ол ұғымды одан тыс басқа бір сөз немесе онымен мәндес екінші бір фразеологиялық тұлғалармен беруге келетіні де жоғарғы пікірлер бекіте түсетінін айтады да қой аузынан шөп алмас – момын; аузынан сөзі, үстінен бөзі түскен деп, төбесі көкке жету – қуану, қуанышы қойнына сыймау; жұлдызы оңынан туу – жолы болу я айы оңынан туу деген идиомамен беруге болатынын, және идиоманың фразадан басты ерекшелігі осы аталғандар болса керек дейді. Фраза. Фразаның беретін ұғымы мен мағынасы оның құрамындағы сөздердің бірі болмаса екінші я үшіншілерінің мағынасымен ауыспалы, бейнелі, астарлы түрде болса да байланысты болады. Оған: ұрын бару, еркек кіндік, жүрегі айну, жылқы мінез, наркескен, қуанышы қойнына сыймау т.б. жатқызады да идиомаға қарағанда фразаның аясының кең болуы осыдан. Фразаға: қаба сақал, қолаң шаш, асқар тау, шалқар көл, ми дала, тас қараңғы, құба жон, қамыс құлақ, бөкен қабақ, құс тұмсық т.б. Тәрізді компоненттері біріне –бірі байлаулы, жұбын бұзбай үнемі бірге жұмсалатын сөз тізбектерін да жатқызуға әбден болтатынын, кйбір еңбектерде бұларды идиома, фразадан бөлек ерекше бір топ етіп қарайтынын, біздің ойымызша дейді Ж. Шакенов бұлар фразаның бір тармағы ретінде қаралуға тиіс екенін жазады. Фразаның идиомадан бір ерекшелігі оның құрамындағы сөздердің бірі немесе екіншісінің онымен мәндес басқа бір сөзбен алмастыруға келуі десек, бұларда да ол қасиет бар. Мысалы: ну орман – қалың орман, тап

басу – дәл басу, даңғыл жол – сара жол, мерт болу – опат болу, сүліктей сору – сүліктей қадалу дегендер оған куә дейді. Осы орайда І. Кеңесбаев пен Ғ. Мұсабаевтың: «... жеке элементтердің негізгі мағынасынан барып жасалған тізбек идиом болмайды, ол фраза болады» – деген тұжырымдарын қолдайды.

**Мақал.** Ж. Шәкенов мақал сөз тәрізді ұғым емес, пайымдауды білдіретінін, ол тілдік құбылыс ішінде сөйлеммен орайлас, құрылымдас дейді. Мақалдардың қалыпты сөйлемдерден құрылымы жағынан айырмашылығы жоқтығын, беретін мағына жағынан да олардың бір-бірінен онша алшақ кетпейтінін мысалдар арқылы дәлелдейді. Мақал беретін мағынасы жағынан да сөйлемдермен мағыналас келетінін Т. Қордабаев пікіріне сүйенеді. Мақалдағы әрбір сөз сөйлемнің белгілі бір мүшесі ретінде келіп, өз мағынасын сақтайтынын, мәтінде де одан сыртта да тек сол мағынасында жұмсалатынын, ондағы сөздер бір-бірімен байланысу тәсілі жағынан да грамматикалық байланыстың қалыпты үлгісін сақтайтынын, мақалдағы сөздерді де сөйлем мүшесі, грамматикалық байланысына қарай талдау дәстүрге айналған болса, бұларды да қалыпты сөйлемдерше талдауға болар еді, әдетте олай талдамайтынын, бірақ та бұл айтылғандардан олардың бір-біріннен ешқандай да айырмашылық жоқ деген ой тумады дейді. Мақалда екі түрлі ой беріледі, соған орай ол екі түрлі мазмұнда болатынын, тура мағынасы мақал сөйлем мен қалыпты сөйлем екеуінде бірдей ал, мақалға тек қана ауыспалы мағынасы тән болатыны айтылады. Сөйлемдегі сөздерді әдетте орынын ауыстыруға болады, мақалдардың сөздердің орыны бекем екені, сол сияқты мақалдағы синтаксистік байланыс белгілі үлгімен тіркескенімен, әбден қалыптасу нәтижесінде ол байланыстың мәні жойылғанын, ол сөйлем сияқты сөйлеу үрдісі үстінде құрастырылып жатпайтынын, мақал синтаксистік жағынан бөліп-жаруға келмейтін бүтін бір тұлға екендігін жазды.

**Мәтел.** «... мәтелдер дербес (жеке) сөйлем болмайды, сөйлемнің бір мүшесі ретінде ғана қолданылады, ал «... мақалдар бір сөйлемнен де, көп сөйлемнен де құралады» деген пікіргі сүйенеді. Ж. Шәкенов мәтелдер құрылымы жағынан сөз тіркестерімен ғана құрылымдас болып қана қоймай, сонымен қабат сөйлемнен де құрылымдас келетінін мысалдар арқылы: құрыққа сырық жалғап, тең-теңімен, тезек-қабымен, ұзын арқан, кең тұсау тәрізділерді сөз тіркесімен құрылымдас болады десек ағама жеңгем сай, көпшен көрген – ұлы той тәрізді мәтелдер сөйлеммен құрылымдас емес пе. Тіптен мәтелге берілген мысалдарда: үй менікі деменіз, үй артында кісі бар тәрізді құрмалас сөйлем типтес түрлері де кездеседі дейді. Мәтел мен мақалдың айырмашылығын мазмұны жағынан қарастыру керек екенін, мәтелдің беретін мазмұны бұлжытпай турадан тура беретінін, ондағы ой ешбір қалтарыссыз, ол құрамындағы сөздердің тура мағынасынан туады

деп ағамға жеңгем сай ой құрамындағы сөздердің тура мағынасына бара бар, бүтін ой сол сөздерде берілген ұғымның жүйелі тіркесуінен туған, мәтелдің мазмұны ондағы сөздердің тура мағынасымен байланысты, соның жүйелі логикалық байланысынан пайда болады дейді. Мәтелде де кейбір сөздер ауыспалы мағынада тұруы мүмкін екенін, мәтел мақал тәрізді өмір шындығына талдау жасап, оны қорытындылап, топшылап, тұжырымдап жатпайды. Мәтелді қолданушы әдетте ойын бір оймен жалғастыру үшін жұмсайды, ол осындай дәнекерлік қызмет атқаратынын, бірінен екіншісіне ауысу үрдісінде естен шығармайық дегенді айтады.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен тұлғалар біршама зерттеліп, жаңа қырынан көрінуде. Заманның өзгерісіне байланысты бұрынғы кейбір шешімін таппай келген мәселелер қазір зерттеліп, тың деңгейлерге көтерілді. Тарихи тұрғыдан алғанда күрделі сөздердің арғы тегі, негізінен, сөздердің еркін тіркесі болады. Осы грамматикалық категориядан лексикалық категорияға жататын күрделі сөздің пайда болуы, әрине, кездейсоқ, өзінен-өзі болатын жай емсетігін, күрделі және белгілі бір заңдылықтарға негізделетін, соның нәтижесінде пайда болатын құбылыс екенін, ондай заңдылықтардың бірі тілдің дыбыс жүйесі, екінші лексикасы, үшінші грамматикасы дейді. Оның жарқын көрінісі ретінде мына оқып, пайдаланылған ғылыми дерек көздерді көрсетсек те жетеді. Ж. Шәкенов сілтеме жасаған әдебиеттер тізімі төмендегідей. Дмитриев Н. К. Грамматика башкирского языка, Кононов А. Н. Грамматика узбекского языка., Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі., Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі., Аханов К. Грамматика теориясының негіздері., Виноградов. В. В. Об основных типах фразеологических единиц в русском языке., Шанский Н. М. Булаховский Л. А. Введение в языкознание., Ефимов А. И. О языке худож. произведения., Ларин В. А. Очерки по фразеологии. Уч. зап. ЛГУ, Л. 1956. Молотков Л. И. Фразеологический словарь русского языка.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Адамбаев, Б.** Халық даналығы. «Мектеп» баспасы, 1976, 55–80 б. Тозған қазды топтанған қарға жейді. – Алматы : «Рауан», 1991. – 112–121 б.

2 **Қордабаев, Т.** Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы : «Рауан», 1991. – 208–225 б.

3 **Оралбаева, Н., Мадина, Ғ., Әбілқажы, А.** Қазақ тілі. – Алматы, «Қазақ университеті», 1993. – 91–92 б. Әбдуәли Қайдаров. Халық даналығы. Тоғанай Т. Алматы, 2004. 549 бет. Б. Қасым. Күрделі аталым жасалымы: когнативті-дискурстық ұстаным (зерттеулер) – Алматы, 2010. – 381 б.

**4 Қасым, Б.** Қазіргі қазақ тілінің теориялық және қолданбалы аспектісі (ғылыми мақалалар) Алматы, 2010, 371 б.

Материал 31.10.19 баспаға түсті.

*A. K. Turyshev*

#### **Сложные слова и сочетания**

Гуманитарно-педагогический факультет,  
Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова,  
г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.  
Материал поступил в редакцию 31.10.19.

*A. K. Turyshev*

#### **Difficult words and combinations**

Faculty of Humanities and Education,  
S. Toraighyrov Pavlodar State University,  
Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.  
Material received on 31.10.19.

*В статье пишется, что Ж. Шәкенов не пришел к окончательному мнению являются ли парные слова лексической формой. В ходе исследования определяется, что отношения парных слов к числу сложносоставных слов до сих пор вызывает много вопросов. Также в ходе исследования определяются, что к таким общим признакам относятся: внешняя форма слов в его/ее составе; наличие структуры, сформированного на основе звучания и внутреннего смысла; принадлежность к определенной части речи; выполнение функций одного и того же члена, а также одного из компонентов в словосочетаниях, когда являются не разделяющимися друг от друга членами предложений.*

*The article says that J. Shakenov did not reach a final opinion on whether pair words have a lexical form. The study determined that the relationship of paired words to the number of compound words still raises many questions. Also, in the course of the research it is determined that such common features include: the external form of the words in his/her composition; structure based on sound and inner meaning; belonging to a certain part of speech; performing the functions of the same member, as well as one of the components in the phrases, when they are not members of sentences that are not separated from each other.*

**А. Қ. Тұрышев<sup>1</sup>, А. С. Шакиржанова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.д., профессор, Гуманитарлы-педагогикалық факультет, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>магистрант, Гуманитарлы-педагогикалық факультет, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы

e-mail: <sup>1</sup>trushev56@mail.ru; <sup>2</sup>trushev56@mail.ru

**Қ. ЖҰБАНОВ – ТІЛДІҢ ТАРИХЫ**

*Мақалада Қ. Жұбанов енгізген жаңалықтар қазақ тіл білімінің дұрыс бағытта дамуына жөн сілтеп қана қоймай, сол кезде-ақ тілтану саласында талас тудырып келген біраз жайттардың түйінін шешіп беріп кеткеніне енді көзіміз жетіп отыр. Қ. Жұбановтың грамматикалық көзқарастарын саралай отырып, ғалымның тіл дамуын бірнеше ондаған жылдар барысында ғылыми-теориялық та, практикалық та жағынан күнілгері анықтап бергенін көреміз. Ғалымның грамматикалық ілімдерінен кей жағдайда үнді-еуропа лингвистерінің дәстүрлі ағымдарына, позицияларына жақындық байқалғанымен, оның негізінен төл тіліміздің деректеріне сүйеніп, грамматикалық ерекшеліктерді тексеру барысында қазақ тілінің өзіндік даму сырларын ашып бергеніне куә боламыз.*

*Кілтті сөздер: көне түркі жазуы, руникалық, ескерткіш, қолжазба, қобыз, біріккен сөздер, кіріккен сөздер, от, өлі түбірлер, хан, эволюция, жалаң жұрнақтар, күрделі жұрнақтар т.б.*

**КІРІСПЕ**

І. Кеңесбаев «Профессор Құдайберген Жұбанов» деген мақаласында бұл жөнінде былай деп жазады: «...Қ. Жұбанов жас қазақ зиялылары машық еткен бірнеше қолжазба журналдың шығуына ұйытқы болған көрінеді. Мәселен, Күйікқалада жүріп ол «Тез», ал Темірде «Ай» деген қолжазба журналдар шығарған» [1, 13]. Әлеуметтік мәнге ие қолжазба журнал дәстүріне ғалым-публицист Қ. Жұбановтың атсалысқанын Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивінде сақталған № 11020 ісі де айғақтап отыр. 1937 жылдың 30 қарашасындағы Қ. Жұбановты тергеу протоколы біраз жәйттің бетін ашады. Қазақстан Ішкі істер халық комиссариаты 4 бөлімінің өкілетті уәкілі Мавлютов жүргізген тергеу протоколында Қ. Жұбанов былай деп жауап

берген (түпнұсқасына сай орыс тілінде беріп отырмыз): «В 1916 г. Еще юношей, обучаясь в русской школе, я издавал рукописную газету «Кусем», а в 1917 году в Илеке журнал «Тез». Издаваемые мной газеты и журнал носили исключительно националистический характер и преследовали цель воспитания молодежи в духе буржуазного национализма» [2].

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Қ. Жұбанов қазақ халқымен аймақтық жағынан жақын және алыс орналасқан халықтардың кейбір ән-күй атауларының жазылудағы бірыңғайлығын, бірақ мағынасы жағынан әр түрлі болып келетіндігін айтады. Мысалы, «қобыз» деп қазақтарда біркелкі дыбыс шығаратын аспапты айтады, ал татар және башқұрт тілдерінде «қобыз» деп темірден жасалатын үрмелі аспапты атайды, қырғыз тілінде «комус» деп аталатын қазақ домбырасына ұқсас ішекті аспап көрініс береді, «кобыл» деген аспап Украинада да бар, соңғы -ыл, -за болып ауысып – кобза деген сөз береді. Қ. Жұбанов қазақ ән-күй атауларының және күй жанрының пайда болу мәселелерін екі жақты қарастырады: тіл білімі, сонымен қатар этнология жағынан Б. Хасановтың айтуынша, ғалым қазақ тілі материалдарын өзге моңғол, армян тілдерімен салыстырмалы түрде байланыстырады. Қ. Жұбановтың байланыстыра салыстырған ғылыми-зерттеу жұмыстары бүгінгі күні тіл білімінде игілікті іс болып қалғанын айтып өткен жөн. Өз кезінде қазақ тілі грамматикасына Қ. Жұбанов енгізген жаңалықтар қазақ тіл білімінің дұрыс бағытта дамуына жөн сілтеп қана қоймай, сол кезде-ақ тілтану саласында талас тудырып келген біраз жайттардың түйінін шешіп беріп кеткеніне енді көзіміз жетіп отыр. 1930–60 жылдар аралығында пікір талқысына негіз болған ондай мәселелердің біразын атап өтсек: 1) Қ. Жұбановтың өзіне дейінгі және одан кейінгі оқулықтарында орын алып келген кемшілік – бір сөзді сөйлемде атқарған қызметіне қарай түрлі сөз табына жатқызу болатын. Ғалым оның қисынсыздығын дәлелдеп берді, яғни сын есім мен сан есімнің сөйлемдегі қызметін дұрыс шеше білді; 2) *сайын, таман, арқылы* және басқа септеуліктер мен күшейткіш сөздерді үстеу құрамынан шығарды; 3) қазақ тіл білімінде тұңғыш аналитикалық тұлғадағы сөз тіркестерінің барын анықтап, оны «қосалқылы» деп атады; 4) бұрын тіл білімінде еленбей жүрген сөз құрамындағы морфемалардың орналасу тәртібін көрсетіп берді және сөз алды, сөз артында келетін көмекші сөздерді сол сөздің мағыналы бөлшегі, ажырамас элементтері ретінде қарау қажеттігін түсіндірді; 5) тіліміздегі тұлғасы күрделі көмекші етістіктердің (тұр, отыр, жүр, жатыр) бар екендігін дәлелдеп, оның жақ категориясымен тығыз байланысты екенін анықтап берді; 6) «*біріккен сөздер*» терминін «*кіріккен сөздер*» терминімен ауыстырып, олардың шекарасын белгілеп берді; 7) өлі түбірлер мен өлі



қосымшалардың шығу төркінін анықтап берді. Ғалымның соңғы мәселе бойынша айтып қалдырған тұжырымдары бұл күнде қазақ тіл білімі үшін ғана емес, жалпы түркі тілдерінің тарихын тануға қосылған алтын қор, бағалы үлес болып отыр. Дыбыстардың тарихи факторларға сай өзгертуі белгілі заңдылықтар бойынша жүзеге асатын болса, мағыналардың өзгеруі де өзіне тән белгілі заңдылықтарға негізделеді. Соңғы жылдары жалпы тіл білімінде мағыналардың дамуын морфологиялық өзгерістердің себебі ретінде қарауға талпынушылық басым. Осыған орай қазіргі тіл білімінде морфемалардың қалыптасуының негізгі төрт тәсілі қарастырылып жүр. Олар: 1) агглютинация, яғни күрделі сөздердің немесе сөз тіркесінің соңғы компоненттерінің сөз тудырушы формантқа айналуы; 2) жалаң жұрнақтардан бірыңғай күрделі жұрнақтардың жасалуы; 3) адаптация, яғни сөз соңы немесе сөз топтарының соңғы сөзінің сөз тудырушы қосымшаларға айналуы; 4) форма тудырушы қосымшалардың сөз тудырушы қосымшаларға айналуы. Бұл тәсілдердің алғашқы екеуіне қатысты түркітануда нақты қалыптасқан пікірлер, көзқарастар, соған байланысты тілдік деректер жеткілікті.

Профессор Қ. Жұбанов та: «біз флексия атаулының бәрі агглютинация табиғатының жемісі деген тұжырым жасай алмаймыз. Өйткені, кейбір қосымшалар флексия тәсілі күшіне енген кездегі жеке морфологиялық бірлік ретінде жұмсалған өте ерте замандағы түбірлердің органикалық бөлшегі болуы мүмкін» – дейді [1, 212]. Бұл ретте ғалым түркі сөздерінің құрамында бір фонемалы элементтердің өмір сүргеніне және олардың сол кезде-ақ аморфты сөз құрылымымен қатар қолданылғанына шек келтірмейді. Мұндағы Қ. Жұбановтың «түбірлердің органикалық бөлшегі» деп отырғаны үнді еуропа тіл білімінде «детерминатив», Ә. Қайдар еңбегінде «индикатив» деп аталып жүрген элементтер болуы да мүмкін [3, 86]. Қ. Жұбанов өзінің «Из истории порядка слов в казахском предложении» атты көлемді еңбегінде түркітануда бір ғалымдар сөз түрлендіруші жұрнақтар қатарына, бір ғалымдар аралық морфологиялық тұлғалар қатарына жатқызып жүрген кішірейту, еркелету мәнді қосымшалардың эволюциясын дербес түбір сөздермен байланыстырады. Мысалы, Қ. Жұбанов қазақ тіліндегі кішірейту-еркелету мәнді – *шақ/ – шек, – шық, –шік, –ша/ – ше, –ш* жұрнақтарының шығу төркінін «бала-шаға» қос сөзінің құрамында сақталып қалған *шаға* есім сөзімен байланыстырады. Ғалым «бұл жерде кедергі болып тұрған нәрсе *шаға* сөзінің соңындағы **а** дауысты дыбысының түсіріліп, – *шақ* жұрнағы болып өзгеруі (соңғы тіл арты **ғ** дыбысының **қ** дыбысына қатаңдауы қазақ тілінің өзіндік құбылысы) онша қынжылтпауы тиіс» дейді ғалым, себебі мұндай өзгеріссіз түбір сөздің формальды элементке айналуы өте сирек. Ал А. Фон Габен, А. Н. Кононов пен Г. Рамстедт – *ч* және – *аг// ақ* екі кішірейту мәнді аффикстердің бірігуінен пайда болған деген пікірді білдіреді [4, 8].

Ғалымдардың мұндай тұжырымдамаларын Б. А. Серебрянниковтің ежелгі алтай дәуіріндегі өмір сүрген жинақтау көптік көрсеткіштерінен *-ш, -к, -л, -н*, т.б. кішірейту-еркелету мәнді қосымшаларының қалыптасқаны жайындағы тілдік деректері толықтыра түседі [5, 166–167].

Профессор Қ. Жұбанов «шаға, шақ» сөздерін «шейін» шылауын, *-шақ/-шек, -шық/-шік, –ша/ше* жұрнақтарының этимологиясын былайша түсіндіреді: «Монғол тілінде *цаган-шаган (ақ)* сөзінің қысқарған *цақ* және *шақ* түрін кездестіреміз. Ендеше «шаға» сөзінің толық формасы «шаған» (соңғы үнді дыбыс түсіп қалған) деп есептеуге болады. Себебі Н. Я. Маррдың пікірінше «бала, сәби» сөзі көне тілдік дәуірде «күн» сөзімен бір мағынада жұмсалып, бұдан «жарық-нұр-ақ-пәк-уақыт-сәби-бала-дүниеге келу» деген өзара мәндес сөздер туындаған.

Қ. Жұбанов әдетте «кенже ұл – шаңырақтың отын сөндіреуші» немесе «үйдің оты» деген ұғымда түсінеді; монғол тілінде бұл ұғым *одхан, од-шегін, од-тегін* тіркесімен беріледі. Мұндағы бірінші элемент – од «от» сөзі де, екінші сыңары жазба ескерткіштерден және тірі тілдегі колданыстардан белгілі «хан» және «ханзада» титулдары. Алайда профессор Қ. Жұбанов бұл талдаулармен келіспейтіндігін білдіреді. «Себебі, – дейді ғалым, – «хан» сөзі монғол жазуында (орхон ескерткіштерінде де) «қаған. хаған» тұлғасында қолданылған. Егер орхон сөзінің соңғы сыңары «хан» мағынасында жұмсалған болса, ол «қаған» түрінде жазылар еді, бірақ ондай заңдылық сақталмаған. Ендеше, монғол тіліндегі «бішіхан (біші – өте кішкене), «кеу-кен, хи-хың (эйел-бала)» сөздерінің құрамындағы – *хан, -кен, -хың* шылаулары қазақ тіліндегі – *-қан, -кен* кішірейткіш жұрнақтарымен мағыналас екендігіне күмән келтірместен, «отхан» сөзін «оттың баласы» (салыстыр: каз. отау иесі) – деп аударуға толық негіз бар деп тұжырымдайды. Ал «тегін» сөзі («одхан» титулының варианты) монғол тілінде «ханзада, патша баласы, сәби» дегенді білдіреді екен [6, 39]. М. Қашқари келтірген халық этимологиясының негізіндегі лингвистикалық аңызда «тегін» сөзі ертеде құлдың лақап аты немесе қосалқы есімі болып, кейіннен «патша баласы» деген мағынаға ие болған. Ойлаудың қазіргі деңгейінде «тегін» – сөзінің дәлме-дәл мағынасы «шыққан тегі, аталықты, текті» деген ұғымды білдіреді, түбірі «тек». Ал, түбірдің сонындағы *-н (ін) негіздің* органикалық бөлшегі немесе ертедегі құралдық септіктің қосымшасы болуы мүмкін, – дейді Қ. Жұбанов [7, 62].

Сондай-ақ Қ. Жұбанов «тек» сөзін «шығу тегі» мағынасымен қатар «тәрізді, кейіпті» түріндегі көмекші шылау мағынасында да жұмсалынатынын анықтайды. Бір сөздің бұлайша екі мағынада жұмсалыуы олардың шығу тегі жағынан ұқсастығын көрсетеді Ол қазақ тіліндегі салыстыру, ұқсату мәнін білдіретін – *дай, -дей, -тай, -тей* (уйғыр өзбек тілдерінде – *-тек, -дек*



-дақ, орхон жазуында тегі жұрнақтарының «тек» сөзінен туындағанына күмән келтірмейді. «Тек» сөзі «сәби, кішкентай» мағыналарына ие болу арқылы сәбилік, кішкентайлықтың морфологиялық символы – кішірейту қосымшасына айналған. Қ. Жұбанов «қазақ тіліндегі –дей (-дай) салыстыру қосымшасы қазіргі ұйғыр, өзбек тілдеріндегі – тек, -дек, -дақ, орхон жазбаларында тег (тәңірі тег – «тәңірідей») тұлғалары ежелгі «тег» түбірінен тараған дейді. Ғалым бір затты екінші затқа ұқсату, шамасы, екі заттың, да жалпы шығу тегін анықтау деп түсінгеннен болу керек дейді. «Тек» сөзі ертеде әрі шылау, әрі қосымша орнында қолданылған. Бұлайша «тек» сезінін ішкі мүмкіндігі екі жақты қолдану (тек және тектес) соңғы семантикалық стильдік айырымдардың мағыналарының бір-біріне етене жақындығын көрсетеді.

Бір қызығы, қазақ тілінің тарихын танып-білуге тікелей қатысы бар ҮІІ–ҮІІІ ғасырдағы көне түркі жазба ескерткіштерінде кішірейту мәнді «чағ» сөзі жеке лексема (уақыт, мезгіл) мәнінде де, -шақ форманты қатарында да кездеспейді. Оның тек орта ғасыр жазба деректерінен бастап қолданыла бастағанын аңғарамыз. «Шейін» тұлғасының -ша, -ше ықшамдалған шылау қызметінде қолданылуы да осы кездерден басталады.

В. Г. Кондратьевтің ҮІІІ ғасырдағы көне түркі руникалық ескерткіштерін зерттеуге арнаған «Көне түркі тілі грамматикасының очеркі» атты еңбегінде де -ш тұлғалас қосымшалардың ішінде зат есім тудырушы – ч аффиксі мен үстеу тудырушы ча/-че (отча, субча) аффикстері ғана аталып өтсе, ал тұлғасы мен мағынасы жағынан осыған ұқсас шылаулардан тег ұқсату демеулігі мысалға келтіріледі. Бұдан көне түркі дәуірінде тег ұқсату көмекші сөзі мен оның қосымшаға айналған -ча формантының қатар қолданылғанын анықтасақ, ал осындағы сөз тудырушы деп берілетін – ч формантының қайдан, қалай пайда болғаны белгісіз. Олай болса, көне түркі ескерткіштерінде -шақ тұлғасының не дербес сөз, не қосымша тұлғаларына кездеспеуі бізге жалаң – ч формантының шығу төркінін Қ. Жұбановша айтқанда түбірдің органикалық бөлшегі, Б. А. Серебренниковше жинақтау көптік көрсеткіштерінен пайда болған аффикстік элементтермен байланыстыруға мүмкіндік береді. Соған қарағанда шоқ (уақыт, кішкене, сәби) сөзінің алсақ, мал атауларына көмекші сөз қызметінде тіркесіп келіп, кішірейту және мезгілдік мәнде жұмсалуды орта ғасырдан басталса керек. Олай болса жалаң құрамды с (ш) кішірейту-еркелету форманты алғашқы да, түркі тілдерінде, қазақ тілінде кеп сөзінің негізінде пайда болған – қаң/-кен кішірейту-еркелету мәнді грамматикалық тұлғалар, соған сәйкес -шак/шек субъект мәнді жұрнақтар да екінші, кейін қалыптасқан форманттар болып табылады.

Сондай-ақ осы «Көне түркі сөздігінен» аз, шамалы (малый, незначительный) мағынасында жұмсалатын sig сөзін де кездестіреміз.

Салыстыр: olagda goj sig ol «оларда қой шамалы (аз)». Мүмкін шалшық (аз ғана лай су), талшық, көлшік, балшық және т.б. сөздердің құрамындағы – шық пен осы түбір sig өзара төркіндес тұлғалар болар. Сонда аталған тілдік деректерді салыстыра отырып, «Көне түркі сөздігінен» қазіргі -шық -шақ (анатолы түріктерінде қыз-жыз-аз, Омар Хаям «құл жукас, ит жукас») аффиксіне тұлғалық мағыналық жағынан сәйкес келетін тег, sig / сөзін, -қан/-кен қосымшасына сәйкес келетін кепс сөзін анықтаймыз.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Мұндай көне, орта түркілік материалдарға шолу бізге түбір мен қосымшалар арасындағы мынадай әрі мағыналық, әрі тұлғалық сабақтастықты көрсетеді: шаға/шақа, гов. «шак» тұлғалары мен -шақ/-шек аффикстерінің сәйкес келуі (құлыншақ, келіншек); 2) уақыт пен шектік, ұқсату мәнді шақ (уақыт), шек (шекара) сөздері мен дейін //шейін шылауы, -ша/-ше, -дай/-дей, -тай/-тей жұрнақтарының сәйкес келуі; 3) көне түркі дәуіріндегі кепс (кішкене) сөзіне, қазіргі түркі тілдерінде кенже, кейін сөздерінің -қан/-кен жұрнағы мен қана//кене шылауларына сәйкес келуі; 4) көне түркілік sig сөзін – шық/-шік (қапшық, үйшік) жұрнағы мен шақты шама, шамалы, шағын сөздерінің сәйкес келуі.

Сонымен, профессор Қ. Жұбановтың грамматикалық көзқарастарын саралай отырып, ғалымның тіл дамуын бірнеше ондаған жылдар барысында ғылыми-теориялық та, практикалық та жағынан күнілгері анықтап бергенін көреміз. Ғалымның грамматикалық ілімдерінен кей жағдайда үнді-еуропа лингвистерінің дәстүрлі ағымдарына, позицияларына жақындық байқалғанымен, оның негізінен төл тіліміздің деректеріне сүйеніп, грамматикалық ерекшеліктерді тексеру барысында қазақ тілінің өзіндік даму сырларын ашып бергеніне куә боламыз.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Жұбанов, Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999 ж. – 212 б.
- 2 Қайдар, Ә. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы, 1986 ж. – Б. 86.
- 3 Кононов, А. М. О природе тюркской агглютинации // Вопросы языкознания. – Москва, 1976 г. – № 4 – С. 8.
- 4 Серебрянников, Б. А. Вероятностные обоснования в компоративистике. – Москва, 1974 г. – С. 166–167.
- 5 Тектігүл, Ж. Ғылымның шынар шыңы // Ақиқат. – Алматы, 2006 ж. – №2 – Б. 39.

Материал 31.10.19 баспаға түсті.

*A. Қ. Тұрышев<sup>1</sup>, А. С. Шакиржанова<sup>2</sup>*

**Қ. Жұбанов – история языка**

<sup>1,2</sup>Гуманитарно-педагогический факультет,

Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова,

г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 31.10.19.

*A. K. Turyshev<sup>1</sup>, A. S. Shakirzhanova<sup>2</sup>*

**K. Zhubanov – history of the language**

<sup>1,2</sup>Faculty of Humanities and Education,

S. Toraihyrov Pavlodar State University,

Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.

Material received on 31.10.19.

*В статье описывается, что новинки, представленные К. Жубановым, не только привели к развитию казахской лингвистики в правильном направлении, но и решили ряд вопросов лингвистики, которые вызывали споры. Рассмотрев грамматические взгляды К. Жубанова, мы видим, что ученый заранее определил развитие языка с научно-теоретической и практической точки зрения на десятилетия вперед. Хотя грамматика ученого имеет некоторые тенденции в традициях и позициях индийско-европейских лингвистов, она в основном основана на языке и грамматических особенностях нашего родного языка.*

*The article describes that the novelties presented by K. Zhubanov not only led to the development of Kazakh linguistics in the right direction, but also solved a number of linguistic issues that caused controversy. Having examined the grammatical views of K. Zhubanov, we see that the scientist determined in advance the development of the language from a scientific-theoretical and practical point of view for decades to come. Although the scholar's grammar has some tendencies in the traditions and attitudes of Indo-European linguists, it is mainly based on the language and grammatical features of our native language.*

**А. Қ. Тұрышев<sup>1</sup>, Б. А. Қаратай<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.д., профессор, Гуманитарлық-педагогикалық факультет, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>магистрант, Гуманитарлық-педагогикалық факультет, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы

e-mail: <sup>1</sup>trushev56@mail.ru; <sup>2</sup>Karatay.bekzat@mail.ru

## КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯ

*Ежелгі дәуір философтардың еңбектерінде бүгінгі күнгі «когнитивті лингвистика» – термині тұрғысына сай мәнде кей жағдайда айтылмаса да, философтардың шығармаларында таным бейнесі өте ертеден қарастырылғаны аталған еңбектерден, зерттеулерден көруге болады. Тіл мен таным, таным мен ақыл көне замандардың өзінде-ақ философтардың басты зерттеу нысаны болған. Тіл–таным құралы, адам оның көмегімен әлемді, мәдениетті танып, біледі. Сондай-ақ тіл–мәдениет құралы, ол адамды тұлға ретінде қалыптастырады, оның іс-әрекетін, өмір салтын, дүниетанымын, ұлттық мінезін, ділін, идеологиясын анықтайтыны белгілі.*

*Кілтті сөздер: когнитивті, философия, таным, ой, логика, ұғым, пайымдау, тіл, түсінік, парадигма, лексика, термин, пікір, нысан, лингвистика, мәдениет т.б.*

### КІРІСПЕ

Тіл білімнің философиямен байланысы ерте заманнан басталады. Тіл мәселесімен көбіне философтар айналысты. Мысалы Л. Витгенштейн сөзді ойнатты. Ежелгі гректерді тіл мен ойлау қатты қызықтырды. Тіл білімі өз алдына дербес ғылым болып қалыптасқанымен түбегейлі философиядан қол үзіп кеткен жоқ және үзбейді де. Қазіргі кездегі тіл білімінің философиясының тіл философиясы дейтін тарауымен байланысады. Бұл екеуіне ортақ нысан болатын мәселе – тіл мен ойлаудың, мағына мен форманың байланысы. Олай болатын себебі ойлау мен оның заңдары – философияның негізгі проблемаларының бірі болып табылады [1, 3 б.]. Әл-Фарабиді де тіл мен ойлау мәселесі қатты толғандырғанын еңбектерінен білеміз. Тіл – ойлаудың құралы, ал ойлау, яғни таным-шындық дүниенің бейнесі. Адам баласының

таным түсінігі толысқан сайын санада қалыптасқан ұғымды таныту деңгейі де кеңейе түсетіні белгілі. Тілді когнитивтік бағытта зерттеуші ғалымдардың пікірлері «тіл мен таным арақатынасы адамға қатысты мәселені шешумен түйінделеді» [2].

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Біз қозғайын деп отырған өте күрделі мәселе ол – философия және когнитивтік лингвистика яғни танымның байланысы. Алдымен оларға түсінік берейік., философия дүниеге адамзат өркениеті қалыптасып жатқан шақта келген-ді. Бір қарағанда, филолософия жөнінде әр адамның өз түсінігі бар сияқты. Өйткені адам – жануар емес, оның ішкі түйсіктері сөніп, тарихи даму барысында олардың орнына ақыл-ой, зерде келіп, тұлғаның дүниені пәлсапалауына, яғни толғауына мүмкіндік береді. Екінші жағынан алып қарасақ, философияны оқымай-ақ «әр адам өзінше философ», өйткені оның санасы бар, ол өмір жөнінде ойланып, толғана алады. Мұндай көзқарас ғасырлар бойы сақталып келеді. Уақытында Г. Гегель адамның миымен қатар, аяқкіімнің өлшемі ретінде аяқтарының да бар екенін мысқылдап айтқан болатын. Бірақ етікшіден басқа адам: «Мен етікшімін», – деп айта алмайды. Ол үшін бұл мамандықты игеру, терінің, басқа керек материалдардың қасиеттерін білу, дизайнерлік талант қажет [3, 5 б.].

Ендігі кезекте, когнитивтік лингвистикаға келетін болсақ, басқа ғылымдар сияқты кең зерттелмегендіктен, тарихына шолу жасауды жөн көрдік. Когнитивтік лингвистика ХХ ғасырдың аяғында тілді зерттеу адамның танымдық қызметі тұрғысынан қарала бастады. Сөйтіп, когнитивтік лингвистика антропоцентристік парадигма аясында когнитивизм базасында пайда болды. «Когнитивті грамматика» термині 1975 ж. Дж. Лакофф пен Г. Томпсонның «Когнитивтік грамматиканы ұсынамыз» атты мақаласында қолданылған. 1987 жылы Р. Лангакердің алғаш «Когнитивті грамматика негіздері» атты еңбегінің I томы жарыққа шықты. ХХ ғ. 90 жылдардың басында шетелдік когнитивтік лингвистика жеке дара зерттеу бағдарламалары, сәл ғана байланысы бар немесе мүлдем байланысы жоқ салалардың қатынас бірліктерін зерттеуге бейімделе бастады. Бұл зерттеу бағдарламалары бойынша Дж. Лаккофф, Р. Лангакер, Т. Ван-Дейк, Дж. Хейман т.б. үлкен жұмыс жасады. 1990 жылдың орта шенінде Еуропада алғаш рет когнитивті лингвистика оқулықтары шыға бастады. Ф. Унгерер мен Х. И Шмидтің «Когнитивті грамматикаға кіріспе», (1996 ж), Б. Хайне «Грамматиканың когнитивті негіздері» (1997 ж.) т.б. [4].

Когнитивтік ғылым пәнінің негізгі мақсаты – адам санасы мен оның технологиялық ойлауы. Бұл пәнаралық ғылым адам санасының белгілі бір жақтарын, ең алдымен оның жүйелі түрде ойлауымен және дүниені тану

үдерістерімен байланысын зерттеуге арналғандығы. Когнитивтік лингвистика – тілдің танымдық теориясы мен танымдық қызметін зерттеп, адамзат білімінің түзілуі мен оның қызмет болмысын қарастырады. Когнитивті лингвистиканың зерттеу нысанына сондай-ақ концептілер жатады. Олар концептілік жүйе құрап, өзіндік белгілерімен ерекшеленетін концептуалды кеңістікті құрайды. Когнитивтік лингвистика когнитивтік құрылымдарды қарастырумен қатар, адам санасында тілдік және тілдік емес ақпараттарды игеру, өңдеу, қолдану тәрізді әрекеттердің жүзеге асуын қарастырады. Тілдік таңба арқылы кодқа салынған ақпаратты ашып немесе ақпараттарды кодқа салу тәрізді әрекеттер когнитивтік лингвистиканың құзырына жатады. Когнитивизм – адам ақыл ойын, олармен байланысты менталды процестерді зерттеу объектісі етіп алған ғылымдарға бағытталады. Қазіргі кезде ғылым салаларында «когнитивтік төңкеріс» туралы сөз болуда. Американдық белгілі лингвист Н. Хомский: «Когнитивтік төңкеріс ақыл-ой мен мидың жағдайын, олардың адамның когнитивті болмысына: біліміне, ұғымына, түсінігі мен сеніміне қалай ықпал ете алатындығын зерттейді» (Хомский, 1999) – деп жазды [5, 5 б.]. Осы орайда, Әл-Фараби мен Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларындағы когнитивтік лингвистиканы талдаған едік. Сондықтан да осы – тақырыпқа кездейсоқ келмегімізді білдіріп отырған жайымыз бар. Әл-Фарабидің ойымен үндестік тауып жатқан және оқыған М-Ж. Көпеев те өте ауыр дәуірде, аса бір қиын саяси-әлеуметтік күштердің арасындағы идеологиялық қайшылықтардың шиеленіскен және қақтығысқан тұсында өмір сүрді. Зерттеушілер бұл – кезеңнің өз қиыншылықтары барын өте жақсы біледі [6, 3 б.]. Философия ғылымдардың атасы болып саналатын, философия тарихын зерттеген Сократ, Платон, Аристотель, әл-Фараби еңбектерінде де тілдің таным құралы бола алатындығы жөніндегі пікірлерді кездестіруге болады. Мәселен, ғұлама ойшыл Платон «Кратиль» атты философиялық еңбегінде: «белгілі бір затқа танылған атаулардың көмегімен қоршаған ортаны тану танымдық құрылымның төменгі сатысын ғана құрайды, ал бұл жүйенің ең жоғарғы сатысы тілдік құрылымдар арқылы көрініс табады» [7]. Әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фарабидың таным туралы ілімінің негізгі көздеген нысанасы – ғылымның рөлін көтеру, философия мен діннің қызметін даралау, бөлу, ең бастысы өзі үлкен атсалысқан, қатысқан танудың ғылыми әдістерін (методтарын) (эксперименттік-теориялық әдіс, табиғат туралы білімдерді математикаландыру) жасау және дамыту болып табылады [8, 20 б.]. Әл-Фараби тактаттарында «философия уақыт жағынан алғанда «діни ілімнен» бұрын жүреді» деген қағиданы оқыдық. Оның көзқарасы бойынша адамның шынайы рухани кемелдікке жетуі оның танымның теориялық және практикалық тұрғыдан тең меңгерілуіне байланысты. Ал бұл дегеніміз философия мен когнитивтік лингвистика яғни

танымның байланыстығын көрсетеді. Мысалы: Әл-Фараби Аристотель философиясын үйрену үшін қажетті шарттар туралы 9 қағиданы айтады. Соның үшіншісінде – философ болу үшін қажетті ғылымдарды тани білу – дейді [9, 28 б.]. Ғылым туралы Әл-Фараби және Мәшһүр-Жүсіптің айтқан пікірлеріне келетін болсақ, Әл-Фараби адамның мақсаты бақыт, адамның бақытқа қауышуы «белсенді сана» (фаал ақыл) яғни ғылымды меңгеріп, білімді болған кезде ғана болады. Әл-Фараби шығармаларында Бірінші [Тұлға] жөнінде Алла деп сену керек. Ол Екінші себептердің және әрекетшіл ақыл-парасаттың өмір сүруіне ең жақын себебі болып табылады – дейді. [10] «Барлық жан біткеннің өмір сүруінің бастапқы себебі». Олай болса біздің өмір сүруімізге себеп болған Әл-Фараби тілімен айтқанда «Бірінші Тұлғаны» қалайша танымауымыз керек. Адамның рухы Тәңірге ұмтылғанда ғана игілікке беттейді. «Игілікке ұмтылу – тек игілік үшін болғанда ғана ең ұлы бақыт болып саналады» [11]. Мәшһүр-Жүсіпке келетін болсақ: Құдайды да «бір» – деп, онан соң жаратқан (иаратқан) нәрсесін де «бір» – деп білуді ғылым: «Таухид» – дейді [12] «Не нәрсе парыз болса, ғылым – парыз, Ғылым білсең, өтелер қанша қарыз» – дейді [13]. Сол сияқты, ғылым, білім туралы жазғанында: Ғылым-білім немен болады? – деген сұраққа былайша жауап береді. Әуелі жаратушы Құдай тағаланы танумен болады. Бұған дәлел – бұл сөз әуелі: «Ғылым мағырапта жаббар. Ғылым-білімнің ең алды – Құдай тағаланы танымақ. Демек, бұл жерде Әл-Фараби мен Мәшһүр-Жүсіп ғылымның басы Құдай Тағаланы танумен болатынын еңбектеріннен оқып, көзіміз жетеді. Осы бір-екі мысалдың түсінігіне қарағанда философия мен когнитивтік лингвистика (таным) өз ара тығыз байланыстылығы байқалады. Өткен дәуірдің философтары да философияны қарастыра отырып, соның ішінде когнитивтік лингвистиканы сырт айналып өтпейді, яғни таным құралы ретінде сөз қозғайды. Неміс философы – В. Гумбольдт, «тілдің адам болмысы мен танымның барлық аясын қамтитын адами рухтың басты қызмет екендігін баса көрсеткен болатын», француз философы – О. Конт философия өз дамуында үш сатыдан өтетінін айтады. Олар – теологиялық, метафизикалық және позитивтік. Соңғы сатысында философия тек қана жалпы ғылым және таным әдістері жөніндегі пәнге айналмақ, қалған мәселелердің бары жеке ғылымдардың үлесіне кете бермек [14, 21 б.]. Философия көп мәселенің басын қайрығанмен, негізі екі мәселеге келіп тоқталады. Бірінші – онтологиялық жағы: «Бұл дүние не?» – деген сұраққа жауап берсе, екінші – гносеологиялық, праксеологиялық, аксиологиялық жақтары: «Бұл дүниені қалайша танып-біліп, бағалап, өзгертуге болады?» – деген сұраққа жауап береді [14, 36 б.]. Қазақ ғалымдарының еңбектеріне сүйенсек, Б. И. Нұрдәулетованың «Когнитивтік лингвистика» деген кітабінде «Философияда таным теориясымен айналысатын гносеология бөлімі бар» –

дейді. С. Мырзалының «Философия» – деген оқу құралында Эпистемология (Таным мәселелері) деген тарауында «Танымды» адамның айнала қоршаған ортаны зерттеудегі ерекше іс-әрекеті – дейді. Гносеология (дүниетаным) мәселелері тарауында тағы да танымды қозғайды. «Таным мәселелеріне келгенде, біз Б. Спинозаны рационализм бағытына жатқызамыз. Ол әрқашанда сезімдік танымды ой елегінен өткізген білімнен айыру керек екендігін басым айтқан. Сезімдік таным әрқашанда бұлдыр, көмескі. Тек ақыл-ой ғана айқын білім береді. – дейді [14, 170 б.]. Қ. Жұбановтың еңбектерінен алынған мысалдарды қарастырып көрелік: Имя собаки Бөрбасар от бөрі (волк) и басар – причастие будущего времени от бас «давить – давящая волков» – дейді [15]. Осы мысалдағы біздің көңілімізді аударған бөрі – түркі символы. Себебі., қазақ халқы қазіргі күнге дейін ержүрек, батыл жігіттерді «көк бөріге» теңеп, сүйсініп кеткенде ел ішінде әлі де «қасқырдай» – деген теңеуді қолданады. «Көк бөрі» көне түркінің байрағана түсті. Тасқа таңбаланды. Көркем шығармаларда да бөріні батылдық пен батырлықтың символы ретінде бейнелеп, суреттейді. Ш. Айтматов, Джек Лондон, Әуезов т.б. Еліміз егемендігін алған соң «қыран бүркіт», «қар барысы» – жыраулардың сөзінен шығып, Қазақстан Республикасының төрінен орын алды, ұлттың нышанына айналды. Таным мен тіл мәселесі туралы академик Р. Сыздықованың мына ойынан сырт айналып кете алмадық. Зерттеулерінде сөз болатын маңызды мәселелер қатарында тілдің танымдық қызметі, қоғамдық, ұлттық, мәдени нормаларды сұрыптау ерекшелігі, адам мен қоршаған әлем байланысы, олардың тәжірибе мен білімге негізделген табиғаты туралы пікір-көзқарасты құрайды. Ғалым тілдің дамуы этникалық танымның, саяи сананың, әлеуметтік өсудің негізінде жүзеге асатынын атап көрсете отырып, тілдік «жаңғырудың» алғы шарты ретінде «халықтардың өзін-өзі тану санасының оянуы» – деп біледі [16].

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Қортындылай келе, әрине, ежелгі дәуір философтардың еңбектерінде бүгінгі күнгі «когнитивтік лингвистика» – термині тұрғысына сай мәнде кей жағдайда айтылмасада, философтардың шығармаларында таным бейнесі өте ертеден қарастырылғаны аталған еңбектерден, зерттеулерден көруге болады. Демек, когнитивтік лингвистика да барлық философтарды ежелден толғандырған мәселе екендігі байқалады. Тіл мен таным, таным мен ақыл көне замандардың өзінде-ақ философтардың басты зерттеу нысаны болған. Тіл–таным құралы, адам оның көмегімен әлемді, мәдениетті танып, біледі. Сондай-ақ тіл–мәдениет құралы, ол адамды тұлға ретінде қалыптастырады, оның іс-әрекетін, өмір салтын, дүниетанымын, ұлттық мінезін, ділін, идеологиясын анықтайды [17]. Қазіргі заман философтарының кейбірі



«танымды» – эпистемология, гносеология – деп қарастырып жүргенін айтып өтуге болады. «Философия» – деген еңбектерде «таным» мәселесі кейбір ретте жеке қаралады. Таным дегеніміз – өмір шындығын жай селқос аңғарып қана қою емес, оны қызу түрде, мақсатқа сай бейнелеу болып табылады. Танымның субъектісі – адам, қоғам. Танымның объектісі – қоршаған орта екендігі зерттеушіге белгілі. Адам қызметінің, іс-әрекетінің екі негізгі жағы, негізгі айқындықтары, соны көрсететін философиялық категориялар [18, 100 б.] Олай болса, философия мен когнитивті лексика дүниені тану, қоршаған ортаны тану жағынан бір арнаға келіп тоғысатынын байқауға болады. Бізді толғандырған күрделі мәселе жайындағы ойымыз қысқаша осындай. Осы – ойымызды сіздермен бөліскенді жөн көрдік.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Тұрышев, А. Қ.** Тіл философиясы. Оқу құралы. – Семей. 2017 ж. – 154 б.
- 2 **Самекбаева, Э. М.** Когнитивтік лингвистика Электронды құрал <https://edu.semgu.kz/data/2280/4fea3d32-1805-1805-11e5-88d8-f6d299da70eeСамекбаева%20Э.М.%20ЭЛЕКТРОН.ОҚУЛЫҚ.pdf>
- 3 **Мырзалы, С.** Философия – Алматы : «Бастау» баспасы 2014 ж. 648 б.
- 4 **Самекбаева, Э. М.** Когнитивтік лингвистика Электронды құрал <https://edu.semgu.kz/data/2280/4fea3d32-1805-1805-11e5-88d8-f6d299da70eeСамекбаева%20Э.М.%20ЭЛЕКТРОН.ОҚУЛЫҚ.pdf>
- 5 **Нүрдәулетова, Б. И.** Когнитивтік лингвистика. – Алматы, 2011. – 5 б.
- 6 **Тұрышев, А. Қ.** Мәшһүр Жүсіп – Асыл жақ. Монография –Т 2. – Павлодар, 2013 ж. – 3 б.
- 7 Платон. Письма-М., 1972. – Т 5. С. – 343.
- 8 **Көбесов, А.** Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі. – Алматы : «Санат» 2002 ж. – 176 б.
- 9 **Машани, А.** Әл-Фараби көпірі: Мақалалар, «Әл -Фараби» романы. – Алматы : «Алатау» баспасы, 2005 ж. – 352 б.
- 10 Әбу Насыр әл-Фараби таңдамалы трактаттары. «Арыс» баспасы, – Алматы, 2009 жыл., – 379 б.
- 11 **Нысанбаев, Ә., Кенжетай, Д.** «Ислам философиясы» 4 том. – Астана : Аударма, 2005 ж. – 534 б.
- 12 Мәшһүр-Жүсіп шығармалары. 9 том. «ЭКО» ЖШС., – Павлодар, 2006 ж. – 326 б.
- 13 С. Торайғыровтың 125-жылдығына арналған «Х Торайғыров оқулары» атты халықар. Ғыл.-тәжіриб.конф. материалдары. – Павлодар : 2018 ж. – 129 б.

- 14 **Мырзалы, С.** Философия – Алматы : «Бастау» баспасы 2014 ж. – 648 б.
- 15 Құдайберген Жұбанұлы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2013. – 175 б.
- 16 **Сыздықова, Р., Қойгельдиев, М.** Қадырғали би Қасымұлы және оның жылнамалар жинағы. – Алматы : «Қазақ университеті», 1991. – 272 б.
- 17 **Тер-Минасова, С. Г.** «Тіл және мәдениетарлық коммуникация». – Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2018 ж. – 166 б.
- 18 **Кактаева, Г. Ә.** «Философия негіздері» – Астана : Фолиант, 2006 ж. – 180 б.

Материал 31.10.19 баспаға түсті.

*А. Қ. Тұрышев<sup>1</sup>, Б. А. Қаратай<sup>2</sup>*

### Когнитивная лингвистика и философия

<sup>1,2</sup>Гуманитарно-педагогический факультет,  
Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова,  
г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.  
Материал поступил в редакцию 31.10.19.

*A. K. Turyshev<sup>1</sup>, B. A. Karatai<sup>2</sup>*

### Cognitive linguistics and philosophy

<sup>1,2</sup>Faculty of Humanities and Education,  
S. Toraighyrov Pavlodar State University,  
Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.  
Material received on 31.10.19.

*В трудах философов древнего мира термин «когнитивная лингвистика» иной раз не упоминался в прямом значении, но процесс познания в отдельных случаях, в произведениях и исследованиях философов наблюдаются. В целом, основной целью исследований древних философов было познание связи языка и познания, познания и разума. Язык – средство познания, с помощью него человек познает мир, культуру. Также язык – средство познания культуры, формирует человека как личность, определяет его действия, мировоззрение, характер, менталитет, идеологию.*

*The term «cognitive linguistics» was not mentioned directly in the writings of the ancient world philosophers, but the process of knowledge in some cases, in the works and studies of philosophers, is observed.*



*Generally, the main purpose of the study of ancient philosophers was the knowledge of the connection between language and cognition, cognition and reason. The language is the meaning of knowledge, with the help of it a person knows the world, culture. Also, language is a cognition of culture, it forms a person as a person, determines his actions, worldview, character, mentality, ideology.*

FTAMP 16. 21. 21

### **А. Қ. Тұрышев<sup>1</sup>, А. С. Шакиржанова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.д., профессор, Гуманитарлық-педагогикалық факультет, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>магистрант, Гуманитарлық-педагогикалық факультет, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы

e-mail: <sup>1,2</sup>trushev56@mail.ru

## **КӨНЕ ТҮРКІ ОЙМА ЖАЗУЫ**

*Мақалада ойма жазу ескерткіштері – әдеби-тарихи философиялық танымы жағынан бізге жеткен бірегей жазба ескерткіш болуы себепті біздің өткен тарихымызды сақтап қалған түрік халықтарының бәріне ортақ бірегей ата мұрасы екендігі туралы сөз болады.*

*Көне түріктік ойма жазулар соңғы жылдары Қазақстан мен Орта Азия территориясынан көптеп табылып отыр. Қазақстан жерінен табылған (Ертіс, Талас, Шу өзенінің аңғарлары) руникалық жазба ескерткіштерді Мерке гибадатханасынан табылған қойтастардағы ойма жазулар толықтырады. Бұл руникалық жазулар түркі мемлекеттерінің өмір сүру дәуірімен тікелей байланысты болғаны жан-жақты зерделенеді.*

*Кілтті сөздер: есік жазуы, ойма жазу, көне түркі жазуы, руникалық, күміс, білезік, әріп, ескерткіш, ата мұра, шежіре, ширек, гажайып, құпия, мирас, етістік, кісі аттары т.б.*

### **КІРІСПЕ**

Тасқа ойылып жазуы себепті ойма жазу деп, Стерленберг руна жазуы деп аталып кеткен түрік жазуы Енисей-Орхон өзенінен Балқан тауларына дейін тас бетінде бедерлендірілген мыңға жуық ескерткіштер – адамзаттың рухани ұлы мұрасына айналып отыр. Ойма жазудың тұтас қолданылу мерзімі әзірше, 2500 жыл (Есіктегі күміс тостағандағы жазу) деп мойындалып отыр. Бірақ ойма жазу ескерткіштері VII–X ғасырда араб жазуымен алмасуы себепті халықтың тарихы жадынан шығып өшіп қалған. З. Бабурдың орта ғасырда түрік әрпін (алфавит) өзінше қайта жасағанда, ерте заманда түрік жазуы болмағанына қамыға отырып өкінетіні бар, яғни түрік жазуын соңғы ұрпақ мүлде ұмытқаны көрініп тұр. Ойма жазуы ескерткішін

XIX ғасырда швед офицері Стерленберг ашқан. Оны алғашқы рет оқыған Дания ғалымы профессор Томсон болса, оның артынша академик В. Радлов (1893 ж.) болды. Осыдан бастап түркология саласында үзбей зерттеліп келеді. XX ғ. 50 жылдарынан бері қарай қазақ ғалымдары С. Аманжолов, Қ. Айдаров, М. Жолдасбеков, Қ. Өмірәлиев т.б. зерттеп келеді.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ойма жазу ескерткіштері – әдеби-тарихи философиялық танымы жағынан бізге жеткен бірегей жазба ескерткіш болуы себепті біздің өткен тарихымызды сақтап қалған түрік халықтарының бәріне ортақ бірегей ата мұрасы. Жанры жағынан Орхон ескерткішін ғалым М. В. Стеблева, Ғ. Айдаров, М. Жолдасбеков өлең түрде жазылған туынды десе, Қ. Өмірәлиев қара сөзбен жазылған шежіре тарих түріне жатқызады. Өйткені Орхон жазу ескерткішінде өлең құрылысының басты белгілері жоқ, бірақ шешендік сөздің іздері бар делінеді [1, 95]. Көне түріктік ойма жазулар соңғы жылдары Қазақстан мен Орта Азия территориясынан көптеп табылып отыр. Қазақстан жерінен табылған (Ертіс, Талас, Шу өзенінің аңғарлары) руникалық жазба ескерткіштерді Мерке ғибадатханасынан табылған қойтастардағы ойма жазулар толықтырады. Бұл руникалық жазулар түркі мемлекеттерінің өмір сүру дәуірімен тікелей байланысты. Мерке өңірінен бүгінгі таңда үш ойма жазу табылып отыр. 2000 жылы шілде айында табылған бірінші ойма жазу – «Мұң тарқатар жазу» көне түрік кезеңіне жатады. Бес руникалық таңбадан тұратын бұл көне түрік жазуын профессор А. Аманжолов түрікше «бұ қыл йас» деп оқыды. Қазақша баламасы «Мұңым-күйзеліс» (күйреу), екінші баламасы «Мұңымды тарқат», «Шерімді жаз!» деген мағынаны білдіреді. Ғалымдар бұл қойтастағы жазудың хронологиялық уақытын көне түркі заманының соңғы ширегі деп болжайды. «Көне түріктердің көк тәңірге тасқа ойып жазған тілегі» 2004 жылы тамыз айында табылды. Ғажайып таңбалары бар қойтастың ұзындығы 4 м, ені 2 м. Жазудың өзі тасқа терең етіп ойылған ерекше үш таңбадан тұрады. Әр таңбаның биіктігінің өзі жарты метр шамасында. Таңбаларды зерттеу нәтижесінде түрік жазуының оңнан солға қарай оқылатыны анықталған. Бір ғажайып, жазу жоғарыдан, яғни көк аспаннан оқуға арналған тәрізді. Мұндағы жазу «абыну» немесе «абынғу» деп оқылды. Ол уану, жұбану деген мағына береді. Бұл сөздің түбірі – көне түрік етістігі абын-қазақ тілінде уан түрінде осы күнге дейін сақталған. Ғалымдардың пайымдауынша, бұл қойтастағы көне руникалық жазу көк тәңірге арналған. Қойтастың жоғарғы жағындағы ойықтар мен тастың үлкендігін ескере отырып, бұл аймақты ғалымдар, осы өңірді мекен еткен көне түрік тайпаларының құрбандық шалуға арналған айрықша қасиеті де, киелі орны деп отыр [2, 110]. Қазақстан жеріндегі Шу өзені

алқабындағы Мерке өңірінен табылған келесі жаңалық 2005 жылы болды. Қойтасқа ойып жазылған үшінші руникалық жазу екі таңбадан тұрады. Оның көне түрікше оқылуы ық «ық жер» дегенді білдіреді [5, 18]. Бұл көне руникалық жазуды оқыған профессор А. Аманжоловтың айтуы бойынша, қойтастағы жазу жайлаудағы ызғар желден, жауын-шашыннан пана болатын жерді белгілеп, көрсетіп тұрғандай. Талас бойынан табылған төрт бұрышты тас мөр мен дөңгелек тастың жарты сынығындағы руникалық ойма жазуларды оқып және олардың мазмұнын тиісті деңгейде айқындалды. Тас мөр қазірде Жамбыл қаласындағы облыстық өлкетану музейінде, ал сөз етіп отырған екінші ескерткіш астанадағы Қазақстанның Орталық музейінде сақтаулы тұр. Сыр бойындағы ескі кенттердің (Оңтүстік Қазақстан облысы) орнынан табылған саз балшықтан күйдіріліп жасалған дөңгелек алқа, құмыраша сияқты бұйымдарға ойылған руникалық жазулар белгілі болды. Қазірде Ленинградтағы мемлекеттік Эрмитаждың ертедегі шығыс бөлімінің көрмесінде тұрған гүлмен көмкерілген қола айнадағы руникалық жазудың да, оның табылуының да өзіндік сыры мол. Қола айнаны 1935 жылы Қазақстанды зерттеу қоғамының экспедициясы Семей облысындағы Үржар ауданынан әкелген еді. Шынын айтқанда, Сасықбастаудағы қорым жанынан арық қазғандар тауып, содан алынған екен де, атақты археолог А. Н. Бернштам 1948 жылы бұл жөнінде «Эпиграфия Востока» жинағында жариялап, бірақ ондағы руникалық таңбаларды келтіргенімен де, оны оқу жолдарын таппаған еді [6, 62]. Дегенмен де, оған тереңірек үніліп, әлденеше рет суретке түсіріп байқағанымызда, ондағы бедерлі руникалық таңбаларды, яғни көне түркі сөздерін былай кестелеуге болады екен: **ер чүчүк** (тегі **сүчүг** «тәтті», «шарап») **өсіз (өдсіз) өлүт**. Қазіргі қазақ тіліне аударсақ: «Ер азамат, шарап (ішу) – мезгілсіз өлу» деген ежелгі қағида, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болар өнегелі өсиет болып шығады. Руникалық жазуы бар екінші қола айна Шығыс Қазақстан облысының Шемонаиха ауданынан Ертістің оң жағасындағы қорымнан 1969 жылы табылды. Ол жазуды 1973 жылы жарияланған Ф. Х. Арсланова мен С. Г. Кляшторныйдың оқылу жөніндегі болжамы негізінен дұрыс болса да, біраз күмән туғызатын жақтары бар – **йебчі** «жебеуші, демеуші», **ар** «қызыл күрең», **ессер** «азайтса», «желпісе» сөздері дұрыс анықталмаған еді [7, 35]. Сонда айна ортасындағы таңбалардың оқылуы: **йебчі йегрен ар лү** – «жебеуші жирен қызыл күрең айдаһар», ал айна жиегіндегі жазудың оқылуы: **іші күнісін ессер қуты басар** – «Әйел күншілдігін азайтса, құты қонады». Соңғысын «Әйел – үйдің құты» деген қазақтың мақалымен салыстырсақ та болады. Семей облысының Жарма ауданынан 1983 жылы табылған жартастағы руникалық жазу (екі таңба) **абам** деп оқылып, «атам, үлкен ағам» деген ұғымды береді [3, 15]. Шығыс Қазақстан облысының

Марқанкөл ауданын 1985 жылы жартасқа қашалған көне түркі руникалық жазу табылған еді. Жазу былай оқылады екен: **Ай еліг йурты**. Қазіргі қазақ тіліне аударсақ: «Ай хан жұрты (тұрағы)» деген сөз болып шығады [4, 8]. Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданынан жазуы бар төрт бұрышты тас мөр табылғандығын Ақаш Жүнісов жолдас хабарлады. Бауға тағылатын тас мөр табанына ойылған таңбалар руникалық жазу болып шықты. Оқылуы: **сеч абын**. Қазіргі тілімізде былай деп түсінуге болады: «Таңда, уан!». Демек, өмірден әр нәрсені таңда да, содан мейірім тап дегенді мегзейді. Павлодар облыстық тарихи өлкетану музей қызметкерлері хат жолдап, музейге 1987 жылы қабылданған күміс білезіктегі көне жазу жөнінде пікір айтуды сұраған еді. Білезіктің тарихы: Семей педагогика институтының студенті Гүлстан Жанқошқароваға әжесі бірнеше ұрпақтан бері мирас болып келе жатқан білезігін сыйлаған екен. Ондағы жазуды оқуға алғаш талаптанған тарихшы Амантай Исин білезіктегі көне жазу жөніндегі өз жорамалдарын жергілікті газетке жариялап, білезіктің фотосуретін әкелген еді. Студент қызды көне жазудың мәдениет тарихына қосар үлесі толғандырған болуға тиіс, құпия жазуы бар сыйға алған білезігін тарихи өлкетану музейіне тапсырыпты.

Күміс білезіктегі жазудың оқылуы: сачкуқ ағы қоқуш. Қазіргіше: «Шашылған асыл қазына – қоқыс», былайша айтқанда: «Шашылған асыл қазына күлмен тең» деген мағынаны береді.



Сурет 1

## ҚОРЫТЫНДЫ

Асыл байлықтың алтын қоры халықта ғой. Ондағы мәдени қордың әлі де қалтарыста қалып келе жатқан салаларына мән беріп, зер сала қарасақ, ғылымның көк жиегін кеңейтерлік деректер табыла берері хақ. Сондықтан да бүкіл халық болып, әуесқой, ізденімпаз азаматтарға, жасөспірім шәкірттерге риясыз көңілден құрмет көрсетіп, ізденімпаз істерін ризашылық сезіммен қабыл алып, бағдар беріп отырсақ көп нәрсені ілгері дамыта аларымыз сөзсіз. Бұл салада Қазақ тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамына қол ұшын беріп, ондағы игілікті істердің өркендей беруіне мұрындық бола берсек, оның қосар үлесі де мол екенін ескерейік.

Ата мұрамызды танып білудегі мақсат – өткен тарихымызды танып білуге дендеу, түрік халықтары рухани бірлігінің ұйтқысы оның жазу таңбасы болса, сол ата жазуымыз ойма жазуды тірілту, келешекте оны бүкіл түркі халқының рухани тұтастығының қастерлі ұйтқысына айналдыруда жатса керек-ті.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Мырзахметұлы, М.** Түрік халықтарының ортақ әдеби мұрасы // Шәкәрім – Алматы, 2006 ж. – № 2 – Б. 95.

2 **Аманжолов, А.** Түркі филологиясы және жазу тарихы (қазақ тіл білімінің антологиясы). – Павлодар, 2008 ж. – 110–115 б.

3 **Кәдірімбетова, Н.** Көне түріктік әдеби мұра // «Мәдениет және тұрмыс» – Алматы, 2009 ж. – № 8 – Б. 15.

4 **Есбергенова, Б.** Жазба ескерткіштер // «Қазақ әдебиеті» – Алматы, 1995 ж., 20 желтоқсан, – Б. 8.

5 **Досымбаева, А.** Ғибадатхана ескерткіштері // «Ұлт тағылымы» – Алматы, 2003 ж. – № 2 – Б. 18.

6 **Бернштам, А. Н.** Проблемы происхождения сакской археологической культуры // ҚРҰҒА хабарлары. Жалпы ғылым сериясы – 2008ж. – №1 – Б. 62.

7 **Кляшторный, С. Г.** История Центральной Азии и памятники рунического письма. – СПбГУ, 2003 г. – С. 35.

Материал 31.10.19 баспаға түсті.

*А. Қ. Тұрышев<sup>1</sup>, А. С. Шакиржанова<sup>2</sup>*

**Древнетюркская руническая письменность**

<sup>1,2</sup>Гуманитарно-педагогический факультет,

Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова,

г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 31.10.19.

A. K. Turyshev<sup>1</sup>, A. S. Shakirzhanova<sup>2</sup>**Ancient Turkic runic writing**<sup>1,2</sup>Faculty of Humanities and Education,  
S. Toraihyrov Pavlodar State University,  
Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.

Material received on 31.10.19.

*В данной статье описывается роль древнетюркского рунического письма, письменности как уникального наследия всех тюркских народов, которая сохранила нашу историю как памятник.*

*В последние годы древнетюркские рунические письма часто находят на территории Казахстана и Центральной Азии. Письма – памятники которые находили на территории Казахстана (в ущельях рек Иртыш, Талас, Шу) дополняют каменные скульптуры в святилище Мерке. Эти рунические надписи имеют прямое отношение к периоду процветания тюркских государств.*

*This article describes the role of ancient Turkic runic writing, such as unique heritage of all Turkic peoples, which preserved our history as a monument.*

*In recent years, ancient Turkic runic letters are often found on the territory of Kazakhstan and Central Asia. Letters are monuments that were found on the territory of Kazakhstan (in the gorges of the Irtysh, Talas, Shu rivers) are complemented by stone sculptures in the Merke sanctuary. These runic inscriptions are directly related to the period of prosperity of the Turkic states.*

FTAMP 17.07.51

**Қ. М. Хамзина**ф.ғ.к., доцент, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті,  
Қарағанды қ., 100026, Қазақстан Республикасы  
e-mail: jako199473@mail.ru**АҚЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ  
ТИПОЛОГИЯЛЫҚ ӨРІСТІҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ**

*Бұл мақалада қазақ халқының ұлы ақыны – Мағжан Жұмабаев шығармашылығының өмірімен байланыс көріністері, орыс әдебиетінің көрнекті өкілдерімен ұқсас тұстары және ізденіс бағыттарының арналары анықталып, көрсетілген. Сыршыл ақынның ізденіске толы ғұмырындағы қиыншылықтар, жақын адамдарымен толыққанды дұрыс қарым-қатынастың орнамауы, мінезділігі мен шығыс әлеміне ғашық болуы ақын шығармашылығының шындалып, шығармаларындағы әр кезеңдегі көріністердің байқалуы жайында сөз болмақ. Тіршіліктегі түрлі өзгерістер мен құбылыстарды жүрек көзімен жан-жақты не жалпылама қабылдай отырып, сезім көзімен бағалауға бейім жаратылған Мағжан ақынның болмысы элегиялық сарынға да бой ұруы туралы баян етіледі. Мағжан ақынның лирикасының қазақ әдебиеті шынынан ғана емес, әлем әдебиеті биігіне көтеретін тек өзіне ғана сай әрі бай шығармашылығының жан-жақты зерделеу нәтижелерінің қысқаша шоғыры.*

*Кілтті сөздер: поэзия, типология, қазақ әдебиеті, сентиментализм, символизм, романтизм.*

**КІРІСПЕ**

Қазақтың Абайдан кейінгі яғни XX ғасырдағы ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың өмірі жайлы, өнері жайлы ертелі-кеш жазылған недәуір еңбектер бар. Ұлы перзентті қаралаған да, ақтаған да дүниелер баршылық. Оның бәріне тоқталу бұл шағын еңбектің міндетіне жатпайды, алайда Мағжантану іліміне ірі үлес қосқан еңбектер қатарына жататын төмендегі авторлар зерттеулерін көрсеткен абзал. Олар: Ж. Аймауытов [1], М. Әуезов [2], Ә. Тәжібаев [3], С. Қирабаев [4], Ш. Елеуенов [5], М. Базартаев [6], Р. Нұрғали [7], М. Әлімбаев [8], С. Құдаш [9], Ә. Күмісбаев [10], Б. Қанарбаев [11], Е. Тілешев [12] т.б еңбектері.

Қандай ақын болмасын, ол өз қоғамы мен уақытынан тыс тұра алмайды. Өз дүниетанымы арқылы ақын өзін толғандырған жайттарға, қоғамдық-

элеуметтік тарихи саяси жағдаяттарға баға береді. Ақын – сезімнің адамы. Табиғат, махаббат, адамның түрлі көңіл-күйі сәттерін жырлау оған айрықша тән. Және құлар-қарлық ақындарға тән сипаттар. Тек мәселе сол жайттарды яғни мәңгілік тақырыптарды ақынның қалай жырлауында. Осы тұрғыдан келгенде, Мағжан поэзиясы ұлттық әдебиетке ғана емес, әлем әдебиетіне ерекше үлес қосқанын қоса айтқан абзал. Демек, ақын шығармаларының типологиялық өрісі айрықша арнасы деу қажет. Типологияның мағынасы «...классификация предметов или явления по общности каких-либо признаков» екенін ескерсек, бұл салада Мағжан жырлаған, Мағжан көтерген проблемасының «Уақыт пен Кеңістік» аясындағы әлем әдебиеті деп аталатын ұлы руханиятқа қаншалықты серпінді үлес қосқанын байқаймыз [13, 496].

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мағжан Жұмабаев – әлемдік деңгейдегі арғы-бергі ақындармен еркін иық теңестіре алатын талантты ақын. Бұл – бүгінде аксиомаға айналған ақиқат. Бұл тұрғыда басқаларды айтпағанның өзінде, 1923–1927 жылдары Мәскеудегі Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқып жүрген кезінде дәріс берген ұстазы, орыс ақыны В. Брюсовтың Мағжанды «Қазақтың Пушкині» деп атауы, жазықсыз жаланың кесірінен ақынның атын атаудың өзі мүмкін болмай қалған тұста башқұрт елінің халық жазушысы Сәйфи Құдаштың 1969 жылы Қазақстан Жазушылар одағының басқармасына арнайы хат жолдап, ол хатында: «Өзінің қайталанбайтын ерекшелігімен М. Жұмабаев поэзиясы А. Ахматова, Б. Пастернак, А. Блок творчествосын еске салады» [14] деп бағалауы Мағжан ақынның шығармашылық-көркемдік тұрғысынан жалпы адамзаттық биіктікті игерген талант екендігін көрсетеді.

Әлемдік деңгейдегі шығармашылық тұлғалармен иық теңестіру үшін бірегей талант болып жаратылу қажеттігі даусыз. Алайда жалғыз талант қуатымен қандай өнерпаздың да адамзаттық көркемдік асқарынан көрінуі неғайбіл. Талант қуатына қуат үстелу үшін білім керек, қажетті білімге қол жеткізу үшін мақсатты да толассыз ізденіс қажет. Ізденістің қай арнада өріс табуы шығармашылық адамының адамдық болмысына тән қызығушылық бағыттарына тікелей байланысты болмақ.

Қызылжар медресесінде оқыған жылдарында шәкірт Мағжан Шығыс поэзиясына етене жақындайды, Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Омар Хайям, Низами, Науаи шығармаларын түпнұсқадан оқуға қалыптасады. Сол уақыттарда қазақ қоғамы арасында кеңінен тарала бастаған татар әдебиетімен тереңдей таныс болады. Демек, ақындық даралығы айқындалған тұста:

Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,  
Мен – Күн ұлы, көзімде күн нұры бар.  
Мен келемін, мен келемін, мен келем,

Күннен туған, ғұннан туған пайғамбар», – деп жырлайтын болашақ ұлы ақынның азаматтық ұстанымында айрықша маңыз иеленген ұлтшыл, түркішіл, шығысшыл көзқарастың алғашқы дәнегі Қызылжар медресесінде шайырлана тән көркемдік үлгілерін санаға сіңіру, үлгі тұту, үйрену нәтижесінде көктей бастағаны анық.

Шығыс шайырларын үлгі тұту үрдісі, Шығыс поэзиясына ден қою әрекеті 1910–1911 жылдары Уфадағы «Ғалия» медресесінде білім алған кезеңде де үзіліп қалмағаны, тіпті жаңа өріс тапқаны сөзсіз. Өйткені «Ғалияда» берілетін білімде дәріс беретін ұстаздар да Шығыс дүниесіне, мұсылман әлеміне көбірек бейімделгені мәлім. Сонымен бірге аталмыш медреседе жаратылыс ғылымдарының оқытылуы, шәкірттер арасында кеңінен тарала бастаған демократтық бағыттағы жаңашыл ой-пікірлердің Мағжан түсінігіне, көзқарасына өзгеріс әкелмеуі де мүмкін емес. Сол себепті адамзат дүниесі, қазақ қоғамы, элеумет өміріне қатысты таным-түсінігі біршама қалыптасып үлгерген 17–18 жасар бозбала Мағжанның дүниетаным тұрғысынан да, шығармашылық таным тұрғысынан да жаңа өріс іздеп, жаңа кеңістіктерге көз салған тұсын осы жылдармен орайластыра тану орайлы.

Оның еуропалық білім алуға, білімін ел игілігіне, ұлт мұратына жаратуға бекем бел бұғандығын танытатын оқиғалардың бірі – әкесі Бекенмен қарым-қатынасының бұзылуы. Баласының орысша оқуына қарсы болған әкесінің теріс батасына да қайырылмай, Омбыдағы мұғалімдер семинариясына оқуға кетуі, сырттан келер еш жәрдем болмаса да, өзінің табандылығы мен жігерінің, қайсарлығының арқасында 1913–1916 жылдар аралығында осы оқу орнында оқып шығуы Мағжан жаратылысына тән бірбеткей мінезділікті айғақтаса керек.

Сонымен бірге назар аударуды қажетсінетін жәйттердің бірі – жас Мағжанның аз ғана жылдар аясында араб, парсы әдебиеттері дәстүріндегі Шығыстық мәдениетке де, орыс әдебиеті, орыс тілі арқылы қазақ даласына жеткен Батыс мәдениетіне де бой ұрып үлгеруі, ең бастысы, солардың қай-қайсынан да өзінің дүниетанымын кеңейтуге, шығармашылық кеңестігін ұлғайтуға мүмкіндік беретін қажетті білім негіздерін қабылдап ала білуі. Бұл жағдайдың өзі ақын Мағжан болмысындағы тынымсыз еңбекқорлық, ізденшілік сияқты қасиеттердің оған туа бітті дарығанын аңғартады.

Қалай болғанда да, ақын Мағжанның әлемдік әдебиет алыптары қатарынан табылуына жол ашқан қасиеттердің бірі оның «басынан сөз асырғысы келмейтін» мінезділігі болғандықтан жоққа шығара алмаймыз. Өйткені ақынның дәл осы мінезі оның ұдайы алға ұмтылуына, ұдайы ізденуіне, ұдайы өзгелерге ұқсамайтын жаңа дүниелер жасауына себепші болды. Өмірінің түрлі кезеңдерінде оның шығармашылық саласында түрліше ағым-бағытқа «еліктеуінің» сыры да осында.



Осы орайда қысқаша ой түйінін жасар болсақ, Мағжан Жұмабаевтың алғашында ауыл мұғалімімен сауат ашудан басталған білім әлеміндегі әр қадамы, әр кезеңі оның азаматтық, ақындық жаратылысында ізсіз өтпеді. Қызылжардағы Бегішев медресесінде, Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқыған жылдары ол жалпы Шығыс пен түркі дүниесінің мәдениеті мен әдебиетімен мол мағлұмат алып, Шығыстың ұлы шайырларының туындыларын түпнұсқадан оқып-игеруге дағдыланса, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтардан тағылым алған жылдары мен Омбыда оқыған кезеңінде ол орыс әдебиетін тереңдей танып-білуге, олардың озық үлгілеріндегі шығармашылық жаңалықтар мен ізденістердің қыр-сырына тереңдей бойлауға қалыптасты. Нәтижесінде Мағжан Жұмабаев өз бойында туған халқының, түркі жұртының, Шығыс пен Батыстың озық мәдениеттерін тел дарытқан, қандай да бір құбылыстар мен жағдайларға жалпы адамзаттық құндылықтар биігінен қарап, бағалай алатын аса жоғары деңгейдегі ақындыққа бет түзеді.

Бүгінде Шығысқа қаншалықты іш тартқанымызбен, Мағжанның саналы ғұмыры бастау алатын ХХ ғасыр басында ұлт зиялылары арасында орыс әдебиетінің, орыс мәдениетінің әсері жоғары болғандығын жоққа шығару әбестік. Өйткені Абайдан бергі кезеңде қазақ әдебиеті үшін орыстың озық бағыттағы әдебиеті жаңа сипатты, жаңа мазмұнды көркемдік үлгілерін игеру, жаға тұрпатты шығармашылық ізденістерге жетігу мектебі болғаны шындық.

Бұл үдерістен жас дарын Мағжан да қағыс қалмайды.

Бұл бағыттағы ізденістердің Мағжан шығармашылығында қалай көрініс тапқаны, қандай сипатта өріс алғаны ақынның тұңғыш жыр жинағы «Шолпандағы» өлеңдерден айқын аңғарылады. Жинақтағы өлеңдердің тақырыбына, мазмұнына, көтерген проблемасына, идеясына назар аударсақ, бұл мәселелердің қай-қайсысынан да сол кезеңде ұлт зиялыларының негізгі көзқарасын айқындаған демократтық-ағартушылық ұстанымдар анық танылады. Мағжан ақынмен қатарлас өмір сүрген яки оның өзі қоян-қолтық араласқан оқыған азаматтардың барлығы да ұлы Абай дәстүріне бағыт ұстанғанын ескерсек, Мағжанның да шығармашылық ізденіс жолында демократтық бағыттағы орыс әдебиетіне бетбұрыс жасауына Абайдың әсер-ықпалы зор болғаны даусыз. Данышпан ақынды ұлық тұтатынын Мағжанның өзі де осы жинақтағы «Атақты ақын – сөзі алтын хакім Абайға» өлеңінде ашық айтады.

Хакім Абайдың «сөзін көсем қылып, жөнге жүрер қазақтың жас балаларының» бірі – жас Мағжанның өзі болса, Абайдың кейінгі «жас балаларға айтқан» жөндерінің бірі – орыстың озық мәдениетімен үйрену болғаны мәлім. Бұл тарапта ақын Мағжан хакім ұстаз өнегесіне лайықты шәкірт бола біледі, Абайдың демократтық мазмұндағы поэзиясы үлгісінде

шығармалар жазып, қазақ жұртын өнер-білімге шақырады, өскен елдер қатарына жетуге үндейді.

Сол мақсатына орай «Қарағым», «Өнер-білім қайтсе табылар», «Сорлы қазақ», «Балалық шағы» сияқты өлеңдерінде оқу-білімге ашық үндеп, оған қол жеткізудің жолы білім қуып, іздену екендігін көрсетсе, «Бір күні», «Жатыр», «Жазғы таң», «Қазағым», «Құр қалыпшын», «Оразада», «Тілегім», «Күз», «Осы күнгі күй» өлеңдерінде айтар ойын туған халқының басындағы түрлі жағдайларды көркем бейнеге, суретке айналдыра отырып алға тартады.

М. Жұмабаев шығармашылығын орыс әдебиетімен байланыстыра қараған тұста айрықша байқалатын жәйт Мағжанның орыс әдебиетімен ғасырлар бойына жинақталып, қалыптасқан көркемдік озық үлгілерді, әдеби дәстүрлерді, әдіс-тәсілдерді, ағым-бағыттарды аз ғана жылдар аясында жан-жақты танып, тереңіне бойлай игергені болып табылады. Бұл жағдайдың өзі ақын Мағжанның білім жолындағы, ақындық шеберлікке жетілу жолындағы ізденісінің үздіксіз әрі нәтижелі болғанын, сондай-ақ оның болмысына жігер, білімге құштарлық, даралыққа ұмтылу сияқты қасиеттердің етене болғанын танытады. Мағжан мен орыс әдебиеті мәселесінде салмақты маңыз иеленетін келесі кезең «Шолпаннан» кейінгі жылдар еншісіне тиесілі.

М. Жұмабаев шығармашылығында өмірлік шындықпен арқауласа өрілетін реализммен қатар романтизм, символизм, сентиментализм, декаденттік іспетті әдеби ағымдар мен бағыттардың көріністері, сарындары айқын аңғарылып жатады. Оның себебін Мағжанның өзіне ұнаған европалық әдеби үлгілерге еліктеумен байланыстыра түсіндіруге ұмтылудың жаңсақтық боларын ұғынуымыз керек. Өйткені Мағжан поэзиясында европалық әдебиетте өз кезеңдерінде кеңінен таралған аталмыш ағым-бағыттар мен әдіс-тәсілдердің ақын өмірінің түрлі кезеңдерінде түрлі деңгейде көрініс беріп отыруының сыры. «Мағжанның көзсіз еліктегіштігінен» туындап жатқан жоқ, ақынның туа бітті жаратылысына тән қасиеттерден, өмір жолындағы әрқилы жағдайлардан, солардың ақын жанына әсерінен өріс алып жатыр. Сөз шындығына көз жеткізу үшін аталған ағым-бағыттардың мәніне, туу себептеріне және тағдыр-талайына сан қилы сын-сынақ бұйырған Мағжанның өмір жолына да үңіліп байқау керек. Сонда ғана даму жолында сан алуан ағымдар мен бағыттарды, әдеби мектептерді бастан аталған ағым-бағыттардың ерекше әсер етуінің сырын дұрыс бағамдай аламыз.

Орыс әдебиетіндегі романтизмнің ізашар үлгілеріне тән нышандар мен сарындардың М. Жұмабаев поэзиясында көрініс табуына себепкер болған жәйт – бұл үлгілердің қазақ қаламгеріне әсер еткен орыс ақындарының поэзиясында молынан ұшырасуы. Романтизмнің бастауында тұрған мұндай үлгілерді қазақ ақынына поэзиясы жақсы таныс болған В. А. Жуковский, А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, А. А. Делвиг, А. А. Фет, А. А. Блок сияқты

көптеген орыс ақындарының кей жағдайларда өз шығармашылығында кеңінен пайдаланып, олардың бұл бағыттағы шығармалары өз тұсындағы орыс әдебиетінде көркемдік құбылысқа айналғанын ескерсек, қазақ ақыны Мағжанның поэзиясында ұшырасатын медитивті лирикаға тән нышандардың, элегиялық сарындардың арғы бастауын аңдай аламыз.

Алғашқы көріністері Ресей жерінде XIX ғасырдың алғашқы ширегінде байқала бастап, В. А. Жуковскийдің «Вечер», «Славянку», А. С. Пушкиннің «Брожу ли я вдоль улиц шумных», «Когда порой воспоминанье», М. Ю. Лермонтовтың «Выхожу один я на дорогу», А. А. Феттің «На стог сена ночью южной» сияқты танымал өлеңдерінде айшықтана танылған медитивті лириканың орыс поэзиясындағы даралық белгілері ретінде ақынның әсер жетегінде өзімен-өзі оңаша ойға салынуы арқылы болмыстың тылсым заңдылықтарын танып-білуге ұмтылуы, өмір мәнін ақыл-оймен пайымдауға талпынуы, өткеннің суреттерін еске ала бейнелеу, сол бейнеге әсерлене ой түйю сияқты жәйттерді атауға болады.

Аталған орыс ақындарының туындыларымен етене таныс болған М. Жұмабаевтың олардың поэзиясына тән көркемдік үлгілерін шығармашылықпен игере отырып, қазақ поэзиясына әкелген жаңалықтардың бірі медитивті лирика нышандары болғанына көңіл қойған жөн. Біз бұл орайда Мағжан европалық әдебиетте дара жанр ретінде өмір сүрген медитивті лириканы сыртқы пішіні, ішкі мазмұны, бейнелеу құралдары мен тәсілдерін қаз-қалпында сақтай отырып, қазақ топырағына жеткізді деуден аулақпыз. Алайда М. Жұмабаев өлеңдерінен медитивті лирикаға тән сарындар жиі аңдалады. Ақынның «Қысқы жолда», «Жазғы жолда» сияқты өлеңдерінің жоғарыда аталған орыс ақындарының өлеңдерімен тақырыптық мазмұн тұрғысынан да, идеялық жағынан да, ой мен бейнені астастыра ұсыну тәсілдері жағынан да үндестік тауып жатуының сырын олардың көркемдік ізденіс жолындағы өрістерінің ортақтылығынан іздеу орайлы.

Ресейлік революциялардан кейін орыс ақындарының жан әлемінде болған сан алуан құбылыстар, өзгерістер қазақ ақыны Мағжанның өмірінде де, ой дүниесінде де, шығармашылығында да ізсіз кетпеді. Төңкерістен кейінгі ел өмірінде бірін-бірі жоққа шығара, бірімен-бірі қайшыласа жүріп жатқан қым-қиғаш оқиғалар нәтижесінде пайда болған көңіл күйдегі құбылыстар, ой-санадағы толқындар, көзқарастағы өзгерістер әсерімен Мағжан поэзиясында жаңғыра көрінген поэтикалық жаңалықтардың бірі медитивті лирика болды. «Жаңғыра көрінді» деп отырған себебіміз – медитивті лирика орыс поэзиясын оқу арқылы қазақ ақынының түсінігінде қалыптасып үлгерген, бірақ поэтикалық қолданыс ретінде көрінбеген үлгі болатын.

Өмірдегі қандай да бір өзгерістер мен құбылыстарды жүрек көзімен қабылдап, сезім көзімен бағалауға бейім жаратылған Мағжан ақынның болмысы осы кезеңде элегиялық сарындарға да бой ұрды. Оның сыры да медитивті лириканың Мағжан поэзиясында көрініс беру себептерімен орайлас. Десек те, сәттік эмоцияға, әсерге, оңашадағы ой ағынына, аңсар-арманға бағдар ұстанып, көбіне-көп уайым, мұң жетегіндегі ішкі ой-сезімді бірінші жақтан бейнелеуге бейім элегия жанрына тән белгілердің «Сағындым», «Айға», «N... альбомына», «Күзді күні», «Ботамды көрдім түсімде» іспетті өлеңдер арқылы Мағжан шығармашылығынан орын алуының ең басты себебі ақынның өз болмысын айшықтайтын сезімталдық, әсершілдік сияқты қасиеттермен және ақынның мұңлы ойларға, уайымға берілуіне себепкер болған өз өміріндегі қайшылықты, қайғылы оқиғалармен байланысты екендігі шүбәсіз.

Мағжанның көркемдік ізденістері нәтижесінде ұлттық поэзиямызға енген элегиялық бейнелеудің әсерлі үлгілерінің бірін «Күзді күні» өлеңінен көре аламыз. Өлеңде ақын жаратылыста бар нәрсенің бәрі де ақтық сәті жеткенде тыншу табарын қара жер, көк аспан, жас қайың, қара ағаш әрекеттерін жарыстыра бейнелеу арқылы жеткізе келіп, өмір мен өлім хақында толғанады. «Өлмей мәңгі кім қалар?!» – деп, өзіне-өзі риторикалық сауал қоя отырып, сауалдың жауабын өз тағдырымен, өз мұңымен сабақтастыра іздейді.

Әсершіл де сезімтал Мағжан болмысымен үндес келіп, ақын өмірінің қайсы бір сәттерінде көңіл күйіне, сезім ауанына, көзқарас өзгерісіне орайласа, оның төл шығармаларында көрініс тауып отырған европалық әдеби үлгілердің тағы бірі – сентиментализм нышандары.

Кеңестік әдебиеттануда буржуазиялық әдебиет үлгісі ретінде танылып, адамды күйректік сезімдерге жетелейтін әдеби ағым ретінде қарастырылған сентиментализм шын мәнінде адам жаратылысын ішкі әлемі, жан дүниесі арқылы танып, бейнелеуге бағдар ұстанған өз дәуіріндегі жемісті көркемдік-шығармашылық ізденіс болды. Себебі XVIII ғасырдың екінші жартысында европа елдерінде пайда болған аталмыш ағым демократтық көзқарастармен үндестік тапты, қарапайым адамның ішкі сезіміне, қайғы-мұңына, жан толқыныстарына үңілді, өзіне дейінгі әдеби ағым-бағыттарға тән болған жасанды бейнеліліктен бой тартып, шынайы сезім дүниесін көрсетуге алғаш қадам жасады. Осы бағыттағы ізденістерінде көп жағдайда әлсірей бейнелеу іспетті кемшіліктерге жол беріп қойғанына қарамастан, тұтастай алғанда, сентиментализм көркем әдебиеттің адам сезімін бейнелеуге бағдар ұстануында маңызды қызмет жасағаны шындық.

Орыс әдебиетінде А. Н. Радищев, В. А. Жуковский шығармалары арқылы өріс алған сентиментализмге тән белгі-нышандардың орыс әдебиетімен

етене таныс М. Жұмабаев поэзиясынан да қылаң беруін тосын құбылыс ретінде бағалаудың орайы жоқ. Мағжан ақынның шығармашылық ізденіс жолында көркемді әлемінің сан тарау арналарына жемісті барлау жасағанын, ізденіс сапарының қай-қайсынан да олжасыз оралмағанын ескерсек, оның шығармаларында көрініс тапқан сентименталистік дара сезім суреттеріне де тосырқай қарау қажетсіз болмақ.

М. Жұмабаев сентиментализмі оның ағартушылық идеяларымен, демократтық көзқарасымен астарлас. Тіпті, кейбір тұстарда Мағжан сентиментализмі жоғарыда аталған медиативті лирикамен, элегиямен, романтикалық яки реалистік көріністермен де астасып кетіп жатады. Дегенмен де, сентиментализмнің басты ерекшеліктерінің бірі – дара сезім, жеке адамның сезімі екендігін ескерсек, Мағжан поэзиясындағы сентиментализм үлгілерін айқындай тану қиындыққа түспейді.

Бір ғана әйелдер тағдырына арналған «Шын сорлы», «Зарлы сұлу», «Жәмила», «Тілегім» өлеңдеріне назар аударып көрелік. Алғашқы өлең реалистік үлгідегі шығарма болса, қалғандарынан реализммен қатарласа қолданылған сентименталистік нышандарды аңғарамыз. «Шын сорлыда» ақын аязды күні күйеуінен қорлық көріп, далада қалған әйелдің аянышты бейнесін реалистік дәстүрде көрсетеді.

Жалпы, М. Жұмабаев шығармашылығында басым көрінетін негізгі сипаттардың бірі-даралық, оқшаулық, оңашалану болып келеді. Яғни жеке адамға тән ой мен сезім, оңашадағы әсер, кейіпкердің жеке әрекет етуі яки жалғыз қалуы сияқты жәйттер. Мұндай жағдай ақынның реалистік шығармаларына да тән. Мәселен, жоғарыда айтылған «Шын сорлы» өлеңінде қарлы боран, үскірік өтінде жалғыз қалған әйел – Оразкен, тіпті кең құлашты, эпикалық поэма «Батыр Баян» Баянның көбісіне көп оңаша жалғыз қалуы, оңаша ойға берілуі сияқты көрінстер Мағжан шығармашылығында жалғыздық проблемасының маңызды орын алатынын байқатса керек.

М. Жұмабаев поэзиясында оқшаулану, жалғыздық проблемасының басым көрінуінің түпкі сыры ақынның өмір жолында жиі ұшырасқан ауыртпалықтарда, қоғамдық-идеологиялық жағдайларға байланысты ақынның өзінің көбіне-көп жалғыздыққа ұшырауында, сенісер дос-жолдас таппай, көбінесе айналдан оқшау қалып, оңаша ой-сезімге берілген сәттерінің көп болуында жатқан сынды. Өмір жолында кезіккен сын-сынақтарға жалғыз қарсыласу, оңашада ойға шому, сезімге берілу, жақсылықты Жаратқаннан ғана күту әрекеттері Мағжан өмірінде әкесі Бекенмен арадағы келіспеушіліктен басталған сынайлы.

Балаң кезінде көптің алдында, көштің басында болуға бейімділік танытқан ақын болмысы өзі өмір сүрген қоғамның қатыгездігі салдарынан біртіндеп өзгеріске ұшырай бастайды. Қоғамдағы қарым-қатынастардан

көңілі шайлыққан ақын жаны қалың әлеуметтің көз алдында болудан гөрі оңашалықты, жалғыздықты көбірек аңсауға көшеді. Оңашадағы ойлар үстінде сезім жетегіне ілесе өзінің жан дүниесі тереңіне бойлау, ішкі арман-аңсарларын әспеттеу, жаратылыс тылсымдарына ұмтылу, Жаратқанға қол созу сияқты әрекеттерінің бейнесі ақын жырларында көрініс табады. Ақын Мағжанның символизмге бой ұруы – орыстың символист ақындарына көзсіз еліктеудің жемісі емес, өз өміріндегі, жан дүниесіндегі құбылыстарға байланысты алас ұрған ақын жанымен үндесе көрініс берген шығармашылық әрекет.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Символизм ақынның шығармашылық ізденіс жолында ғана айрықша із қалдырған жоқ, сонымен қатар оның жеке өмірде де қиындықтарға тап болуына, тіршілігінде сан қилы сергелең-сарсандардың, тауқиметті сәттердің көбеюіне ықпал етті. Олай дейтін себебіміз – ақынның символистік сипаты басым өлеңдерінің мәніне бойлай алмаған замандастары өз тарапынан ақын Мағжанға түрлі айыптар тағуға, кінәлап, күстәнәлауға дейін барды. Бұл шындық ақын өміріне арналған зерттеулерде кеңінен айтылып жүр. Соның салдарынан ақын Мағжан бойында жұрт ортасында жүріп-ақ жалғызсырау, өзін түсінбейтін әрі өзі түсінбейтін қоғамнан алшақтай беру сезімдері үдей түсті. Бұл жағдай өз орайында ақынның шығармашылық әлемінде символистік әсерлер мен сезімдердің, ұғым-танымдардың дендей жетілуіне мүмкіндік берді.

Қорыта келгенде, М. Жұмабаев поэзиясы – қазақ өнерінің төл топыраққа ғана емес, әлем руханияты кеңістігіне қосылған зор үлес екенін дәлелдеген өлмес мұра.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Аймауытов, Ж.** Мағжанның ақындығы туралы. кітабы: Ж. Аймауытов. Шығармалары. А., Жазушы, 1989.
- 2 **Әуезов, М.** Мағжанды сүйемін. Ұлттық поэзия падишасы. А., Орталық ғылыми кітапхана, 2001.
- 3 **Тәжібаев, Ә.** Мағжан Жұмабаев. Кітап: Жұмабаев М. Шығармалары. А., Жазушы, 1989.
- 4 **Қирабаев, С.** Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. А., Ғылым, 2001.
- 5 **Елеукенов, И.,** Мағжан. А., Рауан, 1991.
- 6 **Базарбаев, М.** Көрікті ойдан – көркем сөз. А., Рауан, 1994.
- 7 **Нұрғали, Р.** Әуезов және Алаш. А., Санат, 1997.

8 **Әлімбаев, М.** Толқыннан толқын тауады. – А. : Қазақ университеті, 1992.

9 **Құдаш, С.** Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев//Қазақ әдебиеті, 23 желтоқсан 1988 ж.

10 **Күмісбаев, Ө.** Мағжан және әлем әдебиеті// Қазақ әдебиеті, 13 тамыз 1993 ж.

11 **Қанарбаева, Б.** Жырымен жұртын оятқан. – А. : Ана тілі, 1998.

12 **Тілешев, Е.** Суреткер және көркемдік әдіс. – А. : Арқас, 2005.

13 Словарь иностранных слов. 13-е изд. – М. : Русский язык, 1986.

Материал 31.10.19 баспаға түсті.

*К.М. Хамзина*

#### **Пути развития типологической структуры творчества поэта**

Карагандинский государственный технический университет,

г. Караганда, 100026, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 31.10.19.

*K. M. Khamzina*

#### **Ways of development of the typological structure of the poet**

Karaganda State Technical University,

Karaganda, 100026, Republic of Kazakhstan.

Material received on 31.10.19.

*В этой статье рассказывается о взаимоотношениях великого поэта казахского народа – жизни Магжана Жумабаева, сходствах с выдающимися представителями русской литературы и путями творческого поиска. Трудности в жизни поэта, отсутствие у него хороших отношений с близкими людьми, его характеру и любовь к восточному миру отразятся на творчестве поэта и это рассматривается на каждом этапе его творчества. В статье также рассказывается о том, что творчество Магжана приближено к элегии, так как сам поэт принимает изменения и перемены жизни чувственно, близко к сердцу. Данная статья является кратким повествованием всех убеждений и результатов исследования лирики поэта Магжана, которая является не только достоянием казахской литературы, но и мировой.*

*This article describes the relationship of the great poet of the Kazakh people – the life of Magzhan Zhumabayev, the similarities with*

*prominent representatives of Russian literature and ways of creative search. Difficulties in the life of the poet, his lack of good relations with close people, his character and love for the Eastern world will affect the work of the poet and this is considered at every stage of his work. The article also tells that Magzhan's work is close to an elegy, since the poet himself accepts alterations and changes in life sensually, close to his heart. This article is a brief narration of all the convictions and the results of Magzhan's poetry research, which is not only the domain of Kazakh but also the world literature.*

**G. A. Khamitova<sup>1</sup>, A. V. Aliyassova<sup>2</sup>, A. Zh. Kairambaeva<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Candidate of Philological Sciences, professor, Faculty of Business, Education and Law, Innovative University of Eurasia, Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan;

<sup>2</sup>Candidate of Philological Sciences, Faculty of Business, Education and Law, Innovative University of Eurasia, Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan;

<sup>3</sup>Candidate of Philological Sciences, Faculty of Business, Education and Law, Innovative University of Eurasia, Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan  
e-mail: <sup>1</sup>gkhamitova@mail.ru; <sup>2</sup>nastja\_sh@mail.ru; <sup>3</sup>aigul\_zh@inbox.ru

**THE IMAGE OF AN OFFICIAL IN THE LINGUISTIC CONSCIOUSNESS OF AMERICANS**

*To identify the figurative component of the «Official» concept, we have analyzed the synonyms of the key word. The image of the American official is actualized also by a number of metaphorical words and phrases (white-collar, formalist, etc.). The figurative characteristics of the «Official» concept, highlighted mainly on the material of the modern American press and associative dictionary data, include the appearance along with clothing and age, gender, education, and field of activity.*

*Keywords: concept, figurative component of the concept, official, American culture.*

**INTRODUCTION**

Cognitive linguistics has firmly taken its place in the paradigm of concepts of modern world linguistics. It is its emergence and rapid development at the present stage that is a characteristic feature of linguistics at the turn of the century.

In research and articles, researchers are increasingly making attempts to classify trends in modern cognitive linguistics. Our work adheres to a linguistic-cultural approach, which involves the study of the specifics of the national concept sphere from culture to consciousness. Researchers working in the framework of the linguocultural approach include Yu. S. Stepanov [1], V. I. Karasik [2], V. A. Maslova [4], V. V. Krasnykh [3] N. F. Alefirenko [5] et al. This approach defines the concept as a basic unit of culture with figurative, conceptual and value components, with the predominance of the latter.

The main method of research is considered to be conceptual analysis. The purpose of the conceptual analysis can be considered «identifying the paradigm of culturally significant concepts and a description of their concept sphere» [6, p. 80].

The object of the study is the meanings conveyed by individual words, grammatical categories or texts, and the use of a large body of contexts for the use of the word in fiction allows not only to describe the concept under consideration, but also to structure it, isolating a set of the most characteristic features.

The figurative component includes «visual, auditory, tactile, gustatory, perceptible by the sense of smell characteristics of objects, phenomena, events reflected in our memory» [7, p. 5].

**MAIN PART**

To identify the figurative component of the concept of «Official», we have analyzed the synonyms of the key lexeme. In the linguistic consciousness of carriers of American culture, the image of an official is fixed by means of a synonymous series of the key lexeme, some of the synonyms are used in official communication (*official, officeholder, civil servant, etc.*), and others in unofficial communication (*apparatchik, bean counter, big cheese, etc.*) **Official communication:** *official, officeholder, civil servant, administrator, jobholder, government official, administrative official, civilian, clerk, officer, functionary* **Unofficial communication:** *apparatchik, bean counter, big cheese, bigwig, bureaucrat, white-color, pen pusher, desk jockey, jack-in-office, paper-pusher, red tapist* [8].

The study of the synonyms of the key lexeme allows us to see the world picture of the native speaker of the American variant of the English language in terms of officialdom and its relationship to it in linguistic and non-linguistic terms.

Let's start with the lexeme used in unofficial communication, *apparatchik*. According to the explanatory dictionaries of the American version of the English language *a term English speakers borrowed from Russian, «apparat» essentially means «party machine.» An «apparatchik,» therefore, is a cog in the system of the Communist Party. The term is not an especially flattering one, and its negative connotations reflect the perception that some Communists were obedient drones in the great Party machine. In current use, however, a person doesn't have to be a member of the Communist Party to be called an «apparatchik»; he or she just has to be someone who mindlessly follows orders in an organization or bureaucracy* [9].

According to the Online Etymology Dictionary [10], the term is also used to mean «communist agent or spy,» first voiced in the writings of Arthur Koestler (1941).

According to the Merryam-Webster Dictionary [11]: *apparatchik is a member of a Communist apparat; a blindly devoted official, follower, or member of an organization (as a corporation or political party) <a movie studio apparatchik>.*



Thus, initially denoting a member of the Communist Party of the Soviet Union, the word *apparatchik* eventually acquired the meaning of an official or bureaucrat working in a particular organization, and, while retaining the negative connotations of the original Russian word, characterizing such negative qualities as incompetence, low quality of work, negative attitude towards people, exists in English to mean a devoted member of the organization.

«*Big cheese*» is an English idiom usually used when someone is making a reference to the boss of some organization. This phrase can also be used to describe anyone who is important in some aspect of life when compared to others. At times, someone using this phrase might be making snide reference to how the person being described is a bit pompous in the way he or she acts. People began using this phrase in the early 20th century, when the idiom «*big cheese*» evolved from the European practice of simply calling someone «the cheese» [12].

It is still popularly used today, although the context and tone of the speaker decides whether the phrase is a glowing compliment or snide barb.

The term *bigwig* originated in the 17th century, when the short lived fad of wig-wearing was at its peak. It became fashionable for people to shave their heads and replace their hair with wigs. However hair to make up these wigs was quite rare and expensive. Hair was sold by the strand and it was not uncommon for the lower classes to be seen wearing wigs consisting of only several strands of hair. The rich folk on the other hand were able to purchase large wigs made up of thousands of strands of hair and very soon the term ‘bigwig’ became associated with the very wealthy. This fad faded away as quickly as it had come with the advent of the top hat; however it lives on in the large ceremonial wigs seen in the British courts [13].

In French, a bureau is a desk, so bureaucracy means basically «government by people at desks». A *bureaucrat* is a member of a bureaucracy and can compose the administration of any organization of any size, although the term usually connotes someone within an institution of government. Bureaucrats play various roles in modern society, by virtue of holding administrative, functional, and managerial positions in government. They carry out the day-to-day implementation of enacted policies for central government agencies, such as postal services, education and healthcare administration, and various regulatory bodies [11].

*White-collar* workers usually perform job duties in an office setting. They are highly skilled and formally trained professionals. Many white-collar workers, such as accountants, bankers, attorneys and real estate agents, provide professional services to clients. Other white-collar workers, such as engineers and architects, provide services to businesses, corporations and government agencies. White-collar work generally requires formal education. White-collar workers typically have at least a high school diploma, while most complete an associate’s, bachelor’s,

master’s or professional degree. White-collar jobs generally pay well because of the education level required for entry into most occupations. White-collar workers usually earn a salary. For example, the median annual wage for lawyers as of May 2009 was \$113,240 according to the Bureau of Labor Statistics. The median wage for financial managers was \$101,190, while the median wage for civil engineers was \$76,590 [14].

If you call someone a *pen-pusher*, you mean that their work consists of writing or dealing with documents, and does not seem very useful or important [15].

*Desk jockey* is a person who works at a desk, usually in an office [9]. It is a US Military term (ca. 1960s-1990s) used by «line» types (fleet, aviation crew & flight line, special forces, infantry) to refer with contempt to HQ and staff (non-operations) personnel, especially bureaucratic types who push petty regulations as a way to harass others. Also used as mildly derisive term by aviation types to refer to crewmembers temporarily removed from flying and assigned «desk» (non-flying) duties for administrative or disciplinary purposes [16].

The expression *Jack-in-office* translates as self-confident, arrogant, important person, bureaucrat [17].

Sir Edwin Landseer, an artist and sculptor, whose four bronze lion sculptures adorn Trafalgar Square, named one of his paintings ‘*Jack in Office*’. It depicts a terrier guarding a cart with meat from cats and dogs, and next to it four dirty lousy dogs, starving to death, circle around this cart, looking at the luggage [18]. *I have tried several times to see the Secretary of State, but they keep fobbing me off with some jack-in-office* [19].

The slang term «*paper pusher*» is used to describe someone who works in an office environment. People often use this term in a derogatory way, to suggest that the worker does not have a real job or responsibilities.

*Paper pushers* are often bureaucrats, such as city employees, government clerks, and so forth. Government employees are often required to do a great deal of paperwork for their jobs. The setting of standards is also designed to ensure equal treatment. A classic example of a *paper pusher* is the government employee who processes passports. He or she is almost a parody of the classic paper pusher, requiring specific forms from customers and insisting that these forms be filled out in precise detail. Someone who omits a single piece of documentation or leaves a line on a form blank will be forced to start all over again, thanks to the very rigid standards at passport offices. The term is generally meant to be used in a denigrating way to insult someone, although some people may refer to themselves as *paper pushers* as an act of self deprecation to make themselves or their jobs seem less important. «*I’ve been a paper-pusher all my life. This is my chance to do something good* [12].

The term is closely related to *Bean counter*. A disparaging term for an accountant, or anyone excessively concerned with statistical records or accounts [20]. The first use of this expression with the current meaning was in the early 1900s. The idea behind the expression is that beans are so small, that to count them individually is a waste of time. Only someone overly concerned with minute details would do that. This term can have either a negative or neutral connotation [21].

*Red tapist* is a colloquial term for bureaucratic practice of hair splitting or foot dragging, blamed by its practitioners on the system that forces them to follow prescribed procedures to the letter. It gets its name from the color of the ribbon used in tying government documents [75].

Thus, the image of the American official is updated not only by the key lexeme 'official', but also by a number of rethought, often metaphorical words and phrases. Some of them are used in a dismissive tone, often in an unfriendly way, criticizing such a feature of officials as failure to perform real affairs, delaying consideration of issues, doing nothing, shifting pieces of paper, etc. On the other hand, the importance of their work with respect to following all the necessary procedures to maintain order in society is discussed.

In order to study the non-linguistic component of the figurative component of the 'Official' concept, we reviewed appearance along with gender, age, clothing, education, and sphere of activity of American officials.

#### *Gender and race*

A study by the *Who Leads Us* [22] project on demographics of elected officials in the United States found that white men hold the majority of positions at all levels of government. Who Leads Us identified a cohort of 40,994 elected officials in all states, from federal to county level. Elected officials generally remain 90 % white, which makes up 72 % of men and continues to make up 65 % of white men. Regarding the gender issue, the predominant representation of men (71.5 % of male) in federal institutions is quite obvious. Practically the same picture is seen at state level (24.0 of female vs. 76.0 % of male).

#### *Age*

According to Article 1, Section 2 of the US Constitution, an elected official must be at least 25 years old and must be a US citizen for at least seven years [23].

According to statistics from the Office of Public Service (ORM), the average age of a public servant is 47.5 [24].

#### *Clothing:*

US officials must strictly follow the dress code. Civil servants put on a suit with a white shirt and take a case. The costume can be dark gray, black, blue or dark blue. Blue is the most popular color in the campaign. The dark blue color indicates that the person is smart and trustworthy. The dark gray color depicts a person adhering to established traditions. The black suit gives the official a sense

of authority. An important part in the image of a public servant is a tie. The main colors for the tie are red and blue. The red color of a tie is associated with love, strength, nobility. A tie of this color shows determination, courage and self-confidence. A blue tie is associated with openness and calm. Also, the color of the tie indicates party affiliation: the Democratic Party – a blue tie, the Republican Party – a red tie [25].

#### *Education*

The requirements for education and work experience in civil service positions vary depending on the place of work. Typically, entry-level posts (clerical and administrative) require at least a high school diploma. Candidates must also pass a civil service exam to prove that they are able to competently perform the work they are looking for. Work at a professional level usually requires a combination of post-secondary education and experience. For example, if you want to become a public sector procurement officer, you will need at least a bachelor's degree in procurement, finance, or business. To work in top-level positions, you may need a master's degree and extensive professional experience, and experience in public service [25].

#### *Qualities*

To succeed in public service, an official must possess such qualities as excellent communications skills, strong skills in public relations, decision-making skills, problem-solving skills, a reasonable understanding of government policies, the desire to serve the public and a passion for your country [26].

## CONCLUSION

We also found that lexeme 'official' is often used in phrases with a positive connotation (*decent official, upright official, virtuous official, etc.*).

Using the verbal and non-verbal information about an American official, we can model his or her image. Thus an American official is a discreet, honest, rules-compliant, important white man, 47 years old. He usually dressed in a black suit with a white shirt and red tie. He has a higher education, possessing such qualities as sociability, communication skills with the public, determination, patriotism. An American official covers many areas of human life, such as public service, military, politics, government, etc. He or she works in large organizations such as NASA, NATO, the White House, etc. It works at the table with documents and reports.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

*This article presents a linguistic and cultural analysis of ornithological metaphors in the poetic discourse of the Kazakh and Russian languages. The material of poetic texts reveals the universal and unique features of the compared cultures. The studied ornithonyms are the national codes of the Kazakh and Russian cultures.*

**М. Б. Шындалиева<sup>1</sup>, А. П. Жанысбаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.д., профессор, Журналистика және саясаттану факультеті,  
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.,  
010000, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>PhD докторант, Журналистика және саясаттану факультеті, Л. Н. Гумилев  
атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан  
Республикасы

**ӨҢІРЛІК МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ:  
САЯСИ ЖАҒДАЙ МЕН ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ**

*Бұл мақалада Қазақстанның саяси өміріндегі өңірлік БАҚ рөлі туралы сөз болады. Ресми бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық кеңістігі бейресми бұқаралық ақпарат құралдары мен әртүрлі бұқаралық ақпарат холдингтерін салыстыра келе авторлар бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамның саяси жүйесінде бағынышты рөлі туралы да айтылады. Өңірлік БАҚ проблемалары, аудиторияның әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы, кері байланыстың түрлері, тағы басқа маңызды фактор талдана келе, аймақтағы электрондық БАҚ пен баспасөз ақпараттық саясаттың тиімділігін арттыруды көздейтіні дәлелденген. Өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары белгілі бір аймақта жұмыс істейтіні, олар осы аумақта жұмыс істейтін компаниялар үшін тиімді байланыс арнасы болып табылатыны, билік органдары, жергілікті іскерлік қауымдастық, оқырмандар, тыңдарман, көрермендер аудиториясына әсер етудің маңызды құралы екені нақты мысалдармен дәлелденген.*

*Кілтті сөздер: өңірлік, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғам, саясат, ұлттық идея, насихат.*

Қазақ қоғамында жиырмасыншы ғасырдың соңғы онжылдығында жаһандық әлеуметтік өзгерістер болды. Академиялық бағдарлама бойынша жұмыс жасайтын жетекші қазақстандық әлеуметтанушылар ХХІ ғасырдың қарсаңында Қазақстанда ХХ ғасырдың соңғы онжылдығында орын алған әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-саяси және әлеуметтік-мәдени үрдістердің әртүрлі зерттеулерін жүргізді.

Заманауи қоғам мен әлеуметтік үдерістер арасындағы байланыс пен ақпарат қоғам өмірінің қажетті элементтері ретінде өзара қарым-қатынас жасау, көшіру және ақпарат алмасу, пікір ортақтығы, бағалау, құндылықтар

және т.б. жүзеге асырылатын жетекші орындардың бірі болып табылады. Бүгінгі Қазақстанда демократияландыру және басқа да қоғамдық-саяси өзгерістерге байланысты БАҚ пен ақпарат өте маңызды рөлге ие.

Мемлекет көптеген отандық БАҚ-тарды, оның ішінде өңірлік БАҚ-ты бақылауды жоғалтты. Ресми (мемлекеттік) бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық кеңістігі бейресми емес (бұқаралық емес) бұқаралық ақпарат құралдары мен әртүрлі бұқаралық ақпарат холдингтері тарапынан көбінесе «жабылады». Посткеңестік Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары қоғамның саяси жүйесінде бағынышты рөлді ойнауды тоқтатты. Бұқаралық ақпарат құралдарын макро деңгейде трансформациялау өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысына және дамуына айтарлықтай әсер етті. Қазақ қоғамын реформалау жағдайында бұқаралық ақпарат құралдарының функциялары, соның ішінде өңірлік БАҚ тың функциялары да өзгереді.

Жариялылықты мақұлдаған кезде бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық сананың, қоғамдық пікірдің, халықтың саяси мәдениетін қалыптастыруға айтарлықтай ықпалын тигізе бастады және белгілі бір әлеуметтік-саяси тапсырыстарды орындауға кірісті. БАҚ-ты әлеуметтік мекеме ретінде реформалау өңірлерге әсер етті. Өңірлік электронды БАҚ пен баспасөз қоғам мен мемлекетті демократияландыру үдерісіне елеулі әсер ететін маңызды институттардың бірі болып табылады.

Өңірлік БАҚ проблемаларын зерделеу, аудиторияның әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары, кері байланыстың болуы, бұқаралық ақпарат құралдарының табысты жұмыс істеуіне ықпал ететін маңызды фактор – аймақтағы электрондық және баспасөз БАҚ-тары ақпараттық саясаттың тиімділігін арттыруды көздейді. Бұқаралық ақпарат құралдарының аудиторияға қазақстандық қоғамды трансформациялау тұрғысынан әсер етуі осы саладағы теориялық зерттеулерден әлдеқайда жоғары болғандықтан, осы кезеңде өңірлік БАҚ-тардың жұмысын талдау қажет. Бұл туралы С. Садықов пен Н. Шыңғысова «Өңірлік мерзімді баспасөз және ұлттық идея» [1] атты оқу құралын жазды. Бұл еңбекте өңірлік баспасөздің даму бағыттары жүйеленіп, тарихи тағылымдары мен өнегесі, журналистердің кәсіби шеберлігі айқындалған.

Өңірлік мерзімді басылымдар мемлекеттік және мемлекеттік емес басылымдар болып бөлінеді. Мемлекеттік басылымдар – құрылтайшылары (құрылтайшылары) сайлауды тағайындау (өткізу) туралы шешімді ресми жариялау (жариялау) күні алдындағы жыл үшін тиісті басылымның бюджетінің кемінде он бес процентімен қаржыландырылатын мемлекеттік органдар, ұйымдар, мекемелер және (немесе) республикалық мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары бөлінген қаражат есебінен шығады.

Басылымдар мемлекеттік және облыстық мекемелер, ұйымдар мен мемлекеттік органдар бөлінген қаражаттың 15 пайызынан астамы қаржыландырылмаған құрылтайшылардың (құрылтайшылардың) арасында өңірлік мемлекеттік емес мерзімді басылымдардың редакциясына кіреді.

Өңірлік мемлекеттік мерзімді басылымдардың редакциялары тиісті сайлауда заңнамада белгіленген тәртіппен сайлау алдындағы үгітті жүргізуге және сайлаушыларға тіркелген кандидаттардың сайлау бағдарламаларын ұсынуға тең жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті.

Өңірлік мемлекеттік емес мерзімді басылымдар басылымдары тіркелген кандидаттар үшін баспасөз орындарын ақылы түрде беруге құқылы. Басып шығарылған аумақ болған жағдайда, төлем мөлшері мен төлеу мерзімі барлық тіркелген кандидаттарға бірдей болуы керек, олар басып шығарылған аймақпен қамтамасыз етіледі.

Өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары белгілі бір аймақта жұмыс істейді. Олар осы аумақта жұмыс істейтін компаниялар үшін тиімді байланыс арнасы болып табылады. Себебі, олар билік органдары, жергілікті іскерлік қауымдастық, оқырмандар, тындарман, көрермендер аудиториясына әсер етуге мүмкіндік береді. Өңірлік газеттер әрдайым жергілікті компаниялардың жұмысындағы жетістіктер туралы жаңалықтарға толы болып келеді. Мұнда жаңа сауда желілерінің, медициналық клиникалардың немесе мейрамханалардың ашылғаны туралы да жиі хабарланады. Мемлекеттік және жеке құрылымдардың өңірлік басшылары, қоғамдық пікірдің көшбасшылары өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында да жиі көрінеді, өйткені бұл олардың беделін нығайтудың тамаша құралы.

Жергілікті БАҚ белгілі бір жерде жарияланады: қала, аудан, ауыл. Мұнда тұратын адамдар үшін пайдалы ақпарат таратады. Ақпаратты өндірушілерге тұтынушылармен тікелей байланыс орнатуға рұқсат береді. Жергілікті БАҚ әдетте тұтынушылармен, жалпы жұртшылықпен, серіктестермен, жергілікті билік органдарымен тікелей байланыс жасау үшін өз өкілеттілігін пайдаланып, компанияның қызметі туралы толық ақпарат береді.

Сарапшылардың пікірінше, адам баласы баспасөз басылымдарын жазбаша түрде жақсы қабылдайды және толыққанды ақпарат алады. Сонымен қатар, баспасөз оқырмандары, әдетте, қалыптасқан префикстер мен әдеттерге ие тұлғалар қалыптасады. Сондықтан бүгінгі таңда басылымдарда жарияланымдар компанияның және оның көшбасшысының беделін нығайтудағы маңызды қадамдар ретінде қарастырылады. Баспасөз әртүрлі, бұл оқырмандар аудиториясының әртүрлілігін көрсетеді. Әлеуметтік және саяси басылымдар әдетте, елдің маңызды әлеуметтік, саяси және экономикалық мәселелерін қамтитын республикалық немесе өңірлік басылымдар. Мұндай басылымдарда жариялау ұйымға әлеуметтік жауапты,



ашық және табысты болуға мүмкіндік береді, осылайша қоғамдағы оның ықпалын және беделін арттырады.

Бұқаралық баспасөзде көпшілікке арналған әлеуметтік маңызды мәселелерден бастап үй шаруашылық кеңестеріне дейінгі әртүрлі ақпаратты қамтитын басылымдар жатады. Бұқаралық басылымдар көбінесе белгілі бір өмір саласын қамтиды: сән, көлік, спорт, үй және отбасы, ерлерге арналған басылымдар және т.б. Мұндай баспасөз өте көп шығарылыммен басылады және ауқымды аудиторияға арналған. Мұндай басылымдар тұтыну тауарларын, кез-келген басқа жаппай өндіріс пен қызметтерді өндірушілерге қызығушылық тудырады. Бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен компанияны және оның өнімдерін тануды арттыруға, адал тұтынушылардың санын көбейтуге болады.

Іскерлік басылымдар бизнестің өкілдеріне және жалпы жұртшылыққа арналған, тұтастай алғанда бизнес-қауымдастықтың дамуын, нарықтың түрлі салаларында және секторларында, бірігу мен сатып алу процестеріне, бәсекелестік соғыстарға, қор нарығындағы жаңалықтарға арналған. Мұндай басылымдардағы жарияланымдар іскери серіктестер, инвесторлар арасында беделді нығайтуға, кәсіби қоғамдастықта, мемлекеттік құрылымдарда беделді көтеруге мүмкіндік береді.

Мамандандырылған кәсіби баспасөзде белгілі бір саланы дамытудың өзекті мәселелеріне қатысты, өндірушілердің кәсіподақтарының мүдделерін қолдауға, қорғауға көмектеседі. Мұндай басылымдардағы жарияланымдар компанияға өз саласын және кәсіби қауымдастықтағы өз беделін нығайтуға, іскерлік серіктестер қатарын кеңейтуге және іскерлік салаға тартуға мүмкіндік береді. Корпоративтік басылымдар корпоративтік мәдениетті және ішкі коммуникацияларды қалыптастыру мен дамытуға әсер етеді. Корпоративті басылым кәсіпорын үшін басқарудың тиімді арнасы болып табылады, оның көмегімен компания басшылығы қызметкерлермен өзара әрекеттесе алады, олардың біртұтастығы мен адалдығын арттырады. Деректерді «жоғарыдан төменге» дәстүрлі түрде түсетін иерархиялық басқару моделі бар құрылымдарда аса маңызды болып табылатын әрбір қызметкерге жеткізу өте маңызды. Егер мұндай жарияланым интерактивті болса оған кез-келген қарапайым қызметкер қатыса алады, ол ұйымның беделін едәуір арттыруға көмектеседі. Корпоративтік жарияланымның пішімін таңдаған кезде оның мақсатына және есептелетін аудиторияға жүгіну қажет. Бұл газет, журнал, радиостанция болуы мүмкін. Өңірлік баспасөздің менеджменті туралы жазып жүрген филология ғылымдарының кандидаты Қ. Н. Мысаева қазіргі таңдағы біртұтас ақпараттық кеңістіктің құрылуы, жаңа ақпараттық технологиялардың қарқынды қолданыла бастауын, аймақтарда түрлі бағыттағы басылымдардың шығуын, өңірлік баспасөздің даму тенденцияларын жан-жақты зерттеген [2, 64 б.].

Қазақстанның саяси өміріндегі өңірлік БАҚ рөлі зор. Оны төмендегі қорытындылардан көруге болады:

Біріншіден, ұлттық деңгейде ырықтандыруға арналған бағыт туралы айтуға болатын өңірлік саясат Қазақстандағы саяси процестің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Жалпыға бірдей саяси үдеріс әрбір өңірде орын алған саяси үдерістерден «дамиды», бірақ олармен бірдей болмайды. Әр аймақтың деңгейіндегі саяси процестер ұлттық саяси үдерістерге тең келмейді. Аймақтардағы «либерализм мен ашықтық» деңгейі әртүрлі. Сондай-ақ, әрбір аймақтағы билік өкілдерімен бұқаралық ақпарат құралдарының қарым-қатынасы әрқалай. Экономикалық ахуалдың, мәдени дәстүрдің бұқаралық ақпарат құралдарын дамытуға әсері олардың «демократия» деңгейіне әсер етеді.

Екіншіден, аймақтардың ақпараттық кеңістігінде республикалықтан өңірлік деңгейге оқырмандардың мүдделеріне ауысу фактісі байқалады. Халықты тиісті ақпаратпен қамтамасыз ете алатын жергілікті газеттер мен журналдардың маңыздылығын арттыру керек. Өйткені, оқырман, ең алдымен, «олардың» жаңалықтарына қызығушылық танытады, ал содан кейін – орталық жаңалықтарды қарайды. Орталық газеттер мен журналдардың бағасы жергілікті газеттерге қарағанда әлдеқайда жоғары екендігі маңызды. Реформа жылдарында басылымдардың жалпы саны өсіп келеді. Коммерциялық және жекеменшік БАҚ қарқынды дамып келеді. Сондай-ақ, жаңа қызметтің бағыттары: банктік, шағын және орта бизнестің және басқа да мәселелердің жай-күйіне талдау жасалды. Бірақ экономикалық шындық жергілікті баспасөздің жергілікті билік құрылымдарында немесе коммерциялық құрылымдарға кірмей-ақ өмір сүре алмайтындығы белгілі.

Үшіншіден, өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары Қазақстан Республикасында демократияландырудың, азаматтық қоғам құрудың маңызды құралы бола алады. Өңірлік айырмашылықтарға, түрлі көзқарастарға, жергілікті жағдайларға бағдарланған елдің интегралдық даму үлгісінде Қазақстанның өңірлері оны қалыптастырудың қуатты ресурсы болып табылады. Өңірлік басылымдар билікке деген сенімділік қорын қалпына келтірумен қатар, үкімет пен қоғам арасындағы үнқатысудың медиаторы ретінде – бұқаралық ақпарат құралдарына сенімділік ресурсын қалпына келтіру қажет. Бұған облыстық бұқаралық ақпарат құралдарының барлық зерттеушілері, тіпті жергілікті БАҚ беттерінде журналистер өздері де назар аударады. Өйткені, бұқаралық ақпарат құралдары белгілі саяси және әлеуметтік күштердің, ірі экономикалық құрылымдардың өкілдерінің ырықмен жүруі басым болып келеді. Басылымдардың құрылтайшысына экономикалық тәуелділігі саяси тәуелділікті тудырады. Мемлекеттік емес БАҚ-тарда журналистер тікелей БАҚ иелерінің мүдделерін, саяси беделін

қорғайды. Құрылтайшыны қуантатын деректерді қолданып, тапсырыс беруші баспасөзге тән феноменге айналады. Түрлі саяси топтардың өкілдері арасында «текетірес» жиі газет беттеріне түседі. Міне сондықтан да саяси және экономикалық талдаудың толыққанды болмауы баспасөздің беделін төмендетеді.

Төртіншіден, зерттеудің нәтижелері өңірлік элитаның этникалық популизм сияқты саяси құбылыстарды белсенді пайдаланатынын көрсетті. Әсіресе, байқағанмыздай, бұл өңірлік сайлау науқандарының үлгісінде айқын көрінеді. Аймақтардағы саяси тәжірибені талдау бізге ең жарқын популистік құрылғылардың бірі – «облыстық» облыстағы жаппай этникалық сана-сезімге идеологиялық әсер етуді анықтауға мүмкіндік берді. Облыстық аймақтарында: Оңтүстік Қазақстан облысы мен Жамбыл облысында ұлттық мәселе әлдеқайда аз, себебі бұл өңірдің тұрғындарының басымы көпшілігі қазақ ұлты. Өңірлік билік құрылымдары тез арада «қайта бағдарланған», ұлттық мәселені артта қалдырды. Дегенмен, бұл қадам «ұлттық жаңғыру» идеясын толығымен қабылдау ретінде қарастырыла бастады.

Бесіншіден, өңірлік баспасөзді дамыту, журналистердің бұқаралық ақпарат құралдарының басты мақсаты қоғамдық пікір мен азаматтық келісімнің қалыптасу орталығы болатынын түсінуімен байланысты, жалпы мәдениет пен этносаралық қатынастардың мәдениеті қазақстандық өңірлік басылымдарда қалыптасып болды десек болады. Өңірлік басылымдарда этносаралық өзара қарым-қатынастың рухани-адамгершілік қағидалары маңызды рөл атқарады, бұл адамдар арасындағы қарым-қатынас деңгейіне сөзсіз кері әсерін тигізеді. Ұлттық аймақтардағы этносаралық қатынастарды талдау нәтижесінде біз қазіргі ұлттық проблемаларды жасырудың жолын ұстану мүмкін емес деп есептейміз. Профессор Т. Қожакеев «Жыл құстарын» еңбегінде: «1929 жылы республика орталығы Алматыға көшкеннен кейін Қызылордада жаңа басылым шығару мәселесі шешілді. «Осы газеттің, – деп жазды А.Тоқмағамбетов, – атын қоюға газеттің алқа мүшелері және Мансұр Гатауллин болып жиналыс жасадық. Гатауллин көп жыл газетте істеген білімді, әрі талантты жігіт еді. Газеттің атын ойластырып «Сыр бойы» болсын деп келістік» [2], – деп өз пікірін ортаға сала келе, сонау жиырмамыншы жылдардың өзінде өңірлік басылымдар өзінің дамуын бастағанын нақты мысалдармен дәлелдейді. Өңірлік БАҚ – бұл қызықты құбылыс. Жергілікті деңгейде өңірлік басылымдардың танымалдығы республикалық БАҚ танымалдылығымен өте ұқсас. «ТВ бағдарламасымен ең арзан газет» санатында олар сөзсіз көшбасшы. Кез-келген қалада іс жүзінде жергілікті аудиторияға бағытталған 1–2 тамаша бұқаралық ақпарат құралы бар. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу кезінде жарнама мен басқа да жұмыс түрлерінің арасындағы айырмашылықты білу қажет.

Жарнаманы орналастыра отырып, контентті толығымен бақылап отыруға болады. Жарнаманың жұмыс істеуі үшін, әрине, пайдалы нәрсе ұсынуы керек. Көптеген жарияланымдар жарнама берушінің әкелген ақпаратын дәл басып шығарады, бұл жарнаманың қалай жұмыс істейтінін білмеудің салдары. PR құралдарды пайдаланған кезде журналистке және оның оқырмандарына шын мәнінде қызықты және пайдалы нәрселер беру керек. Жергілікті баспасөз үшін жергілікті оқиғалар мен жаңалықтар ең бағалы болып табылады.

Ақпарат алу – кез келген адам үшін әр уақытта маңызды қажеттілік болып келген. Ақпарат алу адамның санасының айналада не болып жатқанына қызығуына, сол ақпаратқа ұмтылуына негізделген. Ол адамның өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысы. Өңірлік журналистиканың пайда болуы осы қажеттілікпен тікелей байланысты. Шындығында, жалпы журналистика қоғамның әлемде не болып жатқанынан хабардар болу, жаңа ақпарат, жаңалық алу қажеттілігінен туындағаны белгілі. Сол үшін де «жаңалықтар» – журналистика үшін негізгі ұғым. Қазақстанның БАҚ саласында тағы бір маңызды мәселе бар. Ол аймақтарда жергілікті баспасөзді жергілікті билік органдары бақылайды. Астаналық БАҚ еркін, оларға саяси ақпарат көздері қолжетімді. Аймақтардағы БАҚ-та бұл мәселенің әлі де шешімі табылмаған тұстары баршылық. Өңірлік журналистиканың экономикалық дәрменсіздігі, билік құрылымдарының талап етілетін жағдайды түсіндіруді монополияландыру туралы талаптары, әртүрлі саяси күштердің бұқаралық ақпарат құралдарына өздерінің ойлары мен пікірлерін енгізу әрекеттері бар. Бұл жағдайлар, әсіресе билік пен немесе экономикалық құрылымдардан басылымдардың тәуелсіздігі жиі құбылмалы болатын аймақтарда бұл өзекті және өткір болып қалып отыр.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Садықов, С., Шыңғысова, Н.** Өңірлік мерзімді баспасөз және ұлттық идея. – Алматы : Қазақ университеті, 2015.
- 2 **Мысаева, Қ. Н.** Өңірлік мерзімді баспасөз менеджменті. ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. № 3 (34). 2013.
- 3 **Қожакеев, Т.** Жыл құстары. – Алматы : Қазақстан, 1991.

*М. Б. Шындалиева<sup>1</sup>, А. П. Жанысбаева<sup>2</sup>*

**Региональная периодическая печать: национальная идея и политическая ситуация**

<sup>1,2</sup>Факультет журналистики и политологии  
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,  
г. Нур-Султан, Республика Казахстан.  
Материал поступил в редакцию 31.10.19.

*M. B. Shyndaliev<sup>1</sup>, A. P. Zhanysbayeva<sup>2</sup>*

**Regional periodicals: national idea and political situation**

<sup>1,2</sup>Faculty of Journalism and Political,  
L. N. Gumilyov Eurasian National University,  
Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan.  
Material received on 31.10.19.

*В этой статье рассматривается роль региональных СМИ в политической жизни Казахстана. Сравнивая информационное пространство официальных средств массовой информации с неформальными средствами массовой информации и холдингами массовой информации, авторы выявляют подчиненную роль СМИ в политической системе общества. Изучая проблемы региональных СМИ, социально-демографические характеристики аудитории, виды обратной связи, и другие важные факторы в регионе, выявлено что региональные электронные и печатные СМИ работают на повышение эффективности информационной политики. Доказано на конкретных примерах, что региональные средства массовой информации действуют в определенных регионах, которые являются эффективным каналом связи на данную территорию для местных компаний, органов власти, делового сообщества для воздействия на аудиторию читателей, слушателей и зрителей.*

*This article examines the role of regional media in the political life of Kazakhstan. Comparing the information space of official mass media with informal mass media and mass media holding companies the authors reveal the subordinate role of mass media in the political system of society. Studying the problems of regional media, socio-demographic characteristics of the audience, types of feedback, and other important*

*factors in the region, it is revealed that regional electronic and print media work to improve the effectiveness of information policy.*

*It is proved by concrete examples that regional mass media operate in certain regions, which are an effective channel of communication to this territory for local companies, authorities, business community to influence the audience of readers, listeners and viewers. Heads of regional public and private structures, leaders of public opinion, often appear in regional media, it is said that through these regional media their authority and prestige are strengthened.*

**К. К. Дүйсекова<sup>1</sup>, М. Қ. Джунусбаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.д., профессор, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>докторант, Абылай хан атындағы ҚХҚ және ӨТ Университеті, Алматы қ., 010000, Қазақстан Республикасы

e-mail: <sup>1</sup>kuliash@yahoo.fr; <sup>2</sup>mjunusbayeva@gmail.com

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘТІНДЕРДІ  
АУДАРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Мақалада халықаралық құқықтық мәтіндерді аударудың кейбір ерекшеліктері қарастырылып, халықаралық құқықтық терминологиясы мен құқықтық мәтіннің аудару тәжірибесі сарапталған. Сонымен қатар, халықаралық құқықтық мәтіндерді аудару кезінде аударма ерекшеліктеріне әсер ететін әртүрлі факторларға талдау жасалған.*

*Кілтті сөздер: Біріккен Ұлттар Ұйымы, халықаралық құқықтық мәтіндер, халықаралық құқық теориясы, кәсіби құқықтық терминология, заңнама ұғымдарының тезаурусы, когнитивті ақпараттар, халықаралық келісім, конвенция, пакт, келісім шарт.*

**КІРІСПЕ**

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел және Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі ретінде көптеген халықаралық шарттарға қол қойып, оларды мойындады. Жаһандану жағдайында халықаралық қарым-қатынас, халықаралық құқық пен халықаралық принциптердің мәтіндері мен терминдері қоғамның барлық салаларында кездесіп отыр. Еліміздің білім, ғылым, өнер, өнеркәсіп, сауда сияқты салаларында халықаралық құқықтық терминдерді пайдалану кең етек алып келеді.

Осыған орай, халықаралық құқықтық мәтіндерді аударуда заң саласы мен құқық саласына қатысты терминологияны зерттеу маңызды рөл атқарады. Жалпы, құқықтық аударма, оның ішінде халықаралық құқықтық терминдерді аудару, құқықтық мәтіндерді түсіндіру және оларды басқа тілге сәйкестендіру терең мамандандырылған білімді қажет етеді. Сонымен қатар, соңғы уақытта халықаралық құқықтық терминдердің элементтері келісімшарттардың, нұсқаулықтардың, сертификаттардың және аудармашылардың кәсіби қызметінде кеңінен кездесіп отыр.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Еліміздегі барлық дерлік заң жобалары орыс тілінде дайындалып, кейіннен қазақшаға аударылатыны құпия емес. Нормативтік құқықтық актілер жобаларының орыс тілінде әзірленуі, Парламентке келіп түскенше осы жобалардың сол тілдегі мәтіні ғана пысықталып, ал қазақ тіліндегі аударма нұсқасының назардан тыс қалуы, депутаттық жұмыс топтарында да жобамен жұмыстың негізінен орыс тілінде жүргізілуі, жалпы алғанда ұлттық заңнама тілінің, оның терминологиясының орыс тіліндегі нұсқаға байланып қалуы ұлттық заңнаманың тілі мен терминдеріндегі бірізділіктің сақталмауына себеп болып отыр. Ал, заң жобаларының орысша мәтіндері, өз кезегінде, батыс елдерінің үлгі заңдарына және ағылшын тілінде жазылған халықаралық шарттарға негізделіп жазылады. Соның салдарынан өміріміздің алуан түрлі салаларына арналған заңдарымыздың қазақ тіліндегі мәтіндері шет елдердің тіл ерекшеліктеріне бейімделмегендіктен, сөз тіркестері, әсіресе жалпыға белгілі қазақы ұғымдар бұрмаланып, қарапайым халықты айтпағанда, маман – заңгерлердің түсінуін қиындатады.

Көне грек, парсы, латын, француз және басқа да шет тілінен еніп, сіңісіп кеткен, халықаралық деңгейде қолданылатын термин сөздерді жобамен баламалап, екіұдай мағынада қолдануға болмайды. Себебі мұндай қателік пен ағаттық заңдардың негізгі нормаларына кері әсер етіп, кейде құқықтық мағынасын мүлдем өзгертіп жіберуі мүмкін. Ал оның қандай салдарға әкеп соғатыны айтпаса да түсінікті. Ал енді шетелдің кейбір сөздерінің мағынасын дәл беретін баламасы табылып жатса, оны дұрыс қабылдап, сөздік қорымыздың аясын кеңейте түсуге болады. Ондай сәтіммен табылған сөздер, тіпті сөз тіркестері аз емес (мысалы: «арбитраж-төрелік», «рынок-нарық», «глобализация– жаһандану», «стаж-өтіл», «резюме-түйіндеме», «реквизит– деректеме», «ставка-мөлшерлеме» және т.б.), олар қазір сөздік қорымызға еніп, кеңінен пайдаланылуда [1].

Халықаралық құқықтық мәтіндерді аудару құқықтық мәтіннің элементтерін шет тілдерден ана тілімізге аудару үшін қажет, сонымен қатар, бұл аудару елдердің құқықтық жүйелерінің арасындағы сәйкестіктерді бұзбауы тиіс. Халықаралық құқықтық мәтіндерді аударудың негізгі қиындықтары, әдетте, кәсіби құқықтық терминологияны түсіндіруге байланысты болып келеді. Аудармашының ең қиналатын тұсы, осы нақты құқық жүйесіндегі құқықтық терминдер мен олардың құқықтық түсіндірмелерін дұрыс жеткізуінде болып отыр.

Қолданыстағы екі тілді, яғни ағылшынша – қазақша, французша – қазақша және тағы басқа құқықтық сөздіктер аударма мәселесін шеше алмайды, себебі әртүрлі халықаралық құқықтық мәтін әр нақты жағдайда қандай аударма нұсқасын таңдау қажеттілігін білуді талап етеді. Аталған

қиындықтарды жеңу үшін, аудармашылар мен заңгер мамандар бірлесіп қоғамның әрбір саласы бойынша заңнамалық актілерге қатысты заң терминдерін жасап, тұрақты тіркестерді қалыптастырған жөн, яғни қолданыстағы заңдарымыздың тезаурусын құрастыру қажет. Содан соң халықаралық құқық теорияның қазіргі принципіне сай терминдерді стандарттау және өзара үйлестіру жұмысына көшуіміз қажет. Себебі, біз халықаралық құқық теориясынан, оның терминологиясынан тыс қала алмаймыз. Үлкен қиындық туғызып жүрген проблеманың бірі – мемлекеттік тілдегі терминдік қордың әлі жеткілікті деңгейде қалыптаспағаны. Еуропаны айтпағанда бұрынғы ТМД елдерімен салыстырғанда да біз бұл жөнінен көп кенжелеп қалдық [2].

С. Ожеговтың «Орыс тілінің сөздігінде» тезаурусқа «қандай да бір арнайы саланың терминдері мен ұғымдарын толық қамтитын сөздік немесе деректер жинағы» деген анықтама берілген. Ондағы ұғымдар барынша стандартталған әрі нысандық және ұғымдық жағынан өзгеріске ұшырамай, қалыптасқан шаблон сияқты қайталанып келіп отырады. Мұның өзі заң мәтіндерінде жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін қолданғанда бірізділікті сақтауға мүмкіндік береді. Заңгер – журналист әрі тәжірибелі – аудармашы Д.Омашұлының «Заңнама ұғымдарының тезаурусы» атты кітабы осы салада мемлекеттік тілде жарық көрген тұңғыш еңбек. Осындай игі істерді әрі қарай дамытып, жалғастыра беру қажет деп ойлаймыз [3].

Заң ғылымдары мен лингвистика ғылымдарының соңғы зерттеулерінің жетістіктеріне сүйене отырып, халықаралық құқықтық мәтіндерді аударудың ерекшеліктеріне тоқталып кетсек.

Ресей ғалымы Т. П. Некрасованың айтуынша, «құқықтық терминология – тіларалық сәйкестікті іздеудің теориясы мен практикасын ғылыми түрде түсіндіре алатын ең күрделі және сұранысқа ие бола алатын салалардың бірі» [4].

Шындығында, құқықтық терминология әртүрлі қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативті актілер мен экономиканың барлық салаларында кеңінен қолданылып отыр. Халықаралық құқықтық терминдерді аударуда тек құқықтық терминдерді аударып қана қоймай, осы құқықтық терминдердің мәдениетаралық сәйкестіктерін мұқият талдау қажет.

Ресей ғалымы И. С. Алексееваның айтуы бойынша, «құқықтық мәтіннің ғылыми және нұсқаулық мәтіндермен ұқсастығы бар, өйткені ол когнитивті және өкімдік функцияларды орындайды» [5]. Сонымен қатар, И. С. Алексеева заң мәтнінде қамтылған ақпарат түрлеріне қарай, аударма үшін маңызы бар заңды мәтіннің ерекшеліктерін анықтайды [6].

Когнитивті ақпарат негізінен халықаралық заңды шарттармен жүзеге асырылады. Оларда терминдердің барлық ерекшеліктері бар (бірмәнділік, эмоциялық бояудың болмауы, контекстен тәуелсіз болу).

Халықаралық құқықтық мәтіндер негізінен танымдық ақпаратты береді. И. С. Алексееваның айтуы бойынша, «белгілі бір стандартты терминдермен қатар, заңды мәтіндерде басқа да танымдық, яғни когнитивті ақпараттарды беру жолдары бар» [7]. Автордың айтуы бойынша, заң мәтінінің тағы бір ерекшелігі, әрбір сөз тіркестерінен кейін зат есім қайталанып отырады, яғни кейінгі пайдаланудағы зат есімдері контекстік синонимдермен алмастырылмайды. Заңды мәтіннің бұл ерекшелігі ақпараттың барынша ашық болуын қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайды.

Халықаралық құқықтық мәтіндер тек когнитивті, яғни танымдық ақпаратты ғана емес, сонымен қатар, өкімдік функцияларды да орындайды. Ресей ғалымы Н. Д. Голев «Құқық қоғамның жекелеген мүшелерін жалпы әлеуметтік нормаларға бағынуға мәжбүрлеуге негізделген және оның барлық компоненттері, соның ішінде тілде, осы функцияға бағынады. Бұдан шығатыны, заң мәтіндерінің негізгі мақсаты заң шығарушының еркі болып табылады және бұл императивтік әдіс болып табылады» [8]. Халықаралық құқықтық мәтіндердің императивтілігі көбінесе жасырын түрде болып келеді.

Сонымен қатар, халықаралық құқықтық мәтіндер өзінің қарапайымдылығымен де ерекшеленеді. Ресей ғалымы В. Б. Исаков былай дейді: «Құқық тіліне грамматикалық құрылымдардың қарапайымдылығы мен сенімділігі тән» [9]. Осылайша, синтаксистік құрылымдардың әртүрлі болуы барлық құқықтық құжаттарда лингвистикалық айқындық ерекшелігіне бағынышты болуы керек. Біртекті сөйлемдердің қайталануы, И. С. Алексееваның ойынша, «әр ұстанымды толығымен және біркелкі білдіріп, біркелкі емес түсіндірулерден аулақ болу керектігінен туындайды» [10].

Халықаралық құқықтық мәтіндерге тән тағы бір ерекшелік, басты мақсаты ақпаратты толық жеткізу болғандықтан, олардағы сөздерде қысқартулардың болмауы. Ресей ғалымы И. С. Алексеева былай деп жазады: «Компрессивтілік құқықтық мәтінге тән емес. Ол қысқартулар, жақшалар, сандық белгілермен сипатталмайды. Әдетте, сандар цифрмен емес, сөзбен жазылады» [11].

Халықаралық құқықтық мәтіндерді аударуға құқық мәтіндерін заңдастыру дәрежесі де айтарлықтай әсер етеді. Ресей ғалымы Н. Д. Голев құқық мәтіндерін заңдастырудың төрт дәрежесін атап көрсетеді [12].

Автордың айтуынша, заңдастырудың ең жоғары дәрежесі ең алдымен терминологиялық мәтіндермен жасалады.

Орташа дәреже заңдарды орындауға қатысты мәтіндерде, мысалы, кәсіби заңгерлермен жасалған ресми хат мәтіндерінде кездеседі.

Үшінші дәреже – заңгер емес мамандар жасаған құқықтық мақсатта жазылған мәтіндерде кездеседі.

Төртінші дәреже – құқықтық мақсатта емес құрылған мәтіндерде, бірақ объективті себептерге байланысты, лингвистикалық сараптамадан



өткізуге арналған тұлғаны сөзбен қорлау немесе балағаттауға байланысты лексикалық мәтіндер.

Халықаралық құқықтық мәтіндерді аудару ерекшелігі тек мәтінді заңдастыру деңгейімен ғана емес, сонымен қатар аударылған мәтіннің санаты мен түріне де байланысты болады. Осы тұрғыда, Ресей ғалымы О. П. Сологубтың «құқықтық мәтіндердің жанрлық құрамын анықтау құқықтық лингвистиканың өзекті мәселесі», – деген пікірімен қосылуға болады [13].

Халықаралық құқықтық мәтіндердің жанрлық құрамына: шетелдік мемлекетпен немесе халықаралық ұйыммен жазбаша нысанда жасасқан халықаралық келісімді, конвенцияны, пактты, келісім шартты және т.б. жатады.

Көріп отырғанымыздай, халықаралық құқықтық мәтіндерді аудару кезінде аударма ерекшеліктеріне әсер ететін әртүрлі лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларды ескеруіміз қажет.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, халықаралық құқықтық мәтіндерді аудару кезінде төмендегідей ерекшеліктерге көңіл аударуымыз керек сияқты:

– аудармашылар мен заңгер мамандар бірлесіп қоғамның әрбір саласы бойынша заңнамалық актілерге қатысты заң терминдерін жасап, тұрақты тіркестерді қалыптастырған жөн, яғни қолданыстағы «заңдарымыздың тезаурусын» құрастыруымыз қажет;

– халықаралық құқық теорияның қазіргі принципіне сай терминдерді стандарттау және өзара үйлестіру жұмысына көшуіміз қажет;

– халықаралық құқықтық терминдерді аударуда тек құқықтық терминдерді аударып қана қоймай, осы құқықтық терминдердің мәдениетаралық сәйкестіктерін мұқият талдау қажет;

– халықаралық құқықтық мәтіндерді аудару кезінде халықаралық құқықтық терминдердің когнитивті ақпарат және өкімдік функцияларын орындайтындығын ескеруіміз керек;

– халықаралық құқық тіліне грамматикалық құрылымдардың қарапайымдылығы мен сенімділігі тән екендігін ұмытпауымыз керек;

– халықаралық құқықтық мәтіндерге тән тағы бір ерекшелікті, яғни олардағы сөздерде қысқартулардың болмауына аса мән беруіміз қажет;

– халықаралық құқықтық мәтіндерді аудару кезінде халықаралық құқық мәтіндерін заңдастыру дәрежесіне мән беруіміз қажет;

– халықаралық құқықтық мәтіндерді аудару кезінде оның жанрлық құрамына, яғни қандай санатта немесе қандай түрде қабылданды: шетелдік мемлекетпен немесе халықаралық ұйыммен жазбаша нысанда жасасқан

халықаралық келісім, конвенция, пакт, келісім шарт және т.б. аса мән беруіміз қажет.

Халықаралық құқықтық мәтіндерді аударудың ерекшеліктері заңгер сарапшылардың және тілдік аудармашылардың алдын-ала талдау жүргізуіне және сауатты аударма жұмысын жүзеге асыру үшін қажет.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Шолан, Б.** Заң терминдерін аударуда бірізділік қажет. [Электронды ресурс]. – // <http://anatili.kz/kazgazeta.kz/?p=63243>

2 **Омашұлы, Д.** Заң қай тілде жасалып жатыр. [Электронды ресурс]. – <https://egemen.kz/article/zan-kay-tilde-zhasalip-zhatir>

3 Омашұлы Дәуітәлі Заңнама ұғымдарының тезаурусы [Текст] – Алматы : «Сөздік Словарь», 2013. – 192 б.

4 **Некрасова, Т. П.** Особенности перевода юридической терминологии с русского языка на английский язык [Текст] : Дис. ... канд. филол. наук, – М., 2013.

5 **Алексеева, И. С.** Профессиональный тренинг переводчика [Текст] : учеб. пособие. – СПб. : СОЮЗ, 2001. – 216 с.

6 **Алексеева, И. С.** Профессиональный тренинг переводчика [Текст] : учеб. пособие. – СПб. : СОЮЗ, 2001. – С. 216–219.

7 **Алексеева, И. С.** Профессиональный тренинг переводчика [Текст] : учеб. пособие. – СПб. : СОЮЗ, 2001. – 218 с.

8 **Голев, Н. Д.** Правовая коммуникация в зеркале естественного языка [Текст] : // Юрислингвистика -7 : Язык как феномен правовой коммуникации: Межвуз. сб. науч. ст. – Барнаул : Изд-во Алт. ун-та, 2006. – С. 6–37.

9 **Исаков, В. Б.** Язык права [Текст] : // Юрислингвистика-2: Русский язык в его естественном и юридическом бытии : Межвуз. сб. науч. тр. – Барнаул : Изд-во Алт. ун-та, 2000. – С. 65–80.

10 **Алексеева, И. С.** Профессиональный тренинг переводчика [Текст] : учеб. пособие. – СПб. : СОЮЗ, 2001. – С. 217–218.

11 **Алексеева, И. С.** Профессиональный тренинг переводчика [Текст] : учеб. пособие. – СПб. : СОЮЗ, 2001. – С. 218.

12 **Голев, Н. Д.** Юридизация естественного языка как лингвистическая проблема [Текст] : // Юрислингвистика-2 : Русский язык в его естественном и юридическом бытии: межвуз. сб. науч. тр. – Барнаул : Изд-во Алт. ун-та, 2000. – С. 8–40.

13 **Сологуб, О. П.** Исковое заявление : жанроведческий анализ [Текст] : // Юрислингвистика-7 : Язык как феномен правовой коммуникации : Межвуз. сб. науч. ст. – Барнаул : Изд-во Алт. ун-та, 2006. – С. 118–127.

К. К. Дуйсекова<sup>1</sup>, М. К. Джунусбаева<sup>2</sup>

### Особенности перевода международных правовых текстов

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,  
г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан;

<sup>2</sup>Казахский университет международных отношений  
и мировых языков имени Абылай хана,  
г. Алматы, 050000, Республика Казахстан.  
Материал поступил в редакцию 31.10.19.

К. К. Duseikova<sup>1</sup>, M. K. Junusbaeva<sup>2</sup>

### Features of the translation of international legal texts

<sup>1</sup>L. N. Gumilyov Eurasian National University,  
Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan;

<sup>2</sup>Kazakh Ablai Khan University of International Relations  
and World Languages,  
Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.  
Material received on 31.10.19.

*В статье рассмотрены некоторые особенности перевода международных правовых текстов.*

*The article deals with some peculiarities of translation of international legal texts.*

Ж. Т. Бимагамбетова<sup>1</sup>, Г. К. Жантлеуова<sup>2</sup>,  
К. Сагидолдин<sup>3</sup>

<sup>1</sup>к.ф.н., доцент, кафедра «Дипломатического перевода», Факультет международных отношений, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан;

<sup>2</sup>ст. преподаватель, кафедра «Дипломатического перевода», Факультет международных отношений, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан;

<sup>3</sup>магистрант, 1 курс, кафедра «Переводческое дело», Факультет международных отношений, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан

e-mail: <sup>1</sup>bimzhibek@gmail.com; <sup>2</sup>zhantleuova.gulmira@kaznu.kz;

<sup>3</sup>sagidoldin.k@gmail.com

## ПРОБЛЕМА ПЕРЕВОДА ПОЛИТИКО-ПРАВОВЫХ ТЕКСТОВ В ДИПЛОМАТИЧЕСКОМ ДИСКУРСЕ: НА МАТЕРИАЛЕ АНГЛИЙСКОГО И РУССКОГО ЯЗЫКОВ

*В статье рассматривается одна из ключевых проблем перевода политико-правовых текстов в дипломатическом дискурсе на основе лексических аспектов, что позволило современной науке ближе подойти к раскрытию проблем «взаимосвязи языка и власти, языка и политики».*

*Ключевые слова: мультикультурное государство, глобализация, перевод, дипломатия.*

### ВВЕДЕНИЕ

Современный Казахстан – это мультикультурное государство, где проживают представители 130 этносов. Учитывая политическую, экономическую, межэтническую стабильность, иностранные компании активно открывают совместные предприятия, которые сегодня производят до 40 % валового продукта. В связи с этим «кросс-культурный» [1, с. 24] аспект становится объектом пристального внимания.

Процесс глобализации, охвативший сегодня все сферы жизни во всем мире, не оставил в стороне и Казахстан. Мы сотрудничаем в международных политических, экономических и профессиональных организациях, участвуем

в международных форумах и конференциях, работаем в многонациональных компаниях, обмениваемся опытом в производственной и профессиональной сферах, пишем деловые письма по электронной почте, наши студенты обучаются за рубежом, казахстанские туристы путешествуют по всему миру. «Чтобы поддерживать разнообразные и многоуровневые контакты, сегодня многие в России (от школьников до дипломированных специалистов) занимаются изучением английского языка, поскольку именно этот язык наиболее активно используется в международном общении. Начав изучать любой иностранный язык, обучаемые достаточно быстро убеждаются в том, что помимо чисто лингвистических норм и правил (фонетики, грамматики, синтаксиса) им приходится усваивать нормы и правила иноязычной культуры» [2, с. 99].

### ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Язык дипломатии весьма, своеобразен. У него своя система терминов, у которой много общего с другими терминологиями, но есть и особенность – насыщенность международными терминами. «В средние века в Западной Европе общим дипломатическим языком был латинский, потом французский (XVIII – начало XIX в.). Только в дипломатии употребляются этикетные слова» [2]. Такие обращения к представителям других государств, с обозначением титулов и форм титулования все еще придерживаются.

Наиболее общие подходы разграничения понятий «текст» и «дискурс» включают противопоставление «устный» (дискурс) – «письменный» (текст); «процесс» – «продукт (результат)»; широкую трактовку дискурса, сводимую к формуле «дискурс = речь + текст» [3, с. 59]. Это позволило современной науке ближе подойти к раскрытию проблем взаимосвязи языка и власти, языка и политики, проблемам языкового манипулирования, неискренности (С. Н. Плотникова, Е. И. Шейгал).

Официальный (протокольный) перевод на высоком уровне — это особый вид переводческой деятельности, предъявляющий повышенные требования к переводчику: это и более высокая ответственность за точность перевода и необходимость строго соблюдать дипломатический этикет и проявлять во всех ситуациях подчеркнутую политкорректность.

С лексической точки зрения особого внимания переводчика требует эквивалентный перевод принятых в системе ООН должностей и перевод однородных определений. Для русскоязычного читателя, даже владеющего терминологией ООН, концепт *senior official* может не создать однозначной устойчивой ассоциации (для него служебная иерархия исторически представлена смысловыми парами «начальник – подчиненный», «коллега – коллега» и т.д.; понятие *senior official* не эквивалентно ни одному из этих традиционных понятий).

При переводе рассматриваемого фрагмента проблема решается, на наш взгляд, на когнитивном уровне путем калькирования исходного словосочетания и введения нового термина «старшее должностное лицо» (что позволяет говорить о когнитивной стратегии перевода). Калькирование как стратегия применяется при переводе номинации *resident coordinator* (*координатор-резидент*); для перевода словосочетания *humanitarian coordinator* используется модификация гиперонима (*координатор по гуманитарным вопросам*) [4, с. 99].

На переводчика, занимающегося дипломатическим или протокольным переводом, может быть возложена и масса других, непереодческих обязанностей, и он должен быть всегда готов к самым неожиданным ситуациям и указаниям высокого начальства.

Для синтаксиса языка дипломатии характерны длинные предложения, развернутые периоды с разветвленной союзной связью, с причастными и деепричастными оборотами, инфинитивными конструкциями, вводными и обособленными выражениями.

1 К числу таких исследований относятся всеобъемлющий обзор *политико-правовых вопросов*, касающихся Антарктики, и развернутый анализ соотношения правового режима, введенного Конвенцией по морскому праву 1982 года с правовым режимом, введенным Договором об Антарктике 1959 года.

One of these studies was a comprehensive review of *legal and political issues* related to Antarctica and the other was a detailed analysis of the interrelationship between the legal regime established by the 1982 Law of the Sea Convention and the legal regime established by the 1959 Antarctic Treaty.

2 Эта работа осуществляется в Центре по *политико-правовым вопросам* Мирового океана, Университет штата Виргиния; уже опубликовано четыре тома.

This work is being carried out at the Center for *Oceans Law and Policy* of the University of Virginia; four volumes have already been published.

Нередко предложение состоит из отрезков, каждый из которых выражает законченную мысль, оформлен в виде абзаца, но не отделен от других точкой, а входит формально в структуру одного предложения.

Такое синтаксическое строение имеет, например, преамбула (вступительная часть) всеобщей декларации прав человека. Весь длинный фрагмент текста (преамбула) представляет собой одно предложение, в котором абзацами подчеркнуты деепричастные обороты, подчиняющие себе придаточные части. Если речь идет, скажем, об английском языке, то переводчик наряду с классическим (оксфордским) языком должен знать и английский-американский, тем более что многие термины, в том

числе юридические, в этих двух языках различаются. С этим пришлось сталкиваться в последнее время в связи с расширившейся практикой заключения так называемых меморандумов понимания.

Переводчик должен хорошо знать дипломатические термины, латинские выражения, касающиеся дипломатии. Он должен быть находчив. Он может встретиться с такими выражениями собеседника, которые и лучшие знатоки языка не сразу смогут перевести, в особенности, когда это касается очень сложных вопросов или поговорок, новых словообразований и терминов («россиянин», «процесс пошел»). От переводчика требуется прежде всего точность, близкая к абсолютной.

Анализ дискурса на современном этапе развития науки приобретает междисциплинарный характер; изучаются различные аспекты дискурса со сменой ракурса в сторону стратегичности порождения и функционирования дискурса, его объемности.

«Институциональные формы дискурса, интерактивное взаимодействие дискурсивного и социального привлекают исследователей широкими возможностями лингвистического и экстралингвистического анализа, что позволило современной науке ближе подойти к раскрытию проблем взаимосвязи языка и власти, языка и политики, проблемам языкового манипулирования, неискренности» [5, с. 68]. Отсюда, различные подходы к типологии дискурсов, аналитические модели исследования, вопросы интерреляции понятий «дискурс», «текст», «коммуникация» требуют описания социальных структур, субъектов и процессов коммуникативного взаимодействия.

**Язык законов** – это официальный язык, язык государственной власти, на котором она говорит с населением. Язык законов требует, прежде всего, точности. Здесь недопустимы какие-либо двусмысленности, кривотолки. Главное – точность выражения мысли. Другая важная черта языка законов – обобщенность выражения. Законодатель стремится к наибольшему обобщению, избегая частных и деталей. Для языка законов характерны также полное отсутствие индивидуализации речи, стандартность изложения. Закон обращается не к отдельному, конкретному человеку, но ко всем людям или группам людей. Поэтому язык законов абстрагируется от индивидуальных речевых особенностей людей, и поэтому необходима известная стереотипность изложения.

«Юридический перевод – это перевод текстов, относящихся к области права и используемых для обмена юридической информацией между людьми, говорящими на разных языках. Поскольку право является предметной областью, связанной с социально-политическими и культурными особенностями страны, юридический перевод представляет собой

непростую задачу. Для адекватной передачи юридической информации язык юридического перевода должен быть особо точным, ясным и достоверным [6, с. 2]».

1. The programme of specific measures to re-house the deportees is being implemented in four areas: socio-economic matters, *political and legal affairs*, international assistance and humanitarian issues.

Программа конкретных действий по обустройству депортированных реализуется по четырем направлениям: социально-экономическая сфера, *политико-правовые вопросы*, международная помощь и гуманитарная сфера.

2. This note by the UNCTAD secretariat attempts to clarify *legal issues* related to competition *policy* and summarize the basic characteristics of competition legislation.

В настоящей записке секретариат ЮНКТАД делает попытку уточнить связанные с конкурентной *политикой правовые вопросы* и изложить в обобщенной форме основные особенности конкурентного законодательства.

3. One of these studies was a comprehensive review of *legal and political issues* related to Antarctica and the other was a detailed analysis of the interrelationship between the legal regime established by the 1982 Law of the Sea Convention and the legal regime established by the 1959 Antarctic Treaty.

Иногда юридический перевод считают особым видом технического перевода.» При переводе юридических текстов, не следует забывать, что каждая страна имеет свою правовую структуру и соответствующую ей терминологию. Так например: город – графство в Англии – *County of city (of town)*, *county* – графство, а город – округ в США – *a metropolitan town*; округ – *county*, *court of error* – апелляционный суд ( в ряде штатов в США) и т.д.

К числу таких исследований относятся всеобъемлющий обзор *политико-правовых вопросов*, касающихся Антарктики, и развернутый анализ соотношения правового режима, введенного Конвенцией по морскому праву 1982 года с правовым режимом, введенным Договором об Антарктике 1959 года.

## ВЫВОДЫ

Многие обычные слова при переводе в юридических текстов могут иметь терминологическое значение, и чтобы избежать интерференцию, в данном случае вмешательства каких либо известных значений слов и выражений общего и специального значения в юридический текст, необходимо пользоваться специальными словарями.

